

Ж. Махметов

Директор
роман



Жағыпар Ақбасов

Астана, 2017

Ж. Махметов

Директор

роман

ББК 97 Қаз-9
Ж 80

Ж. Махметов
Ж 70. Директор. – Астана, 2017.

ISBN 9980-25-845-9

Роман Ақбасов Жағыпарға арналып жазылған. Әрине, оқушы қаумға тартымды сөз керек, әсерлеп жазған тіл керек, қонымды-ой керек, Махаббат сұлу – жан керек, әйтпесе оқымаған болар еді...

«Қара қылды қақ жарып» Қостанай өнірінде тұңғыш рет, адам баласы баспаған, меңіреу даладан аспаған, шөлайт аймақтан қашпаған жерге совхоздар орнатып, «тың» көтерді, егін алқабын дария етіп, алтын астыққа толтырып «Қазақстан миллиардына» қосты. Асыл-тұқымды мал өсіріп, озат шаруашылыққа тенеді.

Жағыпар, өз ауылымыздың баласы «жиенбет» қызы Асиядан туған еді, «аласапран заманның тарлығынан» анасынан қол үзіп қалды.

Ел ағасы Бегділда кезінде: Біздің туған жиеніміз бар: «Қаны бірдің – жаны бір» - деп айтып, ескерткен.

Сол туған жиені Ақбасов Жағыпар болатын, арнайы Москваға шақырып Ленин орденін кеудесіне қадады.


Москва. Кремль. XXV съездге қатынасып, атағы әлемге әйгілі, ұлы колбасшы Григорий Константинович Жуков пен кездесіп, танысты.

Ж. 480260208
00(07)-08

ББК 97 Қаз-9

ISBN 9980-25-845-9

Ж. Махметов. 2017



Жанбыртай Махметов

Жел Баян деп соғады, Күн Баян деп озады, Ай Баян деп созады, Аспан Баян деп таңады, Тау Баян деп қонады, Құс Баян деп салады, Өзен Баян деп ағады, Жер Баян деп шолады, Бұлт Баян деп солады, Таусылмас ақын жырда, Баян деп әнге қосады, бүкіл әлемге паш етіп, естен кетпес әсер қалдырып, келе жатқан Баянның өзі еді.

Ақбоз ат үстінде, камшат бөркі басында, қызыл көйлегі бойымен жарасқан, қима белімен табысқан, оюлы әшекеймен жанасқан қамзелі, құлағында алтын сырғасымен, күн көзіне жарқырап, сұлу жүзін аша түскен.

Ақшыл беті, қою қара қасымен, мөлдір көзін, қалың шашы беліне түсіп, ықшамданып ақбоз атын қыратқа қарай бағыттай берді. Жәнібектің келетін жолын тосып, биіктен қарап, қарауылдап сәтін күтті. Арқадан созылған қара жол, қырат етегінен екі айрылып, көрші колхозға баратын бағытын байқады. Айырлымда өткен – кеткен жолаушы тоқтайтын ирім бар болатын. Жәнібек сол ирімде боламын деп хабар еткен еді. Москвадан оқуын бітіріп, туған ауылына оралған шақ.

Баян сұлу келбетімен жол үстіне көз тастап, алыстан келе жатқан арбаны, көзі шалды. Екпіндеп, қара жүрісі, желіген ат тоқтаусыз ирімге жақындай түсті. Артына бораған шаң ілесіп, қарындаш жеңіл арбаның соңында болды. Баян дөңестің ұшар бетінен, құлдилап төмен түсе беріп, қазірде шауып, қасына келе бергенде, Жәнібек арбадан секіріп түсіп, құшағын ашып: ат үстінен көтеріп алып, Баянды құшақтап бауырына қыса түсті, жұмсақ ерніне қарай аузын апары берді.

Көп жылдар күткен сағынышы басылмады. Аузынан сүйген қалпын, ұстап біразға дейін мауқын басумен болды. Асқақтаған бақытты өмірінің шағы орнағандай, бірін-бірі айрылмастай, жалынды жүрек назымен, құшағын айырмай, қайта-қайта сүйісумен ұласты. Жәнібек Баянды аймалап: Сен менің көп күткен жарымсың, сондықтан бірден үйге апарып түсірсем, қалай қарайсың? – деді құшағын алмай, тамағынан сүйіп.

Жоқ! Жаным! Мен ата-анамның жалғыз қызымын, оларды жерге қаратып, кеткенім дұрыс емес! – деп көзіне жас алды.

Жәнібек жалма – жан орамалымен көзін сүртіп: Жоқ олай емес! екі ата-ананың алдынан өтіп, келісімін алу, әрине дұрыс, уақытты босқа жібермей, тездеттірсек орынды болар еді, – деді.

Аялдамаға келді да, арбаға отырып, ақбоз атты жанарына байлап, Жәнібектің ауылына бет түзеді. Баянның сұлу денесін өзіне тартып, құшағын айырмады, көп сүйді, сағынышы басылмады. Ауыл бірінен-бірі алыс емес, жақын орналасқан «Бейбітшілік» колхозы болатын. Жазық даламен ұштасып, үлкен өзеннің бойына созылған, әсем үйлердің келбеті, биік зәулім теректермен қоршалып, әдемі түрімен масаттанып құлпыра түскен. Алыстан сағым тартқан, толқынды жел бағыты, баю соғып, Жәнібектің сағынышын одан сайын құбылтып қояды. Жол бойы толған дала гүлімен бірге ілесіп, тамаша көрнісін, ауыл сәнімен жалғай түсті.

Жәнібек Баянның астына жұмсақ көрпе төсеп, жібектей созылған ыстық денесін өзіне тартып, белінен құшақтап, басын иығына беріп, аузынан сүйді. Баянның ыстығы басылмады, әлсін-әлі сүйген Жәнібектің қимылыда, бәсеңдемей өрши берді. Баянда қатты сағынды, жылдар күтті. Жаз бойына ақбоз аттың үстінен түспеген, Баян дөңес беткейінен жолын тосты, келіп қалар деп, сүйгенін күтті.

Баянның атқа деген құмарлығы, бала кезінен біткен, ойын-тойларда «Қыз-қуу» жарысында бәйге алып, бірінші болып көрініп жүрді. Әкесі Керімбай жалғыз қызын, бетін қақпай, ақбоз атты құлын кезінен, бауыр бастырып үйретті. Қасиетті мал, қыз Баянның маңынан шықпай, әсем жорғасымен, алыс жолғада, шығып елді қоныстарға, талай барған еді. Жүйіткіген ат желісі, жеңіл арба үстіндегі, Баян мен Жәнібекті ауылға жеткізіп үлгірді. Ауыл шетінен көлікті тоқтатып, жаюлап ақбоз атты жетектеп, Жәнібек үйіне бағыт алып, жүре түсті. Баянның басында камшат бөркі, қою қара шашын етегіне жіберіп, қызыл көйлегі бойына жарасып, қымша белінің, жібектей созылған сұңғақ денесі, сұлу келбетімен түрленіп, ақшыл бетінің ажарын, бұрынғыданда әсемдеп, жарқыраған күн сәулесіндей құлпыра түскен.

Жәнібекте сұлу жігіттің өзі, бойшаң, шашын алдына қайырған, ақшыл жүзі, күлімдеген көзі, сағыныш белгісін білдіргендей, Баянның қолынан ұстап, үйінің жанына жақындай түсті. Жәнібектің Москвадан оралғанын біліп, бүкіл ауыл адамдары жиналып, қоршап алды. Көпшілік сұлу Баянды көргенде, естері шығып, аң-таң болып тұрып қалды.

Тамаша қыздың ең сұлуы, – десті. Жәнібек бірден қалпын байқап қалып: Сіздерге бұл бөтен емес, сүйген жарым, болашақ келіндерің! – деді. Көпшіліктен суырлып, шығып анасы Айғаным қуаныштан көзіне жас алып: Құлыным! – деп, бетінен сүйіп құшақтады. Әкесі Аманда бетінен сүйіп, батасын берді.

Сұлу Баянның жүзі құлпырып, сала берді, көпшілік ұнатып, тамаша көркіне, әсем киінген келбетіне, таңғалысып қошемет көрсетумен жалғасты. Үй жанында ақотау тігіліп, іші – сырты безендіріліп, көрше шыққысыз етіліп жасалған. Отау есігі айқара ашылатын күн алыс емес, – деп тарқасқан жұрт легі бәсендей берді. Жәнібек Баянның қолын ұстап, әкешесінің алдына жақындап: Мен Баянның ауылына барып, ата-анасының алдынан өтпекпін, ұлықсатын алып «Қыз ұзату» тойында болып, қазақтың дәстірімен түсіремін, – деді. Әкесі Аманда зор қуаныш үстінде болып: Сөзің өте орынды, үлкендердің батасын алыңдар, ата-ананың көңілін өсіріп, қуантыңдар! – ал біз дайынбыз, – деді күлімдей сөйлеп, ризашылдығын білдіріп.

Қарындаш кимелі арба үстіне, қалың төсектер салынып, көсемдеп жеккен ат үстіне, қоңыраулы әбзелдер тағылып, қызыл ленталар байланып, жылтырақ маталармен ұсталып, доға-жетектерін әшекейлеп, арба беткейі тамаша болып өзгерген.

Жәнібек арба үстінде Баянды баурына тартып, қолын белінен алмай, бетін жақындатып, оймақтай аузынан сүйіп, мауқын баса алмады. Баяннан сағынышын жасырмады «ғашықтығын» айтып, көңілін өсірді. Жібектей созылған сұлу денесін өзіне тартып, қайта-қайта сүйе берді, сүйе берді. Баянда баурына кіріп, мойнынан құшақтап, ұзақ жылды

басынан өткізгенін сөз етіп: Мен сол уайым сағыныштан, талай түндерді ұйқысыз өткіздім, хабар алмай жылап жатып қалған күндерімде болды.

Ақбоз атыммен торулап, дөнеске талай барып, келіп қалар деген ойда болдым, сол ойым бүгін іске асып, жолым болды, – деді сол сертім үшін бір сүйейін, – деп, жұмсақ ернін Жәнбектің аузына қарай жылжыта түсті, сүйіскен ләзаты жүрек қуанышымен жалғасты. Мәдениет колхозына келіп қалды. Баян үйіне бет алған арба легі, қоңыраулы көсемдегі, акбоз ат бірден, бетін бұра берді. Үй маңайы толған ауыл адамдары, қыз-келіншектер көп жиылған, ақотауда тігіліп үлгіріпті. Көпшілік Жәнбекті көріп, көңілдері толып, сұлу жігітпен амандасып, сымбатына сүйінді. Әкесі, күйеу баланы алғаш рет көруін, таң-тамаша қалып, бетінен сүйді, бірден ұнатты. Жәнбекті бірден ақотауға шақырып, қонақтармен бірге болуын қалады.

Алты қанат ақотаудың ішіне кіре берісте, аяқтан төселген қасқыр терісі, төрде ою түрі салынған, жұмсақ текеметтер мен кілемдер, үстіне көк көрпелермен жастықтар тасталған. Тұста қолдан тоған, Баянның аты жазылған, су жаңа кілемдер ұсталып, өрнектелген. Қыз-келіншектер, бірінен-соң бірі, әнді қағып әкетіп, думанды жалғаса түсті. Баян қыздар арасында отырып, бірге қосылып шырқады. Отау үйдің, оқшау шет жағында отырған, егде әйел, аты Күміс: Мен әдейі Баянжаның әнін тыңдауға келіп, бас сұғып ем, тамаша қызықтарды көріп, күйеу баланың жүзін көріп, ұнатқаным сонша, Баяным теңін тапқанына қатты қуандым, – деді.

Естіген Баян көңілін қайтармай: «Сағынышым-ғашығым» әнін шырқай жөнелді, назды ашық дауысы алысқа естіліп, ауа толқынымен бүкіл аймақты орап алды. Сағынышпен көп жылдар бойы, сарылып күткенін, уайыммен жылаған түндерін, естіген Күміс апай, көңілі босап көзіне жас алды, тебіренген әннің сазды дауысы, жүректерін налытты.

Тыңдаған көпшілік: көңілдері іркіліп, жүрек қуаншын білдіріп: Қалай ғана Сұлу қызымыздан айрылып, басқа жерге кетіп, қалуы біздерге қимастық болып қала бермек пе? – десті.

Жәнібек Баянның әнін, бұрын-соңды естімеген, алғаш рет тыңдаған еді. Тек сұлу жүзіне қарап, «ғашық» екенін жеткізген болатын.

Баян әнінің, сан жылдар күтіп, налыған кезін әнмен жеткізіп, қамығып уайым еткенін, тыңдаған жұрттың бәрін жылатып, енді мәңгілікке болуды қалады. Тамылжыған ән толқыны, қалықтай берді, тыңдаған жұрт, ықыласқа бөленіп, айрандай ұйып, өмірдің нарына бөленгендей қалып танытты.

Табиғатта құлпырып, көк майса, көгал шөптің иісі, жел соғысымен баюлап келіп, тамаша жұпар лебі, аңқыған аланды ала берді. Шіркін! Өмір деп, осыны айт, – десті далада отырған қалың жұрт.

Сағыныш арманын паш етіп, қос жүректің қосылуы, екі «ғашықтың» сымбатты жүздері, бет пішіні, жарасымды киімдері, көрген жұрттың есіне, әсер қалдырып, Жәнібек пен Баянның қосылуы, ауыл-аймақты дүр сілкіндірді. Жастық шақ! Әсем күлкі! Көңілді күй! Салған ән! Бәріде бір тұтас, көпшіліктің көңілін көтеріп, жаңа белеске шыққандай, бақыт құшағын беріп, сәнді өмірдің шырынын си етті. «Қыз ұзату» ата дәстірі! – десті қалың жұрт. Қалыс қалмай жиналған жұрт легі, әсем киінген, қыз-келіншектер сұлу ажарымен, жарқырап киінген қызыл-жасылды киімдері, әндерімен сәулеленіп, бірінен-соң бірі, тамаша жырларымен бөлісіп шырқала берді.

Көңілге қонарлықтай ас беріліп, той жасалды. Кимелі арбаға ақбоз ат жегіліп, көсемделіп, Жәнібек ауылына баруға дайын етті. Арба үстіне, кілем жайылып, көрпе төселді. Баян басына үкілі камшат бөркін киіп, қималы қамзелі жарасып, көзге жақырап, асыл матадан тігілген, қызыл көйлегі, бойына түсіп, өрмелі қара шашын алдына жіберіп, асыл тағымдарымен жұрт көзіне түсіп, өтті. Сұлу келбеті ақшыл жүзімен ашылып, мөлдір көзінің қиығымен, Жәнібектің қолынан ұстап, өзіне тартып, жүруге бет түзеді.

Ақырын жүріп, отаудан шығып, жар-жар өлеңдер айтылып, шашу шашылды. Сұлу жігіттің, сұңғақ денесі иықты, екі кісі мінгендей, келбет танытып, қара костюм-шалбары, ақ көйлек, қызыл галстугімен, жарасып көзге түсе

бастады, Баянныңда шексіз сүйгеніде осы еді. Жәнібек арбаға жақындай беріп, Баянды көтеріп алып, арбаға отырғызып, өзі қасына отырдыда, қолымен құшақтап, Баянның жібектей созылған асыл денесін тартып, жымдасып отыра берді.

Қош айтысып! Кимелі арба жылжи берді. Қыз-келіншектер өлеңмен шырқалып, біраз жерге дейін шығарып салып, хош айтысты! «Қыз ұзату» тамаша көрніс болып, халық жүрегінде ұмытылмастай сақталды.

Баян кетерде, әкесі Керімбай: Ақбоз ат Баянымдыкі, құлын кезінен бауыр басып, бірге өсті, қасиетті жануар қайда болсада өзімен бірге болады, – деді. Ақбоз ат жолға түсіп желігенде, басқасы ілесе алмай шауып отырды. Кимелі арба кара жол үстіне шығып, зырғып отырды, қоңыраулы көсемдеп жеккен аттар легі, Жәнібек аулына бет алып келеді. Арба соңында бұрқыраған шаң қалып, қалың өскен бидайық, самал желдің толқынымен созылып, шырылдаған торғайда, кең алқаптың, шалқыған беткейінен көрініп, қояды. Алыстан мұнартқан, жалпақ өзен, жағалай біткен зәулім ағаштар, аспанмен таласқан мұнарадай биіктігіне көз тігесің.

Сәнді табиғат сұлуы, осы жерде деп, қаласың. Аспан ашық, жаз шуағыда осында. Баян жағалай көз тігіп, сағыммен ілескен кең аймақтың, бұрыннан өзіне таныс, талай жүріп, шарлаған ойын-тойдың болған жерін есіне түсіріп қояды.

Жәнібекте өзенге жақындаған сайын: Кезінде балық аулап, құс атып, суға шомылған асау толқынды, су жағасы, – деп есіне алып, балалық шақтың зымырап, өтіп кеткенін, өкініш қылады. Баянды баурына тартып, жұмсақ аузынан сүйіп, жақындата тұсті.

Жәнібек – өте батыл, қаланың бокстан чемпионы, талай сайыстарға қатынасып, жүлде алған, қолындағы алтын сағатын көрсетіп, Баянның қолына тақты. Бұл жүлде: Мәңгілік енді сенікі, – деді Жәнібек, қолына тағып жатып. бетінен сүйіп, күлкілі сөздерімен күлдіріп, Баянның ыстық денесін, өзіне тартты. Жәнібек өтіп бара жатып, дөңесті нұсқады, Баянның есіне салып, жылдар бойы, сол дөңес арқылы кездесіп, сағынышын басқан-ды. Расында! солай ақбоз ат бірден

үйреншікті жеріне барып тұра қалатын, ат үстінен, қара жолды бақылап, жүргіншіге көз салып, қарайтынмын, – деді Баян, ал сен сол жерге келіп, белгі беретін едің.

Жәнібек дөңестен көз алмай: Қасиетті жер біздің қосылуымызға жол ашып, бақыт құшағын ашқанда, осы жер болып қала бермек, – деді, Баянның аққұба жүзін өзіне қаратып, жұмсақ ернінене, басын жақындатып, аузынан сүйе берді. Қос қолымен белінен тартып, ыстық денесін өзіне икемдей берді. Көңілді жүзі, әсем күлкісі, Баянның ажарын аша түсті, Жәнібек қызығып бетінен қайта-қайта сүйумен, жүрек лебін лаулаған оттай болып қосылып, сағыныш сезімін ішіне тартып, Баяннан құшағын алмай, баурына баса берді, сүйген жарым, – деп топшылаумен болды, шыдамады.

Ауыл жақындап, сағымда сұйыла түсті. Жаңарған колхоз орталығы, ақ үйлермен қатар түзеп, кең көшелермен көріктеніп, жасыл ағаштармен оралып, әсемдене түсіп, көз тартады. Алты қанат ақотау тігіліп, көгалды майса гүлдермен жарасқан алаң, ерекше көрінді. Жақындай түсіп, алдарынан топ болып шыққан қыз-келіншектер, бірден аттың басын тоқтатып, Баянды Жәнібек көтеріп алып, арбадан түсіріп, алдынан ұстаған шымылдыңтың қасына апарды. Ортаға алған қыздар, ән айтып, отауға қарай жылжып келеді. Баянның анасы Әйгерім кетерде, ақ жібек матаның шетінен камшат бөркінің, үкілі түбінен байлап, перде шалың – деп, ұғындырғанды.

Баян есінен шығармай, бірден ақ жібекпен, бетін жауып үлгірген. Баян ауыл мұғалімі, мектепте қол өнер тігін, ұйымдастырып талай тамаша көйлектерді, ауыл қыздарына кигізіп, сыйға тартқан, барлық киімінде өзі тігіп, сұлу мәнерін жұртқа беріп, аппақ келбетімен жарасқан екі «ғашықты» көріп, ақотауға бағыттап, кіргізе берді. Кимелі арба үстіне жабылған кілем «Жәнібек пен Баянның» аты жазылып, өзі тоқыған қызыл кілемді, әкеліп шымылдық төріне ұстады, суреттері салынған.

Жиналған қалың жұрт қайран қалып, Баянның сұлу жүзінен көздерін алмай «Мұндайда Баян сұлу болады екен» – десті.

Келген қыз Баянды естіп, ағылған халық легі, бір көруге зар болып, шымылдық ішінен қарап, киімдерімен жарасқан келбетін көріп, дән риза болып, жинала бастады. Үлбіреген аппақ беті, қою қара қасы, қалың бұрма шашы, өріліп етегіне түскен, жарқыраған алтын сырғасы, аппақ тамағымен, сұлу жүзін айқындай түскен. Жиіншке беліне, жарасқан қамзелінің, қызыл-сары ою түрлері, көз тартады. Жібектей созылған денесі, сұңғақ бойымен нұрлана түскен. Отау іші өте ерекше, әсемделіп, тұсқа ұсталған араб кілемдер, қасқыр ішікпен құндыз жағалы киімдерге толы. Төрге мәнерлі текеметердің үстіне кілемдер төселіп, көрпе мен жастықтар тасталған. етекте қасқырдың жұмсақ терілері төселген. Оң жағында ұсталған жібек шымылдық, қызылды-жасыл сәуле шашып, түнектен түскен күн сәулесімен ұласып жарқырай түскен. Келгеннен бері Құрманғазының «Сар жайлауы» тартылып, бойларын билеген жұрт көңілді тойдың нұрын жамылып, тамылжыған рай танытып, жайдарлы жүзін өрнектей түсті.

Асқақтатып салған ән, жастардың бірінен-соң бірі, қағып алып, шырқата түсіп, дала төсіне естіліп, алысқа шалқыды. Баянның бетін ашып, жарасымды әнімен, домбыра үніне ілесп, көпшіліктің назарын аударып, сұлу келбетін көрсетіп, таныстырды. Таңғалысқан халық легі, жаңадан келіп, жас келінді көруге асығып, отау ішіне үңілумен болды. Шымылдық айқара ашылып, етегі сандық үстіне жиылып қойылды. Баянның кең маңдайы жарқырап, сұлу жүзін көпшілікке қарай беріп, ығыса түсті. Анасы байлаған ақ жібек пердесін, артына ығыстырды. Ақ саусақтары, икемді қолдарымен, сыпайы бойына жараса біткен, сұлу бейнесін көріп, таң қаласын.

Нұрлы көздерімен қараған келбеті «ғашықтық» сырының айтылмаған дастаны дерсің. Сол сырды Жәнібекке жеткізуге асықтыма? Қасына қыздарды ертіп далаға бет алуы, бір сәт айалдаумен болды. Табиғат бейнесі, ауыл көркін әсемдеп, көз

алдына жаңа рай танытып, өзен бойындағы жасыл ағашты орман ирімі, су бетімен бірге толқып, күн көзімен жарқырап, желмен бірге есіп, әлсін-әлсін бетке баю соғып қояды. Мұнартақан сағымда, алыстан түйенің өркешіндей, буылтықтанып, лег-легімен есіп тұрғандай көрінеді. Баян жас кезінен даламен бірге өсіп, табиғат құбылысын өзіне тартып, көңілін ашқандай сыр білдіреді. Серуен құрып біраз жүрген соң, құрбыларымен кең отауға жайғасты.

Ұятта болар, айтпасақ және болмас, Баян жас келіннің, бір ауыз әнін тындасақ, – деп отауда, шетке қарай ығысқан, егде әйелдің сөзін естіп, қол соғуы қалай? Шешейдің бұл сөзі дұрыс емес, келіп түскені жана ғана, қалай дәтің барып, бас сұғасың? – деп, екінші біреуі, кілт тоқтатып тастады. Елубай деген қарт кісі, Аманның туысы: Сөздерің өте дұрыс, той болған соң-бәрімізге ортақ, шешімін келіннің өзі айтсын, – деді орнынан қозғала беріп, төрге ығыса берді. Бір сәт, тыныштық орнап, жастар әні сұйыла беріп тоқтады.

Қыздар арасынан орнынан тұрып, басына камшат бөркін киіп, қызыл көйлегі бойына жарасып, қыпша беліне қамзелін киіп, алдына қою бұрма шашын етегіне түсіріп, жарқыраған тағымдарымен, сұлу жүзін көпшілікке беріп, баюлап барып кілт тоқтады. Қасына Жәнібекте келіп, қолын ұстады, иліп сәлем етіп: Айтқан тілектеріңді орындауға тұрғаным еді, – деді Баян. Алдарында қос жүрек «ғашықтар» мұңын тындауға, ниет білдіріп, көпшілік ду қол соқты. Баян ашық дауысымен, «Сағыныш» әнін шырқап ала жөнелді. Нұрлы көздері, аппак бет ажары ашылып, сұлу жүзінің қайталанбас келбеті, көпшілікті өзіне орап алды.

Мұнды өлені, қаншама жылдар күтіп, қиындықты басынан өткізіп, өлеңге қосып салған назды дауысы, көпшіліктің көңлін босатып жылатты. Әсіресе, әжелер көздеріне жас алып: Шіркін! Жас болсада қандай керемет, төзімді еді, салған әні бойымызды балқытып, жүрегімізді тербетті, – десті. Баян біраз шырқап, жастарға жолын беріп, орнына отырды. Шырқалған ән, алысқа естіліп, бүкіл ауыл жұртын орап алды.

Кешкі дауыс-желмен толқып, көмейден шығып, шалқыған дала аймағын шарпып, бақытты өмірдің бесігін тербеткендей, қуанышты көңілмен ұласты. Тойға арнаулы, жылқы сойылып, ас берілді-аста бас берілді, үлкендер батасын беріп, тарасты. Жастар әні, шырқалып би биледі, домбыра тартылып, жырлар айтылды. Алтыбақан тебіліп, жастар көңілі шаттанып, ұмытылмастай болып, қоштасты. Айнала жым-жырт, жастар кетіп үгірген, отау ішінде бос, екеуінен басқа адам қалмаған.

Әлден уақтта, сыртан күбірлеп ішке кірген жеңгелері, түнекті жауып, төс ағашқа жұмсақ мамықты салып, құс жастықтар тастап, дайын етті. Маңайда тыныштық орнап, отау ішін қараңғылық басты. Ай жұлдызда сыртта қалды.

Жәнібек сағынышы бойын билеп, Баянның қасына барып, бірден көтеріп алып, жұмсақ мамыққа апарып салды, құс жастықты басына беріп, жатқызды. Өзіде жалма-жан шешініп, Баянға денесін жақындатып, жылжи түсті. Қос қолымен құшақтап, бетін Баянның жұмсақ ерніне апара берді. Аузынан қапсыра сүйіп, жібектей созылған белін, өзіне тарта түсіп, жылжытты.

Баянда ыстық денесін, Жәнібектің бауырына кіріп, жабыса түсті. Алып ұшқан қос жүректің соғысы, бой қызуымен ұласып, Жәнібектің жігерлі «дене» күші, қос алманың арасынан өтіп, балки түскен, денесін сезіп, Баян: Жаным! Өмірім! Ғашығым! – деп, Жәнібекті аймалай берді, қолымен мойнына оралып, оймақтай аузын айырмады. Сағыныш сезімін түн асырып, таң атқанша мауқын басты. Баян «қыз бақытын» сақтап, Жәнібекке табыстады «ғашық» мұңы орындалғаныны, – деп сезінді. Жан сырыда ойларынан шығып, өмірдің жаңа кілтін тапқандай қуанысты. «Ғашықтық» махаббат жалғасын тапты.

Адал жүрек, сағыныш сезіммен жұптасып, кең дүниеге құлаш ұрғандай, табиғат сыры жалғасып, өзеннің асау толқынымен ұштасып жатты. Қаптаған құс базары, өзен бойын өрмелеп, ұшып келіп, пана тапқандай, су бетінде қалқумен болды.

Үлкен өзен, ауыл маңын қиып өтіп, алысқа созылған, бағыт еді. Жағасы толған, қамысты құрақпен көмкеріліп, қалың ағашпен сая тапқан. Аққуларда ұшып келіп, өзен бетінде, сыбызғыдай дыбыс шығарып, алысқа естіліп, кең аймаққа бас тіреген. Қасиетті жер аймағы, сұлу көркемділігімен, орын тауып, екі жасты бауырына басты. Жәнібек бір сәт Баянның жанынан кетпеді, қайта-қайта құшақтап, аузынан сүйумен болды. Баянда Жәнібекке бар денесімен асылып, сұлу ажарын бетінен айырмады, денесін сипап, қызуын басты. Жұптары жазылмай, бар өмірін, Баяным-деп, ой қорытты.

Сөз сырында Баянмен ақылдасып, отыруды қалады. Қимастық серт, көп жыл күткен жары, дамылсыз ойлап, бақытын іздеумен, жүрген Баянның, әр уақытын зая жібермей, көңілді күлкіге ыңғай танытып, қуаныш кейпін серілтпеді. Құшақтап сүйдіде, көтеріп мамық үстіне, қайта-қайта апарып салумен болды, ешкім жоқ, оңашада еді. Тұстарына ілінген, Баянның өзі арнайы тоқыған кілемі, тамаша етіп салынған суреттері, қызыл-көк жіптермен тоқыған айшықтары, жарқырап қабырғаны түгелдей алып, әсемделген. Өздері жатқан төсағашыда, тау қошқарының мүйізіндей, екі жағыда иіліп қосылған тұсындағы, кілемнің алдынан орын тепкен.

Әкесі берген, ақбоз атын, маңайына ұстап, Жәнібекпен бірге, сылап-сипап, назарын үзбеді, сүйгені жоқта, бауыр басқаны сол еді. Қасиетті ақбоз аты үй маңынан шықпады, Баянның көрініп қалатынын, бақылады.

Целина! Тың көтеру! Қазақстан жері! Бүкіл ел дүрлігіп, алып күштің басталғанын сезді! Март айы! 1954 жыл! Ағылған поезд-эшалоны. Станцияда қаптаған жастар! Бауырлас: Украина, Беларусия, Россия жерінен ағылып, келіп жатты. Совхоз құрылып, жаңа орындары белгіленіп, колхоз өз дәуірін тоқтатты. Жәнібек Москва академиясын бітіріп, техника инженері мамандығымен обылысқа шақырылды. Сом денелі, спортпен шыныққан, салмақты жас жігіт, обылыс басшыларында болып, жаңа құрылған «Дәмді» совхозына бас инженер болып тағайындалды.

Дәмді өзені, бұрынғы «13» ауыл, Сталин колхозын қиып өтіп, Қайғы бағытындағы өзенге барып, құйылады. Совхозға алғаш келуі, көше бойында қаптаған тракторлар ДТ-54, қалай-болса, солай әр жерде, шашырап орын тепкен. Ауылдың шет жағында вагон-будкалары, маңайы толған адамдардың жүріс-тұрыстары байқалады.

Жер батпақ, аяғында керзби етік болмаса, баратын жерге жете алмай хош айтысасың.

Келген комиссияның бетін бұрып, жергілікті «ақсақалдардың» айтуымен, орталық болып бекіді. Ауыл адамдары, әптан үйреніп, алғанға ұқсайды. Қысқа өзен, ішетін суға тапшы, бұлақ алыс. Жәнібек, совхоз басшысымен танысып, көзбен көрген бұл жайытқа шыдамады, машдвордың жерін белгілеп, барлық техниканы жинатып, қатарға қойды, жауапты адамды тағайындап, күзет қойды. Тәртіп орнатты. Арадан бұра тартып, айтқанға көмбеді, өзімен қарсы тұрып, Украинадан келген, бұзық «зек» Рабишапка бес-алты адамымен бой көрсетіп, қасындағылардың ақшасын тартып алып, ұрып-соққан, ауыл адамдарын қорқытып, тамақ талап етіп, арақ сұраған.

Жәнібек қасына мықты, ауыл жігіттерін ертіп алып, вагон-будкасының жанына, келген жастардың барлығын түгел жинап, жиналыс өткізді. Сол сәтте құйындатып, жайдақ атқа мінген, ауыл жігітін көзі шалды. Аттан түсе салып, ендігін баса алмай, кекештеніп: Тез жетіндер! Қырып жатыр! үйдің төбесіне шығып, трактормен ойрандап жатыр, – деп, ауыл жігіті, атына мініп кері шапты.

Жәнібек тездетіп машинасына міндіде, ат соңынан шеткі ауыл жағына, ілесе берді. Расында, Рабишапка трактормен «землянканың» үстіне шығып: «Я, установил советской власть! «деп айғайға басып, трактордың кабинасынан шығып, қолын сермеп, жатқан жерінен үстінен түсті. Жалма-жан Жәнібек айғайға басып: Тез түс! – деп бұйрық етті. Рабишапка бір қарадыда, тракторына отырып, бар скорысымен, төмен құлдырап, Жәнібекке қарсы жүрді. Жәнібек қолына лом алып «топленный бакті» тесіп үлгірді. Соляркасы ағып бітіп,

трактор кілт тоқтады. Жәнібек Рабишапканы кабинадан сурып алып, екі-үш рет басынан ұрып құлатты. Басы шынжыр трактордың табанына тиіп, қансырап жатып қалды.

Қорыққан ауыл адамдары, Жәнібекті қоршап алып, есін жиды. Әлден, соң тіріліп Рабишапка, кұфайкасын кидіде, қара жолға аяңдап, кете барды. Сол кеткеннен мол кетті. Совхозда тыныштық орнап, күн сайын келушілер ағыла бастады. Жәнібек қыз-жігітермен жиналыс өткізіп, директордың бұйрығымен, бригадалар құрылып, отрядқа топтасты. Тракторларды бекітіп, Дәмді баурайына алғашқы, бораздалар салынып, Тың! дүбірі басталып, бүкіл аймаққа қанатын жая бастады.

Жаңа совхозға, көптеген техника мен құрлыс материалдары, ағылып түсе бастады. Орталықта көшелер бой түзеп, тамаша үйлер салынып, көбейе түсті. Дәмді үлкен астық созхозы атанып, 36000 гектар тың көтеру, белгіленді. Орталықта, тұрғын үйлермен қатар: мектеп, детсад, монша, өндірістік ғимраттар беріле бастады. Алғашқы күндері, үй жетіспей, жер үйлер мен вагонда тұрып жатты. Совхозда мал шаруашылығы қоса дамып, шөп дайындап, мал қоралары салына бастады. Қайнаған жұмыс, техника күшімен атқарылып, Жәнібектің күндіз-түні дамыл таппауын керек етті.

Жас жігіт шаршамады, барлық іске өзі тікелей араласып, жер қойнауына соқа салып, тыңды бір сәт тоқтатпады. Тың клеткалары, қаптаған ДТ-54 тракторымен, келер жылғы егіс алқабын, межесіне келтіріп үлгірді. Көктемгі егіс, қайнаған шақ, алып ұшқан тың төсінде, трактор гуылы толастамады. Тың орындалып, егіс алқабына дайындықты бастап, алып жөнелді. Сабалап жауған жаңбырда, жиі жауып, тұңғыш рет жайылған егіс алқабы, биіктеп мол өнімнің жолын аша бастады. Сарыарқаның бойында шалқыған егіс алқабы, алтынға бойалып, өңірді өзгертіп, мол астыққа кенеле түсті. Дала кемелері бірінен соң бірі, егіс алқабына шығып, алтын дән шұғыласын оруға кірісіп кетті.

Дамылсыз ағылған машиналар, қырман мен элеваторға жөнелтумен болды. Совхоз директоры бар жұмысты, Жәнібекке сеніп тапсырып, ақылдаспай шешпеді, қатаң тәртіп орнатып, жауапсыздары жолдан кетірді.

Жәнібек Баянды қалдырмады, көшіп келіп «землянкада» тұрып, аяғы ауыр болған соң, бар көмегін аямады, жақсы көріп, күн сайын құшағын айырмады. Орталықтан алыс емес, бөлімшелер: Қаракұдық, Шұбар, Жалаңаштарда қаптаған мал қоныс тебе бастады. Жаңа машина легіде түсе бастады, сұраушылар көбейіп, дамыл таппады. Дәулет алып, бір жетінің ішінде, су жаңа ГАЗ-53 ді сусыз айдап істен шығарды, маторы жарамсыз болып қирады. Жауапсыз Дәулетке машинаның құнын төлетіп совхоздан қуды. №3 отрядта Куценко жер жыртып жүріп, су орнына солярка құйып, ДТ-54 дің матрорын қиратып, өртке орады. Жәнібек естісімен отрядқа келіп, тоқтады. Куценко көрінбеді, тракторы жарамсыз болып, қаңырап тұрғанын байқады.

Жатахананың ішіне кіріп, қаперсіз ұйықтап жатқан Куценконы көріп, шап беріп аяғынан сүйреп, сыртқа шығарды. Жәнібек қатуланып: Қандай құның бар еді? Су жаңа тракторды қиратып бітірдің? Бір жеті срок беремін, қалпына келтіретін боласың! – деді. Жок! Мен олай істей алмаймын, ітейтін адамыңа тапсыр! – деді Куценко өкіректеп. Жарайт онда! – деп, Жәнібек оң қолымен періп жіберді, домалап барып, полға гүрс етті, аузынан қан кетіп, бетін жуды. Саскалақтап орнынан тұрып: Кешіріңіз! келесі келгенше дайын етемін! – деді, сыртқа шығып, трактордың маторын дұрыстауға кірісе бастады. Тағыда көлеңсіз жағыдай №1бригадада, Паньков деген араққа тойып алып, жақын көрші ауылдан, тракторымен барып, бір жәшік арақты әкеліп, түнімен ішіп, төбелес шығарған, таң ата вагоды өртеп, жұмысты тоқтатқан.

Жәнібекке жеткен хабар, тез арада барып, тоқтатпаса адам өліміне апарып соғуы мүмкін, – деп болжам жасады. Келіп үлгірген Жәнібек, Паньковтың үстінен түсіп, тракторды тоқтатуға бұйрық етті. Есін білмейді, жалма-жан артынан барып, баюлаған тракторды тоқтатып үлгірді. Кабинадан

жұлып алып, екі-үш рет сілкіп атып жіберді, мастығы тез басылып, орнынан тұра берді. Жәнібек желкесінен қысып ұстап, өртенген будканы көрсетіп, шашылған заттар астанкестен егілген асхана ішін аралатып, қашып кеткен поварды айтып, бәрін ұғындырды. Қолынан жұлқынып, еңгезердей денесімен күш көрсетуге ұмтыла бергенде, Жәнібек қос қолын бірдей жұмсап, пергіштеп үлгірді, қисайып барып, шашылған темірге соғылды, біразға дейін тұра алмай жатып қалды. Тұра бергенде тағыда, қатты удардан ұшып түсті.

Жәнібек көлік дайындатып, қолына чамаданын ұстатып, кара жолға апарып тастауға бұйрық етті. Тез арада жиын өткізіп, полевой станды жөндетіп, поварды алғызды. Олақсыз бригадирды табанда орнынан алып, жас қайратты, білімі бар, қолынан іс келетін ауыл жігітін қойды.

Бүлікшілер тобы, жұмыс істеуге жалқаулық танытқандарды совхоздан тазартып, аудандық милиция бөліміне табыс етті. Біртіндеп, тәртіп орнай бастады. Қобалжыған жігіттерге тоқтау айтып: Енді олар қайтып келмейді, сендердің адал еңбектеріңді жамылып бүлік шығарып, қокан-лохы көрсетуі мүдем тиылды, – деді Жәнібек, өзі жүріп, бүкіл бригада адамдарымен жиын өткізіп. Жәнібектің осындай азаматтық ерлігіне ауыл адамдары риза болып, қорқыныш сезімдерін артқа тастап, қайнаған еңбекке орала берді. Оқыс жағдайды, жібермеске қадағалап отыруды, Жәнібек есінен шығармады, хабарласып бригадалармен «диспечерлік служба» орнатты, үйіне кеш оралды, күтіп отырған Баянда ұйқы көрмеді, Жәнібектің қас-қабағын бақылап, күтумен болды. Қанша шаршашада, Баянды құшақтап, бойын серілтті. Оймақтай аузынан сүйіп, бауырына тартып, шаршағанын басты, көтеріп алып жұмсақ төсегіне салып, өзі қасына жатып, аймалай берді. Баянда асыл денесіне ерік беріп, Жәнібектің ысыған бойына кіре түсті, жымдасқан бойда, жарының қатты «денесі» аппақ санынан өтіп, балқытып барып алып ұшты.

Басылмаған қызулары, оларды құшағынан айырмады, балқи берді, балқи берді. Таң-тамаша ләзатқа түні бойы, оралумен болды.

Түн мезгілі. Аспан ашық. Жұлдыздар жымиа қағады. Баю соққан жел лебі, бетіңе соғады. Алыстан мұнартқан дала, трактор гуылымен ұласып, кең жазық сар далаға құлаш ұрғандай, естіледі. Бұл алғашқы қарқын еді. Жәнібек сол еңбек адамдарын, естен шығармады, «планеркада» тамақ мәселесін, тігінен қойды, «дұрыс тамақ болмаса» күштері сарқылып, әлі кетеді, әлсізденіп денесін ұйқы басады, – деп Жәнібек ет тамағын көбейтуді басым етті.

Бригадаларды таңдаулы жігіттерден звено құрып, жарыстар ұйымдастырып, бағалы силықтарды, загон басында беріп, духын көтерді, тоқтаусыз сар даланың тыңын, тез аяқтауға бел бұғанын байқады. Жарыс қыза түсті, звенолар бір-бірімен жарысып, шалқыған тың жерді, меңгере бастады,

Дәмді қойнауын паш етіп, алысқа сермеді, мақтаныш тұтты. Жәнібек сұрыптап, адамдарды тандап, тракторға отырғызып, ең жауапты, ең қадірлі, жұмыстың шешуші кезеңін түсіндіріп жеткізген, еді. Болашақ егінің іргесі, осыдан басталады, – деді Жәнібек, жайқалған егінді, осыбастан өсіріп, оратын да өздерің.

Дамылсыз жиынды, загон, басында өткізіп, тез тыңды көтеру жолын іздеді, кеңес берді, әр күнді, пайдаланып жоспарды орындауды, құр жібермеуге, естеріне салып отырды. Ауыл халқы Жәнібекті, жақсы көріп, оның адал ісіне сүйінді, мақтан тұтып жастың жігерлі жігіті, – деп бағалады. Өткен, алғашқы тың көтеру кезі. Қаптаған трактор легі, бороздамен қалықтап, қара жерді қопарып, лек-легімен жол тартып, дала төсімен келе жатты. Жәнібек әрбір жиында қалай оралғанын сөз етіп, жеткізді.

Тың даланың, клетка жолдары, ұзарып тартылған қара топырақтың алқабы, келешек осы егіннің ізін қалаумен ұштасты. Дұрыс жыртылып, үлкен алыпты танаптарды меңгерген, меңіреу даланың келбеті өзгеріп, егін танабын қалады. Құс мекен еткен аймақта өзен бойын, билеген құс

базары, шалқыған теңіз суындай дала төсіне кіре берді. Алып жатқан ақ бидайық, қарайып алып техниканың қойнауына өтіп, өзгеріп тың даланың дағыдырын шешумен болды. Бұл дүрбелең кеністікті өзгертіп, өмір шешіресін қалаумен ұштасты. Табиғат жырыда сарқылмас аңыз болып, тың дала өмірін жалғауда болды. Кім білген сол даланың өзгеріп адам баласына, бақыты тұрмыс силап, елдігіміздің іргесі қаланып, тың даладан іргелі қоныс теуіп, қаншама совхоздар бой көтеріп, өңірді біріктіріп, үлкен-кішілі аймақтың тұтасқан шабарына айналды.

Жәнібек өскелең өмірге ой жүгіртіп, өзі бастап қаласқанда сол еді. Өзен бойын, қуалай орнаған орталық күн санап, әсемдене түсіп, ауыл көшесі қаптаған үйлерге толы, жасыл ағаштарымен бой түзеп, үлкейді. Жәнібек алдында, қаншама жұмстардың, салынып бітпеген: МТМ, Авто гараж, Машдвор, барлығыда техника өміріне керек етті.

Дала жұмыстарымен ұштасқан, техника базасын, бірден МТМ жұмысынан бастады, жолға қойып, қалыпқа кіргізді. Техниканы күтіп ұстау, еңбек адамының өмірлік кілті, – деді Жәнібек, жиындарда ылғи айтып, механизатордың құлағына құйды, тәртіпке шақырып, оқыс жібермеуін, жауапты адамдарға тапсырды. Тағыда, оқыс жағыдай №3 отрядта болды. Естіген бетте, Жәнібек машинасымен, кең алқапты басып, отрядқа бет түзеді. Түскі уақыт қырат басында тамақтанып жатқан кез еді.

Машина үстінде, аспашшы Галинаның көз жасы бойаудай болып, бізден жасырынып, сырт айнала берді, білдіргісі келмеді. Жәнібек жақындап: Сізге кім тиді? Не болды айтыңыз? – деп сұрай бастады. Ішінен біреуі, машинаның сыртына оңашалау барып: Галинаға тыныштық бермей, Буденко зорламақ болып, қойнына барған, бірақ көндіре алмаған соң, жылатып дамыл бермей жүр, – деді сыбырлап Жәнібектің құлағына тигізді. Қабағы қатулы Жәнібек: Кім Буденко? Керемет болсаң былай шық, қатын құсап көпшілік арасына тығылмай!? – деді ашулы түрімен, ызаға булығып. Үсті басы май, енгезердей біреу, ортадан шығып: Мен

Буденко! – деп Жәнібекке жақындай түсті. Галинада нең бар, ол жұмыс адамы, мезгілімен тамақтандырып, жұмыс басына уақытымен жеткізіп тұрғаныма жазығы! – деп Жәнібек қарсы жүрді. Қоқан – лоқы көрсетуге, қолын көтеріп, айғайға басып, келе жатқан Буденконы, Жәнібек екі рет періп жібергенде, домалап барып жерге гүрс етті. Жанталасып, қолына қару алып, ұмтыла бергенде, тағыда Жәнібек төрт-бес удармен жатқызып салды.

Біраздан соң, әрең деп, Буденко орнынан тұрып, жаю будқаға қарай бет алды. Басқаларыда, тракторына мініп, загон басына қарай жылжи жөнелді. Күлімсіреген Галина өз-өзіне келіп, сұлу ажарын ашып, Жәнібекке рахметін жаудырып жатты. Буденко сол кеткеннен, қайтып оралмады.

Жалпақ дала дөңесі. Көтерілген тың қаншама, даламен толығып, бүкіл аймаққа созылып жатты. Трактор гуылы күндіз-түні тоқтамады. Келер жылдың қамы, жайқалған егіс алыбын алып жатпақ. Жәнібек бригадаларды аралап, техниканы дұрыс пайдалануын, оқыс жібермеуін, күн санап бақылап отырды. Басы қосылған жерде жиын откізіп, орысша тілге шешендік танытып, техниканы жауапсыз қарағандарды, реп алып, опасыздығын мойнына басты, әшкерлеп сілікпесін шығарып, ұялтты.

Жәнібек: Айтылған сыннан, қортынды шығармайтын, дүлей кімге керек!?

Ондайларды бір минут ұстамаймын, – деді. Кеш қайтып, үйіне оралды. Баянда күтумен әлсін-әлсін терезеге қарап, алдынан шықпады. Асын дайындап, уақытында ішуді күтседе, жарының қауырт жұмысының іркілгенін байқады. Шаршап көңілсіз, келгенін жүзінен біліп, әзіл сөзімен күлдіріп, Жәнібектің көңілін аулай берді. Жәнібек оралған сайын, сағыныш сезімін ала келді. Есіктен кірісімен, ақырын басып, білдірітпеді терезе алдындағы Баянды құшақтап, тамағынан сүйіп, белінен ұстап, баурына жылжыта берді. Сүйкімді жүзін көріп, оймақтай аузынан сүйіп, құшағын жібермеді. Жаным! деген сөзді, естігенше құшағынан шығармады.

Жәнібектің қызуы шыдатпады, құшақтаумен ғана шектеліп, Баянды босата берді. Баян: Жәнібек-жаным! Тамағыңды іш, суып қалады, уақытыңда ішпесең, жүдеп қуатыңнан айрыласың, – деді. Жәнібек: Айналдым Баяным! – деп, құшағын аштыда, көтеріп алып, столға апарып отырғызды. Көңілді күлкіде, әзіл сөзде айтылып, Баянның мәз болғанын, ұнатты. Тамаққа бірге отырып, болған соң, Баянды көтеріп алып, төсегіне жатқызды, жүрек соғысы, жиілеп алып ұшқан қызу толқыны, сүйісумен жалғасты.

Жәнібек ертемен, машинасына отырып, №4 Шұбар бригадасына жол тартты. Дәмдінің қырат дөңесін бітіріп, жазық алаңға соқа салған, аймақтың өңірі, даланың ақ бидайық басқан алқабын аударып, тың жердің өңірін көбейте түскен. Көңілің тоятындай, асқар таудай биік, шұғыла тартқан, клеткалар 400 гектарды құрап «стандартты» түрде, алысқа созылып, дөңеске барып тірелген. Жәнібек жыртылған аңыздың арасымен, жүріп келе жатып, соқа салынбаған жерді басып, айқыш-үйқыш, борозда салып, бет ауған жағына кетіп бара жатқан, ДТ-54 тракторын көріп, басып озып тоқтатты. Кілт тоқтаған трактордың жанына барып, Буцті кабинадан суырып алып, бір-екі рет беріп жіберіп, құлатты.

Араққа тойып алып, опасыз қылығын, бетіне басып, совхоздан қуды.

Жауапсыз бригадирді орнынан алып, маскінемнің тракторын бекітіп, жер жыртуды тапсырды. Жәнібектің әрбір шешімін, совхоз басшысы қолдап отырды. Түйіткілеген, сойқан төбелесте, оқыс мінез көрсеткендер, аластатылып тәртіп орнатты, еңбек өнімі өріс алды. Жәнібек әрбір істі табанда шешіп, жұмысты қалт еткізбеді. Шаруашылық үшін сондай шешім керек болды.

Сарқылмас өзен суы, Шұбарға тартып, Қайғы өзенімен жалғасып жатты. Кең арнамен жиектеліп, талды ағаштармен көрініп, жалпақ даланың жазығымен ұштасты. Сол даланың тыңы көтеріліп, жер қойнауы, межелі аймақты құрап, алып жатты. Жәнібек көктем егісіне, бүкіл техниканы дайын етуге

бағыт алды. Шешуші кезең басталды. Жер өңделіп, тұқым себу тайанды.

Құлазыған дала төсінде, қаптаған техника жұмылдырылды. тұқым себу алғашқы, аттаныстың, кезеңі болатын. Шалқыған кең жазық, егінді алқапқа айналып, алтын дән астығының тасқыны бола түсті. Атағы алысқа құлаш сермеп, ірі шаруашылықтың іргесі қаланып, үлкен астық совхозы болып бекіді. Сар дала. Бітік шыққан егін, мол болып, дария толқынындай, астық тасқыны күн сайын, қаптаған машиналар мен жөнелтіп, бірнеше панның бетін қайырды.

Торғай төсінде, дүрбелең басталды. Тың! жаңадан совхоздар орнап, тың жерді көтеруге бағыт алды. Жәнібекті обылысқа шақырып, алып кетті. Тың жерді көтеру-бүкіл халықтық іс деп қорытты. Арнайы облыс басшысының қабылдауында болып «Степной» совхозының директоры болатындығын жеткізді.

Сарыөзен. Адам баласы аяқ баспаған, мидай дала, жер жарылып, қуаңшылық орнаған. Алып жатқан жалпақ далада, ескен бір бұта жоқ, тек өзен бойында ғана, аласа біткен талды ғана кездестіресің. Жаңбыр өте сирек, жер жарылып, шөлайт аймақтың қатарын құрайды. Құста жоламай, сырт айналып, қопалы суы бар аймаққа қарай қоныс тепкен. Міне сол қоныс, Жәнібектің құратын совхозының орталығы, болып бекіді. Алыстан қыраң тартқан дөңестер, сағымданып көз ұшынан жалғасады. Соққан жел, дамылсыз жалпақ даланың селеу бидайығын, сағым толқынымен ұласып, қозғап қояды. Бұл аймақтың дала көрнісі еді.

Март айы. Қар еріп, жол бетін батпақ басқан. Өзен жағасынан, белгілеп, совхоздың жаңа орталығы деп, қазық қақты. Маңайы толған саз балшық, адам аяқ алып жүрер емес. Вагон-будкалары қойылып, кигіз үйлер тігілді. Келгендерді қабылдап, дала жұмыстары басталып үлгірді. Палаткалар тігіліп, асхана орын тепті. Қаптаған трактор мен автомашиналар жаңадан алынып, құрлыс материалдары ағылып келіп жатты, Обылыстан арнайы бригада келіп, тың

төсіне «стандартты» клетканы енгізді, жұмыс үш бригадаға бөлініп, 30000 гектар жерді жырту межесі белгіленіп, бекіді.

Тракторлар тізбегі бригадаға бөлініп, вагон-будкасымен, тұрақты орындарын тапты. Техника күшін жұмылдырып, алғашқы боразданы салып, жалпақ даланың төсіне ауыса бастады. Кеше ғана ақбидайық басқан өңірдің тыңы көтеріліп, күн санап, жер қыртысы аударылып, қара топырақты, дала түрі өзгеріп, шыға келді. Келер жылғы, егіс алқабы, алтын дән беретін аймақ-деп, жобалады. Асау толқынды сағымдарда, мәңгілік жоғалып, жер қойнауының астына кетті. Жәнібек жиі-жиі жиындар өткізіп, бригадаларды аралап, дамыл таппады. Өте жауапты іс-келер жылғы егін дағыдыры, осыдан басталатынын, түсіндіріп бүкіл механизатор қауымға жеткізіп, құлағына салды, аянып қалмауды ескертіп, борозда басынан шықпауды тапсырды. Жауапты адамдарды, басына қойып, басшылықты зағон басынан бастауды, қатаң тапсырып, тоқтаусыз жүруін талап етті.

Қайнаған жұмыс, арпалыс күшпен, табиғат әлемін өзіне бағындырып, тың жерді көтеру, мәңгілік ұйқыда болған алқап, бүгінде адам баласының меңгеріп, өзіне бағындырып, нан байлығын халқына сый етіп, қарнын тойғызды емеспе!? Сол арпалыс, таң нұрымен жалғасып, дала төсінде қаптаған техника, жер қойнауына еркін кіріп, шалқыған өңір төскейін қопарып, алып күштің сырымен жалғаса түсті.

Алынбайтын қамал болмас! – деп, Жәнібек ой түйіп, алып техниканың, астық үшін арпалысын байқап, көңіліне қуаныш сезімін ұялатты. Жәнібек күндіз-түні жатпады, жас жігітке, еселенген қауыртты шақта совхоздың орталығын салу болса, астық үшін арпалыс-тың көтеру тағы бар, жауапты істен қашпады, аянбады халықты бағыттап, басқарып отырды. Кездескен жерде жиындар өткізіп, қарапайым жұртты ұйымдастырып, құрлысқа бүкіл күшті біріктіріп, бригадаларды көрікті үй салумен, мал қораларында естен шығармауды тапсырды.

Аз уақыт. Көше бойында қаптаған ақ үйлер тізбегі бой көтере бастады. Әсем мектеп үйі бірінші салынып, оқу

жылына дайын етіп, жас бүлдіршіндер, оқи бастады. Аурухана, тамаша Мәдениет үйіде салынып, мойыншаға дейін беріле бастады.

Совхозда мал шаруашылығыда қанат жайып: Көкірек, Нарынкөл, Үшқамыс, Майқұдық қоныстарымен, ірі қара, қой табынымен үйір жылқылары, үлкен шаруашылықтың іргесін қалады. Мал азығы дайындалып, қыстаққа жеткізілді, ескі қоралрдың орнына, жаңадан көптеген катондар тұрғызылып, сарайлар бой көтерді. Кешкілік кез. №3 бригадаға келе бергенде жылаған қыздың дауысы, вагоннан естіле бастады. Жәнібек бірден вагонның қасына келіп, жабулы есікті байқады, ішінен мықтап жауып алған. Шыдап тұра алмады, есікті қайырып жіберіп, ішке кірді. Сәкі төсекте, қыз үстіне мінген Симашко жылатып, зорлап жатқанын бірден байқап, желкеден алып, тұрғызып екі-үш рет оң қолымен, періп-періп, жібергенде топаң етіп, шалқалап барып, тақтайға құлады. Басын ұстап біраз жатты, қолын артына байлап, тұрғызып жиналған көпшіліктің алдына қарай итеріп тастады. Екінші біреуі будкаға тығылып, көрінбеді.

Жәнібек табанда бәрін жинап алып, опасыз Симашконың қылығын бетіне басып, жақтастарымен ұстап, ауданнан келген милиция, кісен салып алып кетті. Жас қызды зорлағанын дәрігер анықтап, сот Симашконы жеті жылға кесті. Жауапсыз бригадирді орнынан алып, басқа адамды тағайындап, орталықтан екі поварды алғызып, жұмысын қалыптастырып, қайтып оралды. Қолаңсыз жағыдай тағда туды, бұл жолы №2бригадада болған еді.

Түн іші, бәрі ұйықтаған. Алыстан келе жатқан трактор дауысы, бәрін елең етті. Араларында Сельчук жоқ. Бақса, ол тракторымен, көрші ауылға барып, бір жәшік арақты тиеп алып, тойғанша ішіп, мас қалпымен тракторын қоя салып, будкаға өрт жіберіп, есігін ашпады, іштегілер жанталасып, терезесін қиратып, сыртқа шығып үлгірді. Қорқып, зәселері қалмай, далаға кетіп тығылды. Жәнібек ертемен қасына қарулы жігіттерді ертіп алып, бригадаға жетті. Келсе тым-трыс, вагон өртенген, адамдар көрінбейді, бет-бетіне жаны

үшін қашып құтылғанын сезген, Жәнібек тракторлардың кабинасын қарап, іздестіре бастады. Әлден уақытта, тасадан екеуін көзі шалды, жалма-жан қасына барып, болған оқиғаны сұрады!? Жәнібек қалтырап таңған екеуін, машинасының кабинасына отырғызып, ұстеріне киім беріп жылытты. Біреуі ақырын ымдап, тракторында жатқан Сельчукты көрсетті. Жәнібек бір шелек суық суды алып, үстіне құйып жіберді.

Шошып оянып атып тұрған Сельчукті, ұрып құлатып, қолын артына сыммен байлап, итеріп, апарып жанып біткен будканың шоғына аунатып, денесін күйдіріп жанын шығарды. Сүйретіп, қарулы жігіттер, денесін қан етіп, қолын шығарды, тепкілеп есін ауыстырды, жаны шықпады. Жәнібек қолы байлаулы Сельчукты арнайы машинамен түрмеге жіберді. Симашко мен Сельчук «зек» тобынан шыққан, нағыз бас кесерлердің өзі болатын, жұмыс істемей, қасындағыларға үстемдік жасап, ұрып-соққан, жауыр-жапа шектіріп, күн көрсетпей қорқытқан, қорқып жасырған. Симашко тракторын қиратып, далаға қалдырып, маторды жарамсыз еткен.

Қарамаған басшы бригадир қайда? Көз аддындағы, трактористке ие бола амай, үкімет техникасын қиратуға қалай, дәті барып, көрмегені Жәнібекке ой салды. Орталыққа жинап алып, бригадының басшыларымен жеке талдау жасап, опасыз қылықтарының бетін ашып, №2 мен №3 бригадының бригадирін жұмыстан алып, совхоздан қуды. Жауапсыз адамдардан тазартып, тәртіп орнатты. Шоферлар арасында, өз шаруасына пайдаланып, бетімен кеткендердің жолын кесті.

Совхозда үлкен өндіріс орындары МТМ, Машдвор және Автогараж пайдалануға беріліп, орталықтанған көмек дала жұмыстарының тоқтаусыз жүруіне, жол ашты. Биыл тың көтеріп, белгіленген межені орындап, келер жылдың егіс алқабын, алтын дөнге толтырып, астығын жинап алу, үкімет талабы, – деді жиында Жәнібек, тек қана адал еңбектің арқасында қол жеткізе аламыз-деп сендірді.

Мал азығын дйындау қарбалас күні туды. Бүкіл ауыл адамдарын көтеріп, «Үме» жасалып, транспорт біткен түгелдей қамтылып, баз басына мал азығын жеткізіп, маялар

тұрғызып, бөлімшелердің бәрін қамтыды, «Көп түкірсе көл болады» деген қағидалы сөз, орнын тапты. Жәнібек шөп жинаудың жаңа тәсілін енгізіп, шөмеlege салынған маяларды, жинап апарып, баздың басына құлата берді. Қос трактордың тартатын валакушаның тұмсықтарын ұзартып, биіктігін үш метрге дейін көтеріп, жиналған шөмелелерді, рет-ретімен, топыраққа араластырмай, палозок шананың үстіне үйіліп, екі жақ тросымен, сығылып баз басына жеткізіліп отырды. Ауыр жылдар болатын. Техника көптеп алынып, көктем туысымен, егістік жерлерді дайындап, тұқым себу, қалай себу? күрделі болып, алдыңғы шепте тұрды. Көп ұйымшылдықты керек етті.

Жәнібек іздену үстінде болды, көп оқыды, кітаптардан тәжірибе алысты. Байырғы совхоздарға барып, жаңалығын үйреніп, өзінің жерінде іске асыра бастады. Орыстың белгілі оқымыстысы, ғалым Вильямыстың «травопольный система земледелие» сынан бастап, Мальцовтың «терең жыту» тәсілімен, парды қайырмалы соқамен жыртуды үйренді. Академик Бараевтың «без отвалный соқамен жыртып, стерняны сақтап қалуға» жол ашуын, «эрозия» болдырмауын сөз еткенін есіне алды. Двухреченскийдің ноловой цикілін сақтап, «гумысын» пайдаланып» комплекс техникамен бірден себуге бекінген, Қостанай опытный станцияның директорының іс тәжірибесін білді.

Жәнібек осындай, ғылымға сүйене отырып, мол астық өсірді. Бірнеше пландары орындалып, алға шықты, жыл аяғын табыспен аяқтады. Мал басыда өсіп, шаруашылық алдыңғы қатардан орын алды. Дала төсі. Ағылған машина. Жол бойы тиелген алтын астық. Дала кемелері, шалқыған сар даланың, жайқалған егінін ору үстінде. Бітік шыққан егін, дария толқынындай, кең аймаққа созылып ұшан теңіз қалпын көрсетіп қояды. Алтын астық алқабы, жаңа басталғандай, тез орып алу міндеті тұрды. Жәнібек дамылсыз егін басында болып, тез орудың жолын іздеді. Бос уақытты жібермеуге, комбайндарды бір сәт тоқтатпауға, негіздеп істің бәрін зағон басында шешуге «шұғыл шешім-әдісін» қолдана бастады. Жиынды бригада басында өткізді.

Етін басында №2 бригаданың, ору ісі қалыс қалып, комбайындары жүрмей қыйраумен, шабуды өндіре алмады. Тез жинап алып, жауынға ұрындырмай, тұрған кезде, бригада басында, барлығына міндет етті. Жәнібек: Біз тез арада жинап алмасақ, жауынға ұрынып, алтын астығымыздан айрыламыз, өнімде кеміп, сапасын жоғалтамыз, – деді, сондықтан №2 бригадаға ертеңнен бастап, екі сменге, көшу керек, комбайнның маторын сөндірмеу керек деген сөз-деп түсіндірді. Бұл айтқан сөз емес, бұйрық болып бекіді. Бәріде бір ауыздан қостап, екі сменамен еңбек өнімін арттырып, басқалардан қалыс қалмай, теңесе бастады.

Жәнібек комбайнға бірінші болып өзі отырды, ешкім қалыс қалмады, бүкіл ел болып, дархан даланың алтын астығы орылып, аз уақыттың ішінде қамбаға құйылып үлгірді, бірінші болып аяқтап шықты. Сапалы бидай үкімет қамбасына түсіп, жоғары бағамен сатылды. Жәнібектің әрбір шешімі, жаңа құрылған совхоздың өсіп өркендеуіне, жол ашып, алға шықты, табысыда мол болып, халық тұрмысыда жақсара түсті. Сарыөзен бойы. Күздің салқын ауасы, желмен бірге соғып, өзен арнасын қозғап қояды. Ағылған үйрек пен қазда өзен бетіне қонып, құс базарын еткендей, топ-тобымен ұшып келіп жатты. Қаздың қаңқылдаған дауысы, алысқа естіліп, қуаң даланың, сыбызғыдай тартылған үнімен ұласып, жатқандай көрінді.

Көк майса, күрең тартқан өзен жағасы, құлпыра өскен, құрақтармен, сылдыр қағып өзен бетіне сәулесін бергендей, байқалады. Күн көзінде шағылысып, судың бетін жарқыратып, ару қыздың такқан мойыншағындай, елес беріп, жарық-жұрық етеді. Күлімдеген күн сәулесімен жалғасып, сағымданған дала жүзі, толқып барып, өзен бетінде тыным тапқандай, жоғалғандай болады. Жәнібек мылтықты жақсы ататын, құсқа жаны құмар, қасына бір топ жігіттермен, бір сәт дем алуға бел байлады.

Құстың етін асып, қалың ағаштың саясынан орын тауып, тігілген ақотаудың, әсемделген ішіне кіріп, төселген көрпе-жастықтарға қисайып, жұпар иісі аңқыған даланың ауасымен,

дем алып біраз жатты. Мылтық ұстаған жігіттер тобы, екіге бөлініп, жағаға бет алып, еңбектеп- бұғып, құс маңына жақындай берді. Жәнібек машинасын жіберіп, бөлімшеден бүркітші Сәтті алғызды. Ол өзінің, екі-үш бүркітші жолдастарымен, өзенге оралды. Астарында, бұлқынған аттары бар, қолдарына бүркіт ұстаған аңшылар, сау етті.

Сәттің бүркіті, бір керемет, ұзын қанатымен қомақтанып, сом аяғы, азулы-өткір тұмсығы, аюлы жез тырнағы, келісті бітімі, бірден Жәнібектің назарын аударып, көңілін мәз етті. Сәт байқағандай кейіп танытып: Жәнібек біз осы бүркітімізбен, қыста қасқыр мен түлкіге жіберіп, аулауды жоспарлап, малшының малын сақтауға болатынын сөз етіп ек, – деді. Жәнібек бірден: Өте тамаша, мен бұл құстың кереметтігін, кітаптан оқып білгенмін, қаншама малшы қауымды, қасқырдан құтқарып, апанын тауып, он екі бөлтірігімен, ұялы көкжалды алғанын білдім, – деді. Жәнібек сөзін жалғастырып: Сәт сен арнайы бригада құр, барлық жағыдайды жасауға уәде беремін, – деді.

Сәтте қуанып, жүзі жарқырап, ажары күлімдей түсті. Ытқыған тер, маңдайын жібсітіп, қоюлы шашы тік тұрып, ыстық кернегендей, бас киімін шешіп тастап, Жәнібек маңына жақындай берді. Сәт әлден соң: Мен қазір жем-сауын беріп, алған соң, өзеннің бергі бетіне шығып, қаздың тобына бүркітімді жіберсем деймін, ал сіздер әзірше, мылтықпен шорағай үйректі атып көріндер, – деді. Жәнібек өзі бастап, өзен бойына жылжи берді. Қалың қоға тұсы, үйректер тобымен жүзіп, қоғадан бірденелерді жұлып, жеп қыркылдап қояды. Ақырын басып, сылдыр шығармай тобына ене берді. Мылтығымен басып-басып, жібергенде екеуі қалпақтай ұшып, су бетіне қайта құлады.

Жәнібек өте мерген, көздеген жері дәл тиген. Тайыз жеріне шығып, үйректі жағаға алып шықты. Тағыда мылтық дауысы, бірақ біршама алыста болса керек. Жалпақ өзенге ұшып-қонып жатқан қаз-үйректер легі таусылар емес. Бірі келіп, бірі кетіп жатты, ұшқан құста есеп болмады. Мылтық дауысы жиі естіліп, өзен бойын ұшқан құстардың дауысы, жер

жаргандай, құлақты бітеді. Үйректі көптеп атып алғанмен, қазға қолдары тимеді. Сәт енді кезекті бер дегендей ыңғай танытты. Мылтық даусынан үріккен, қаз-үйректер өзеннің біраз жерінен аулақтап, алыс кетті.

Сәт астындағы көк атымен, қолына бүркітін ұстап, Жәнібекпен бірге бет алды. Бәріде мылтығын тастап, Сәттің соңынан еріп, ұзақ жүрді. Жалпақ өзен саласы, қалың қамыс жиекті алып, қуалап өскен, биік талды ағаштармен жарыса біткен. Жайбарлау жағаға барып, топ қаздың жүзіп жүргенін, бірден байқап, Сәт бүркітін бағыттап: Тәйт! деп ұшырып кеп жіберді. Бүркіт-қыран аспанға тез көтеріліп, қаздың тобына шүйліге ағып, қос қанатымен судан жаңа ғана көтеріле бергенде, қаздың тобына кіріп, сарт-сұрт еткізіп, қанатымен құлатып, үлгірді.

Жалма-жан қайта көтеріліп, тағыда қалың топтың арасына кіріп кетіп, сомды аяғымен бүре тартып, қос қанатының қарулы күшін жұмсап, сарт еткізіп қанаттарын қиратып, ұша алмайтындай етіп, суға томпылдатып түсіре берді, қызыл-ала қан су бетін жуды. Сайд атымен суға түзіп, қаздарды тізбектеп жағаға алып, шықты. Сәт бүркітін шақырып: Хию! Хию! деп, белгі берді, оң жақ қолын көтеріп, жағаға қарай жақындай түсті. Қалықтаған бүркіт, айналып келіп қолына қонды. Сәт ыңғайлы, көлеңкеге барып атынан түсіп, бүркітін тұғырына отырғызып, дорбасынан дайын туралған қоян етін алып, астумен құсының алдына тоса берді.

Жәнібек қасына жақындап: Бұл өте керемет құс-құс емес, құстың нағыз патшасы емеспе!? айтып көз жұмғанша болған жоқ, қаншама қазды алып үлгірді, – деді қасындағыларға жеткізіп. Бір ғажайып дүниенің куәсі болғандай, қанатымен оңды-солды құлатып түсірген қимылын көргенде, қайран қалдық, – десті жұрт бір ауыздан қостай сөйлеп, атып алғанымыз ұш ақ үйрек. Сәт көңілдене түсіп: Қазір қоян етін беріп, тамақтандырып тойған соң, қайта жіберіп көремін, алысқа ұзамандар, – деді. Жәнібек: Сойқан төбелес, әлі алда, – деп, топшылады. Сайдтың бүркітінде дайын тұрды. Енді олар бір сәт қаз бен үйректің ұшып, жалпақ өзен арнасына келуін

күтті. Алыстан тізіліп ұшқан, қаз тобы көрінді. Шырылдап ұшқан шорағай үйректерде, келіп су бетіне қона бастады. Қаз легі төмендеп барып, арғы шетіне үймелей берді. Сәт: Сен өзін көрші Сайд, атыңмен жақындай түсіп, тұсынан жібер, – деді досына. Қара торысын мінген бетте, қолына бүркітін алып, дауыс шыққан жаққа бағыттап, бетін бұрып икемдей берді.

Жалт еткен бүркіт төмендеп ұшып, ағып барып, қаздың үстіне топ етіп, қаздың денесін аяғымен бүріп, бүрістіріп өткір тұмсығмен көзін шығарып, сылқ еткізіп, екіншісін ұшып көтеріле бергенде, қанатымен қағып, суға құлатты, қанаты сынып ұша алмады. Қыран тағыда топқа кіріп, ауыр денесімен, арқасына шап беріп, аюлы тұяғымен қос аяғының, алып күші бүрістіріп-сығып әлін кетіріп, көтеріп алып, жағаға қонды. Сайд тездетіп өзенге түстіде, құлаған қаздарды алып, жағаға жетті.

Бүркітіне жақындап, белгі беріп шақырып, қолына отырғызды, олжасын алып атына мініп Жәнібектерге жақындай түсті. Олжалы болған Сайдтың қабағы ашылып, күлімдей сөйлеп, жұрт мақтауын ала берді. Қоян етінен дайындап, құсын баптауға кірісіп, жем-сауын мол етіп алдна тосты. Қылқытумен тез жепте үлгірген құсқа тағыда астаумен әкеліп алдына қойды. қанатын жазып тарап, денесін сүртіп, сом аяқтарын баптаумен болды. Тамаққа тойған құсы қанатын жайып, керіле түсіп, бойын жазды. Сәттен үйренген күтімді, бұлжытпай орындау құсының алыпты күшін түсінгендей болды.

Жәнібек жолдастарымен көрген жайтты тамашалап, елге жайып, мақтауын асыруды, ойларына түйді. Бұрын сонды көріп білмеген Жәнібек Сәтке дән риза болып: Сен осындай топ құрып, тағыда бүркітшілерді көбейтіп, соңыңнан ертіп, қыста дала қасқырынан сақтап, малшы қауымды қуантып, қорғайды-деп, сенемін, – деді. Сәт: Әптен болады, қыс түсісімен, малды ауылдан бастаймыз деп сендіремін, – деді. Дала төсінің сағымданған кезі, көк жиекті көлденең тартып, балапан талдың қаулап өскен бағыты алысты орап, өзен бойымен жарысы біткен. Көк майса құрақта, албұрт жердің

құнарын көрсетіп, кең жазықтың өңіріне көз салғандай, сұлу табиғатын көрсетіп қояды. Бұлда бір құбылыстың, жағымды аланы, – дейді Сәт төңірекке қайта-қайта көз салып қояды. Қоламса тартқан алып құс тұғырынан алысқа қарап, құс базарын бақылап, жалт-жұлт еткен отты көзімен, барлап төңіректің төскейін өзіне тартып, ыңғай етеді. Қаңқылдаған дауысқа құлақ түріп, болжам жасағандай кейіппен, шикылға басып, қозғалып қояды.

Жүзген қаз- үйректің, су бетіндегі сайраны дамылсыз, сүңгіп марқабат әсерін алғандай, су толқынымен бірге шайқалып, алып ұшады. Тағыда жем-сауын тартып, астауға салып, қоян етен беріп үлгірген Сәт, дамылдамады. Қанатын кергізіп, баптаумен болды. Өзеннің толқыны баюлап шығып, бәсеңдеген желдің бағытын ұстап, жағаның құмын шығарып, батпағын кетірді. Қалың өскен балдырмен тамақтанған шора үйрек тобы, қамысты жағаға, қайта оралып, сүңгумен дамыл таппады. Су бетін бақылаған Жәнібек: Бәрімізде өзеннің жалпақ жеріне барғанымыз дұрыс, ұшқан құста қауыпсыз жерді паналап, кең аймаққа еркін жүзуін, пана етеді, – деді де, бастап жылжи түсіп, бағыт алды. Сәтте өз адамдарын, шақырып атымен бағыт ұстады. Расында, теңіздей шалқыған, жалпақ өзен күмістей жарқырап, әлсіз толқынымен, су бетінде қалқыған құс тобына бірден көздері түсіп, қуанысты. Қаңқыдаған қаз үніде бәсеңдеп, сала берді.

Жәнібек қасындағыларға Сәттің құсын мақтап, кереметтігін сөз етіп, әңгімеге тартты. Сәт құсын тұғырдан алып қолына қондырып, жіберуге бағыт ұстап, алға шыға берді. Құсы бірден бақылап сезген болуы керек, жалпақ өзеннің жүзген қаздың тобына, қанатын ішіне тартып, зымыраумен үстінен басып, үркіп ұшқан қаздарды, қанатымен ерсіл-қарсыл соғып, құлата берді, қанаттары сынып, қайрылған қаздар ұша алмай, су бетіне құлап түсе берді. Сәттің шеберлігіне риза болған, ауыл адамдары, құстың кереметтігіне көздері жетіп, айла тәсілін айтып мақтауын асырды.

Жәнібектіңде көңілі өсіп, қаншама құсты алғанын, әсіресе қазды мол еткенін, бақылады. Сәт әрбір ұшқан сапарынан

кейін, томағасын тойдырып, қоян етімен жалғады. Сәт Жәнібектің қасына жақындай түсіп, тағыда жіберуге ниет білдірді. Жәнібек қостап, қасындағыларға: Қазір кереметтігін көресіндер, – деп, белгі берді.

Сәт ат үстіне міне бергенде, жылп етіп қолынан ұшқан құсты, байқамайда қалды. Қыран бұл жолы тобтасқан үйректің үстінен бір-ақ шықты. Аспанға көтеріліп, төмен қарай зулаған бойы, қос қанатының дауылы, сарт-сұрт еткен дауысы шығып, домалап барып құлаған үйректерді көріп, су бетін қанға бойап, ұшқан ұлпа жүндері, бұрқырап алып кетті. Қайтадан ұшып, үлкен тобына килігіп, қирата соқты. Бақылағандар бүркіттің кереметтігін көріп, кітаптағы аңыздай естеріне алып, куәсі болды. Жәнібек бұл құстың бұрын-сонды, айқасын көрмеп еді. Олжалы болған, Сәт Сайдты жіберіп су бетінен алып шығуды, тапсырып Жәнібектің қасына келіп, олжасымен бөлісті, орталыққа шығарып салып, алғысын білдірді. Жәнібек кетерде бәрін жинап алып: Бұл қандай керемет, адам айтса нанғысыз, болып қала бермек, тек біз ғана болған істің куәсі болып, таң қалумен болдық, – деді көпшілікке қарап. Расында! солай, құс патшасы, – десті жұрт. Жәнібек совхоз орталығына оралды.

Әсем көшелер бойына, тізілген ақ үйлер бой көтеріп, үлкен аймаққа айнала бастаған, көрікті ауыл – десті. Жолдары дұрысталып, үй аулалары, қоршалып көк – жасыл бойнаулармен орап алған. Колонкалар салынып, су құрбылары тартылған. Ағаштар отырғызылып, әсем ауылдың көркін беріп, тың жерде салынған кешені, совхоздың жаңа орталығы болып, орнады.

Орталық алаң, тамаша салынған Мәдениет үйі, алыстан көрініп, көз тартады, сұлулық сән берген ғимрат атанды.

Мектеп үйіде, аурухана, бала – бақшасы, моншасы тағы бар. Баянды аудандық оқу бөлмі шақырып, мектеп директорығып бекітті. Мектепте қол – өнер үйірмесін ұйымдастырып, қыздарды киім тігуге баулыды. Өздеріне лайықты етіп, мектеп «формасына» көшіріп, тамаша көйлектермен біріңғай жарасымды етті.

Баян жасынан әнге құмар, мектепте «ән» үйірмесін ұйымдастырып, үлкен концертке дайындалды. Өнершіл жастардан «Құрманғазы» оркестірін құрып, Мәдениет үйінің ашылу салтанатына дайындық жасаумен болды. Жапан түз дала келбеті өзгеріп, әсем ғимраттармен толықты, адам баласы танымастай өзгерген өңір, қазақтың баласына арналды, солардың болашағын жақсы өмірге қалыптастырып, санасын еңбекпен оятты. Жәнібектің ойында, қайда жүрседе Абай айтқан сөзін жатынан шығармай, есіне сақтаған: «Сенде-бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта-бар қалан» дегені.

Кешкі салым, уақыт. Мәдениет үйіне шақырылған халық. Ашылу салтанаты. Бүкіл аймақтағы, еңбек адамарының бірі қалмай осында бас қосты. Құрылғанына бір жыл не істеліп, нетындырдық!? Қандай, жетістігіміз, бар?

Әңгіме басы, шаруашылықтың өсіп-өркендеу жайында сөз болмақ, көпшілікпен ой қорыту, болашақ совхоздың қалыптасып, егін мен малдың өсу жолдары, талқыланбақ. Сыртына көз тоятындай, әсем салынған ғимрат, бүгін халыққа есігін айқара ашып, қабылдап жатты. Кең залы, әдемі орындықтармен безендіріліп, жарық әйнектеріне, қымбат атластардан перде ұсталып, үлкен люстралар ілінген.

Сахна төрінде қызыл шымылдық, оюланып қошқар мүйізді айшықтармен көркемделген. Қабыраға бойына, табиғат әлемінің партреттері ілініп, совхоздың алғашқы «қазығы» қағылған аумағы көрсетіліп салынған суретімен, тың көтерудегі, «тұңғыш боразда» қамтылған. Зал ішін электр жарығымен жарқырап, сұлу келбетін беріп, көпшіліктің көңілін жасартып, әдемі құбылысқа келгендей, жүрек қуанышын асыра түсті. Бойларын билеген «Құрманғазының» Саржайлауы тартылғанда, жүздерінде күлкі ойнап, ажарын аша түскен, балқыған дене бітімі, нұр шапағатымен ұласты.

Әлден соң, мінбеге Жәнібек көтеріліп: Совхоз бір жыл ішінде тың көтеріп, егіннен мол өнім жинадық, мал шаруашылығын қалыптастырып, совхоздың орталығын салдық, халыққа керекті ғимраттармен толықтырдық, қаншама үйлер салынып, ауылымыз көрнекті мекенге айналды, мал

қоралары бой көтерді, осының бәрі осы отырған еңбек адамдары, сендердің қосқан үлестерің, міне соның арқасында қандай тамаша ғимратта отырмыз! – деді, жиналған жұрт бәріде орындарынан тұрып, Жәнібекке қошемет көрсетіп «ду» қол соқты.

Сахна төріне Баян бастаған жастар концерті, басталуын хабар етті. Басында камшат бөрік, сұлу жүзді ақ келіншек, денесімен жарасқан, қызыл көйлегі, қымша беліне үндескен қамзелі, бұрма шашы алдына түсіп, белдігін басқан, мойнындағы ақ мойыншағы сәуле шашып, ажарын ашқан, сұлу жүзіне ұласқан Баянның өзі! – десті.

Ән айтуға биімдік жасаған Баян, көпшілікке мөлдір көзін тастап, оркестірдің сүйемелдеуімен «Сағыныш» әнін шырқай жөнелді. Назды дауысы қалың жұртты бірден орап алды. Көңілдері босап, көздеріне жас алып, жылаған әжелердің жарқын бейнелері: «Қандай тамаша еді Баянымыз» – десті, қалықтаған ән алысқа естіліп, асқақ дауысымен ұласып, көпшіліктің бойын биледі. Қол соққан халық, бір сәт толастамады, Баянды қайта-қайта шақырып, сахнадан жібермеді. Күмбірлеген домбыра әуеніне, ілесіп тағыда Баян, ән салумен жалғасты. Жүрек назына бөленген, көпшілік бойларын билеген, ән құдреті, алысқа апарып, бақыт құшағына бөлегендей, із қалдырды. Сол із ұмытылмастай, көк аспанмен жалғасқан, жарық жұлдыздай болып, Баян есінде қалды.

Кім ойлаған жапан дүз далада, жел ұйтқытып, сағым толқыған сағада, көк жиек өзеннің асау толқыымен ілескен, меніреу даланың бүгінгі көрнісі, адам баласының айтып жеткізе алмайтын, аймаққа айналуы, жарқыраған электр жарығымен, сұлу ғимраттың бой көтеруі, әсем сахнасында ән салуы, жастардың ісі-деп, тұйықтады.

Сол өзгерісті, енгізген шаруашылық басшысы Жәнібек! – десті жиналған халық, концерт аяқталып, үйлеріне беттеді. Жұрт тарап, концерт бітісімен, Баян кетуге дайындалып, сыртта күтіп тұрған Жәнібекке асығып, бөлмесінен шығып, зал жағымен бара бергенде, бұрышқа сүйеніп жылап тұрған, көк көйлекті қызды көзі шалды. Жалма – жан қасына келіп:

Неге жылайсың? Кім тиді саған? Үсті басы, жыртылған екі колы көгеріп, әрең дегенде: Мені осындағы, су таситын «водавоздың» шоферы Серке деген, зорлап алып қашып, үйінен шығармай екі күн ұстап, әрең дегенде, қашып келген бетім еді, Үшқамыстан адамдар келді деген соң, үйге қайтайын, жалғыз анам күтіп қалдығой-деп уайымдап, олардың кетіп қалғанын біліп, тағыда жолым болмағаны! – деп жылай бердім.

Баян, қыз баланы бірден айап кетіп, сен енді жылама, мен көмектесемін, анаңада апарып табыстаймын! – деп көңілін жұбатты. Баян Жәнібекті шақырып алып, болған істі хабар етті. Қыздың түрін көріп, шошыған Жәнібек: Қандай оңбаған «аюан» еді, қазір оған көрсетемін, қалай адам баласын зорлап қатын етіп, ұрып-соғуы!? – деді, ашуға булыққан Жәнібек ауыл советті, бірден шақырып алып, Серкенің үйіне қарай бет түзеді. Тоқтаған машинаны, терезеден көріп, Серке далаға шықты, қызды қасына алып, Жәнібек: мынау сенің қай аюандығың, сүймеген адамды, зорлықпен алып қашып, үстін жыртып, көкала қойдай қылып, сабап зәбір көрсеткенің, – деп қолымен періп-періп жібергенде, ұшып түсіп, қабырғаға басы соғылды, тұра алмай қалды. Қолын артына қаратып, байлап бортқа салып, ауданның түрмесіне жіберді.

Сағын ата-анасының алдынан өтіп: Ертең арнаулы машина бөлінеді, бұл жерден тез кетулерің керек, мен советтің адамы, заңға сүйеніп айтып отырмын, халыққа ірткі таратпай тұрғанда, орындарыңды суытыңдар, – деді. Ата-анасы сасқалақтап не айтарын білмей, баласының ісіне іренжіп, төмен қарады. Баян қызды дәрігерге көрсетіп, зорлық жасап, ұрғаны расталды деген справка алып, ауданға жеткізді. Серке жеті жыл арқалап, түрменің аржағынан бірақ шықты. Баян, қыз Шолпанды, өзінің мектебіндегі, қол өнер шеберлерінің тіккен, әдемі көйлегін беріп, беліне жарасымды, қызыл желеткені кигізді. Баян бірге барып, Шолпанды Үшқамыстағы үйіне әкелді. Ақшыл тартқан әсем, үйге кіре бергенде, алдынан шыққан анасы, дауыс қылып құшақтап, жылап жіберді. Ботадай боздаған Шолпанда, біразға дейін өксігі басылмады.

Баян екеуінде жұбатып, Шолпанды қол-өнер сабағына мұғалім етіп, алатынын, көшіріп орталықтан үй беретінін жеткізді. Қуанған ана Баянның сөзіне риза болып, батасын жаудырды. Шолпан Баяннан жасырмады: Менің осында сүйген жігітім бар, соған күйеуге шығуға уәде еткенмін, осы айдың аяғында, сырға салыпта алдымыздан өткен еді, – деді. Баян: Оған қысылмандар мен өзім көмек беремін, – деді. Баян «қыз жасауын» қарап, тамаша Шолпанның өзі тоқыған кілемдері, тігіп жасаған: қонақ көрпесі, шай көрпесі, төр көрпесі, құс жастықтарға дейін, жиналып қойылған. Баян орталыққа оралды, қоштасып Шолпан анасымен, біраз жерге дейін, шығарып салды. Ғайни бірнеше келіп, Шолпанды күтумен болды. Анасынан сұрап, қайда кеткенін білмеді.

Кешкі кез. Күн ұясына батып, қара көлеңке, маңайды басып, түнге ауыса бастады. Ғаниді терезе алдынан күтіп, сағынды. Бір кезде асау тай мінген, Ғани келіп атынан түсе берді. Шолпан көзі шалып, алдынан жүгіре шықты, жалма-жан құшақтасып, сүйісе бастады, сағынышы басылмады, біраз тұрды. Үйге кіріп, Ғаниді анасы бетінен сүйіп, шайға шақырды. Шолпанын сағынған Ғани қасынан шығармай, қатар отырып, құшағын айырмады, екеуіде енді бірге тұруға сөз байласып «үйлену тойын» кейінге қалдырды. Анасыда қарсы болмады, жалғыз қызының бақытты болғанын қалады.

Ғани сұлу жігіт, жұмысқа берілген, кең маңдайлы, ақкөңіл кісі силағыш, Шолпандай сұлу қызды, тапқанына қуанып, бақытты өмір бесігін ашқандай болды. Шолпан ақылды, оң қолынан өнер тамған, киімінде өзі тігіп, дайын етіп, тез үй болып, жас жарымен бақытты өмірге қадам басқанын, қалады. Шолпаның әсем келбеті, мөлдір қара көзі, қою қасымен, аппак ажары ашыла түскен жүзін Ғаниға жақындатып, құшағына кіре берді. Сүйікті жарын бірден құшақтап, баурына қысты.

Оңаша қыз бөлмесіне барып, кіре бергенде, Ғани Шолпанды көтеріп алып, төсағашына апарып салды, мойнына оралып, бетін өзіне тартып, аузынан сүйген қалпында, ыстық денесімен, жарының қойнына, кіре берді. Ғани шыдамады, аузынан сүйе түсіп, жібектей созылған асыл денесін, бойына

қысып, қызу денесін, балтырының астынан, икемдей беріп, қос аппақ дөңестің арасынан, өткізе бергенде, балқыған денені байқап, құшақтарын жазбады, біраз жатты, таңды атырып ұйықтамады. Қыз арманы, орындалып Ғаниға табыс етті.

Жәнібекте Ғаниды жақсы біледі, ол атакты механизатор, биылда егін орағында алға шығып, қызыл жалаумен ақшалай силықта алғаны есінде. Көп кешікпей, Ғани мен Шолпанды шақырып, үйлену тойын жасауға, уәде етіп, күнін белгіледі. Орталық асхана, келбетін өзгертіп, жібек маталармен ұсталған, іші танымастай құлпыра түсіп, жас жұбайлардың келуін күтті. Қаз-қатар қойылған столдар жасалып, қонақтардың келіп, жайғаса беруімен, ұласты. Құрманғазы оркестірі күмбірлеген домбырамен ілесіп, жұрттың бойын балқытып, көңілін аша берді. Салтанатты ашу рәсімдері орындалып, Шолпан жүзін көргендер таңырқап, қайран қалды, сұлу жігіт Ғанида, ақшыл келбетімен, иықты денесі, жараса біткен қара костюм-шалбары, көпшіліктің назарымен, жұмдасты.

Бірінші болып сөз алған, Жәнібек: Шолпан мен Ғани «екі ғашық», қандай қиындық болсада, өздерінің өткірлігімен, бақытын таба білді, екеуінің де еңбек жолы, мақтауға сиарлық, Ғани еңбек озаты, сондықтан жас семьяға, жаңа салынып біткен, үйдің кілтін табыс етемін! – деді, халық орындарынан тұрып, қошеметті, жаудырумен болды «уралаған даустар» залды дүркіретіп, алып кетті. Қуанысқан Шолпанның анасында, шек болмады, Баян мен Жәнібектің бетінен сүйіп, бақытты болуын тіледі, дархан көңіл, қайырымдылық жасап, жетім екі жастың бір-біріне қосылып, отбасын құруға, қол үшін бергенін мақтан тұтып, көпшілікке жайып салды. Шалқыған сар дала, егінді аймақ, көлемі өсіп, алтын маржандай құйылып, Элеватор қамбасына жөнелтіліп, машина легі бір сәт тоқтамады, астықты өлке атанып, атағы алысты шарлады.

Жәнібектің ойы, мал басын өсіріп, асыл тұқымды, Әуликөл бойындағы: Москалев пен Сұлукөл сыяқты, іріленген совхоздармен теңестіру еді. Ой үстінде, жеңіл машинамен, өзі рольде, ертемен тұрып, мал фемаларына жол

тартты. Жолдарын дұрыстап, алыс-жақын: Көкпекті, Нарын, Мыйқұдық бөлімшелерін түгел жинап, Үшқамыста үлкен жиналыс өткізуге, бет алған еді. Аңқытып сала берді, екпіндеп қатты жүріп келеді. Өзен бойына жарыса біткен, жолда ойпатымен жалғасып, жазық даланың төсіне қарай, шыға берді. Өріс толған мал, қуалай тігілген, ақ үйлер, алыстан мұнартып, сағым салған, жел толқынымен қозғалып, бұлдыр көзге іліккендей сыр береді. Көк жасыл, бөтеге-селеу бидайық, басқан жазық, өзен жағасымен ұштасып, үлкен сыбағалы, жел үнімен дыбыс шығармай, ызындап қояды. Шырылдаған торғайда, бөтеге ішінен көрініп, көтеріліп барып, қонғандай қалып танытады. Ұшқан құста, өзен бағытымен тізбектеліп, келіп қонып жатыр. Көмкерген зәулім ағаш, су жағасын алыстан бүркеп, жиектей беріп созылған.

Жәнібек ойыда, осы аймақтың табиғаты сұлу болғанымен, жаңбыр жауса, қайнаған балшық, аяққа жабысып, жүре алмайтындай бір бұт болып, герзби еттікке жүгінетіндігін есіне алды. Қалайда жолға «шебень» төсетіп, құм салуды есінен шығармады. Мал шаруашылығы өте ауыр, қажымайтын еңбек адамдарын керек ететінін түсінді. Осы ойларды, малшы қауыммен сөйлесп, сыр бөліспекке, орала берді. Жайлымды қуалай салынған, бұрынғы бытыранқы қыстақтарды, бір жерге шоғырландырып, бөлімшені үлкейту, мал қораларын топтастырып, үйлермен қамту, кезекте тұрды. Күште біріктіріліп, адам қолы ұзарып, көпшілікпен бітіруге, ыңғай тапқанын, борандардан сақтанып, дала қасқырынанда құтылуға болатынын қорытты.

Үшқамысқа жиналған, ауыл басшылары мен малшы қауымның арасында осындай сөз болмақ, іске асырар кез келгенін, жеткізу мәселенің өзегі болды. Мінбеге көтерілген Жәнібек: Бірінші мал басын өсіру, төл мен қозыны алып, аман сақтау, малшы қауымның міндеті, оларға күндіз-түні жағыдай туғызу, бөлімше басшыларының міндеті. Сол міндетті бұлжытпай орындағанда, ғана қол жеткізе аламыз. Жалқаулық жасап, өз міндетерің, білмеген басшылар, бүгіннен бастап боссындар, ондайлар бізбен істесе алмайды, жолымызды

бөгемей, баратын жерлеріңе, кеткендерің дұрыс! – деп жеткізді.

Біз ешкімді «ауырдың астымен-жеңілдің үстімен» жібере алмаймыз, – деді, сөзін жалғастырып. Жәнібек екінші мәселеге тоқталып: Мал басын асылдандыру, Москалевтен әкелген, қашарларды күтіп бағу, келешекте ірі қараның орнын басатын мал – деп санау керек, – деді, барлық бөлімшелерде откорм ұйымдастырып, ет планын орындау міндеті тұр, сондықтан осындағы, Үшқамыстың откормын көріп, өздеріңде жасау орынды, – деп, санады. Осының бәрін, шешуші «кормовой базының» болғанын керек етеді, кукуруза егіп, силос беру бір жағынан, екіншісі сенаж «салу» еткен тіпті жақсы, малдың қоңын түсірмей «привес» алғанымыз орынды, – деді сөзін аяқтап.

Бөлімше басшыларын тыңдап алған соң, қортындылап келіп, Жәнібек: Әр жұмыста бірінші тәртіп керек, құрғақ уәдемен, даурықпа өтіріктің жолы кесілді, әр істің нәтижелі жемісін көру керек, біз сонда ғана, ел қатарлы, жақсы орыннан көрінетін боламыз, базыдардың маңайын тазартып, қалыпты ұстау, қауыпты аурулардан сақтандыру-деген сөз! – деді. Жиын біразға созылып, кеш оралды.

Жаңа көшелерге электр жарығы беріліп, алыстан жарқыраған жаңа орталық, құла түзді өзгертіп, тамаша көрікке бөледі, аспан жұлдызымен шағылысып, үлкен аймақты орады. Қазақ даласының бұрын-соңды болмаған, ғажап аттаныс, тың өлкесі игеріліп, мал өрісі кеңейіп, шалқыған өңірді, адам баласы менгеріп, табиғатты өзіне бағындырып, құлпырған жасыл аймаққа айналдырып, болашақ жастарға арналып, кең алыптың іргесін қалап үлгірді. Сол тарихты жасаушы кімдер!? Деген сұрақ ой туғызады, олар Жәнібек сыяқты қазақ жастары, қайнаған өмірдің арпалысында жүріп, опасыз жандардың жолын кесіп, тәуесіз елдің іргесін қалады.

Қайтпас жүрек, қажымас қайрат, батылдық сенімнің арқасында мойымады, бәрін өзі көтеріп, жеңіп шықты, совхоз орнатты. Жылжып жылдар өтіп жатты. Төтенше соққан жел, топырақты айдап, жер қыртысын аспанға көтеріп, үйірген

буырылдай, дауыл түйіні, көзді ашырмай, күнгірт басты. Қара жер топырағынан айрылды. Күрең тартып, ауаны буылдыр басты, Дүз даланың түсі өзгеріп, «Эрозияға» айналып, асау сокқан жел дауылға айналып, көз көрместей шаң қылып, жер бетін құм басты. Ызындаған дала шөптеріде, тез қуарып, көк калпын жоғалтып үлгірді. Сай-жыраларды, құм басып, ирімдерді тоз етті. Егістік жер енді не болады? Дала көші қашанғы тоз болып, дұзаққа айналады? Не сеуіп, не аламыз? – деген, ой талғамы-бәрінде мазалады.

Академик Бараев, жұлқынып шығып, «эрозияны» бірден тоқтатты. Егістік жердің «стернясын» қалдырып, «обработка» техникасын ойлап тапты. Жәнібек бұл хабарды естісімен, бүкіл механизаторларды жинап алып, үлкен жиналыс өткізді. Жәнібек көпшілікке арнап: Енді біз ешқашада, мұндай «эрозияға» соқтықпаймыз, бізді құтқаратын «наука» бар, тек сол жолмен жүрсек, бұданда жоғары өнімге ие болуымыз сөзсіз, – деді. Дала өңірі құлпырып, кең алқапқа жайлған егістік жердің егіні, жайқалған алтын дәнімен, бітік шығып, дала кемесі, толқыған сары даланың теңізінде жүзіп, астық тасқынын мол етіп, тау-тау қылып қырыманды толтырып тастады.

Совхоз орталығы. Суық хабар Жәнібекке жетті. Мыйқұдық бөлімшесінде өрт шықты, қора өртеніп, шөп-маясына қауыпы бар, дегендей болды. Жәнібек орталықтағы бүкіл техниканы көтеріп, қаптаған адаммен өртті дер кезінде ауыздықтап, сөндіріп алды. Құрлысшыдырды жіберіп, тез күн ішінде қалыпқа келтіріп, қораны жөндеп, мал қыстағын дайын етті. Бөлімшелерге қатаң тәртіп орнатып, ең бірінші мал қораларын сақтауды тапсырып, күзет қойды. Қырағылықтың арқасында, дер кезінде, шара қолданып, база өртенбей аман қалды.

Жәнібек әр істі, қадағалап бақылаумен болды. Жәнібектің өзімен қатар, құрбылас жолдасы Мұхит, бірге жүріп, қызымет еткені, едауыр болды. Техника инженері, байыпты, өте салмақты, кең жаурынды, спорттың дзюдосын жақсы меңгерген, Жәнібек қайда барсада, қасынан тастамай,

шаруаны бірге шешетін. Талай «зектермен» айқастың, ішінде жүріп, тойтарыс беріп, құлатқан. Біразға дейін үйленбей, жүріп алды. Жұмыс қауырт болған соң, жана жер, жана орын, уақыты болмай, жолдасының мазасын алғысы келмеді. Қиындықты бірге көтеріп, жаңа совхоз орнату, оңайлыққа түспеді. Ымырт жабылып, күн ұясына бата бергенде, кеш оралған Мұхит, Қамысты бойындағы, Өлеңді ауылынан, сүйген жары Қарлығаштан суық хабар алды. Тез арада, келуін асыға күтті.

Әкесі қатал мінезді, Оралбай қызының дағыдырын, сырттай өзі шешіп, Сейт деген біреуге, уәде етіп, екі жақты құда түсіп, ұзату күнін белгілеп отау құрып үлгіріпті. Қарлығаш уайымдап түн баласына ұйқы көрмей, жылаумен танды асырған. Мұхиттан хабар болмай, қамығып жатып қалды. Сейт күйеу орта жастағы, колхоздың байырғы бас бухгалтері, әйелі қайтыс болып, байлығын шашып, тамаша сұлу қызды, тезірек алғысы келіп, қайта-қайта келгіштеп, әкесінің аузын алып, қасқыр ішікке дейін кигізіп үлгірген. Орынбай қызының бай жерге барып: не ішейін, не киейін, деп молдыққа батып, билік қолында болады! – деп, марқабаттанды. Табын жылқыны бойнына сіңіріп, көпшілікке билік айтып, өзін ел ағасығып, көрсеткісі келді. Отау ішіне «қыз жасауын» жасатып, құдаларын күтті. Қарлығаштың өтініп айтқан сөздеріне құлақ аспады. Анасында салып, сүймеген адамға бармайтынын, ескертіп жылаған көз жасына қарамады. Әке қаталдығы, күн сайын өрши берді, маңайына ағайынды да, керек етпей, сөзін тыңдамады. Өзі шешіп, қарсы болғандарға айбат көрсетумен болды. Жағыдайын білген соң, ауыл адамдары сырт айналып, жоламады.

Қарлығаш өте сұлу, ақылды қыз болып өсті, оң қолынан өнер тамған, жасынан пысық болатын. Халық сол өжеттігіне сеніп, Қарлығаштың жол тауып кететін білді. Бұл сөз Қарлығаштың да тосқан сөзі сыяқты. Бірақ жауабы әзір болсада, лебізі тез шыға алмады. Мұхитын сағынышпен күтті, хабар жетті деп топшылады. Ақ сарғыш реңі, кейде ыстық толқын қанымен, маңдайынан бастап бет ұшы, иегіне дейін

қызара түсті. Бұл сәтте сырғасымен созыла түскен, соншалық сұлу біткен, құлағыда қызарды. Ұзындау келген, сүйкімді мұрынның үсті, де аз қызғылттанып, барып қайтадан ағарды. Қаны толық оймақтана біткен, қып-қызыл еріндері, аз дірілмен кобалжып, езу тартты. Үй ішінде ерсіл-қарсыл жүрумен, терезе алдына барып, аялдаумен болды.

Жәнібек естісімен, өзінің жеңіл машинасын беріп, сайлы жігіттерді қасына ертіп, екі машинамен шығарып салды. Өлеңді ауылына бағыт алған, машина ұзын созылған қара жолмен, екпіндеп ағып келеді. Дөнестер мен қырларды басып, көп аулдарды артқа тастап, қалың өскен, көгал бидайықты басып, сүрлеу жолдармен де ілесе берді. Қараңғы түн, кейде ай жарығы бұлтқа жасырынып, көрініп қояды. Түн ортасы ауған мезгіл. Үлкен тау сыяқты жотаны басып, ойға түсе бергенде, терезеден шамдары жылтырап, үрген иттердің, саңқылдаған дауыстары үдей түсті. Шет жақтан, оңаша үйге тоқтап, Қарлығаш үйін сұрап алып, айтқан межемен, үлкен албарға келіп тоқтады. Ешбір дыбыс шығармауға бекініп, тек терезеден Қарлығаштың бөлмесіне белгі беріп, келгенін сездірді. Сұлу жүзімен, терезе алдына келіп, Мұхитті бірден танып, тез шығуға ыңғай, берді. Үстіне жалаң шапан киіп, ұзын көйлегімен жарасып, ақ шалысын басына тартып, сырт киімдерін, матаға орап, ақырын басып, есіктен шыға берді.

Ауызда күтіп тұрған, Мұхит құшақтап бетінен сүйді да, көтеріп алып, машинаға отырғызды. Қасындағы жігіттер, буылған киімдерін, әкеліп үлгірді. Ешкім сезбеді, қараңғы тамылжыған түн мезгілі, бұлттар кетіп, жарық ай сәулесімен ілесіп, жолға шықты. Мұхиттың ажары ашылып, қуанышы қойнына симай, Қарлығашты қасына алып, құшақтап оймақтай аузынан сүйіп қояды. Сағынышын жасыра алмаған Қарлығаш, Мұхиттің бауырына кіріп, сүйген жарының сұлу жүзіне қарап, қос қолымен мойнына орала берді. Жүйіткіген жеңіл машина, жол үстімен ызғып келеді, кешкі салқын самал желде, баюлап келіп, жол шетіндегі қалың шөпті де толқытып, қоятынын сезінесің.

Қыраттарға бел асып, артқа тастап келеді. Қыз реніші, әке қаталдығы, «тоқалдыққа» беруге уәде етіп, күнін белгілеп, әкетуге азақ қалғанда, бақытына қайта оралғанын, айтып Мұхитқа жеткізіп, жайып салды. Көзіне жас алып: Қаншама күндерді, уайыммен өткізіп, қапас- өмір бойымнан кетпей, жылаумен отырып, өткізген сәттерім, кейде бұл өмірдің азабын тартқанша, өзімді-өзім буындырып, жаман біреуге қатын болғанымша, кеткенім дұрыс! – деп, Қарлығаш күрсініп есіне алып, өксігін басты.

Мұхит: Сен жылама, енді жалғыз емессің, мәңгілік қасыңда мен бармын, алақаныма салып, сүйіп өтемін, – деді құшақтай түсіп. Көзін орамалмен сүртіп Қарлығаш: Қаншама жылдарды күтіп қамықтым, сағындым хабар алалмай, өмірім өш болды! – деді. Әрине! өте қауыпты, қайғыны басыңнан өткізу, қатал әкенің әмірі, өмірінді өшіріп, «тоқалдыққа» беріп, егде адамға малға сатып, байлыққа кенеліп, ешбір советтің заңына сыймайтын жағыдай! – деді Мұхит кіжіне сөйлеп. Мұхит Қарлығашты баурына тартып, сүйді да: Сенің ақылды, батылдығың, әйтпесе момын болып, жүре берсең, өмірің өкінішпен өтуі сөзсіз, тек сен ғана, бұл қоршаған шытырманды бұзып, сындырып шықтың, сол себепті менің сүйген жарым, өзіңсің, – деді Мұхит. Мұхиттың Қамыстыда, жалыз шешесі мен інісі тұрады, оқып жүріп жолдастарымен барып жүргенде, Қарлығашты Өлендіден алғаш көргенде, танысып бірін-бірі ұнатқан еді, сөз байласып әдемі орамалын беріп «мәңгілікке» серт байласқанда, Мұхиттың өзі болатын. Сұлу жігіттің түрін көріп, бірден ғашық сезімі оянып, Қарлығаш ойын-тойларда бірге болып, биге шақырғанын, айтып есіне салды.

Қарлығаштың мөлдір көзі, сұлу келбеті, қима бел қамзелі, тамаша тағымдарымен, қолаң шашын алдына жіберіп, алғашқы жүзін көрсеткенде, Мұхит қасынан шықпай «шын сүйіп қалғанын» жасырмай жеткізгенде, өзі. Қос жүрек сол кештің бірінде, кездесіп алғашқы құшағын, ашып оймақтай аузынан сүйіп, таңды бірге атырған күндері, есіне орала берді. Содан қаншама жылдар өтіп, Қарлығаш мұғалімдік институтын бітіріп, туған ауылында мұғалім болып істей

берді, сағынышы Мұхитта болды. Таң сәулесі, жаңа ғана елес бере бастаған кез. Машина ауылға келіп, кіре берді. Мұхиттың үйіне бас тіреді. Аспанда бұлттарда көшіп, шайдай ашылды. Күн сәулесі далаға таралып, нұрын беріп, терезеден жарық сәуле түсіп, алтын ұяның бесігін ашқандай, жылытып жіберді. Қарлығашты көтеріп алып, үйге кіргізді. Қуанысқан көршілерде, Қарлығашты қарсы алып, шашу шашып, қуанышпен бөлісті.

Қарлығаш Мұхиттің бөлмесіне кіріп, жайғаса бастады. Киімдерін шешіп, жұпыны қалпын сақтаумен болды. Жаңа үйдің бөлмелері, Қарлығашқа бірден ұнады, ішін жинастырып, әсемдеп көңілге ұнайтындай етіп безендірді, – өзі әкелген, терезе перделерін ұстап, жарқыратты-сәуле шашқан атлас маталар, стол бетіне жапқан жібектер, тұсына өзі тоқыған «аттары жазылған» кілемді ұстағанда, үй іші өзгеріп, сала берді. Қарлығаштың әрбір қимылы жанына жағып, аппақ салалы саусақтарын икемдеп, өнерге деген биімі, сұду келбетімен жараса түсіп, сыртынан келіп құшақтап, ақ тамағынан дамылсыз сүйіп, айрылмады.

Жәнібек пен Баян естіген бойда, бірден үйлеріне шақырып, қонақ етті. Камшат бөркін киіп, қызыл көйлегімен бойына жараса түсіп, өрнектеп тіккен қамзелін киіп, ұзын шашын алдына жіберіп, белдігімен жараса түсті, мойнындағы мойыншағыда, құлағындағы алтын сырғасыда, жарқырап сәуле шашып, сұлу жүзін аша берді. Мұхит пен Қарлығаш қол ұстасып, үйге кіре бергенде, Жәнібек пен Баян таңғалысып, тұрып қалды. Әдемі көркін көріп, екеуін құттықтап, бақытты болуын тіледі. Танысып, біліскен соң, көп ұзатпай «үйлену тойын» Мәдениет үйінде кең залында өткізуге уәде етті. Бұл алғашқы, комсомол-жастардың тойы болмақ! – деді Жәнібек. Жәнібектің үйінен оралған соң, демалыс күні болатын тойға, дайындалып жатты.

Жібектей созылған денесін өзіне тартып, Мұхит аузынан сүйіп, құшақтай берді, көңілі өсіп сүйгенін енді ғана, көріп бар рахатын Қарлығашқа арнаумен болды. Алғашқы кездесу-сырласумен біраз отырды. Сағыныш сезімі, өрши түсті, Мұхит

шыдамады, Қарлығашын бауырына тартып, ыстық денесін баса алмады, амалы болмады, таусылды. Қарлығаш сырын жасырмады, үйленген соң, бірге болуға тұжырымдады, Мұхиттің амалы таусылып, сағынышын сүйумен басуға, ыңғай тартып, құшақтай берді, құшақтай берді. Жұмсақ аузынан дамылсыз сүйіп, Қарлығаштың денесін ертіп, шыдамын кетіріп, бойын балқытқандай, сезімге орап, ыстық денесіне-денесін түйістіріп, ақшыл тартқан, қос алманың арасынан, өткізе бергенде «балқыған» дене, нұрға бөленіп, лазат керуеніне ілесті. Ұзаққа созылған сағыныш сезім, кетпестей бекіп, таң атқанша, қызулары басылмады. Кешкі уақыт. Үйлену тойы. Ағылған жұрт легі толастамады. Мәдениет үйінің, қатарындағы көше бойына салынып, бой көтерген, бірнеше дүкендер мен орталық асхана, бала-бақша тағы бар. Құлпыра түскен, ауыл келбеті, жасыл ағаштармен өң беріп, гүлденген. Айқара ашылған зал есігі, қонақтарды күтіп алып, қаз-қатар қойылған, әсем столмен, жайласқан адам жүздерінде, қуаныш салтанаты байқалады. Көрікті іші, сахна төрінде, қызыл шымылдық электр жарығымен, жарқырап көпшілік назарын бірден өзіне аударып, жымдана түскен.

Құрманғазының «Саржайлау» күйі, тартылып жұрттың бойын билеп, алып ұшқан құстай, назға бөленіп, көңілдерін толқытып, ала жөнелді. Сахнаға Баян шығуын хабар еткенде, бүкіл жұрт орындарынан тұрып, қошемет көрсетіп, қол соғумен болды. Тамаша киінген Баян «Қыз Жібектей» болып, сахнаға шыға келгенде, таң қалмаған адамдардың бәрі, қалмады-көздерін алмады. Асқақ әні, көңілдерін көтеріп, назды дауысымен, көпшілікті орап алды. Қайта, қол соғып, сахнадан кетпеуін, күтті.

Мұхит бір сәт: Қарлығаш сенің әніңді естімегелі, көп жыл болды, – деді, Қарлығаштан сөз тартып. Қалайы бар! Айтсам айтайын! – деді Қарлығаш бірден ыңғай беріп. Жәнібек пен Баян қарсы болмады, қуанысып өткір қыз екенін байқады. Баян сахна төріне көтеріліп: Қазір сіздердің алдарыңызға, бүгін келін болып түсіп отырсада, жиналған халықтың көңілі үшін, ән айтуға Қарлығаштың өзі шығады, – деп хабарлады,

сөзін жалғастырып: Қарлығаш өте ауыр қиындықтарды, басынан өткізді. Қатал әкенің бұйрығымен, «тоқалдыққа» беруге, бүгін мен ертең келіп әкетуге, андысып бақты. Түн мезгілін жылаумен өткізді. Қайғылы күн басынан кетпеді. «Денемді шал сипаған, құрт жесіндеп» – өмірін киюға дайын тұрды.

Сүйгенінен хабар алалмай, көп қамықты. Ақырында хабар жетіп, өткір қыз, қоршаған сым торды, бұзып шығып, сүйгені Мұхитпен «мәңгілікке» бел буып, енді міне сіздердің алдарыңыздағы, сол өткір қыз Қарлығаш еді, – деді Баян. Тік тұрып қарсы алған қалың жұрт, қайта-қайта қол соқты, «уралаған»! дауыстар шығып жатты. Қарлығаштың тамаша түрін көгендер, сұлу қыздың киген киімі, сахна төріне шыға келген бейнесі, үкілі камшат бөрігімен, бойына жарасқан ұзын көйлегі, беліне жанасқан, қошқар мүйізді оюлармен тігіліп, қазақтың салт-дәстірімен, әсемделген келбетін көргенде, бәріде аң-таң болып, таңырқасып қалды.

Өзі шығарған «Қайран менің-өмірім» әнін бастап, шырқай жөнелді. Ашық-мұңды дауысы, бірден жұртты орап алды. Көңілдерін босатып, қайғы-мұңын естігенде, көздеріне жас алып, отырған әйелдер, «уһхлеп» Қарлығашты айалаумен болды. Тындаған жұрт назары, көзін алмай, аянышты сезімге, бой ұрды. Жүрек толқуы бойларын билеп, алысқа кеткендей шалқыды, қыздың әнімен, сұлу жүзіне қарап, балқыды. Қол соққан жұрт, тілегі толастамады, тағыда айтуын қалады. «Қайран анам» әнін естігенде жұрт, бұрынғыданда жылаумен көздерін сүртіп: Шіркін-ай! Қалайша! Өттеген-ай! – деумен қамықты. Әннен кейін, тарауға бет алғандар, орындарынан тұрып, Қарлығаштың бетінен сүйіп, бақыт тілеумен ұласты.

Жәнібек көпшілікті қайтадан орындарына отырғызып, мінбеге көтерілді. Осындай тамаша екі жастың бас қосуы, үйлену тойына арнап: Жаңа салынған үйдің кілтін беремін, – деді. Жәнібек, Баянмен бірге, кілті беріп қолдарына ұстатты. Ду қол соққан қалың жұрт, тік тұрып, жастарға қошемет көрсетумен жалғасты, ұмытылмас болып, естерінде қалды. Сахна төрінде, күй тартылып, жас жұбайларды, жаңа отауға

бағыттап, әкете берді. Көпшілік пен қыз-келіншектер, шашу-шашып, жолдарына кілем төсеп, Қарлығашты «оң аяғымен» үйге кіргізіп, әсем жиһаздармен жиналып, бөлмелеріне кілемдер төселіп, терезе перделеріне дейін қымбат жібек маталармен ұсталған. Жәнібек пен Баян жаңа қоныстарымен құттықтап, Қарлығаштың енді жұмыс орны, Баянның қарамағында болатынын хабар етті. Қарлығаштың сұлу жүзі, ашылып Баянды құшақтап, қуанышты көңілін: Мұндай бақытқа жетемдеп, ойламап ем, міне енді сіздердің арқаңызда қолым жетті, сүйгеніме қосылдым, тамаша дайын үй, асыл жиһаздарға толы, мен өзімді енді бақытты-дей алам! – деді Қарлығаш. Жәнібек пен Баянды шығарып салып, жеңіл машинаға отырғызып, үйге оралды. Айнала тыныш, жалғыз өздері ғана, басқа жан адам болмады. Мұхит сағынышы, Қарлығашын көргеннен бері, басылмады-қаншама жылдарды басынан өткізіп, жастық ғұмырын бойына жинады, ешкіммен күлмеді.

Тек сүйген жары ғана, жүрегінде сақталып, ойлаумен тынып жүрді. Сол күткен күндері оралып, жары қасында, қанша аяласада, өз еркі-өмірлік болып бекіді. Мұхит үйдің есігін жаптыда, Қарлығашын көтеріп алып, мамық салынған кең төсекке апарып, салды құшағын жайып, қасына жақындай түсті. Қарлығашта сағынып, ыңғай тартты, қос қолымен мойнына орала берді. Әсем жүзі сұлу тартып, Мұхиттің бауырына жылжи түсті. Қызулы жігіт бойын ұстап тұра алмады, қолымен жіңішке белінен ұстап, жібектей созылған денесін өзіне тартып, жұмсақ ернінен сүйе бастады.

Қарлығашта шыдамады, сағынышы әлі басылмады, бауырына, кіргені, өңі, ма? – әлде, түсіма? – деп, топшылады. Мұхит: Жаным! Сұлуым! – деген сөздерімен Қарлығаштың асыл денесін өзіне тартып, қызуын баса алмай, бойын жақындатып, ақшыл денесінің астымен, қос дөңестің арасынан өткізіп, балқи түскені-бойын алып, тәттілік рахатымен жалғасты. Балқыған дене, жүрек соғысымен жұптасып, ұзара түсті. Қарлығашта балқыған бойын: Жаным! Сағынышым!

Ғашығым! – деп айтумен құшағын алмай, жата берді, ұзаққа созылды, таң атқанша балқумен болды.

Мұхит ертемен ойанып, терезеден жан-жаққа көз салып: Қалай дерсің, кім ойлаған? – жапан тұз далада, қатар тізілген тамаша үйлер бой көтеріп, жастардың «үйлену тойы» болатындығын кім болжап білді дерсің, осының бәрі тек Жәнібектің ғана қолынан келетіндігін, халық білді, соңынан ерді, егіні мен малға толы аймақты құрады, – деді Мұхит Қарлығашқа әңгімелеп, болған уақиғаларды айтып, мақтанышпен жеткізді. Тыңдаған Қарлығаш: Сенде барсың, арқа сүйер інісіндей болып, еңбек еттің, ал Жәнібек бастаушы, қайраты мол, қысылғаныңда жол тауып, мені алғызғанда «тоқалдық» күнненде, құтқарған да сол, – деді. Жәнібек болашақты болжап, жастарға жол көрсетіп, еңбекке баулумен, егін мен малға араластырып, адал еңбектің жолын сілтеді. Жаз айының толқыған шағы. Көк майса тартқан ауылдың маңы, дала гүлімен сүзіліп, жазыққа қарай бой түзеген. Үлкен өзен ауыл іргесін басып, алысқа созылған. Жаға біткен талды ағаштар, қаптап өсіп, көк биікке өрлеп, сәнді қалпын беріп, сағымданып толқып қояды. Жел беткейіде, мұнартқан ағаш алқабын тербеп, өзенге бас изегенін аңғартқандай, баю қозғалады. Бұлтсыз көк аспан, дала төсіндегі егінді пісіріп, жайқалтып, толқынға барып ұласқандай, сар даланың шексіз жатқан, кең аймаққа айалғанын, сезінесің, көресің-де.

Егін шабу басталғалы, аз уақыт болды, түсім өте жақсы. Халық айтқандай: «Хлеб-галова всем» деуді орынды. Осыны түсінген бүкіл жұрт-астық науқанына, жұмыла кіріскен. Кешкі мезгіл болатын. Қою қара түтін егін алқабының тұсынан, бұрқ етті. Жәнібек бірінші байқаған, түгел бар техниканы көтеріп, қалың жұрт топтасқан, машиналарға мініп, ағыла бастады. Қайткенде мол егінді өртке жібермей, аман сақтау керектігін, – деп түйіндеді. Барып үстінен түскен де, өртенген саломның скирды болып, егістіктен біраз жер жатқаны анықталды. Жәнібек егін басында бәрін жинап алып, мол егіннің өрттен қауыпты екенін айтып, қадағалауын қатаң тапсырып, скирды өртегендерді, бұйрықпен совхоздан қуды. Мұхит совхоздың

бас инженері, бүкіл аймақты дамылсыз аралап, дала жұмыстарында трактордың тоқтамауын, әсіресе дала кемелерінің тоқтаусыз егінді орудың жанынан шықпады, ерте тұрып, кеш жатты. Өрттен қауыпсыз шараларды тікелей өзі ұйымдастырып, барлығына түсіндіріп, қадағалаумен болды. Есіл еңбек, күл болып, құрдымға кетіп, мандай термен, еккен егінді көздің қарашығындай сақтау, керектігін күн сайын жиындарда айтып, механизатор қауымның құлағына сіңірді. Қарлығаш Баянмен мектеп оқушыларына сабақ беріп, «кружок» тарды ұйымдастырып, өз міндетіне алып, істей бастады.

Әкесі Оралбай, қатты кіжініп, қызының кетіп қалғанын, әйелінен көріп, қол жұмсады. Араша түскен, көршілерін боқтап, үйінен қуды, ағайын-туғанды жолатпай, Сейт күйеуді күтіп, мазасызданып жол жаққа көзін тігіп, қабағын ашпады. Батқан байлықтан айрылып, қаламба? – деп қорықты. Күйеу ауылында, үйінің жанынан ақотау тіккізіп, ішін әсемдеп, кілем-текеметпен орап тастады, ойы қалыңдығының назарын, бірден көңілін аударып, өзінің сеніміне кіргізудің амалы еді. Бағалы қымбат атластан, өздері алғашқы түнді, шымылдық ішінде өткізіп, еркін құшақтап, қызығына тоймастай болып бекіді. Ол уақыт, колхоздың совхозға ауысуын, пайдаланып көп ақшаны, олжа етіп бас бухгалтер Сейт мырза байып шыға келді. Халықтың ісі болмады, совхоздың орнағанына қуанып, жаңа жұмыс орындарына кірісіп кетті. Алыс-беріс, сапырлыс заманның, тұлғасы өзгеріп, сала берді, жемқорлыққа көзі тоймаған, Сейттің қолы жүре бастады, ойдан орып, қырдан қырып, колхоз малында өзіне қаратып, жылқыларды үйірімен айдап, пайдасын тапты.

Еңгезердей, басында қылтаны жоқ, қасқа бас, айнадай жалтырап, ат жақты кескінсіз, қоңқиған мұрнын, қос-қос тартып, қыздың үйіне кіре берді. Отау ішін бірден байқаған, тәрізді жым-жырт бір сұмдықтың болғанын сезгендей: Қыз қайда? – деп, бірден ыңғайсыздық танытып, ауыз бөлмеде отырған Оралбайға, тарпа бас салды. Сіз мені алдап, бүкіл малымды алып, құда түсіп, айламды асырдым! – деп ойладың

ба? Жоқ! – олай бола қоймас, қызды тез тауып, әкеліп арбама салмасан, менен енді жақсылық күтпе! – деп зекірді, батпандай қолымен, Оралбайды итеріп, даланы нұсқады. Көзі ұясынан шыққан, күйеудің ызасы басылмай, түгел үйді топанымен құртып, әкетуге бекінді. Ат шаптырып, іздегенмен қыз табылмады.

Далада жер шұқып отырып қалған Оралбайға, туыстары жоламай, көршілеріде маңайламады. Ақмақтық ісіне, ыза болған көпшілік: Қайырсыз дүниенің осындай боларын, біліп едік, – десті көрген жұрт. Әйеліде: Ақыры түбімізге жеттің, байлығың қайда? Сейіт күйуің, бәрін қиратып, үйдегі дүние мүлікті тиеп, әкетіп жатқанда несіне отырсың? – деді қыз шешесі тыпыршып. Сейт бастаған топ, ақотаудың шаңырағын қиратып ортасына түсірді, керегелерін сындырып, рухтарын арқанмен тартып, төңкеріп тастады. Топ жылқыларды айдап, алдына салып, Оралбайдың дүниелерін тиеп, көш легі жолға шыға берді.

Қаңырап бос үй қалды. Қыз шешесі, көршілеріне паналап, уайыммен төсек тартып жатып қалды. Оралбайды көргендер, аулақ қашып, жұбатқан ешкім болмады, бас сұғар үйді, керек етпеді. Жападан жалғыз қалып, тамақ іздеп қыңсылаған итінің жанында, біраз отырды. Бұл сұмдықты естіген Жәнібек Мұхитті тапқызып алып, тез арада жолдастарымен, Өлендіге баруға, бұйрық етті. Мұхит асыққан бойда, қара жолға шығып, ызғумен алыс, ауылға жақындай түсті. Алдарынан көш легі, айдаған жылқы үйірі, бірден көзге түсті.

Мұхит жалма-жан жолдастарымен машинадан түсіп, көшті тоқтатып, ат үстіндегі жалтыр басты адамды көріп, қарсы жүрді. Қолында тобылғы сапты қамшысы бар, кезендеп ұмтыла берді. Мұхит шап беріп, қолынан ұстап, аттан аударып алып, екі-үш рет қарулы қолымен періп жібергенде, шалқасынан түсіп, жерге сылық ете қалды, аузынан қан кетіп, есінен танып, біраз жатты. Жолдастары жақтастарын ұстап алып, қолдарын артына арқанмен байлап, арбаға тиеп, көліктің бетін, қайтадан Өлендіге бұра берді. Жылқыны тобымен кейін қайтарып, көш соңынан ілесті. Өлендіге жетер-жетпесте,

Қамыстыдан сау етіп, милиция тобы, қуып жетіп тоқтаты. Мұхит болған жағыдайды айтып, баяндап Өлеңдіге бірге жүріп, көздерімен көргенін жеткізді. Жәнібек Қамыстымен хабарласып, аудандық милицияға, Өлеңдідегі төңкерістің бетін ашып, кісі өліміне жеткізбеуді тапсырып, тез арада жетуін ескерткен. Мұхит көліктің басын бұрып, Қарлығаштың үйіне барып тоқтады. Қарлығаштың шешесі, көліктің тоқтағанын біліп, жүгіре басып, көршінің үйінен, шыға келді. Қаптаған адам, милиция көлік лек-легімен, үйге жақындап, есік алдына тоқтай бастады. Арбадан түскен топ жігіттердің арасынан, суырлып Мұхит алға шыға берді.

Әдемі сұлу жігіт, өзін таныстырып: Мен Қарлығаштың жолдасымын, атым Мұхит, – деп ыңғай таныта бастады. Көзіне жас алған анасы: Келші құлыным! бірінші көріп отырғаным, Қарлығашым талай рет, атыңды айтып, хабар алалмай, мұнайып жатып қалып, бірде қуанышы қойнына симай, айтып қуанатын, тоқыған кілемінеде атыңды жазып, тұсына ұстап қоятын, кестелі орамалдыда арнап Мұхитым сүртетін деп, басына жастап қоятын! – деді құшағын айырмай, көпшілікке айтып жеткізді. Әпсетте, жиналған жұрт толып кетті.

Милиция тобы, қолы байлаулы Сейттен бастап, адамдардың қолын босатып, арбадағы жүктердің бәрін, орын-орындарына қойғызып, қираған отау үйді, жөндеп тұрғызуға бұйрық етті. Үйір жылқыны, сол жердегі үкімет қарамағына өткізді. Мұхит барлығын басқарып, үй ішін дұрыстап, бұрынғы қалпына келтіріп, анасының көңілінен шыға берді. Шоқша сақалды, кәріліктен еңкейе түсіп, уайыммен қатыгездігі кетіп, әрең басып, бөлек қораның ішінен көрініп, шыға берді. Аң-таң, үйге заттары кіргізіліп, отауды орнына қойып үлгірген, адамдарды көріп, іші жылынып сала берді, манағы уайым бойынан тарап, әсем күлкіге бөленген жұртты бірден аңғарып, басқарып жүрген жас жігітке бірден көзі түсіп, жақсылықтың нышанын байқады. Топтың ішіндегі, әйелінің жүзі де ашылып, бетіне қан жүгіріп, қуанышты қалпын байқатып, қоя берді.

Райынан қайтқан Оралбай шал, әйелінің қасына қарай, жылжи түсті. Жиналған жұрт алдына, шыға келген жас жігіт Мұхит: Қазақтың ескі ғұрпын пайдаланып, Сейт деген, қыз әкесі Орынбайды, құрығына түсіріп, үйір жылқысымен, колхоздан ұрлаған тегін ақшасын беріп, Қарлығашты «тоқалдыққа» алып, қатын етпек болған, мырза бүгін ұсталып, қолдарына кісен салынып, түрменің аржағында жазасын өтейтін болады, – деді, Мұхиттің сөзіне риза болған жұрт «сол керек» өзіне, – десті.

Жарқын жігіттің сөзіне, риза болған Оралбай көпшілікке қарап: Мен ақымақтық жасадым, жақындарымды жан демей, туған қызымды саудаға салып, уақытша байлыққа батқаныма, бәлен жыл отасқан әйеліме қол көтеріп, сөзін алмадым, сондағы айтқан сөздерін: «Ахумен жинаған-Ухумен кетті» деп, ескертіп едіңдер, ақыры солай болып қалғанымды, мойындап сендерден кешірім сұраймын, – деді Оралбай күйеу баласына жақындай түсіп. Жәнібек хабарласып, Мұхиттан болған жағыдайларды сұрап, Баян арқылы Қарлығашқа айтып жеткізді. Қарлығаш естігенде, сорлы анасының, қайғы – қасыретін, әкесінен көрген қорлығын, Баянға айтып, сырымен бөлісті.

Мұхит жағыдайды қалыпқа, келтірісімен жолға дайындалып: Қарлығаштың әке-шешесіне, сіздер енді қорықпаңдар, ешкім басынып қоқан-лоқы, көрсете алмайды, біз бармыз, хабарласып жағыдайларыңды біліп, тұрамыз, – деді Мұхит, жолдастарымен машинаға отырып, жол бағытына қарай жүріп кетті. Сейт сол кеткеннен, мол кетті, бірнеше жылды арқалап, жер аударылды. Жәнібек: әліде қалың жұрттың арасында «тоқал алу» тиылмағанын, өксігендерге-совет заңының жетпей, әлсіздік танытып, желкесін мүрт кетіретін Сейт сыяқты қулардың, ел ішін бүлдіріп, бүлік салғаны ақымақтың ісі! – деп тұжырымдады. Егіс алқабы. Шексіз шалқыған сар даланың, бидайы биыл бітік өсіп, дала кемелерінің топтасқан бағыты, астық толқынын бұрқыратып, жазық жердің төсінде, алысқа құлаш ұрып, тоқтаусыз дамыл таппауда. Жәнібек әрбір егістік жерге, жыл сайын жаңалық

енгізумен болды, оқып үйренді, іздеді Әуликөл бойындағы «Целинный» совхозының бастамасын енгізіп, жеке звеноларды «сағатпен» оруды бастама етіп енгізді, сол звено уборка бойына алдын бермей, сыйлыққа «Жигулий» машинасын алып, қуанды.

Жәнібектің тағыда бір жаңалығы «Союздың – Ипатовский» методын, енгізіп техниканы, топтастырып-бір-ақ клеткада жүгізуді-іске асырды «оперативтік» тәсіл – деп бағалады. Еңбек өнімі артып, әр гектарға қосымша «урожайность» қосылды. Сарыөзен бойы. Ұзаққа созылған, терең-саға жағалауы құс пен балыққа толы болды. Жәнібек қосымша балық кәсібіне жол іздеді. Қаладан ау алғызып, қайық әкелтті. Сенімді адамдарды қойып, арнаулы будка беріп, іске кірістірді.

Дариядай толқыған, асау өзен беткейі, қамысты құрақпен, жағадан қомақтап, орын тепкен. Жел жоқ тыныш күндері, толқын басылып, күн көзінің сәулесімен шағылысып, сырға толған су беті, алыстан жарқырап, назар аударумен кезе берді. Өзен сырыда осында болды. Байлығында ешкім біліп, өңін ашпады. Жәнібек өзі бастап, қайықпен жүзіп, ау құрды.

Бастама, іс шараға ауысып, оң бағытын тапты, шабақтар мен алабұға, шортанға дейін, ауға оралып, орталықты балықпен байытып тастады. Егін орағы аяқталып, жаңа әдіспен, күзгі зябь жыртыла бастады, алып техникалар, арқа төсінде, жер қопарып, орылған егіннің сабақтарын, сақтаумен қалың аймақты жаңа «технологияға» көшіріп, келер жылдың егініне, жол ашты. Егіннің астығын өткізіп, артығымен жылдық жоспарын орындаса, малданда табысы көбейіп, ет пен жүннің планын орындап шықты. Совхоз шаруашылығы артып, аудан көлемінде, мақтаулы орынға ие болды.

Жәнібек мұнымен тынбады, жоғарыға мәселелер қойып, асыл тұқымды мал шаруашылығына бет бұруды қалады, алғашқы асыл тұқымдары, келіп қанатын жая бастады. Барлық мал бөлімшелері қолдап, жаңа дүбірдің, бастамасын өсіруге бағыт ұстап, жаңа «технологияны» мал шарушылығына, асыл қазына-деп ұғынды.

Совхоз орталығы. Ортада үлкен жатахана, келгендердің көбі, әсіресе құрлысшылар осында бас тіреген. Қараңғы түн, көзге түртсе көрінбейтін мезгіл, кеш оралған Жәнібек, көше бойындағы айқайды естіп, бірден аңғарды. Бұл кімдер? Не болды мұнда? деген оймен, тездетіп келіп жатахана, алдына тоқтай берді. Маңайы толған жұрт, қорқып бөлмелерін тастап, қашып шығып, іштегі Магамбед деген шешен, қолында үлкен қанжары бар, бәрін, қорқытып ақшасын тартып алып, енді қашуға бет бұра бергенде, Жәнібек қос аяғымен, секіріп кеудесін жапсыра құлатып, жерге омақа еткізді, қанжары қолынан ұшып, қабырғаға қадалды, Енді тұруға ыңғай тарта бергенде, Жәнібек қос қолымен, екі-үш «ударды» беріп үлгірді, тағыда құлады. Қалың жұрт ызасы қайнаған, қолдарымен жабылып ұрып, қолын артына қайырып, байлап тастады.

Совет бастығы Сағын, ауданмен хабарласып, милиция тобын алдырып, бортқа лақтырып тастап, алып жөнелді. Жәнібек көпшіліктің ақшасын қайтарып бергізді, таң атқанша созылған дау-жанжал «шешен бұзығы-Магамедпен» аяқталды, ендігәрі келместей болып, аяқ-қолы жараланып, мал құсатып арқанмен байлап, маталып кузовта кетті. Жәнібектің өткірлігін көріп, ол болмағанда бәрімізді қырып, бауыздап кетуге бекінген «шешен» қаншама ақшаны жинап алып, қашып кеткен болар еді, – десті жұрт, сыртта адамдары тосып тұрғанын сезді, бірақ олар қашып, қараңғы түнде ұстатпай жоқ болды. Жәнібек ауданмен хабарласып, Магамед бандысын» іздеп табуды, тапсырды. Совхоздарды осылай аралап, қорқытып ақшаларын тартып алып, дүкендерді тонап, оңай олжаға молыққан, топты ұстап-бәрінде түрмеге жапты, тоналған заттарды, үкіметке қайтарды. Қылышын сүйретіп қыста келді. Қақаған аязды бірге ала келді. Желмен, дауылдатып соққан күннің бораны, төңіректі тас қылып, ұйтқытумен болды. Жердің бетін, қалың қар басып, ағаштарға дейін ақбоз қырау орнығып, жол табанын сипап кеткен, қар дөнесі қалыңдап қатып қалған.

Ферма жағыдайы, Жәнібекті аландатып, отырғызбады өз көзімен көріп, қайту мазалады. Қалың қарда машинамен жүру қауыпты, боран соғып жүре алмаспыз – деп қорытты. Тек қана атпен шығуға болатын күннің қауыпы басылмады, ат дайындатып, басшылармен фермаға бет түзеді. Дала бұрқасын. Қатты жел тұрып, алай-түлей болып, борап қояды. Кейде басылып, гуілдеген дыбыс шығарып, құлаққа ұрғандай сезінесің. Қалың киініп суыққа берілместей, ыңғай танытып, сүрлеу жолмен жүріп отырды. Жолымыз өте алыс, ат жүрісі желігенмен, арттағылар жерге қарсы жүре алмай, кідіре берді. Қараңғы түнек басқандай, қою қара бұлт аспанды жауып, бүркей берді. Қаншама екені белгісіз, ұзақ бір шыдамға, тістеніп бекініп алғандай, қатты жүрісінен, аумай келеді.

Құлаққа беймаза боп, ысқыра шулап, сокқан жел, кейде ерекше бір ызамен, ышқынып кетіп, екпіндетеді. Жол бойы үзілістен, шу-шу еткен, жалғыз үн, құлақ талдырғандай. Сарылған суық сазынан, жаңылған жоқ. Кейде ақ боран, қатты аяз ұлыпта кетеді. Көп бөрінің боранды далада, құтырған дауыл ішінде, баспана іздеп, жас қан іздеп, қосылып ұлығанындай азан салады. Сондай ұлыған, қарлы дауыл астында, елсіз меңіреу дала, қазақтың өзі туып-өскен, сахарасы болса, сол қызықты жан жайлау, қазір суық кабір ызғарындай, аяздап-қыраулатып тұрған, тас мешіндей.

Осы сәтте, бұл ұзақ бейнеті, ауыр шақтарда, дүние деген бір-ақ уыс, ұйтқыған қарлы боран ішінде, тек бір-ақ ауылдың қотанындай ғана. Дүние сонша бүрсініп, алай-түлей ішінде кішірейіп, тарылып астан-кестенге түскен. Бұл дүниеде, аспан деген – жер деген, тау-су деген, өлке-жота деген айырмада, бітім жаратылыс жоқ сыяқты. Не тулаған өзеннің, толқынының көбігін, аспан атып, шапшып құлағандай. Сол толқын ішінде, ажал жүзін сәт сайын, күтіп келе жатқан, кісіге де, дүние осындай бір-ақ қадам болса керек.

Жорығу аяқталған жоқ, бұл уақытта, тоңу үстіне, шаршау да қосылды. Сонымен қатар: Опырау! Айығары барма!? Аяқтайма бұл жүріс? Енді қашан? Деген күйгелек, шыдамсыздық кеудеден жалын шығарды. Бір уақыт жел

ақырын бәсендей беріп, шұғылынан үзіліп тоқтады. Жәнібек ішінен: Япырмай, тілек қабыл болғандй ма? Жаңағы налыған зар, сыяқты шолақ тілектің, орайы өтесіні ме? Дегендей! – боп, лезде үмітке ауысты. Күн тынғанымен, айнала боран көз көрінер, жер аздық танытып қояды. Жауған қарда, қалың желмен ұласып, ұйтқытып қояды. Бәсендеген мезгіл уақыты, бірде ауытқытып сала береді. Тоңып жаураған аттылар, адасқанын біліп, жол бағытынан шығып, қырат баурына қарай ұзап кеткен. Баян Жәнібекке: Сен ақбоз атты мініп шық, адассаң жол табасың, бірақ басын тартпай, жүгеннің шылбырын бос жібер, – деген еді.

Сол Баянның сөзін есіне түсіріп, Жәнібек қасындағыларды жинап алып: Ал, енді бәрінде менің соңымнан еріндер, қалыс қалып жүрмендер, адасып кетесіндер, көз көрінбейтін дауылға ұласты! – деді қатуланып. Ақбоз ат алдыға түсіп, басын төмен салып, ақ боранды қақ жарып, желіп ала жөнелді. Тоңазыған аттарда, жүріске баю тартып, ілесе берді. Жәнібек: Тез қимылдандар, бойымыз топай болып, аяздан қатып қалмай тұрғанда, елді қонысқа тез жетуіміз керек, – деді. Аттарын сабалап, тебінумен жүрістерін тірілтіп, ақбоз аттың соңынан қалмауға тырысты. Ұзақ жүрді, көп жүрді, биік дөңесті басып, ойға түсе бергенде, шәуілдеген иттердің даусын естіп, бойларын қуаныш билегендей, тоңазыған денелерін, әрең қимылдатып, мұз болып қатып қалған, үзенгіден аяқтары, баю қозғалады. Енді біттік! – деген манағы сөздерін ұмытып, мұздақ басқан көздерін, әрең жылтыратып, жан-жақты болжап, асықты. Ауылдың шамдары, алыстан жарқырап, жақындай түсті. Шеткі үлкен албары бар, жер үйге келіп тоқтадықта, аттан түсіп, әреңдеп жылжи бердік. Ат үстінен түсе алмай, үсіген қалып танытқан, совет басшысы Сағынды, көтеріп әрең түсіріп, сүйемелдеп үйге кірдік. Үй иесі бірден танып, бәйек болып, үстімізді қағып, әреңдеп шешіндіріп, жылы бөлмеге кіргізіп, жұмсақ төсектер төсеп, жылытты. Бетімізді үсік шалып, аяғымыз домбығып, тұра алатын жағыдайымыз кетіп, күшіміздің кеткенін бірақ сездік. Қара қазанға су құйылып, астына маздатып қи жағып,

тоқтының балғын етінен «бұқтырма» жасап, шай беріп бойымызды жылытып, өз-өмізге келе бастадық.

Сағын жақсара түсіп: Жәнібектің ақбоз аты болмағанда, үсіп өлетін едік, жол тауып, осы ауылға аман сау жеткеніміз, сол аттың арқасы, – деді. Расында! солай, қасиетті жылқының арқасында, – десті отырғандар. Тамақ ішіп, жылы жерде, қалың төсекке оранып, демін алып, бұрынғы райына келе бастаған жігіттер, ертең мал фермасында болып, жағыдайымен танысып, мал қоңын бақылауға келісті.

Жәнібек таң біліне, далаға шығып, ауа райын бақылап, ашылған күннің бағытын білді. Боран басылып, желде тоқтаған. Бірақ, көше мен үйлерді қар басып, тау-тау болып үйіліп, жер үйлерді сипап, қара моржасын ғана қалдырған. Мұндай сұрапыл боран, бұрын-соңды болмаған, – десті үлкендер. Жәнібек, түгел ауыл адамдарын жинап, базалар мен шөп маясын қардан аршытып, талдан қысып, қамыспен жылытып, албар жасатып, малды бір мезгіл шығарып, қоңын түсірмеуді, бөлімше басшысына қатаң тапсырды.

Орталықпен хабарласып, Мұхитқа қос булдозер лаптасымен, жол аршып тез жетуін талап етті. Жағыдай қалыпқа келісімен, орталыққа оралды. Жәнібек жол үстінде, алыстан қасқырдың ұлыған тобын, байқап бақты. Торауылдаған кейпін танытып, дөңес маңындағы, талға ұйлыққан. Басқа бөлімшелерге де сенімді, адамдар жіберіп, мал күтімін сақтауды талап етті. Жолдарды айнадайғып тазартып, қалыпты ұстауды бақылады. Ат үстінде келе жатып, есінен шығармай, Сәт бүркітшіні шақырып, кездесуін күтті. Сәт ол кезде бөлімшеде тұратын. Қыс қаһары, күн санап, аязды қалпын сақтап, жаю борасынға ұласып жатты. Мал басын сақтау, қоңын түсірмей, төл алу-негізгі міндет болып қалыптасты. Жәнібек қайда барса да, Баянның ақбоз атымен, қоныстарға жиі шығып, жүрді. Жиілеген боран әлсін-әлі жолды басып, машинамен қатынаудан қалды. Бөлімше басшыларына ат шанамен қатынауды бұйырды.

Жәнібек қос атты дайындатып, түбке өзінің ақбоз атын, жеккізіп кимелі қара шанамен, мал қыстақтарын дамылсыз

аралап, мал басының қыстан аман шығуын қадағалап, асыл тұқымды малдың төлін шығынсыз өсіруін қатаң тапсырды. Орталық кеңсе. Жәнібек кабинетіне, Сәт пен Сайдты, Еркін мен Такенді жинап, қалыптасқан ферма малын сақтауға, ит-құстың, әсіресе қасқырдың тобымен торып, ферма маңайында жүргенін сөз етіп, бәріне ашына жеткізді. Сәтке совхоздан ат беріліп, көшпелі-жеңіл-жылы будка істетіп бергізді.

Көкірек ауылы. Ауылға жақын дөңестің үстінде кездесіп, алыс-жақын жерлерден бүркітшілерді шақырып, Жәнібек бүкіл бөлімше мен ауыл басшыларын жинап, Көкіректен бастауды бұйрық етті. Ақбоз ат үстінде Жәнібек топты бастап, бірінші болып жетті. Боран басылып, күн жылынып, күн көзі сәулесін шашып, төңіректі жылы лебімен, жылытып сала берді. Сәтте бүркітімен, едәуір болып, жиналғандай болды. Жәнібек аттан түсіп, маңайына бәрін жинап алды да: Бәріміздің жиналып, осында бас қосқанымыз, барлық фермаларда үкімет малы-сол малды көздің қарашығындай сақтап, қыстан шығару, анталаған дала қасқырына жем болмай, қыстан шығару біздің міндетіміз, Сәт бастаған бүркітшілер тобы, қасқырдың ұялы апанын тауып, тобырын құрту, тек қана бүркіттің қолынан келетінін білесіңдер, сондықтан осы адамдарға-жағыдай жасап, қоян-қолтық жұмыс істеуді, тапсырамын, – деді. Көкірек үлкен – ферма, біршеше табын қойлар мен ірі қара қоныс тепкен. Жыл сайын табынға шауып, дөңестің жотасын пана етіп, көжегін өрбіткен-осы жер, – деді бөлімше басшысы, көмекке тағыда аттыларды жіберуге, сендірді. Сәт бастаған аттылар, төмен қарай ойпатқа құлай берді. Тал басқан құмды жер, қалың шөбімен қарды мол ұстап, ат тірсегінен келіп, ұзынға созылған жалпақ ойпат көлемі, үлкен аймақты алып жатқандай көрінді. Аттылар екі жаққа бөлініп, қолдарында ұзын құрығы бар, шабуылдап тал басын сүзе тартып, жылжи түсті.

Қарулы топ, қайраттанып оңды-солды сілтеумен, аянбады. Сәт бағытын көрсетіп, іске кірістіріп жоғары дөңеске шыға берді. Бір сәтте, Еркін айғайға басып, оңды-солды құрығын сермеп, қасқырдың көк жалымен айқасып жатқанын

көзі шалған, Жәнібек қолдарында қаруы бар, топ болып, сойқан қасқырмен арпалысып жатқан, Еркінді қоршап алып, дайын тұрды. Еркін қарулы жігіт, оң қолына ұстаған құрығымен басынан салып жібергенде, тоңқай асып құлаған бойында, қайтадан шапшып, аттың кеңірдегіне жабысып, қан етіп үлгірді. Жалма-жан қос қолымен, жақын келген қасқырдың басынан ұрып, денесін ұшырып жіберді, қыңсылап барып, жер құшты. Жәнібек: Керемет-біздің жігіттер, – деді куәсі болған көрніске риза болып. Аттылар тоқтамады, қасқырдың ізін кесіп, апанын іздеді. Такен қолындағы құрығын сермеп, жақындай түскенде ырылдаған қасқырдың дауысын, құлағы бірден шалды. Міне апан! Міне апан! – деп айғайлап, маңайындағыларды өзіне шақырды.

Осында апан! Жаңа ғана ырылдаған қасқырдың дауысын естідім, – деді Такен, сөзін қайта-қайта қайталап, ентігін басалмады. Қасына шауып келген Сайд пен Еркіндер апанның аузын қоршап алып, қаруымен дайын тұрды. Сәт алаңдап: Байқандар! Сақ болындар! өздеріңе бассалуы ғажап емес! – деп ескертіп, дауыстады. Расында! сақтану керек, олардың көзіне қан толып, жан бермеу үшін – бәріне барады, – десті. Сәт бүркітін дайындап, томағасын алып, ойпатқа қарай, атымен түсе берді. Апаннан үшеу болып, қашқан қасқыр, омбылап жазыққа бет алды. Сайд пен Еркін соңынан қуа жөнелді, қолдарында құрығы жұмыр басын жерге төсеп, ұзын сабағын мықтап ұстап алған, ұшып келеді. Жетсе, жер бауырлататын түрі бар, қаруланған. Қасқырдың жоңға шабысын байқап қалған, бүркіт Сәт қолынан лып беріп, соңынан құйындай түсті, жазыққа ұшты.

Сомдалы қос аяғын, төмен жіберіп, өткір тұмсығын алдына жіберіп, жетіп барып, қасқырдың үстіне «гүрс» етті. Байқамаған көкжал, шабуы бәсеңдеп, әлсіздене бастады. Бүркіт өткір-аюдай тырнағымен, денесін бүріп, тұмсығымен басының қанын ағызды. Көзіне қан толып, басын жуды, әлсіреген түрімен жерге барып сылқ етіп, жан тапсырды. Сойқан күшін көрген Жәнібек іштей қуанып: Алды! Ұстады! Ұстады! – деп көпшілік назарын, өзіне аудара берді. Сәт

шауып барып: Кеу! Кеу! – деп, бүркітін шақырып, қолына қондырды, олжасын жанарына байлап қонысқа бет алды.

Сәт артына қараса, екінші көкжал, көз ұшында ызғып бара жатқанын бірден аңғарып, бүркітін тағыда бағыттап, ұшырып жіберді. Құйындатқан бүркіт аспанға тез көтерілді де, төмен ғарай зулаумен, қос қанатына алып күш жинап, соққан желдің дауылымен соғып құлатып, омақасын келтіріп, ұшырып түсірді, қыңсылаумен бітіп кетті. Тағыда олжа, бүркіт ақырғы қасқырдың жолын кесіп, қырдан оралтып, жазық бауырайға бетін бұрды.

Аяғын төмен жіберіп, өткір аюдың тырнағындай ауыр денесімен қасқырдың басын ала үстіне барып, томп етті, белі майысып, әлсіреп барып құлады, үстіне мінген бүркіт кетпестей болып, тұмсығымен орап, кеңірдегін қиып қанын кетіріп, ақ қардың үстін, бою етіп үлгірді, көкжал қылжиып жан тапсырды. Жәнібек қасындағыларға: Бүркіт болғанда қандай, нар тоқтының түріндей, алып денесі, сомбол аяғымен бітісіп, аюлы қос тырнағы, өзектен өткізіп, тұмсығы мен басының бітімі, бір алыптың өзіндей, көздерімен сүзе қарап, жалт-жұлт етіп, жағалайын қыбыр еткізбейтін, жайттар сыяқты көрінеді! – деді Жәнібек мақтауын асырып, жеткізді. Айтса-айтқандай! Керемет! Бұл кереметті малшы қауым білсе, төбесі көкке жеткендей қуанып, қасқырдан да асып түсетін «бүркіт» бар екенін білсін! – десті. Сәт өзінің тобымен «апанын» тас-талқан етіп, күн батқанша Көкпекті дөңесін, қауыпсыз етіп, қасқырдың тұқымын құрытып, Жәнібектің көңілінен шығып, куә болған ауыл басшылары, ауыздарынан тастамай: «бұл кереметті» бірінші көрулерін айтып-мәз болды. Естері кетіп, Сәттің ерлік ісіне таңғалып, басқа фермаға келуін сұрап, барлық жағыдайды жасауға сөз берді.

Жәнібек бәріне сәттілік тілеп, орталыққа кетуге аялдап, ақбоз атына мініп, топ болып бет алды. Кетерде Сәт Жәнібекке олжасынан бөлісіп, тарту етті. Сәт енді «Нарын» фермасына баруға, жолдастарын жинап, будқасына олжаларын тиеп, ат шанағып жегіп, алыс жолға бағыт ұстады.

Жолай аялдап, құсына жем-сау беріп, қоян етімен тойғызып, күтім жасады, қоңды етіп, күш жинатты. Күтіп, баптап алған соң, томағасын кигізіп, жылы будканың ішіне, кіргізіп атымен желіп, оздырып отырды. Қар қалың болғанымен, жеңіл шана сырғумен, қара жол бағытын ұстап, қар басқан сүрлеуден шықпай Нарынға келіп жетті. Мұз қатып, ұзаққа созылған өзен бойы, қамысты құрағы мен қалың талды ағаштардың ішінен, қасқырдың жолын кесу, кезегі келді. Нарын мал фермасы. Арыс өзені ауылды қақ жарып, кең арқамен алысқа созылған, көк мұз айдынындай, шалқыған. Аспан мен таласқан қайың-теректер жиек жағасын шұбалтып, алысқа табан тіреген. Ауыл- өзен бойын, қуалай салынған қалың үйлер мен қоралар көп шоғырланған, жазықтан басталып, қырат-дөңесіне дейін алып жатқан аймақ Нарын деп, аталады. Жәнібек бұл өңірге малды топтастырып, бағуға қолайлы жер-деп, асыл тұқымды малдыда, осында қоныс еткен.

Жазда суы мол, жайлымы шүйгін, табын қойлар мен жылқының үйіріде осы жерде. Дөңестің бауырайындағы, кең шатқалды мекен еткен аңның үйшіктері, осы жердегі қалың талмен, бөтеге ұзын шөптермен ұяласып, орын тепкен. Аты шулы, жердің бейнесіде, қасқырға пана болып, қалың өскен талға жасырынып, табын малға шабуылын, жиілетіп қояды. Сәт бұл аймақты, бұрыннан білетін, ауыл адамдарынан естіп, қаныққан. Қалың қар басқан шатқалмен, аттылар қырға барып, тоқтады. Дөңестен қырлаған ойпат алаңы, айнадай көрініп, шайдай ашылған, күннің райымен жалғастырып, алысты болжаумен, қабаттасты.

Қыран-құстарына қоян етінен, ұсақтап, жем-сауын беріп, күте бастады, тойғызып қоңын ашып, алдына астаумен мол етті. Баптаған құсын сылап, сипап қанаттарын қайта-қайта тарап, жаздырып мүсіндей етіп, күтумен болды. Сәт барлығын бақылап, кемістік жібермеуге тырысты, әлсіз болса, қасқырдың жемі болып, тауы шағылып, беттемеуге баратынын білді. Сойқан тартыста құсының басым болуын, бәріне ескертіп, жем-сауын молғып беруді міндеттеді. Күш-қуаты,

қайдан шығатынын түсінгендер, алауыздық жасамай, арпалысқа шыдайтындай, қоңын түсірмеді. Сәттіңде іздегені-сол еді.

Жәнібек шыдамады, ақбоз атымен келіп, ферма малын аралап, қасындағы топ адамдармен, бүркіттің қасқырмен арпалысын тағыда өз көзімен көріп, қызықтауға бел буды, басқаларыда анталап, Сәттің соңында болды. Ол тұста арпалыстың басталып, дөңес бауырына топтасқан, аттылардың жерді сүзіп, қасқырдың ізін кесіп, апапын іздеген шақ еді. Алыстан естілген айғай, өңірді дүңк еткізді. Әне! Кетті! Көкжал кетті! – деп қалың қарды қақ жарып, қолында сойыл-құрығы бар, көкжал соңынан салып келеді. Сәттің қолынан жып беріп ұшқан құс-бүркіт, қасқырдың соңына түсіп ызғумен, қос қанатының дауыл соққандай лебімен, сарт-сұрт еткенде, ұшып барып аунап түскен көкжал, құлаған бойда әлсіреп барып, жатып қалды, омыртқасы үзіліп, қираған бойда жан тапсырды.

Жәнібек: Массаған! Әне бітірді! – деп мәз болды. Сәт атымен шауып барып, қасынан бүркітін «Кеу! Кеу! – деп шақырып, қолына қондырып, дөңестегі Жәнібекке қарай жылжи түсті. Еркінде бүркітін жіберіп, шатқалдың тал түбінен қашқан түлкіні көрген, бүркіті аспандап, қос қанатын бауырына тартып, құлдилап барып, түлкінің үстіне, бірақ мінді, ауырлығын көтере алмаған түлкі, белі майрылып, жатып қалды, аюлы тұяғымен бүре тартып, жанын шығарды.

Еркін осымен, екі түлкі, үш қоянды олжа етті. Жәнібек қасына шауып келіп, Еркінді құшақтап, мақтауын асырып, ауыл басшыларына, ерлігін жеткізді. Бұл кезде, фермадан тай мен байталдарын мініп, келген жастарды, Сәт қуанып қарсы алып: Шатқалды түгелдей сүзіп, қасқырдың апанын табу керек, – деді жылы шырай танытып. Ойпаттың бәрі толған қасқырдың ізі, бірақ талды орманға барып, жоқ болып кеткені, күдік туғызады, ол осы ат дүбірінен, «апаннан» шықпай ұялы болып, тығылғанға ұқсайды, – ол бірнешеу, көп, – деді Сәт, қолдарына қару алып, жатқандарға ескертіп, сақ болуларын тапсырып, топпен сүзіп шығуды нұсқады. Жотаны басқан

қалың қар, ат бауырынан келеді. Күн көзімен шағылсып, жылтыр сәуле шашқан, қар беті, көзді алып қояды. Қарап жатқан ешкім жоқ, аттылар дамылсыз сүзіп, шатқалды меңгеріп, шабыста болды. Дүрсіл көбейіп, жер бетін, астаңкестең етті. Бір сәтте, апаннан қашқан, топ қасқыр, қарды боратып, жазыққа бет түзеді.

Сәт көзін алмай, шатқалдан қашқан топқа, бүркітін жіберіп үлгірді. Алып құстың қос қанаты, бауырына жиырлып, жел бағытын жарып өтіп, қарғып секіре шапқан көкжалдың, қарды боратып, алай-түлей етіп боранда, денесін жасырып, қашшада аюлы тұяғын созып жіберіп, белін майыстырып, үстіне бір-ақ түсті. Жалма-жан өткір тұмсығымен, көзін шұқып, көзін ағызды, басын жуған қан, әлсіретіп барып құлады, сол жерде өліп кетті. Бұл өте керемет, қасиетті құс! – қандай айламен болсада, тез шапшандықпен жемтігін табанына салып, бірден басымдықты көрсетіп, батылдылығымен жеңіп шығуы, қандай керемет күш дерсің, – деді Жәнібек, қасындағылардың назарын өзіне аударып, Сәттің арқасынан қағып, мақтауын асырды.

Жәнібек біраздан соң, бүркітшілерді жинап алып: Бұл өте тамаша, малшы қауымның бақыты, дала қасқырынан құтылып, алаңсыз өмір сүруіне жол аштыңдар, қаншама «апандарды» құрытып быт-шытын шығарып, жолын кестіндер, осындай жалынды жас жігіттердің, жасынан бүркіт ұстап, ата дәстірін жалғастырып, келе жатқаны халық үшін, совхоз үшін, тектен-текке қасқырға жем болмай, өмір сүруіміз-болашақ істің айғағы, болып қала бермек! – деді. Жәнібек қош айтысып, ақбоз атына мініп, көш бастап, орталыққа бет алды.

Жәнібек Баянның ақбоз атын жеке күтімде ұстады, арнаулы адам қойып, қоңын түсірмей, бағуды тапсырды. Ақбоз аттың жүрісі, қаншама желіседе, бір соқпай, шаршатпады-қайта тынығып жайлы отырысты, қимайсың. Талай жарыстарда алдын бермей, сыйлықтар алып берген-осы ақбоз ат.

Баян қыз кезінде, колхоз аралық тойда «Қыз қуу!» ойынында, бірінші болып, алға түсетін. Ақбоз аттың қасиеті,

Баянды алыстан танып, маңайына барып белгі беретін, титтай кезінен бастап, бірге өсті, құлын уақытында сүтпен асырап, сылап-сипап күтетін де Баянның өзі еді. Талай рет, Жәнібектің келуін күтіп, дөңестен қарап, жол бағытын бақылап, ақбоз атымен жүрген кездер есте қалды. Сәт өздері бас қосып, жемсауын беріп қоян етіне тойғызды, құстарын күтіп, үстерін тарады.

Әсіресе Сәтте дамыл болмады, етті тағыда турап, астауға салып алдына қойды, аюлы тұяғын сүртіп, қантын созып қимылын байқап, қозғалтумен болды. Еркін құсын ұстап отырып, бүгін қалай ұшқанын мақтап, сөйлегені Такенге жақпағанын сезді. Такеннің құсы екінші түлкіге шабытының болмағанын, айтып қызартты. Әсіресе, Такеннің бүркітіне, түлкінің қызыл етін, бергені дұрыс емес. Бүркітті бұрынғыданда бұза түседі. Осыны құсқа жаны ашып, айтып қалғаны да сол. Еркін Такеннің барды болжап, білгенін әпден түсінді. Бұдан әрі, Еркін ойын бұзып, жібереме дегендейғып, орнынан тұрып кеп, Такеннің бүйірінен шымшып қойды. Бері әпкеші, осы құсты мен көрейін, – деді. Сонымен олда, бүркітті көп сылап отырып, кейін барып, тұғырына қондырды. Құс жақсы екен, бірақ дәл күйін таппай, жүр екенсіңдер! – деп, нағыз үнмен бір сөз қатып қойды.

Такен бұған жалт етіп, бір қарап, мойнын қайта теріс бұрып кетті. Еркін құс бегісін, ыза қылған Такенді мазақ етті. Еркін! Еркін! – дегенге құстыңда тілін, білдім-деп пе едің? Сен білгенінді, Еркін түгіл өзімде білемін. Қалжыңдай бермей, ауызыңды жауып, жайыңа отыр, – деді Такен. Еркін қалжакқа мойыған емес, сықылықтап күлді де: Біз қайдан білейік. Жемсауын үзбендер, деген соң, дамылсыз бергенім еді, – деді Такен оң қабак танытып. Еркіннің сөзі іш-майымнан өтіп, өзегіме жетті, ашуланбасқа шара қалмағанын! – деп, қатандана бастаған Такен жұдырық алып, жүгіруге дайын тұрды. Такен қарулы, кесек келген денесі бар, толық жігіт. Еркін болса, жіңішке әлсіздеу, иығы жоқ арықша келген, ұзын жігіт болатын. Бірақ әзіл-сықаққа жаны құмар, екі адамның біреуін, мысқылдап біраз жерге, апарып салуды ұнататын.

Сайд бұлардың өз ара, қалжың сөздерін бағыдарлап, «ойыннан-от шықпаса» екен, деп, алаңдаумен болды. Такен құсын жемдеуге кірісіп: «Ойтамақ» беріп, құсты қуаттандырмасам болатын емес, – деді. Еркін: Естімеген елде көп «Ойтамақ» дегенді, бірінші естіп, таңғалдым, – деді. Ойтамағы қызылдай қанымен түлкінің етін беріп, тамақтандыру еді. Құлағына тиген Сәт: Ондайды қойындар, бүркітті құртып, қоңын түсіріп, түлкігеде шаппайтын болады! – деп қостан алып келіп, қоянның етін ұсынды.

Бүркіт бірден астауға салған қоян етіне, бас салып, ұзын тұмсығымен іліп алып, қылқыта берді. Міне көрдің ба? Манадан бері бірінді-бірін түйрегенше, амалын тапсаңдар болмай ма? – деді Сәт кейістік танытып. Құстың қуаты-бапқа байланысты, әлсіз болса көкжалдар «екі шайнап-бір жұтады» жан беру оңай ма? – деді Сәт ойсалып, бәріде ойланып қалды. Бірақ жұмарын жұмса да, бір танауына күле түсіп, көзінің астымен Такенді бағуда болатын. Жемді түгел беріп шығама соны бағып жатыр. Такен бұнымен жауаптаспасада, ішінен әпден қастасып, ызамен ерегісіп алған. Еркіннің есебінде, Такенді сондай ызакор, тырысқақтығын шапқа түртіп, қоздыра түсу болатын.

Аңшылар әдетінде болмайтын, тұрпайлық жасап, жаңа әдейі мінездік еткен, соң Такенді ашумен адастыру есебі еді. Әйтпесе, жол білетін аңшының барлығыда, құсты күнде қолына ұстап, жүрген тәжірибелі құс-бегіне: «Жемді солай берме, бұнымен адасасың!» – деген сөзді айтыспайтын. Такен Еркінге ыза болғандықтан Сәтке ақылдасайын деп, отырған жерінен тиылып қалды. Такен бірақ, «Ойтамағын» бермеуге, түлкінің етін жолатпауын, Сәтке айтып, уәделесіп келісті. Жер бауырлаған аттылар легі толастамады. Ерсіл-қарсыл шабу, қайта басталды. Ойпат дүбірі шуға ұласты. Бүркіттерін бәріде дайын етіп, қол тұғырына қондырып, еттекке түсе берді. Арсылдаған дауыс, тазылармен төбелес үдей түсті. Ұялы қасқыр тобы, атты адамдарға тікелей шауып, ығыстыра бастады. Қарулы қолдар қамалап, жан-жақтан ойпатқа түсіп,

құрықтарын сілтеп, қарсылық көрсетіп, ұрып соғуға, дайын тұрды, қорықпады.

Аттың бауырына жармасып, үстіне секірді, құрықпен қорғаныс жасап, жолатпады қар көшінен шыға атылып, легімен жонға қашып, жан-жаққа бет алды. Сәт құсын ұшырып, артынан салды. Ызғумен ұшқан бүркіт, сомды денесімен қуып жетіп, үстінен тарс-гүрс етіп ауыр салмағымен түскен бойда, денесін қусырып, ұзын тұмсығымен кеңірдегін қиып жіберіп, жерге құлатты, аяғы ербеңдеумен, әлсіреп барып жан тапсырды. Барып жеткен Сәт, құсын көтеріп алып, екінші қасқырға бағыттап үлгірді.

Құс бұрынғыданда ызалы түрін байқатып, қуып жетіп қос қанатының алып күшін, пергілеп жібергенде, мұрттай ұшқан қасқыр, бірнеше домалап қар бауырлап жатып қалды, құс қайта ұшып келіп, үстіне қонып тұмсығымен қарнын жарып, бою етті, қыңсылаған бойда жатып қалды, қаны кетіп, өліп кетті. Сәт екі бірдей қасқырды жанарына байлап, қонысқа жылжи түсті, ойы енді құсын жемдеп күтуге, бет түзеп келесі арпалысқа дайын етуге, асықты. Қар қалың болсада, аттылар қашқан бөлтіріктің соңына түсіп, алысқа жібермей, қарулы қолдарымен ұшырып түсіріп, біразын алып үлгірді. Арпалыс үдете түсті, шағын бөлтіріктер бір ұрғаннан қалпақтай ұшып, жатып қалды, тұра алмады. Жүйрік аттар, жарыс бәйгесіндей, шабысын бөлтірікті алдына салып, аттатпады. Ат үстінде қарулы жігіттер, шетінен «мен атайын» дар, фермадан келгендер еді.

Сәт оларға ыриза болып, өздерімен басқа фермаларға баруға шақырып, бүркітпен аң алудың жолдарын үйретуге, уәде етті. Сәтте көзімен көріп, сайдауыттай жігіттер ағып келіп, соғып үлгірген бетінде, ұшып түскен бөлтірік, тұра алмай, жер қабысты, бойларын батылдық бейнелеген белгісін көрсетіп «қасқырдан-әптен жапа көрген» ызасыда бар болатын. Күн таңертең тұманданып, буылдыр болып басталған болатын. Қатпарлы дөңестер, алып жатқан кең аймақтың, ойпат сыры, аңға толы, күрең тартқан, орманды ағаштың белесі, ашыла түскен. Күн көзінде бұлттан арылып, көк аспан

күмбезімен ұштасқан. Аязда біршама басылып, баю желмен ілесе түскен.

Тағы жиналып, төбе басында аттылар легі, мол байқалады. Бұрын-соңды болмаған «қасқырмен шайқас» ауыл адамдарын дүр сілкіндірді. Тілге кенгендер: Бұл бір тамаша көрніс! – деп бағаласа, малшы қауым естумен үлкен қуанышта болды. Сәт бүркітін дайындап, ойпаттағы «апанды» тазарту, әліде созылатынын байқады. Топтасқан топ, төмен құлдырап, шатқалға түсе берді. Дөңес алыстан өте биік, тау ма? – деп ойлап қаласың. Жоғарыдан бақылап, алдында айна тұрғандай, көз алдында бәрі көрініп, тұрғандай сезінесің.

Сәт құсын әпден жемдеп алып, Сайд пен Еркіндерге, жемді дұрыс беруін қадағалап, үлкен сайыстың болатындығын ескертіп, қасқырдың түгелдей апанын құртып, шығатындығын есіне салды. Аш қасқыр амалы таусылып, даладан олжа болмаған соң, малшылардың қорасына түсіп, жайпап кеткен кездерді әңгімелеп, тұрғындар Сәттің есіне салып, айтып қандырды. Сәт ішінен бұл жолы, енді бола қоймас! – деп қорықты. Бәрі жиналып, шатқалда күтіп отырған аттыларға, қарай ауысты. Сайдтыңда бүркіті, жем-сау алған соң комданып, алып ұшып шыдамады, қашқан түлкіні көзі шалып, соңынан қуа түсті. Ұзатпады, қуып жетіп, қос қанатымен соғып жібергенде, ұшып түскен түлкі, аунап барып, тасқа соғылып табанда жан тапсырды. Сайд жетіп барып, құсын тағыда бағыттап, қашқан қызыл түлкінің соңына салды.

Сол уақытта, бүркіттің шеңгелінен шығып, түлкі жан дәрменімен жұлқына тыпырлап, бүркітті үстінен аунатып, жіберіп қасындағы тал, бұталарға қарай тырмыса арпалысты. Сайд тақай бергенде, бүркіт шеңгел алдында, тікенектен ұстап қала алмай, қос аяғын шығарып алып, айрылып қала берді. Бүркіт тұяғынан ауырсынып, қалған жон-жотасын ирендетіп, түлкі шеңгелдің аржағына өттіде, ақырын қашып, сытылып кетті. Сайд бірден көзі шалып, қос қолымен құрығын көтере басып, шеңгелдің ішіне кіріп кетіп, түлкінің басынан ұрып жатқызды. Ауыр тиген құрықтан, тіл тартпай жатып қалды.

Атынан түсіп, бүркітін қолына қондырды да, олжасын қанжығасына байлап, дөңеске беттей берді.

Сәтте апанын құлатып, тас-талқан етіп, бөлтіріктерді олжа етіп, ауыл жігіттеріне таратып, бәріде олжаларынан бөлісті, жастармен қош айтысып, басқа фермаға келуін хабарлап, уәделесті. Сәт өзі тұрған фермадағы үйіне шақырып, достарын қонақ етуді, бармас бұрын айтып, жеткізген еді. Шеткерек көшедегі, үлкен ақ үйге бет алып, келе берді. Сәт өзі бастап, есігін ашып, қонақтарды ертіп ішке кірді. Жәнібектерді де, шақырған ауыл басшылары: Сағын, Мүсіреп, Жәністермен келіп, төрден орын алып, жайғаса бастады. Есіктен бері төселген қасқыр терілері, аяқа жылы тиіп, жұмсақ рай танытып, көңілінді өсіре бастады. Тұста ұсталған араб кілемдерімен, қасқырдың терісінен тігілген үлкен тұлып пен құндыз жағалы ішік, андатр терісінен істелген шапан мен норка жағалы қаптама ілінген. Шеткерек қойылған, төсағаш үстіне жиналған, құс мамықтар мен құс жастықтар орын алған, аяқтағы сандқтың беткейінде, қасқыр мен түлкі-қоян терілері қабаттап жилған.

Көңілді қарсы алған үй иесі Сәттің керемет екендігіне, көзі жетіп, достары жаңа ғана ықылас танытып, кешкі отырыс жалғасын тапты. Жәнібек көңілді-күлкі, әзілін ұнатып, бәрін күлдіріп мәз етті. Дастарқан жайылып, еліктің қуырдағы астауға салынып, шай берілді, артынан көп ұзамай, бағылан тоқтының етінен ас берілді. Қонақтарды риза қылып, Сәт ертең «Үшқамысқа» баруға ниет етті. Сәттің Жәнібекке берген уәдесіде, осы болатын. Жем – сауын мол етіп, құстарын күтіп, қондарын жақсартып, күшті арпалыстың Үшқамыста болатынын аңғарған.

Құлама өзен арнасы, қалың ағаштармен көмкеріліп, ауыл маңынан алысқа жол тартқан. Шоғырланған үйлер мен мал базылары, өзен жағасымен жарыса салынып, кең аймаққа табан тіреген. Қырат дөңесі, кең жотасымен алыстан бұлдырап, көзге шалынды. Көк майса жерін қалың қар басқан, жота белі, жазық даламен жалғасып, өзен бағытынан шығып, дөңеске жол тартқан. Жәнібек, ауыл басшыларымен біраз

болған соң, Сәтке жұмысын жалғастыруды, тапсырып ферманың көмектесуін міндетеді.

Жәнібекке оқыс хабар жеткеннен соң, тездетіп оралыққа оралып, Мыйқұдыққа бет түзеу еді. Мыйқұдық алыс, ақбоз атына мініп, бір топ болып, жолға шықты. Жолдың бәрін алып қалған, жаю борасын, ат тұяғының ізін, лезде басып жол сүрлеуі, ат жүрісін қиындатып қояды. Бірақ, оны есепке алып жатқан, ешкім байқалмайды, желумен қатты жүріп, тез жетуге ыңғай тарттық. Ойымыз жоғалған малды, анықтау. Бірден ферманың кеңсесіне келіп, кірдік. Бөлімшедегілерді жинап алып, түгел малшы қауымнан, болған істі сұрап, анықтай бастадық.

Жәнібек: Кім болды? Қалай болды? Қай жерде? – деп, жоғалтқан жылқышы мен ферма басшысын орындарынан тұрғызып, сұрақтың астына алды. Жылқышы: Кешкілік кез еді, жылқының үйірін жинап, ауылға бет ала бастағанымда, тұтас айғырдың бір үйір жылқының жоқ екенін білдім, айнала ат шаптырып, жота біткендерді кезіп, іздесемде жолын кесе алмадым, – деді. Енді қайткік, бөлімшеге хабарласып, болған істің жайын айтып, қара көлеңкені пайдаланып, «абыр-сабыр» кезін ұғынып айдап әкетті, – деді күмілжіп, сөзін аяқтады. Жәнібек: Тез бәріңде бірін қалмай атқа отырыңдар, олар ұзайтындай болған емес, жолын кесу керек! – деді. Өзі ақбоз атына мініп, бас болып, өзен бағытын бақылаумен, талды табанды, сүзіп шығуды бетке ұстады. Аспанның қара бұлты кетіп, ай жарығы енді ғана, сәулесін аша бастады. Ат тобыры, өзеннің екі жағын қоса сүзіп, тік жар, сусыз алқапқа тіреліп, тал ішіне кіре берді. Тік жар, жер бетін көрсетпей, үлкен құлама, терең сай табаны болатын.

Жәнібек: Бірден осы құламаны көрсетіп, сүзіп шығуға бұйрық етті. Расында! Кісінеген жылқының дауысы естіліп, сыртқа шығармай төрт-бес атты, қоршап жасырынған. Айласын асырып, керемет боламын деп, мол байлыққа қол жеткізгендей «асудыңда-тасуы бар» дегендей, олжасынан қағылып, ұсталды. Жәнібек ат үстінен: Тез шығыңдар! Әйтпесе мылтықпен атамын! – деп айғайға басты. Атылар сай

табанына түсіп, олардың бәрін атынан өңгеріп алып, тобымен айдап жағаға шығарды. Қолдарын артына байлап, атқа өңгеріп, ауыл кеңсесінің ішіне тықты. Жылқышы, Уайс үйірін айдап, табынға қосты. Уән бастаған, баскесер тобымен айдалып, түрмеге тоғытты.

Жәнібек ауыл адамдарының бірін қалдырмай, жинатып үлкен жиын жасады. Қатулы дауысымен, көпшілік алдына шыққан, Жәнібек: Біз малды, жауапты адамдарға тапсырып, қырағы болуды талай рет, ескертіп айтқан едік. – Бірақ әліде, кейбіреулер жауапсыз қарап, совхоз малын табынымен жоғалту, тіпті ешбір ұғымға жатпайтын жайт. Неге бұлай!? Әлде тәртіптің жоқтығы ма? Жоқ! жауапсыздықтың жоқтығы! Ол менің малым емес, үкімет малы, жоғалса орнын толтырар, мал бар емеспе? – деген, ұғым қалыптасқан. Тапатал түсте, табыннан бір үйірді айдап, өзенің аңғарына тығылып, жасырынуы ешкімнің бей хабар болмауы, малды қараусыз қалдыруы, барып тұрған-қылмыс! – деп бағалау керек. Осындай жауапсыз адамдарды, бөлімше басшысын жұмыстан босатамын, ондайларға совхоздан енді орын жоқ, кетуі керек. Біз адал еңбек ететін, сенімді жігерлі жастарды қоюмыз керек. Ол адам осында болады, жапай малды санап, есебін қалпына келтіріп, комиссияға түгендеп, өткізуді тапсырамын, – деді Жәнібек сөзін аяқтап. Мыйқұдықтағы жағыдай, бүкіл ауылға тарап үлгірді. Жәнібек түгелдей базыларды аралап, малдардың қоңын байқап, әлсіз күйлеріне кезікті. Қора іші лайсаң, катон іші тазартылмаған, көтерем күйін көрген, Жәнібек тез арада қалыпқа келтіруге, шешім қабылдап, «үме» жасауға бүкіл халықты жинап, жұмылдырды.

Қораларды тазартып, шалы жасалды, жылы ықтасын етіп, малды біріңғай карділер жасалып, көк шөппен жем берілді. Қары тазартылып, жолдары ашылды. Откорм ұйымдастырып, саломдар жеткізілді. Силос пен сенаждарды беріп, комбикормды аямады, малдың күтімін жақсартып, қоңын түсірмеуді, жаңа ферм басшысына, тапсырды. Біраздан соң, мал қоңы жақсарып, қалыпқа түсті. Жәнібек мал шаруашылығы, қиын көп шығынды, керек ететінін түсінді,

сондықтан «жаңа әдістерге», «жаңа технологияны» енгізуді мақсат етті, оқып үйренуді тапсырды, «асыл тұқым» ды енгізуді, бара-бара соған көшуді қалап, жиналыс сайын, айтып құлағына құйып отырды, асыл тұқымды, озат шаруашылықтарға жіберіп, тәжрибе алмасуды қалап отырды.

Жәнібекті түсінген жастар бірден қолдап, откормдарда істеуге, сұранып-звено құра бастады. Сөткелік «привестерін» өсіріп, «социалистік жарыс» ұйымастырып, ақшалай сыйлықтарға ие болды. Газет-журналдардың бетіне басылып, бастамасын бүкіл халық оқыды. Жәнібектің еңбегі, зая кеткен жоқ, егіннен мол астық жинап, облыста егінді бірінші болып аяқтап, үкімет жоспарын асыра орындап, бағалы сыйлықтарға ие болып «Волга» машинасын жеңіп алды. Мал шаруашылығында, ет планын ауданда бірінші болып орындап, жүннен екінші орынды қанағат тұтты.

Қолынан кітабы түспеген Жәнібек, қуаңшылық аймақтан, егінді мол алудың жолдарын іздеп, пар мен зябь жыртуды, назардан тыс жібермей, әрбір клеткалардың «гумысын» сақтап «банитетін» көтеруді іздеді. Ізденіс зая кеткен жоқ, көршілес совхоздардан артық мол өнім жиналып, астық шығымы жыл сайын қазақстан «миллиардына» қосылды. Қыстың суығы басылмады, жауған қарды боратып, баю соққан жел бағыты, «Үшқамыстан» кетпеді.

Жәнібек ақбоз атымен, қасындағы Сағын, Жұмат, Карбоз, Батырхан, Исаларды алып, фермаға бағыт ұстады, тағыда өз көздерімен көріп, қасқырдың арпалысын тамашалау еді. Желіген ақбоз ат, бағытын дұрыс ұстап, ферманың қайда екенін, бірден білетін. Талай жүріп, адасқанда жол тауып, елді мекенге өзі бастап, әкелгенде ақбоз ат болатын. Жүрісі жұмсақ мамықтай, желумен ілесіп, алыс жерді жақындатып, алып келетін қасиеті, бойынан кетпеген.

Сәттің бүркітіде сондай қасиетпен, қаншама қасқырдың апандарын құртып, бүкіл ауыл адамдарының әңгімесі «ел аузында» болатын. Сойқан төбелеспен-шабыста, алыс – жұлыс қабыста, сол қабақтың ойыс жері «жота» бойындағы шайқас «бүркіт пен қасқыр» арасындағы, жан беріспес төбелесте,

басымдық еткен құстың аяғына жығылып, өліммен бітісті. Өзен бойы, жарыса біткен жол табаны, ирімделіп ұзақ жерге созылып, алыс ауылға қатты жүріспен келіп жеттік. Дөңес беті, қарлы биік жотамен, тұтаса біткен, талды аймақ, биік ағаштарымен мұнартып қояды. Жәнібек бірден жолын қиып, Сәтке беттеп, жота бойын өрлеп келеді. Сәт ол кезде құсына жем-ауын беріп, астауға тураған қоян етіне тойғызып, қанатын тарап, келесі сайысқа дайын етпек болды.

Жәнібекті көріп, бәріде ортаға алып, қуанысып қалды. Жәнібек ойпатқа көз салып, аттылардың дамылсыз жүрістерін байқап, алған бірнеше қасқырлардың денесін көріп «олжасыз» болмағанына қуанып, қасындағыларға көрсетіп, құстың кереметтігін айтып, мақтауын жеткізді. Тояттаған құс, жан-жағын бағыдарлап, елендеумен көз тастап, өткір тұмсығын кере тартып, қанатын қайта-қайта жазумен, сом аяғын кезек сермеп, тыныштамады.

Жалт-жұлт еткен өткір көздері, алып денесімен ұласқан шомбал, мойын бітімі, бұрыла созып алысты болжап қояды. Керемет отырысын бақылаған жұрт, тау қошқарының денесіндей деп, әңгіме басын сөз етіп, қызықтап маңайынан шықпады. Сәт, әлден соң тағыда томаға тартып, қоян етін беруді бастады. Қылқытып жұтып, тағыда жеді, астауды босатып томағасын тойдырып, қоңын өсірді. Күн ашылып, бұлттар алысқа тарап, аязымен өңірді ұстап тұрды. Қызулы жігіттерге бұл кедергі болмады. Такен мен Еркін, Сайд үшеуі, аттарына мініп, ойпатқа құлдырап, жотаға түсіп, қалың ағаштың бұталарын ырғап, сүзе бастады. Қолдарында ауыр салмақты, жұмыр шоқпар, қабыстыра ұстап, ерсіл-қарсыл сілтеумен, аянатын емес.

Қарулы қолдары, ағаш басындағы қарды боратып, дауылды күндей шомылтып, денелерін ақ қар басып, қояды. Алдында Сайд бастаған бойы, атымен ойпатқа түсіп, сүңгіп кеткендей, денесін қар басқан, қалпын көрсетіп, шыға келді. Ат тұяғы тиген жері, апанның аузындағы қасқырдың денесін басып, өзіне ұмтылған, көкжалдың, арсылдаған тұмсығын, көзі шалып, шоқпармен басына, періп жібергенде, сақ етіп,

қыңсылаған дауысы шыға берді. Көкжал шокпарға жармасып, тістеген ұшын жібермей, аузын қарс жауып, ызалы қалпын танытып жібермеді, Сайд күшпен жұлқынып шокпарын босатып, тағы періп басынан дәл тигізіп, қанға бояды, әлсіреп барып құлаған бойда, өліп кетті.

Жәнібек Сайдтың қарулы жігіт екенін біліп, батылдығын көріп, мақтауға тұрарлығын, бірден байқады. Кенеттен, апаннан қашқан қасқырдың, екеуі атылған оқтай аспанға шауып, талды аймақты басып, жазыққа жөнкіле жөнелді. Ол кезде, Сайд олжасын жамбасына басып, Сәтке қарай шауып келе берді. Сәттің қолынан, сылт етіп ұшқан бойы, қыран түйіліп, қанатын баурына тартып, ызғумен қасқырдың үстіне барып, бірақ түсті. Аюлы тұяғымен бүріп, жерге құлата берді. Тұмсығмен ішіне батырып, шек-қарнын талақ етті. Қасқырдың жаны кетіп, жатып қалды. Сәт шауып келіп, тұяғын босатып, қолымен көтеріп, құсын бағыттап, екінші қасқырдың соңына салды. Алып ұшқан қыран, тоқтамастан қасқырдың соңына түсіп, қос қанатының пәрменді күшін жинап, арқасына жақындап келіп, сарт-сұрт еткен соқыдан, домалап барып, мұзды балшыққа соғылған басы, қыңсылап барып, өліп кетті.

Олжалы болған Сәт, жамбасына байлап, қонысқа бет алып, Жәнібекке қарай жылжи түсті. Такенде бүркітімен екі қоянды, алып тағыда ұшырып, соңынан салды. Алас-күлес сапырлыс, басталып аяқты аңдарды, алысқа жібермеді, біртіндеп қағып-тастап, қоянды көбейтті. Еркін қонды құсын қолына ұстап, жотаның шетіне бара бергенде, тұтқиылдан шыққан қасқыр, қарды боранша боратып, жонға шыға берді. Еркін аянып қалмады, бүркітін ұшырып соңынан салды. Жоғары көтеіліп, аспаннан құдилап, ағып келіп, қасқырдың үстіне барып жалп етті.

Аласұрған қасқырдың жүрісі сұйылып, бүркіттің аюлы тырнағынан, денесі бүрісіп, құлай берді, қарсы ұмтылуға шамасы келмей, әлі бітті, домаланып барып, жан тапсырды. Еркін тез жетіп, атынан түіп: «Кеу!», «Кеу! «-деп шақырып, бүркітін қолына қондырып, олжасын алып сүйретіп, қос маңына бағыт ұстады. Жәнібек бәрін өз көзімен «винокл»

арқылы көріп, тамаша өнерін мақтан етіп, ауыл жастарына айтып: Сендерде сондай ізденісте болсаңдар-болашақ аңшылықты меңгеріп, ауылды қорғайтын боласыңдар! – деді Жәнібек топтың алдында тұрып. Сәт батаған топ, аймақтың апандарын, құртып келмеске жіберді. Жәнібек бастап, Мыйқұдыққа жол тартты.

Мыйқұдық аты шулы жер. Малдың біразы осында шоғырланған. Жазық дала болғанмен, қыратқа тірелген шеті, ауылдан алыс емес болатын. Қосылған екі қыраттың, арасын шатқал алып қоныс тепкен. Биік талды ағаштарымен, көмкерген жері-ит-құстың ұясы болып, сан жылдар, «у-шуы» басылмаған аймақ аталып, ел аузында қала берді. Ат тұяғы баспаған жер, мыңырау дала кейпін, ұстаумен жоталы жер болып, көрніс тапты. Ол бағытқа мал жаюдан қорқып, келмесін білген жұрт-сырттай беретін. Сәттің келе жатқан бағыты, сол қырыттың басына шығып, аялдау еді, қоныс тебу болды. Ат легі дөнеске өрлей берді. Жазық даланы, осы жерден әдемі көруге лайық – деп ұғынды.

Ұшқан бүркіткеде, сол дала төсіндегі, шатқалдың жерін сүзіп, қашқан аңның жолын кесіп тұруға ыңғайлы. Күмістей жалтыраған, ақ қар, қойнауға толы, жер бетін басып, көзге шағылысқан, айдың көлдей, аймаққа созылған, шөптің басын аппақ қырау басып, ағашты қоса ұйытқан. Аязда сыр берер емес, тынық жел келбетіде баюлап, басылғандай тыныс береді. Барысымен, дөнес басына бір топ аттылар, ауылдан келіп, көмектесуге ыңғай берді. Сәт бірден қуанып, бауырына тартып, шатқалды сүзіп, қасқырдың апанын табуға, кеңес берді.

Мықты жігіттер, қарулы қолдарымен төмен құлдырай, шатқал төсіне, кіре тартты. Бауырай құмды, жер бетімен бұталы, ағаштарға толы болғанымен, тасалы жерді паналап, ұя қазып, бөлтіріктерін өрбіткен, сай табаны қолайлы болып, ұялы қасқырды пана еткен. Сол тобырды күшігімен табу, дамылсыз іздеу үстінде болды, ат шаптырып, дүмпу жасау, апаннан шығудың жолын кесті.

Сәт жем-сауын, астаумен беріп, қоян етіне томағасын тойдырғаннан кейін, қолына бүркітін қондырып, жота жиегіне, атымен түсе берді. Айғайға басқан аттылар тобы, апаннан үркітіп, оқтай атылған екі көкжал, бөлтіріктерін ертіп, ақ қарды боратып алай-түлей бұрқасын етіп, дауыл жасап, жота шетінен жазыққа қарай, қиғаштап салды.

Бүркіт көзі шалып, ашына ұшып, көкжалдың соңына түсті. Қомданған қарулы қанатымен, дауылша соғып, ұшырып түсірді, ауыр денесімен бірнеше домалаған көкжал жуан терекке соғылып, өлім құшты. Бүркіт тағыда, зулаумен екінші көкжалдың үстіне барып «гүрс» еткенде, баюлап барып тоқтаған көкжалдың белі үзіліп, қарсыласуға шамасы келмей, жатып қалды.

Сәт шауып-ұшып, жеткен бағытта, қолындағы жұмыр шоқпарының басымен, салып жібергенде, сылқ етіп құлаған бойында, мұрнынан қан кетіп, жан тапсырды. Жәнібек: Алды! Мәссаған екеуін бірден алды! – деп қарқылдап күліп жіберді. Енді бәлем! Қасқырды құртты, апанын тас-талқан етіп жойды! – десті көргендер куә болып. Осы кезде, Сәт тағыда бүркітінің құлағына «Кеу! ««Кеу! «деп қалды. Бүркіті тағыда кетті. Сайдта құсын ұшырып, түлкі соңынан, салып баюлаған қанатының қағысын ұнатпағандай кейіп, танытып, атымен шауып, құс алдынан шыға берді. Сәт жерде тұрып бақылап, түлкіге құлдилап келе жатқанын байқап, талды ошақтан жазыққа ықсыт деген белгі беріп, Сайдқа үлгірседе, түлкі құйрығын артқа тастап, тал ішіне жоқ болды. Бүркіт аспанды айналып, қанатын анда-санда бір қағып, тал ішінен түлкінің шығуын бақылап, аландай берді.

Сәттің бүркіті, ол кезде екі-үш бөлтірікті, қанатымен соғып, тырапай асырып, келмеске келтіріп үлгірді. Сойқын шапшаңдығы, алып құстың бар қасиеті, тіпті көкжалғада басымдық танытып, айла тәсілімен, күштілік қуатын көрсетіп, сарт-сұрт еткізіп, домалатып өлтіріп тынатын. Аттылар, талға кірген түлкіні байқап қалып, алдын орап, тал ішінен үркітіп, шығара берді. Қатты асығып барып, түлкінің денесін іліп

алып, кең жазыққа жоғарыдан тастап жіберді, ызасы кайнадыма, құлаған түлкі тіл тартпай, өліп кетті.

Жәнібек айғай салып, Сайдқа алыстан жазықты көрсетіп, белгі беріп, бүркітіне қол сермеді, шауып ала жөнелген бойда, құсының үстінен түсіп, қолына қондырып, олжасын қанжығасына байлап, етекте тұрған Сәтке қарай жылжи түсті. Жәнібек, Сағын, Мұрат, Бейсен, Мүсірептермен, Сәттің қасына келіп, таудай таласқан, алып көкжалдарды көріп, қалай алғанына біраз тұрып, таңырқаумен құсының кереметтігіне риза болып, қаншама фермаларда болып, дала қасқырының апанын құртып, тас-талқан еткен жігіттердің ісіне рахметін жаудырып, барлығыда Сәттен бастап, Еркін мен Сайдты, Такендерді құттықтап, Жәнібек олардың арқасынан қағып, мақтауын асырып, сыйлықтармен марапаттауды, уәде етті. Жәнібек ақбоз атымен, алға түсіп, совхоз орталығына бет түзеді.

Сәт құсының, бір кереметі алып ұшқан қанатының бір жоғары, бір төмен ұшуы, ағып барып алып түсуі, біріншіден бүркіттің ғажаптығы болса, екіншіден иесінің күтіп баптауында болып, құс-бегінің қоңының таймастығы болмақ. Арпалысқан қасқырдың талай рет қарсы ұмтылып, бүркіттерге шауып, қарсылық көрсетіп, әлсіздігін байқатқан құс – бегінің, Сайд пен Такендерде жиі кездесіп, түлкі мен қоянды алып, шектеліп жүрді. Сәт соларға жеткізіп айтып, қондарын түсірмей, дамылсыз қоян етін беруді тапсырып, жұмсақ сіңімді келетінін ескерткен. Тау шұғыласы құсап, дөнес алқабы, биік тартқан қалың ағаштарымен мұнартып, алысқа көсілген. Жапан дүз даланың салқын ауасы, құлаққа ұрып, желмен есіліп қояды.

Ойпат жоталарыда көкшіл тартып, ауа толқынымен ұласып, бұлтсыз аспанның көгілдір келбетін ашып тұрғандай сезінесің. Бұл табиғаттың әсем түріне еніп, дала төсін тынық желмен, таза ауасын асыл тұтқан, бүркіттің қуатыда күшейіп, алтын-күмістей жылтыраған, қанатының пердесі ашылып, оңды-солды қағып қоюы, күтіп – баптаудың кереметтігі-деп, ұғынасың. Жәнібек, қанша алыс жолда жүрседе, қайраттанып

шаршамады, шаруашылықтың деңгейін көтеріп, дамылсыз іздену үстінде болды, көп оқыды, «ғылымға» баса назар аударып, жаңа өндіріс ошақтарын, егін мен мал шаруашылығына кіргізе бастады, беделі өсіп, алдыңғы саптан орын тепті. Қаз-қатар салынған сәулетті үйлер, әсемделген көшесімен гүлденіп, жасыл ағашқа оранып, ауыл көркін асыра түсті. Орталық көшеге «торговый центр» сыяқты, бірнеше дүкендерді салып, үлкен асхананы да беріп үлгірген. Халықтың тұрмыс-жағдайлары көтеріліп, жастарды қалаға жіберіп, оқуға тартты. Күн жадырап, көктемнің жылы күндері, аймаққа нұрын төгіп, баю желмен ілескен табиғат көркі, бойынды билеп, қуантты.

Жәнібек бригадаларды, Мұхитпен бірге аралап, көктемгі егіске шығудың, бағытын ұстап, жиындар өткізді, техниканың дайындығын қадағалап, алдағы жұмыс істерімен таныстырып, озық «технологиямен» жұмыс істелетіндігін, хабар етті. «Культура земледелиесын» сақтау, қатаң тәртіп, орнатумен жалғасын тапты- «брак» жібермей, барлық «комплекті» ипатовский «методқа» көшіруге бағыттап, тұқымды ылғалды жерге сеуіп, көктегі егісті «оптималный» сроқта бітіруге, қатаң түрде жүргізуге бекінді. Техникалар дайын болып сап түзеді. Қыста қар мол болып, жауында жилеп, ылғалға байытты. Шалқыған егін алқабының көлемі көбейіп, алтын астықтың болашақ дағыдыры, сәт қадамына орала бастады.

Дала егісі аяқтала бергенде, Жәнібекке обылыстан хабар келіп, Қостанайға шақырды. Алып ұшқан жүрегі, қуанышпен тоқтамады. Баянның да бойын қуаныш билеген, бір жақсылықтың болатынын сезгендей, көрші-көлеммен бөлісе бастады. Өзі құрған совхозды, қалай қиамын! – деп, ойға батты. Амал болмады, белді буып, қалаға жол тартты. Алыс жол, биік гридер жолы, жаңадан салынып жатқан, асфальта төселмеген, жиегімен жүріп Қостанай бағытына аса берді. Түс ауа, қалаға келіп кірдік.

Обком үйі. А. М. Бородиннің шақыруымен, қабылдау бөлмесінде отырып, кезек күттім. Бірден мені қабылдап, жағдайымды сұрап, болғаннан кейін: Жәнібек сені арта

қалған «Бостандық» совхозына жіберуге шешім қабылдадым, сен болмасаң ол совхоз құрдымға кететін түрі бар, тек сен ғана көтеріп қатарға қосасың, қандай көмек болмасын, барлығында жұмылдырамын! – деді бірінші хатшы.

Жәнібек келісімін беріп, бармын! – деп сендірді. Облыс орталығынан шеткерек, алыс жатқан, қуаңшылық табиғаты билеген, жалпақ аймақ, оңтүстік бағытқа созылған. Ұзын қара жол, жеңіл машинада Жәнібек, бұрын барып көрмеген, жердің сай-саласы, дала өңірін қалың билайық басқан, көде шөптер бірге жарысып, сағымданған өркеш толқынды, жел легі баюлап келіп, бетке ұрғандай, сезінесін.

Далада өскен ағашта байқалмайды, шоқ болып өскен тобылғы түбі ғана көрініп қояды. Қабақтан түсіп, ойлы жотамен, алыстан көрінген, қоңыр үйлері бар, көріксіз ауыл бейнесі, ретсіз салынған ғимратты көріп, совхоздың жаңа орталығына келіп кірдік. Орталық кеңсе, жиналған ауыл адамдары, аудан басшысы, жаңа директор Жәнібекті таныстырып, қысқаша совхоздың құрылғанына мәлімет беріп: сегіз мыңдай ғана тың көтерілгенін, мал басының өспей қалғанын, кейбір жылдарда, шөп дайындалмай, өлімге жол бергендігін, сөз етіп айтып өтті.

Жәнібек осы көлеңсіз жағыдайлардың не себепті орындалмауын, анықтап білуге шыдамай, кешкілік барлық басшылардың жиналуын тапсырып, ешкім қалыс қалмауын ескертіп, жиын өткізді. Сұрақ төтесінен қойылды: Кім кінәлі!? Неге тың көтерілмей қалған? Тың жерді көтеру бүкіл халықтық іс емеспе? Мұны орындамаған қандай басшы, қолынан келмейтіні бар, орынды босату керек, үкіметтің ақшасын алып, өтірік ақпаратпен күн өткізіп, ақырында толық егінді себе алмай, қаншама астықтан қағылдындар, «өресі жоқтар-өкінішпен» уақыт өткізіп, қатардан қалып, совхозды аяққа басып, «оңай құтылудың» жолын іздегендердің, жолын кесіп, бетіне айтуға тура келді, – деді Жәнібек, бір-бірлеп, тұрғызып жауаптай бастады, кінәлі кім екенін анықтау еді.

Содан кейін бөлімше басшыларын тұрғызып: Малдың өсімі жоқ? Бірнеше жылдан бері төл, алудың көрсеткіші өте

төмен, жоқтың қасы, мал басы кеміп, талан – таразға түсіп, жоқ болған, айтуларына қарағанда, бірыңғай айырбасталып, табын мал бұзаумен толыққан, – деді Жәнібек, мені алдап, алдынан шығамын «құтылып кету» айламды асырамын деушілер, «екі шайнап бір жұтамын» дегендердің бүгін жолы болмай, аңырап бос қалды, қолымен істегенін, мойнымен көтеретін уақыттың, келгенін ескертті.

Жиналыс біразға дейін созылды. Жәнібек: Ертеңнен бастап «арнаулы комиссия» малды түгендеп, санақ өткізеді, егістік жердің жыртылған аймағын өлшеп, нақтылы есеп жүргізілетін болады, сондықтан бәрің, кім жауапты участіктер мен ферма басшылары, өз орнында болып «шу» шығармай, бағымбай қиқандық жасап, теріс мінезді көрсетуден аулақ болғандарың дұрыс, қатаң ескертемін, шалыс жасайтындарды аямаймын, үкімет заңымен түрмеге тығамын, – деді басшы, қатулы сөзімен аяқтап, жиналысты жапты.

Жәнібек, ертемен Мұхитты қасына алып, егіс алқабын аралауға бет алды. Мұхит пен Қарлығашты өзімен бірге көшіріп, совхоздың бас инженері болып орналасқан. Жалпақ дала төсінде, егін толқыны саябыр тартып, қаулаған арам шөптер басып, клетка бойына қаптап кеткен, жолдарды темір сынықтары басып, айналып өтуге мәжбір етіп, пашня үстінен айқыш-ұйқыш қосақ жолдар көбейген. Бригада басында ретсіз қойылған техника, әр жерде шашылып қалып қойған. Сеялқалардың ящиктері тазартылмай, сақтау «орын тұрағына» қойылмай, қалай болса-солай «полевой стан» маңынан, үйлердің жанынан орын тепкен. Жәнібек бұл жағыдайды көзімен көріп «жауапсыздыққа» шыдамады, түгел жинап, жиын өткізді.

Жәнібек әптен ысылған, орысшаға жетік: Кім бригадир? Алға шығып, жұртқа көрін, неге бұлай жұмысты бетіне жібергенсің? Техника шашылып ретімен жиналып тұғырына қойылмаған, көктемдегі тұқым қалдықтарынан тазартылмай, шіріген себетін катушкалары енді істен шығып, жарамсыз болған, клетка жолдары темір сынықтарынан көз алар емес, бәрінінде ең сорақысы, егін алқабын түгелдей арам шөп басып,

сау клетканы көре алмадық! – деді Жәнібек қатуланып, бригадирлерді алдыға тұрғызып қойып, құлағына жеткізді. Сол ұзаққа созылған жиналыста, әрбіреуін тыңдап, қатаң тәртіп орнатуын талап етті. Жеке-жеке сроктар беріліп, қайтып оралуға келісіп, барлық тракторларды дайындап тың көтеруге, жұмылуға уәде етті.

Жәнібек: Мен сіздерге, қатаң ескертемін, кімде-кім тың көтермей, қалыс қалатын болса, совхоздың келер жылғы егіс көлемі, 30000 гектарға жеткізуге, оқыс мінез көрсетіп, бар техниканы жұмылдырмаса, ондай адамды бір күнде ұстамаймын, қолына чомаданын беріп, совходан қуамын, – деді, екі-үш күннен кейін қайтып оралатынын ескертті. Шалқыған тың дала төсі, қайнаған еңбек жұмысы жанданып «полевой стан» қалыпқа келіп, шашылған техникалар рядқа қойылып, күндіз-түні дамылсыз ағылған трактор легі, тың жердің қыртысын көтеріп, стандартты 400 гектарға бөлінген, клеткаларға топтасып, өңірдің бәрін жырта бастады. Сыртан қаптаған техника көмекке келіп, белгіленген межені орындауға, келер жылдың егін алқабына, алтын дәннің іргесін қалауға аянбай еңбек еткен, алып күшті техникалар, дала өңірін өзгертіп, астық совхозына айналдыруды, мақсат тұтты.

Мұхит егін басынан шыпады, түнгі жарық сәулесімен істеген техниканы, бір сәт тоқтатпады, алыстан көшкен ел құсап, күн көзінің сәулесіндей, жарық жұлдыздар мен ұласып, құлашын алысқа сермеді. Жәнібек түнде де тамақ беруін, талап етті, тың көтерудің дәуірін, алғашқы боразда «Целина» ны жалғастырып «дүрілдетті». Тың көтеру жұмыстары қарқын алып, меже-жоспарына теңесе бастады.

Жәнібек Сазбұлаққа бүкіл бөлімше басшыларымен, малшы қауымды жинап, жиналыс өткізді. «Комиссия» басшысына сөз беріп, Жәнібек жиналысты өзі басқарып, жүргізіп отырды. Сөз алған «Комиссия»: Малдың барлық түрін қалдырмай, санап шықтық, көп малдың ізі жоқ, жетпейді әіресе, ірі қараның орнына бұзау салынып ұсақталып кеткен, жетіспейтін жерлерін «өлді деген-акт толтырылған» сыяқты қулықтарымен, айласын асыруға тырысқан, шындықтың бетін

ашып, барлығымызда жағамызды ұстап, растаумен қолымызды қойдық, – деді, актыны Жәнібекке ұсынып. Жәнібек біртіндеп, жауапты адамдарды тұрғызып, қалай болғанын сұрап, үкімет малын орнына салуын талап етті. Жәнібек: Маған үкімет пен партия тапсырып, совхозды қалыпқа келтіріп, үлкен астық совхозына айналдырып, бағыт ұстап, мал шаруашылығын қоса дамытып өркендетуді тапсырды! – деді.

Мен сол шешімді орындауға уәде еттім, сондықтан осындағы отырған, кінәлі-жауапты адамдарға айтатыным «жеті күн» ішінде мал басы түгелденіп, орнына салынатын болсын «сендер-үкіметтің» жиені емессіңдер, орындалмағандарды орган арқылы қайтаратын боламыз, – деді қатулы қалыппен. Бөлімшелердегі үй мен қоралар ескіріп, құлау алдында тұрғанын жеткізген, малшы қауымның пікірін біліп, кезек күттірмейтін жұмыстардың қалыптасуна, тез шара қолданатынын жеткізіп, ауылды көркейтуге бағыт ұстады. Құмкешу, Таңатқан, Сарықопа ауылдарына студент-отрядтарын жіберіп, үй мен базаларды қаптатып, сала бастады, жаңа көшелермен, ақ үйлер қатар түзеп, ауыл сәнін өзгертіп, мектеп, мед. пункт, мәдени ошақтарымен, толығы түсті.

Жәнібек совхоздың орталығын салуға, қаладан «құрлыс-компаниялары» келіп, жаңа совхоз орталығын «проект» бойынша, «Мәдениет үйі», «Мектеп», «Арухана» және өндіріс объектілері мен үйлер тұрғызуға келісіп, құрлыс жұмыстарын, бастап кетті. Жоғарыдан болған көмек, күн санап, қаншама құрлыс материалдарын, жеткізіп үлкен ғимраттардың бой көтеріп, аз уақыт ішінде, дайын етіп, халықтың игілігіне бере бастады. Орталық өзгеріп, «жаңа қалашық» атанып, дүркіреген жұмыс қарқынын күшейтіп, болашақ үлкен астық совхозының іргесі қаланып, әйгілі бола бастады.

Сан көшелерге, қатар тізген ақ үйлер орын алып, бірінші болып, «Мәдениет үйі» мен толығып, пайдалануға берілді. Жәнібек дамыл таппай, оталықтағы нысандарды, тез салып бітіруге, қаламен хабарласып, құрлыс компанияларын, іске тартты. Көше бойына ағаштар отырғызылып, болашақ парктің

іргесін қалады. Алыстан жарқыраған, ауыл сәні электр жарығымен гүлденіп, келбетін өзгертіп, құлпыра түсті. Жәнібек барған жерінде жиындар өткізіп, көпшілікті жұмысқа тартты, қатаң тәртіп орнатып, басталған істің орындалуын талап етті. Бірақ кейбір жерде көлеңсіз жайлар кездесіп қалып жүрді.

Құмкешу бөлімшесі, орталықтан алыс болатын. Жайсыз хабар жетісімен, Жәнібек, қарулы жігіттерді қасына алып, Құмкешуге бағыт ұстады. Кетерде ауылдық советке тапсырып, милиция шақыруды ұмытпады. Жүйткіген жеңіл машина, ұзақ жол бойымен жүйткіп келеді. Ирелеңдеген шаң, жол үстінде, бұрқасын болып қала берді. Жағалай өскен, қалың бидайық басы, қозғалып, желмен үндесіп, толқындай түседі. Алыстағы сағымда, бұлдырын шашып, көзге елеңдейді. Алдымызда өзен сағасы, қалың ағаштың саясымен, алысқа созылған. Күмістей жарқыраған су беті, дариядай шалқып, кең жағасын құраумен, құс базарына толыққан. Жағалай өскен, қалың қамыста өзен жиегінен көрініп, қояды. Үлкен үміттің сұлу табиғаты, жер қойнауын, әсемдеп көңіліңді көтеріп, сүйінгендей боласың. Жылы соққан жел беті, ауа толқынымен жалғасып, дененді ширата түседі.

Жәнібек құс базарын көргенде, Сәтті есіне алып, шіркін бүркітімен, «сойқан-төбелестің» құс базарына жіберсе, жапырып тобымен алар еді! – деп түйіндеді. Бірақ бұл жақтада, ел-жұрттан сұрастырып, бүркітпен айналысатын аңшыларды іздеу ойында болды. Өзен жағасынан өте бергенде, балық барма? – деп сұрай бастады қасындағылардан. Әрине! Балық көп! Бірақ басқа қаладан келіп, аулап әкетіп жатыр! – десті. Жол үстінде біраз шаруаның бетін ашып, тез қолға алудың жолын іздеп, ой қорытты.

Дөнесті басып, Құмкешуге келіп кірдік. Ауыл кеңсесі-шағын жұпыны үйге орналасқан. Жәнібек келісімен: Бүкіл ауыл адамдарымен, малшыларды қалдырмай, Әбдікәрім деген-кудың келуін, бұйрық етті. Кеңсе алаңы. Сыймаған жұрт, даланың алаңына жиналып, көк шөпке отырып, легімен келуін күтіп, аяғы басылмады. Әпсәтте, көйегінің

жағасын айқара ашқан, енгезердей екі иығына екі кісі мінгендей, дәу пұшпақ құсаған, қара мұртты, кесек денелі, маң-маң басып, алдыға келіп отыра берді. Жәнібек сұрап, кім екенін анықтап алды.

Жұрт жиналысымен, Жәнібек алға шығып: Мен сіздерді жинағаным, жақында келіп, жаңа совхоздың құрылғанына көп бола қоймағанын, бірақ артта қалып, шаруашылығы кейін кетіп, дала жұмыстары мен мал шаруашылығы құрдымға кетіп, отырғаны тәртіптің жоқтығы, жұмыс істемей ішкілікке салынып, денесінің күштілігін көрсетіп, қорқытып ұрып соғуы, мынау Әбдікәрім сияқты қулардың орын алуы, қоғамды артқа кетіріп «қой дейтін-қожаның» болмағанына қатты қынжыламын. Бірақ бізде мұндайларға орын жоқ, тәртіпке бағынбайтындарды, ауыр еңбек колониясына жіберіп, совхоздан қуамын, – деді қатуланып, қалың жұртты өзіне қаратып. Сол мезгілде сау етіп, милиция тобы, совет басшысы мен алаңға кіре берді. Алдыда отырған адамды нұсқап, бүкіл жұрт шу етті: зорлық – зомбылығын айтып бетіне басты, ұрып-соққан адамдары жарасын көрсетіп, қолына кісен салынған Әбдікәрімнің көзін шұқып, жабылып таяқтың астына алып, әлсіретті.

Көтеріп апарып, бортқа тастап, түрмеге әкетуін талап еткен қалың жұрт Жәнібектің ерлігіне риза болып, рахметін айтып тарасты. Құмкешуді аралап, мал базыларында болып, жайлымдағы малдардың қоңын көріп, жақсарып қалғанына көңілі толып, базалардың бой көтеріп, бітуге аз-ақ қалғанын байқады. Салынған көп үйлерге, малшыларды орналастырып, кілтін берген Жәнібекке, адал еңбек етуге сендіріп, мал басын өсіруге сөз берді. Құлпыра түскен, аймақ табиғат сырымен бөлісіп, келбетін өзгертіп шыға келді.

Жәнібек бүкіл халықты өзіне тартып, қайнаған жұмыс қарқыны, кең далаға ұласып, шалқып жатқан өңірдің дүбірі, құлашын алысқа сермеп, адал еңбектің болашағын меңгерді. Құмкешуге, асыл тұқымды малды орналастыруға, қадам жасап, жастардан бигада құруды тапсырып, откорм ашуды белгіледі. Малға сенімді адамдар іріктеп алынып, жаңа үйлер

беріліп, қуанысқан жастар көптеп келіп, орналаса бастады. Жәнібек: Бұл өте, тамаша жастардың малға деген, сенімін жоғалытпауымыз керек, сонда ғана мал басы өсіп, өркендейтін боламыз, – деді жиында бас қосқан, ферма басында.

Орталық. Мәдеиет үйі. Ашылу салтанаты. Жиналған халық, бүкіл аймақты қамтыған, кәріде-жасыда осында. Тамаша салынған, ғимрат нақ аумаған қаланың театрындай, көркемдеп салынған, көз тояр емессің. Кең залы, тамаша столдар қойылып, безендірілген сахна төрі, Алматыдағы, қазақтың Абай атындағы опера-балет театрының кемемес, өрнектеліп жасалған, шымылдық қазақтың ұлтық оюларымен сахна төріне ұсталған, сәуле жарығымен қызылды-көк түске бойалып, алтын сырғадай жалтырап, назарынды тартып, қояды.

Терезе бойына ұсталған қымбат жібек маталардан тігілген перделер, әсем гүлімен, қабырға бойына ілінген «Целина» эпопеясының, алғашқы «тың көтеру-бораздасы» биімделген картина партреті, көрсетілген. Жайласқан жұрт бұрын-соңды мұндай ғимратта отырып көрген емес, тек кітап суретінен ғана, болжам жасайтын, ал бүгін сол ғимрат ішінде, ашылу салтанатын, өз көздерімен көріп «тандануы» ғажап құбылыстың куәсі, болды. Жұрт аяғы басылдау деген де, сахна шымылдығы ашылып, мінбеге қарай жылжи түскен Жәнібекке, орындарынан тұрып, ду қол соғып, қарсы алды.

Мінбеде Жәнібек ашық дауысымен: Мен осында отырған, бүкіл еңбекші халықты, Мәдениет үйінің ашылу салтанатымен құттықтаймын!!! Болашағымыз қандай болмақ!? Тоғыз ай ішінде, не тындырып, қандай жетістікке жеттік!

Совхозымыз алтын астық бағытында болғн соң, 30000 гектардың «тың» жерін көтеріп, меже-жоспарын орындап шықтық, біз енді батыл түрде, көктемгі егісті сапалы өткізіп, алтын астығымызды «Қазақстан миллиардына» қосамыз.

Мал шаруашылығыда, өркенлеуге бағыт алып, кейбір түрлерінен жоспарды орындадық. Бірақ әліде, көп жұмысты керек етеді, шешілмеген «өзекті мәселелер» шаш етектен, мысалы асыл тұқымды мал сатып алып, біртіндеп жаппай

соған көшу, бүгінгі күннің талабы болмақ, асыл тұқым өз шығынын жауып, таза пайдамен аяқтауға жол ашады. Оған жауап, өздерің қараңдаршы- Қостанай өңірінде қаншама, атағы алысқа жайылған, Москалев, Сұлукөл совхоздарын, бүкіл республика біліп, Союзға атағы шықты.

Астық үшін аттаныс, бүгіннен басталмақ, техниканы дайындап, ауылшаруашылық құралдарын-құрастырып, сақадай-сай етіп қойу керек, «көктемнің-бір күні, бір-жылдық азық» деп, текке айтпаған, уақыт аз болып қалуы ғажап емес. Бүкіл мал фермаларында, жаңа үйлер мен қора-базылар салынып, ауыл тұрмысы өзгеріп, қайнаған еңбек бағытына ұласа бастады! – деді Жәнібек сөзін аяқтап, жеткізді. Ду қол шапалақтаған, көпшіліктің назары Баян бастаған концертке ауысып, Құрманғазы оркестірінің «Саржайлау» күйімен жалғасын тапты. Тартылған күйдің назы, залдағыларды орап алып, алысқа шалқыған көңілдерін босатып, бойларын биледі. Асқақ ойлары, домбыра үнімен жалғасып, асау толқынды, өзен арнасынан шығып, қайтып оралғандай, кейіп танытып, тамаша дене сазымен, бойын балқытты.

Әлден уақытта сахнаға, Баян шыға келгенде, сұлу жүзіне қараған жұрт, қайран қалысып, көзін айырмады. Назары Баянның үстінде болды. Оркестірдің сүйемелдеуімен, «Сағыныш» әнін бастап, жөнелгенде Баянның асқақ дауысы, назды үнімен жеткізе білді, тыңдаған жұрт көңілі босап, көздеріне жас алып, орамалмен, сүртіп Баянның мөлдір көзіне қараумен болды.

Баянның басында камшат бөрік, ұзын бойына жарасқан қызыл көйлегі, көк береннен тігілген қамзелі, қою кара бұрымын алдына жіберіп, сұлу Баянның келбетін, бұрыннан да аша түскен, сымбатын көрген көпшілік, назарына тоймады. Баянның әнімен жарасқан, әсем жүзіне қарасқан жұрт: «қазақтың осындай сұлу қыздары-ай! – десті. Концертті басқарып Жәнібек өзі жүргізіп отырды. Қазір алдарыңа, Баянның құрбысы Қарлғаш шығады! – деп хабарлады. Сахнаға шыға келген, сұлу жүзі, тамаша киімдерімен жараса түскен, бейнесін көрген жұрт, сымбатына қызығып бірден «ғашық»

болған, жігіттер сырын, өіне тартып ұйыта берді. Арман асуыда, ән сипатын ашып, өмірдің ләзатын бергендей, ой сала түсті.

Баян мен Қарлығашты, баяғының «Айман мен Шолпандай» жұбі жазылмас қос құрбысын көріп, «таңданған қалың жұрт» ұмытылмастай із қалдырып, Қарлығаштың аңсаған «Анашым» деген әнін естіген де жүрек толқынына бөленіп, қол соғумен көпшілік, сахнадағы Баян мен Қарлығаштың кезек-кезек беттеріннен сүйіп, тарасты. Жәнібек арасында күлдіріп, концертті өте тартымды етіп «ұмытылмас» із қалдырды.

Баянды келген бетте, ауданға шақырып, мектеп директорлығына бекітті, Қарлығашты бұрынғы мұғалімдік жұмысына қабылдады. Ұласқан кең шарлы, шағын ауыл легі, бірінен соң бірі, Сазбұлақтан басталып, Сарықопаға дейін мал қонысын айналған, үлкен аймақ, жалпақ өріс даласы мен, көк майса шөпті жердің келбетін беріп, сұлу табиғаты көз тартып, қала берді.

Жәнібек Таңатқан бөлімшесіне келіп, жол тіреді. Өзімен бірге Сартай, Жақып, Әшірбек, Ғайыптар мал қораларын аралап, қыстақтарды көріп, көңілсіз істерді байқап қалды. Айнала толған қоқыс, үйілген бірнеше жылғы малдың қилары, өтер жерді таппағанына қиналып, жауапсыз адамдардың әрекеті! – деп ой түйді. Осы үнсіз даланың, қыбырлаған жан адамның жоқтығы, бір ғажап дүниенің, сілкіп тастар кезегі келгенін, сағымдай жоғалып кеткенін аңғарды. «Бұл жауапсыз-адамдардың ісі! «-десті. Қабағы түсулі, кейістік танытқан қалпын көрсетіп, көпшілік кеңсе маңына жинала бастады. Жәнібек кеңсе маңына тоқтасымен, бүкіл халықты жинауға бұйрық берді. Сығасқан халық, тайлы-таяғымен біреуде қалмай жиналып, жаңа бастықтың бір ауыз сөзін күтті.

Жәнібек: Мен қасымдағылардан өзім ұйалдым, не деген маскара, осындай тамаша уақытты босқа жіберіп, шөп тасылмай, база басына үйілмеген, қоралар тазартылмай, ремонт жасалмаған, тіпті базға кіретін жолдарды бөгеген, көп

жылғы қилар тау болып үйілген, мұндай бассыздықты мен өмірімде бірінші рет көргенім еді, не болған сендерге! – деп түйлікті, сөзін жалғастырып, мұндай басшының барынан жоғы, сіз енді жұмыс істемейсіз Уасит-мырза, боссыз совхоздан кетуіңізге тура келеді, үйді босатыңыз, жаңадан жігерлі жас жігітті қоямын! – деді ызалы дауысымен. Шығып сөйлеуші малшыларда: Қаншама шөп шабылмай, мал өрісіне жем болып, исарапталып жатыр! – десті Жәнібекті қолдап. Жиналыс ұзаққа созылды.

Жәнібек: Мен ертеңде осында боламын, жаңа басшыларыңды әкеп, құрлыс салатын бригаданы жеткізіп, жаңа үйлер мен топтастырып базалар салғызамын, қосымша студент-отрядын бекітемін! – деп, кетуге дайындалып, орындарынан тұра бастады. Түн қараңғы басып, жиын аяқтала бергенде, кеңсеге жылап кірген жас келіншектің дауысы есілді. – Бұл не болды? Кім өзі? – десті. Жәнібек атып тұрып, есікке қарай жақындай берді. Алдынан екі беті қызарып, көзі жасқа толы, сұлу тартқан әдемі реңі бар, келіншек шыға келді.

Өткір келіншек, басындағы ақ шалысын жұлып тастап: Менің атым Сандуғаш күйеуім қайтқан соң, бір жылдай отырып қалдым. Жесірімді ешкімге бермеймін! – деп қарт Хусайн мені, екінші әйелі етіп, «тоқалдыққа» алуға той жасап, әйелінен бала болмағандықтан, әлек болып жатқаны, бүгін үшінші күн. Бүкіл ауылды дүрліктіріп, араққа тойғызып, мас қылып ойрандап жатқаны анау. Үйімнен сүйретіп, әкеп қасыма күзетші қойып, ешқайда шығармады, «жаңадан совхозға басшы келіпті» деген сыбысты естіген соң, қасымдағы көрші әйелге жалынып, киімін сұрап киіп, әрең дегенде қашып шығып, сізге келгенім еді! – деп көзіне жас алып, орамалымен сүртіп, бойаудай болды.

Жәнібек жанындағы, ауылнай Сартайды, қарулы жігіттермен, Сандуғашты машинаға отырғызып, жүре бергенде, қос булдозер тракторды алдына салып, Мұхит машинасынан түсіп жақындай берді. Жәнібек бірден тоқтаған бойда: Ер менің соңымнан! – деп белгі берді. Мұхитта бір пәленің болғанын түсініп, ілесе жөнелді. Ақотау үйінің

жанындағы көкалға тігілген, маңайы толған адам, Отау ішінде шырқалған ән, қыз-келіншектерге толы. Мана базы басынан, ешкімді таба алмай, жан адамды кездестіре алмадық, бақсақ бәрі-осында екен! – десті. Арақ ішіп мас болғандар, естерін жинай алмай, жығылып-сүрініп, отау маңынан алыстамай, бастарын жазып «бірі келіп-бірі кетіп» жатты.

Жәнібек Сандуғашқа машинаның ішінен шықпауды тапсырды. Хусайн бедел алып, ферманың бұрынғы басшысы Уаситте осында болып, бірге ішіп, тойлағанға ұқсайды, екі-үшкін бойы фермада жұмыс тоқтап, «үйленуге» қошемет көрсетіп, жақтастары мәз болып, отаудан ұзамады.

Жәнібек мұндай, бейбастақ-жауапсыз адамдарды, бірінші рет көріп шыдамады. Жәнібектің қасына ерген Мұхитта: Сазайын берсек, қайтеді? Бәрінде ұрып жығуға болады, – деді кіжініп.

Жәнібек отауға жақындай түсіп, Хусайнның сырқа шығуын талап етті. Сартай бұл сұмдықтың мұнымен бітпесін, түсініп ауданмен хабарласып, милиция тобын шақырып, бір сағат ішінде жетуін, ескерткен. Бір кезде есік ашылып, кесек денелі, шоқша сақалды, мойны басымен бірге тұтасқан, кең жаурынды, ақ тақиялы, алпыстың қырқасын меңгеріп үлгірген, карт кісі шығып: «Мен Хусайн! «-деп көтеріңкі дауыспен, араққа тойып алған, қалыппен жылжи басып, домаланып келе берді.

Жәнібектің қасына жиналған топты, ығыстырып қарсы жүрді. Жәнібек: Сен қандай заманнан бері, жас қызды «тоқалдыққа» алып, үшкін той жасап, ферманың жұмысын тоқтатып, бүкіл адамды масқылып, совет заңына қарсы шығып, қоғамды бүлдіріп «лаңкестік» жасауға, қандай «праваңыз» бар? – деп сұрақтың астына алды. Қараңғы түн уақыты болатын. Кімнің кім екенін, аңғаратын Хусайнның көзі жабылып, ұясынан шығып, танауын көкке қаратып, сөз тындап есіне алатындай, жағыдайы алшысынан түсіп, бүгін кешке көрші әйелге, Сандуғашпен некесін қиғызып, көкірегі өсіп. алғашқы түнді бірге өткізу болды. Мас болып, араққа тойып алған, кейпін көрсетіп, ешкімді менсінбей, сөйлескісіде

келмеді. Тек ойында, төсек жаңартып, отау ішінде жас келіншекті, өзіне меншікті етіп, әйел қылып алу еді. Әлден соң, сен кімдер едің, мені шақырып, ақыл айтатын! – деп Хусайн қолын сермеп, маңайына жан адамды жолатқысы келмеді. Мен алсам, өзімнің жесірім, атадан қалған дәстір, әулетімізді ренжітіп «аяқ салмай» басқа кісіге қалай қиып жібермекпін! – деп басын шұлғып, Хусайн еліре түсті.

Шыдамы таусылған Мұхит, дөңгеленіп келіп, қос аяғымен «сарт» еткізіп, ашылған төсіне, беріп жібергенде, шалқалап барып, тақыр жерге топ етті. Қолын артына қайырып, арқанмен байлап үлгірді. Шуласқан қыз-келіншектер, отаудан шығып үйлеріне тарады. Сартай алғызған милиция тобы, қолына кісен салып, отау ішіне кіргізіп, жауаптай бастады. Қылмыс істерін бетіне басып, айыпты! – деп түрмеге алып кетті.

Жәнібек, ертең осы бөлімшеге, жаңа басшыны әкеліп, бүкіл халықпен сөйлесуге бекінді. Хусайн сыяқты, еш жерде жұмыс істемей, ұрлықпен малды көбейтіп, топ жылқының үйірін ұстап, адал еңбексіз байыған «қуларды» іріктеп совхоздан қуды. Олар болашақ жастардың өміріне балта шауып, ескіліктің істеріне-құлақ асып, жалған байлықпен, ойларына келгенін істеп, адал еңбекпен жүрген халққа кедергі жасап, адастыру жолдарын пішті. Жәнібек машинаға Сандуғашты алып, орталыққа бет түзеді. Қарапайым қазақ қызының, жол тауып қапастан құтылып шығуы, ерлік! – десті. Зорлық-зомбылық батып қалған, жас келіншек әрбір сөзі сайын, көзіне жас алып жылаумен отырды. Жетім қыздың әкесі, ертеде қайтыс болған, жалғыз шешесі мен інісі Шөптікөл бойында тұратындығын жеткізді, артынан іздеп келер ағайынның жоқтығын айтып, мойыды.

Жол бойында Жәнібек: Енді жылама, мына отырған бәріміз, саған қорған боламыз, әлі жассың-өз сүйгенінді табасың, біз көмек етеміз! – деп жұбатты. Сандуғаш: Қаладан мәдениет пен өнер училищасын бітіріп, мектепте әннен сабақ бердім, сырнай, домбыра және пианинода ойнай аламын! – деді. Жәнібек Сандуғашқа бірден назарын аударып: Сен қазір

біздің үйге барып қонасың, менің жолдасым Баянмен сөйлесіп ақылдасқан соң, біздегі Мәдениет үйін басқаруға тағайындаймын, – деді.

Сандуғаш Жәнібектің ағалық қамқорлығын естісімен, жүзі жайнап, көңілі ашылып, сұлу келбетімен жарқырай түсті. Қара көзі күлімсіреп, қалың бұрма шашы етегіне түсіп, дөңгелек жүзіне жарасып, салмақты сөзімен ақылды екенін байқатты.

Жәнібек ертемен барлығын жинап алып, жиналыс өткізді, болған оқиғаны, айтып жеткізді. Батыл қыз, өз бағытын, аяққа таптатпай, шырмалған құрсауды бұзып, шыға келді, сол батыл қыз Сандуғаш міне алдарыңда, енді ол Мәдениет үйін басқаратын болады! – деді Жәнібек. Жиын бітісімен, жаңа бөлімше басшысын алып, Таңатқанға жол тартты. Құрлыс бригадасын топтастырып, үйлер мен мал қораларын салу белгіленді. Көп ұзамай, жаңа көшелерге ақ үйлер салынып, қоралар бой көтере бастады, қайнаған еңбек қарқыны күшейіп, күн өткен сайын, баздың басына қаптаған маялар қатар түзеп, көк шағаладай аспанмен тірескен бейнесін бере бастады. Жаңа ғана өріс алған бөлімшеге, құрлыстың көп салынуы, ауыл келбетін өзгертіп, үлкен аймақты құрай түсіп, асыл тұқымды мал өсіруге бағыт ұстап, откормға дейін салды.

Сандуғаш Мәдениет үйінде, бірнеше кружоктар мен кештер ұйымдастырып, жастарды өнерге тартты. Өзі салған ән Баянға бірден ұнап, үлкен концертке дайындалу үстінде болды. Жастарды кешкілік «би ансамбылына» шақырып, Қарлығашпен бірге, би өнерін үйретіп, аты шулы Құрманғазы оркестірін Баянмен бырыңғай домбыра білетін жастарды іріктеп алып, ұйымдық жұмысын жасап, халық алдына шығуға дайын етті. Өткір қыздың, сұлу ажары ашылып, шалқып салған домбыра оркестірінің әуенімен, өзі шығарған әндерді үйретіп, асқақ дауысын естігенде, Баянның өзі ұнатып, Сандуғашты бірден бауырына тартып, қасынан шықады. Кештерді жи өткізіп, сырнаймен орыстың «частушкасын» би ансамбыліне қосып, жастардың көңілін көтеріп, пианинамен

ән айтуды жалғастырды. Жастар Сандуғаштың кешін асыға күтіп, көп жиналды.

Сол кештің бірі болатын. Армия қатарынан оралған жас жігітті жолдастары, кешке шақырып, көңілді қыдырып, қайтуды қалады. Ғабиден кешке баруға, ниет білдіріп, жолдастарының сөзін тастамады. Әдемі киініп, сұлу келбетін бірден аңғарған, қыздар биге шақырып, Ғабиденмен танысып үлгірді. Қандай би болмасын, Ғабиден өте жақсы билеп, жұрт көзіне түсе бастады. Ақшыл тартқан, дөңгелек жүзді, сұлу келбеті Сандуғашқа бірден ұнап, көзінің астымен сұлу жүзін көрсетіп, қараған қыздың ажарын анық көріп, Ғабиден биге шақырып, дөңгеленіп ала жөнелді.

Сандуғашта би десе жанып түсетіндей, ыңғай беріп әдемі билейтіндігін көрсетіп үлгірді. Ғабиден сөз тартып, Сандуғаштан: Қалың қалай? Ренжімесен атыңды айтсаң екен, танысайық?! – деді. Қыздың екі беті қызарып, сұлу ажарын ашып, Ғабиденнің жүзіне мөлдір көзінің қиғын тастап: Атым Сандуғаш, осы Мәдениет үйін басқаруға, Жәнібек-ағаның өзі қойып, жұмыс істегеніме аз уақыт болды! – деді қыз сыпайшылықпен, көзін алмады. Ғабиден ішінен, өткірлігін бірден байқап: Менің атым Ғабиден, жақында ғана армия қатарынан, оралып келген бетім еді! – деді қыздың бетіне қарап, күлімдей сөйлеп.

Сандуғаш іштей ұнатып, Ғабиденді кезек-кезек биге шақырып, келіп тұруын сездірді. Би біткенше Ғабиденде, Сандуғаштың жанынан шықпай, әңгімеге тартып көңілін аулау мен болды. Қыздың салалы ақ саусағы, жібектей созылған дене бітімі, сұңғақ бойымен жараса біткен, сұлу ажары, жарқырай түсіп Ғабиденді өзіне тартқандай, құшағын жая берді. Ғабиденде, Сандуғашқа «ғашық» болып, биге шақырып, қос қолымен денесін өзіне тартып, ыстығын баса алмады, үлбіреген бойына жақындаумен ғана шектеліп, алып ұшқан жүрегіннің назын, байаулап барып, ашқандай болды, «жанындай сүйетін» сезімін, сездіріп үлгірді. Сандуғашта жас жігіттен осыны күткен еді.

Арман асуыда, Жәнібек – ағасының айтқан, алғашқы бір сөзін есіне алып: Сандуғаш сен жылама, әлі жассың, өз сүгеніңді табасың, – дегені ойына орала берді. Ақыры, сол сөзі, менің бақытыма демеу болып, ажарлы жас жігітті Ғабиденді кездестіргенім, бақытымның ашылғаны! – деп түйіндеді. Бүгін ерекше болып, сәнді кешке жиналған жастарда, өте көп болды, би басталып әсем киінген қыздар көңілі күлкімен ұласып, қыза түсті.

Сұлу келбетімен Сандуғаш, қомақты қалың шашын беліне түсіріп, ұзын ақ көйлегі бойына жарасып, өзі тіккен көк камзелі беліне ұнасып, ақшыл беті әсемденіп, назды жүзіне ашылғандай, түрлене түсіп қояды. Ғабиденде бұл кешке, кара костюм-шалбарымен, ақ көйлек-галстугімен, ажарлы жүзін көрсетіп, Сандуғашты биге шақырып, оң қолымен белінен құшақтап, қызу тартқан бойының ыстығын, қыз денесіне сездіре берді, айтатын ойын жасырып, ұялып жеткізе алмады. Кештің бітуін күтіп, оңашада кездесу сәтіне, асықты.

Ғабиден көптен күткен, арман ойын, жайып салғысы келді. Кейде ойына, айтамын деп, ренжітіп алам ба? – депте киналды. Бірақ жігіт үміті тоқтамай, үзіле берді, асау жүрек дамыл тапқызбай, бойын билеп Сандуғашқа итере берді. Мөлдір көзі, алыстан шалып, Ғабиденнең ұялып, қысылғанын бірден аңғарып, өзі бастап айтуға бекінседе, бармады. Жанындай жақсы көрседе, қыз ішіне сақтады. Кеш бітіп, ауыл жастары тарай бастады. Сандуғаш артында қалып, аспаптарды жинастырып, біраз аялдады. Ғабиден сыртта тұрып, шығуын күтті. Сандуғашқа білдірмей, қараңғы жерді пайдаланып, қараумен есіктен көзін алмады. Қолына ұстаған сумкасы бар, жалт етіп есіктен шыға берді.

Сұнғақ бойлы, сұлу ажары, аспандағы жарық жұлдыздың сәулесімен жарасып, түрлене түскен. Ғабиденнің бетіне де, сәулесін шашқандай, ажарлы жүзімен жағалай көз салып, алаңдаумен ақырын жылжып, басқыштан түсе берді. Ойы Ғабиденнің күтіп тұрғанын сезді ма? – жағалай жан-жағына қарап, артына да көз салып қояды.

Ешкім байқалмады. Тұнжырған қалып танытып, басын төмен салып, үйіне қарай екпіндеп жүре түсті. Ғабиден енді жасырынуға, болмайтынын біліп, қуып жетіп Сандуғашты сыртынан барып, құшақтай алды. Сандуғаш қорқып кетті, қараңғыда бейтаныс адам ба? – деп ойынан арыла алмады. Тек, жаным! – деген Ғабиденнің дауысынан біліп, жалма – жан тоқтап, денесін Ғабиденнің құшағына бере түсті. Ғабиденнің біраздан күткен арманы да сол еді. Қос қолымен құшақтап, баурына тартып, оймақтай аузынан сүйіп, бүкіл бойын қыздың денесіне түйістіріп, ыстық сезімге ұласқан «ғашықтық» оты, мазданып жанып денесін ала берді. Біраз тұрып, жұптары тарқамады, жандана түсті.

Қараңғы түн. Аспанды қою қара бұлт басып, жарық айды көрсетпей, бұлтқа тығылып, қазірде өзгеріп табиғат сырыда, жер бетін, қараңғы түнге орады. Әпсәтте, қатты жел тұрып, бұлт көшіп, жұлдыздар көрініп, жымыңдай түсіп, ай сәулесімен ашыла шыққан, жарық жер бетін басып, айнала тынық ауасымен, баюлап соққан желде, маңайды жұпар иіске бөлеп, көңілді кеш үмітін соза түсті. Ғабиденде қуанып, баю соққан жел бетке ұрып, таза ауа төсіне енгендей, жылы күннің лебі, бойыңды жылытып, асыл өмірдің жаңа ғана, бағытын ұстатқандай, көңілге ұялады.

Ғабиден Сандуғаштың қолынан ұстап: Жүр енді, көше бойы қыдырып, жүріп қайтайық! – деп қолтықтап алып, денесін бірге бұра берді. Толқыған жүрек, жылуы Сандуғаштың бойынан кетпей, Ғабиденнің денесіне қарай, ығыса түсті. Ғабиден қайта-қайта құшақтап, аппақ тамағынан кезек сүйіп, ыстық қолын өзіне тартып, жиіншке белінен құшақтап, жібектей созылған, денесін бауырына тартып, икемдей берді.

Көше бойын өрлеп, қаз-қатар салынған ақ үйлердің жанымен, баю басып, жылжумен біраз жүрді. Ғабиден биік ағаштың тасасына аялдап, Сандуғаштың бетіне басын жақындатып, аузынан сүюге өзінің ернін апара беріп, құшағын ашып, баурына қыса түсті. Сандуғаш дене қызуын баса алмады, қолымен Ғабиденнің мойнына оралып, сүйкімді ернін

тоса берді, асыл денесін жабыстырып, бауырына кіре берді. Сол тұрғаннан, біраз тұрып, сүйіскен еріндерін алмай, аялдаумен ағаштың көленкесінде ұзақ болды. Жарық ай сәулесі, ағаштың бұта арасынан, сызылып түсіп, Сандуғаштың сұлу жүзін әсемдеп, Ғабиденнің бетіне түйістіріп, жұмсақ ернін жылжытып, апара берді. Ғабиденнің барған сайын, сағынышы тоқтамады, ақырын жылжып Сандуғаш өзі бастап, үйіне қарай бет ала бастады. Шеткі көше, кеште біршама болғандай, уақыт өтті. Сандуғаш, алға түсіп есікті ашып, үлгіргенше Ғабиден қарулы жігіт, спорттанда хабары бар, көтеріп алып, ішке кіргізіп жиналған төсек үстіне апарып, салған бойда құшақтасып сүйісе бастады.

Сандуғаштың асыл денесін бойына тартып, денесімен түйістіре түсіп, лаулаған қызу алып ұшып, бір-біріне қабыстырып, жабыса берді, Ғабиденнің қызуы күшейіп, денесінің бар күшін, Сандуғаштың қос алмасының арасынан өткізіп, балқыған дене қызуына шыдамай, жаны кіріп: Жаным! Жаным! – деген қыздың сөзі, жігітті бұдан сайын жігерлендіріп, балқыған бойын ұзаққа созып, таң атқанша жата берді, қызуы мен ләзаты басылмай, балқыған дене суымады, қайтадан өрши түсіп, құшақтасқан қалпымен қос алманың арасынан денесін алмай, қайта-қайта балқумен, сағынышын жасырмады. Сандуғаш енді өзінің сүйген жарын тауып, өмірлік бірге болуға, сөз байласып, Ғабиден құшағынан шыға алмады. Қайратты жас жігіт, сырттай оқуға түсіп, құрлыс мамандығын қалаған. Әке-шешесі ертеде қайтыс болып, ағасының қолында ер жетіп, шыныққан жақсы азамат болып өсті.

Жәнібек бірден ұнатып, құрлыстың бригадирі етіп, Таңатқан ауылына апарып, үйлер мен қоралар салуды, сеніп тапсырды. Ұйымдастырғыш қабылеті бар, пысық жігіт тез меңгеріп, жаңа көшелерге, қаз қатар ақ үйлерді, қаптатып жергілікті құрлыс материалдарын пайдаланып, оп айдап саман бастырып, топтасқан қоралардың қабырғасын, қазірде көтеріп, қамыстан төбесін жабуды, бастапта кетті.

Жәнібек ауылға келіп, өзгерген ауылдың келбетін көріп, Ғабиденнің жұмысына оң бағасын беріп, мақтан тұтты. Ауыл адамдарына моншада салып, іске қосты. Сандуғаш Ғабиденді керемет сүйді, әр күн сайын жолын тосып, сағынышпен қарсы алуды, қалады. Ғабиденде сәл жұмысынан босаса, сүйгеніне тез жетуге асығатын.

Мәдениет үйі. Сандуғаш Баян мен қосылып үлкен концертке дайындалып, жатты. Жастарды көптеп өзіне тартып, шахмат-шашка жарыстарын ұйымдастырып, шағын бөлме ішіне «тігін салонында» ашып үлгірді. Тамаша көйлектерді, жаңа үлгідегі модамен тіккізіп, сахна төріндегі, қыздардың концерттерде, киуін қалады. Жігіттерде қалыс қалмады.

Сандуғаш ауданның орталық кітапханасымен келісіп, көптеген кітаптар әкеліп, жеке бөлмеге оқу залын ашып, Ғабиденнің көмегімен, құрлыс мамандары, жаңа стол мен орындықтарды істеп, әдемі боюлармен ішін безендіріп, таң қалатындай, тамаша көркіне қызықпаған адам болмады. Жәнібекте Баян мен бірге көріп, Сандуғаштың бастамасына қуанып, қаншама істердің жасалғанын, жастардың көп жиналып, қуанышмен бөлісті.

Жәнібек пен Баян сол бетте, Ғабиден мен Сандуғашты шақырып алып, осы Мәдениет үйінде «үйлену тойын» өткізуді қалап, келесі демалыс күнін белгілеп, уәделесті. Жәнібек кітапханадан, өзі сүйіп оқитын: Сабит Мұқановтың «Ботагөз» романын, Мұхтар Әуезовтың «Абай» романы мен орыс классиктерін: Салтыков Шедриннің, Чернышевский мен Лев. Толстойдың, Гогольдың шығармаларын жаздырып алып, кешкілік оқуға, бел буды. Ылғида ізденіс үстінде болды. Жаңа заманға, лайықты «жаңа технологияны» кіргізіп малдың асыл тұқымға айналуын, жиналыс сайын айтып, мамандардың заман талабына сай еңбек етуге, тәрбиелеп бағыт ұстады.

Астық алқабы бірінші кезекте тұрды. Жәнібек Мұхит пен бірге, бригадаларды аралап, дамылсыз егіс алқабын бақылап, «егіннің мәдениетін» көтеруге баса назар аударып, көлеңсіз дағыдарыстың болдырмауын қатаң бақылады. Шалқыған егін

алкабымен, келе жатып, №2 бригадаға соғып, маңайды аралап қираған трактордың жанынан, кабинада ұйқтап жатқан Татарчукті Мұхит көріп қалып, жағасынан шап беріп, сырғытып жерге түсірді. Ояна салсымен қарсы ұмтылып, қолын сермей бергенде, Мұхит шап беріп қолын бұрап жіберіп, шалқасынан түсірді, топ етіп жерге құлаған бойы, әлі мастығы кетпеген, Татарчуктің қолын артына байлап, тепкілеп тастады.

Жәнібектің келгенін білген, аспашшы Таиса, көзіне жас алып: Түнде мені, қорқытып күйеуімнің жоқтығын пайдаланып, қойныма кіріп зорлағысы келіп, таң атқанша маза бермей, ұйықтатпады. Араша түскен, қасымдағы қыздарды, итеріп басқа бөлмеге қамап, ойлаған ойын іске асырам деп, бүкіл іш көйлегімді жыртып, жәбірледі, – деп қиналып сөйлеп жеткізді. Таиса- жас ажарлы келіншек, жастарды қасына алып, аспашы болуға баулып, бірнешеуін бригадаларға таратып үлгірген, тамақты дәмді істеп, қалада «тамақ дайындау жарысына» қатынасып, жүлдемен оралған. Жолдасы Сергей кенеттен ауырып, қаланың емханасында, жатқалы біраз болды, екі баласы анасының қолында, орталықтағы үйінде болатын.

Жұмысқа құлқы жоқ, Татарчукты орнынан тұрғызып Жәнібек сауалдың астына ала бастады: Неге мұндай қылығыңды көрсетіп, ұрып соғуыңды іске асырып, зорламақ болғаның, нағыз барып тұрған «жауыздық», күйеуі бар, семьялы адамды білмеп пе едің!? Сені қазір заң орынның адамдары, келіп түрмеге тығады! – деп самасвалдың кузовына салғызып, ауданға әкетуге бұйрық етті. Қираған тракторы, маңайында шашылған темірлері, батпаққа оралған. Жәнібек бригадир Семеновты тапқызып алып, жұрт көзінше «бас терісін-басына» қаптап, жауапсыздықты бетіне басып, жұмыстан алды. Сергей салмақты, білімді жігіт болатын, спорттанда хабары бар, ауруханадан келісімен, техниканы қабылдап, басқаруға кірісті. Қатаң тәртіп орнатып, бригадада жөнсіз адамның жүруін, тоқтатып жолын кесті.

Жәнібек Сергейдің әрбір ісін қолдап, «жаңа тохнологиямен» жұмыс істей бастағанын, бүкіл бригаданың

адамдарын жинап «семинар» өткізіп, Бараевтың ғылымына сүйеніп «жаппай көшуін» талап етті. Күн сайын дала төсінде болып, Мұхит қадағалап, егіс алқабының, алтын астыққа қол жеткізуін, бұлжытпай орындалуын жатынан шығармады.

Таңатқан ауылы. Көшедерде қаптаған ақ үйлер қатар түзеп, мал қоралары салынып, ақшыл бейнесін өзгертіп тастаған, Жәнібекте жаңа ауылдың түрін көріп, қалың жұртпен кездесіп, тағыда ескі үйлердің орнына, бас пана салып, малшы қауымды түгелдей жаңа үйлерге көшуге бағыт ұстағанын хабарлап жеткізді. Мал азығы, баз басына үйіліп, келер қысқа мол етіп жинауды, силоспен толықты, откорм мен асыл тұымды мал үшін, сенаж салынып, жем жеткізілді.

Жәнібек қайда барсада, тіпті бригада да болса, бірінші келген бетте, асхананың тамағын көріп, дәмін тататын, мал фермасында малдың қоңын көріп, әңгіменің бетін, сол көрністен барып, ашатын. Жағыдай кезек күттірмейтін «жайт» кездесе, соның соңына түсіп, қашан тәртіпке келгенше, экстерно-жиын өткізіп, «перолом» жасап, тынатын.

Жәнібек Ғабиденнің ісіне, риза болып, арқасынан қағып, жаңа салынған үйлердің ішін көріп, аралап шықты. Салынып бітуге, төбесінен басқасы аяқтала бастаған, үйілген жергілікті материалдарды көріп, қаншама экономия жасағанын байқап, адал іскерлігіне оң бағасын беріп, басқа фермадағы құрлысшыларды жинап «семинар» өткізіп, жергілікті жердің тиымды «құрлыс материалдарын» көрсетіп құрлысын аяқтауға аз қалғанын баян етті. Ал кейбіреулері, орталықтан күткен материалдарды, жеткізе алмай, құрлысты ұзаққа созды. Орталық. Ғабиден жұмыстан ерте оралып, машинадан түскен бойда, Сандуғашты іздеп, есіктен кіре берді. Сағынған Сандуғашта, бөлмеден шығып жүгіре басып, Ғабиденнің алыстан жайған құшағын көріп, сұлу жүзін қаратып, мөлдір көзінің қиығымен жақындай түсіп, құшағына ене түсті.

Қос қолымен мойнына оралып, жібектей созылған, асыл денесін беріп, қойнына кіре берді. Оңаша ешкім болмады, сүйіскен еріндері бір-біріне жабысып, алалмады. Ғабиден құшақтаған қолын алмай: Сандуғаш мен сені «мәңгілік-сүйіп»

өтетін боламын, сондықтан тез үйленіп отау тіккеніміз, орынды! – деді. Сандуғашта: Менде соны қалаймын, жаным деп, құшақтап күнде ерніңнен сүйетін боламын! – деді. Екі жастың серті, махаббат әлемінің қойнауына кіріп, ұмытылмас «ғашықтық» өмірі, асқар таудай биіктеп, етегіне оралған, жарқыраған айдың көлдің бетінде, қалқыған қос аққудай, өмір кешуге бекінді.

Мәдениет үйі. Асыға күткен уақытта келіп жетті. Үйлену тойы болат деген, хабарды естіген бүкіл ауыл адамы, лек-легімен кіріп, іштегі үлкен залға қойылған, сәнді столға жайғасып, тамаша орындықтарға отыра бастады. Құрманғазының «Саржайлауы» тартылып, назды үні, көпшіліктің бойларын балқытып, көңілдерін өсіріп, асқак ойларымен алып ұшқан жүздерін жетектеп, алысты меңдеді. Жәнібек тойды өзі басқарып, той жырымен «жар-жар» айтылып, бетін ашуға сөз берді.

Сахнаға Баянның шыға келгенін қарсы алып, бүкіл халық, әнін тыңдауға орындарынан тік тұрып, қол оқты. Сұлу Баянның жүзі, көпшілікті бірден өзіне тартып, назды-әсем дауысымен шырқата түсіп, кең залды орап алды. – Қандай тамаша дауыс! – десті. Асқақтаған ән, алысқа шығып, қалықтаған ауа толқынымен, бақыт құшағындағы жастардың мерейін арттырып, өмірде бақытты болуын қалап, жас отауға арнаған, өзінің әнін көпшілікке жеткізумен болды.

Жұрт алдына шыға келген, Габиден мен Сандуғашты көрген жұрт, сұлу келбетімен жарасқан, ақшыл жүздері, тамаша қызыл-көгілдір кимдерімен, қара-кастюм шалбары ақ көйлегімен, қызыл галстугі, оңды тұлғалы бет перделері, ашылмаған екі жасты, тік тұрып қол соғып, қарсы алды. «Ғашық» сырларымен бөліскен, жастар таң қалумен, қошеметпен сахна төріне отырғызды. Сандуғаш жасынан өнерге жақын, қолынан талай киімдерді тігіп, мүсіндей етіп жастардың көңілінен шығып, өзі тіккен киімдерді көрген жұрт, таңданып көзін алмады. Қазақтың ұлттық киімдерін, ұнатып басындағы камшат бөркі, ақ жібектен тігілген, ұзын көйлегі, желбіршек салып, ноқалап көмкерген, қызыл береннен қима

беліне жараса түскен қамзелі, қомды ұзын қара шашын, беліне түсіріп, ажарын ашқандай ақ жүзінде, көңілді күлкі реңі байқалады.

Бірінші сөз алған Жәнібек: Сандуғаш батыл, өткір қыз, өз бақыты үшін күресе білді, ескіліктің бет пердесін сыпырып тастап, өзінің сүйгенін тауып қосылуы, қазақ қыздарына үлгі боларлықтай, ғажап бір із қалдырды. Ғабиден жас жігіт, жаңа ғана, өмірге қадам басып, өзінің адамгершілік пысықтығымен, құрлыс бригадасын басқарып, Танатқан ауылын, аз уақыттың ішінде, көше бойына тізбектеп, ақ үйлерді салып, ауыл көркін өзгертіп тастады, ескі қораларды ысырып тастап, жаңадан топтастырып, мал қораларын салып үлгірді. Қол жайып ешкімнен, құрлыс материалдарын сұрамады, саман басып, қамыс шауып, тал тасып жергілікті жердің пайдасын, іске асырып, жаратты.

Сондықтан екі жастың «үйлену тойына» жаңа салынған, төрт бөлмелі жеке үйдің, кілтін тапсыруға ұлықсат етіндер! – деді. Жәнібектің сөзіне бүкіл халық, орындарынан тұрып қол соғумен, кілтін табыстады. Сахнаға «би ансамбілі» шығатынын хабар етті, Мың бұралған жас қыздардың сахнаға келіп, оркестірдің жетектеумен билеп ала жөнелгенде, таңырқаған жұрт «қайдан келген» – десті. Баян: Жоқ! бұл «ансамбл» Сандуғаштың өзі құрып, арнаулы концертке дайындаған, бір келкі әдемі көйлектерді де, ұлттың нақышына келтіріп, өзі тіккен! – деп көпшіліктің құлағына жеткізді.

Қарлығашта ән, айтып жіңішке дауысымен, қалықтаған асқақ үнімен, Төлегенге қосыла алмай, Қыз жібектің, арманда кеткен мұңына қосылып, шырқаған дауысын естіген жұрт, түгелдей көзіне жас алып, қамықты. Кеш біразға созылды, жастар ән шырқап, көңілді жүздерін көрсетіп, жалғасын тапты. Ұмытылмастай болып, риза болған халық, екі жасқа «алғыстарын» жаудырып, тарасты. Жәнібек пен Баянды, осындай дәрежеге жеткізген «сенің арқаларың» – деген сөзді халық аузынан тастамады, жиындарда айтып «мұндай жан ашырлық-той өткізіп» жасағандар болған емес! – десті. Сандуғаштың анасы Жамал: Қызымның осындай бақытқа

колын жеткізген сендерсің! – деп, Жәнібек пен Баянның бетінен сүйіп, өмірлік «бақытты» болуын қалады.

Жәнібектің қасына келген Сандуғашқа: Ғабиден екеуің Шөптікөлге барып, анаң мен ініңді көшіріп алып келіндер, көлік беремін, інің осындағы мектепте Баянның қарамағында оқитын болады! – деді. Қуанған анада, шек болмады «қайғы-мұңды» артқа тастап, жарқыраған жүзін көрсетіп, бетінде күлкі көріне бастады. Тойдан оралған беті. Ғабиден есікке жақындай түскен Сандуғашты көтеріп алып, бөлмесіндегі төсағашқа салынған жұмсақ мамық үстіне, жатқызып құс жастықты басына салды. Түн ортасынан ауып, қараңғы басқан даланы жарық қылған электр шамы ғана, елестиді. Анасы басқа бөлмеде жатып қалды.

Оймақтай аузынан сүйіп Сандуғашты белінен тартып, құшағына кіргізе берді, бар бойын жақындатып, қыздың денесіне, еркіндеп ішкі киімін тастап, қызулы денесіне жабысып, бойындағы күшін Сандуғаштың қос дөңесінің арасымен, өткізе бергенде, балқыған қыздың бойы алып ұшып, қос қолымен мойнына оралып: Жаным! Күнім! Ғашығым! – деген сөздері Ғабиденді ерітіп, жібектей созылған асыл денесін түйістіріп, қызуымен жабыса түсті, балқыған қос дене ләзат құшағына кіріп, қайта-қайта орала берді. Сағынышы басылмаған «жастық қуаты» күшейіп, лаулаған оттай жанып, таң атқанында білмеді, жабысқан қос дене, әрең дегенде ажырады, сүйісумен ғана шектеліп, тұра бастады. Сандуғаш бұрын тұрып, шайын дайындап, бірге ішкеннен кейін, Ғабиденнің жұмыстан ерте қайтуын тапсырып, сағыныш пен күтетіндігін сездіріп қасынан бір елі қалмауға уәде етіп, шығарып салды.

Сандуғаш анасының тез көшіп келуіне дайындалып жатты. Ғабиден ертерек оралып, ақырын басып, үй ішіне кіре берді, ешкімге сездірмеді. Сандуғаш теріс қарап, үй шаруасымен болып жатқанда, артынан барып құшақтай алғанда, шошып кеткен Сандуғаш басқа бредудің құшағыма? – деп жалт қарады, өзінің Ғабидені екенін көріп, көңілі орнына түсіп, құшағын ашқан жігітінің баурына кіре берді. Бөлмесіне

көтеріп апарып, жатқыздыда құшақтап, аузынан сүйе түсті. Қос еріндері жабысып, дене қызулары көтеріліп, алып ұшқан жүрек соғысы дамылсыз, біріне-бірі беттесе түсті. Есіктерін бекітіп алып, Ғабиден дене қызуымен, алып күшін Сандуғаштың бойындағы, қос аппақ днесінің астымен, қос алманың арасынан, өткізе түсті, балқыған дене толастамады, тоқтамады- сол қалпында біраз жатты, кешке тағыда жалғасып, балку үстінде болып, «мәңгілікке» бет ұстады.

Жәнібек шалқыған дала төсіндегі егіс алқабынан кеш оралды, бригадаларды аралап, Мұхит пен пардың қалпын көріп, зябь жыртуды тездетіп, қосымша техникаларды қосты. Ымырт жабылып, қараңғы түн орнаған кез. Алыс жатқан ауыл, Саркопадан шу шықты. Абыр-сабыр дүние тас-талқан болғандай, малды ауылдың қорасы өртке оранды. Бұрқыраған түтін, айлы кештің бұлтымен араласып, аспанды түгел басты. Жалын атқан оты, биікке шапшып, жалыны төңіректі шарпумен болды.

Жәнібек бірден бір бәленің болғанын сезіп, бүкіл суы бар водавоздарды көтеріп, қасына Сартай, Мұхит, Жақып, Қапыштарды ертіп, ұзын қара жолмен есіле түсті. Қанша екені белгісіз, ұзақ бір шыдамға тістеніп, бекініп алғандай, болған Жәнібектер тынымсыз қатты жүріспен, соғылмай келеді. Көптен құлаққа беймаза боп, ысқырып сокқан жел, кейде бір ызамен, ышқынып кетіп, екпіндетеді. Сарылған суық сазынан жаңылған жоқ. Кейде дауыл ұшқындап, қатты суықта ұлыпта кетеді.

Көп бөрінің далада, құтырған дауыл ішінде, баспана іздеп, жас қан іздеп, қосылып ұлығандай азан салады. Сондай ұлыған дауыл астында, елеусіз меңіреу дала, ұзақ жол сахарадай болып, соншалық мейрімсіз қатал табиғаттай көрінеді. Кеше ғана жасыл шөбі, сарғаймас алтын бесігіндей болса, сол қызықты қан жайлау, қазір суық, кабір ызғарындай қарауытып тұрғанын сездіріп келеді.

Басылды білем! Күн жарықтық бізге болсын деді ме? – деп Сартай далаға көз сала түсті. Бұл уақыт аздап жаңбыр жауып тұр, қазір бағанағыдай, сіркіреп жаумай, енді жай баяу

себезелеп тұр еді. Үмітшіл көздер, ойда жоқ жерден қарауытқан қыстау көргендей болды. Немесе жақында шашырап жайылған жылқылар үйірі, сыяқты бір нәрселер, қарауыттып бұлдырап қояды.

Бірақ осыны әр қайсысы, жеке-жеке байқасада, анық ешкім айта алмады. – Өне біреу не? – Мына қарауытқан немене? – Мына жағымызда, жылқылар қалып барама? – десіп, бірін-бірі алаң етісіп, әр жаққа аласұрып келеді. Бұларды кеш мұнары, қара түтін қоюланып, қарсы алдынан шыға берді. Жылдамдап, ауылға кіре беріп, өртенген баздың маңына барып кілт тоқтадық.

Қайнаған қалың жұрт, сумен сөндіріп, шелек тасып, кигіз сабамен ұрып, дамылсыз жұмылғандай, әбігер үстінде болды, орталықтан келген водавоздар тез сөндіріп үлгірді. Әлден соң қара түтін сұйылып, жалын басылды. Малдың біразын шығарып, үлгірген малшыны күйік шалып, емханаға алып кетті. Жалын шарпыған, жүз шақты қойдың басы, өртке оранып, қорада қалып қойған. Жәнібек өрт болысымен, түгелдей кеңсеге жинап алып, қалай болғанын сұрастыра бастады.

Жәнібек: Кім кінәлі? Қалай болғаны? Адам өліміне дейін апарғандарың қалай? Жауапсыздық басшы кімге керек!? – деген сөздермен бөлімше басшыларын, сұрақтың астына алып, кінәліні анықтап беруді бұйырды. Ед ішінде, елең етіп, кешкілік ішіп алып, баздың маңына қайта-қайта шолып жүретін, қулардың ісі, белгілі болды. Соларды шақырып алып, жауапты күшейте түсті. Анықтап, шындығына жету керек болды, әйтпейін ше, сұраусыз «бейбастақ» тағыда қайталанып, тәртіпсіздік «бой кеспе» үйлерге бас тіреуі ғажап емес.

Жәнібек түгелдей, адамдардан сұрап, бір шындықты білуге тырысып бақты, сондарынан қалмады. Әлден соң, Мұхит желкенсінен сүйретіп, Даку деген бір қуды, тұрақты жұмысы жоқ, араққа жаны құмар, денесін сығып жібергенде, шындығын мойындап, Жәнібектің алдына келіп, басын төмен салып, кінәлі екендігіне басын изеді. Даку: Мен кешкілік, аздап ішіп алып, күзетте болдым, шылым тартып, есік

маңайындағы шөпке, қалай тастағнымды білмей ұйықтап кетіппін, әлден соң ойанып қарасам, лаулаған от бүкіл базыны орап, үлгірген әрең деген де өз басымды алып шықтым! – деді күмілжіп.

Жәнібек: Бәсе! Осындай жауапсыз адамды, күзетке тағайындап, опасыздық жасаған бөлімше басшысы қайда қараған!? Қаншама малды, қырып салды, базы түгелдей өртеніп, жоқ болды «бұлай істеу-тек халық жауының» қолынан келеді, әлде сондай жауыз осында ма!? – деді қатуланып.

Жәнібек жауапты адамдарды түгелдей аяғынын тік тұрғызып: Сендерге бір жеті уақыт беремін, үкімет малын түгендеп, орнына салыңдар, жауаптауға жібермей тұрғанда, әйтпесе аяғы сотпен бітеді! – деді. Жиналыс көпке созылды, фермаға жаңа басшы тағайындап, Дакуды совхоздан қуды, маскінемдерді енді ауылда кездестірмеуді, қатаң тапсырып, жаңа басшыға сенім арты, бітісімен орталыққа оралды.

Жәнібек келген бетте, Ғабиденді шақырып алып: Сен бүкіл құрлыс бригадамен, Сарықопада өртенген базыны, тез қалпына келтіріп, үкімет малын сақтауымыз керек! – деді. Ғабиден, бүкіл адамымен, құрлыс материалдарын алып, ферма басындағы баздың қабырғасын бір күнде тұрғызып, төбесін жауып дайын етті. Базы маңайы түгелдей тазаланып «үме» жасалып, бүкіл халықтық іске айналды. Кәрі-жастың бәрі, қайнаған еңбектің ортасында болып, әрбір баздардың қабырғасына, тал мен қамыстан қысып, жылы шалы ұстады.

Ғабиден Жәнібектің келгенінше, төбені жауып, жаңа база ғып шығарды, откорм жасалып, кормушкаларды өздері істеп іске қосты. Жәнібек келген бетте тоқтамастан баз басына барып, ат тіреді. Өзгерген істің бітіп қалғанына қуанғандай, барлық адамдарды жина алып «рахметін» айтып, әсәресе Ғабиденнің бригадасын «мақтап» осындай қысылсаң уақытта, көмекке келуі, шаруашылығымыздың алға басуына, осындай еңбек адамдарының көп болуы, өте қажет! – деді.

Жәнібек: Біз совхозымыз алтын астық бағытында болғаны мен мал шаруашылығы қоса дамыған, «белді» совхоздың

қатарындамыз, сол себепті малға жұғымды «жем-шөп» беру, тек жаңадан салынатын «Кормацехті» іске қосу, белгіленіп отыр. Ондай цех, бүкіл бөлмшелерді қамтитын болады. Соны іске асыру үшін тек қана, Ғабиден басқарған бригаданың қолынан келеді! – деді. Ғабиден: Әрине! Біз істейміз, қолымыздан келеді! – деді. Бүгіннен бастап кірісеміз! – десті. Сарықопа да, төрт түліктің бәрі орналасқан, мал өрісі жазда жайлымға толы, өзен суы мол үлкен аймақты алып жатыр.

Шабындықта биік өскен, сары бидайық өзен бойымен жалғасқан кең жазық өңірдің, шексіз даласымен шектеледі. Жәнібек бүкіл бригадалар мен бөлімшелерге, өндіріс цехтарына «рация» орнатып «диспечерская службаны», басқаруға байланысты «оперативтік» түрде жүрізуді қолға алып, тездетумен қамтыды.

Қайда барсаңда жазық дала, көмкеріліп келіп қырат дөнесіне барып тоқтайтын. Биік қыраты, ойлы-қырлы өркештеніп, ұялы аңдардың, апанына айналғандай, талымен бүркеп, ағаштармен таса еткен. Ойпатты шатқалыда, күрең тартып, буылдыр сағымдар мен жаз бойы ұласып жататын. Аяқ басып, мал жүрмейтін, содырлы жердің өзі еді. Қыс қар басып, сапырлыс іздер, бауырайды алып, дөңеске шыққан. Ұйысқан қасқыр тобымен шығып, малға шауып, қыстақтың мазасын кетіре берді.

Жәнібекке жан-жақтан хабар жетіп, шыдамы таусылды, күн сайын қоныстағы малға шауып, түнгілік қорға түсіп, олжаға шекесінен батып, әптен басынып «дәндеп» алды. Бірлі-жарым мылтықты елең етпеді. Жәнібек бөлімшелерге хабарласып, бүркіт ұстайтын, аңшларды іздестіре бастады.

Жәнібек ой үстінде жүріп, көп ойланды, қайтып-қалай? – деген сұрақтар құрту жолын, еш амалын- ешкім таба алмады. Қасқыр күн санап, малға дамыл бермеді. Тауекелге бел байлап, Сәтке арнаулы көлік жіберіп, келуін күтті.

Сәт өзінің достары Сайд пен Такенді ала келді. Жәнібек оларды қуана қарсы алып, арнайы орын беріліп, барлық жағыдайларын жасап, жаңа жерде, танымас елде, өз өнерлерін көрсетіп, қасқырдың жолын кесу еді. Сәт бүркітін томағасын

тойдырып беруге бет бұра бастады, басқаларда қалыс қалмады. Дамылсыз қоян еті туралып, ұсақталды астауға салынып бүркітінің алдына тосты. Қайталаумен болған жем сауы, Сәт құс бабын білетін ыңғайлы қимлымен басы-жонын сипады. Ойнақшып отырған құстың айналаға қапысыз, сергек қарасынан, шабытты бабын түйді. Құстың санында ұстап көрді.

Жәнібек қызарып, көзінің астымен, еңкейіп бара жатқан, күн астында толшысы мен омырауы қызыл алтын буын, жалатқандай, жылт-жылт етіп тұрған, көк қаршығаның реңіне қызыға қарады. Алтындай сап-сары көздері, күн шұғылысына қарсы, қанқұмар қызыл от төгеді. Жалт етіп, күнге шағылса түсіп, қомағай қарайды.

Сайд пен Такенде дамыл болмады, бүркіттерін баптап, бөтен жерде ұятты болмауын естерінен шығармады. Қанаттарын жаздырып, керней түсті, икемдеумен жиегін жазды, жұмсақ матамен аяқтарын сүртіп, аюлы тұйақтарын ысқылап, борбайдағы жүндерін тарап, баптай түсті. Дайын болған соң, Жәнібек өзі бастап, Сарықопаға ақбоз атына мініп, жол тартты. Бәріде өз аттарын, мініп алыс жердің ой-қырын басып жүріп, Жәнібектің артынан ілесіп отырды. Кең ойпат алаңы, үлкен шатқалға айналып, қалың ағаштар мен аласа тобылғымен қабаттасып, орын тепкен.

Дөңестің үстіне шығып, Жәнібек бәрінің бастарын қосып, Сәттің жүзін өзіне аудара беріп, топтасқан мал қораларын көрсетіп, ауылмен таныстырды, келген аттылар тобы осы ауылдан еді. Олар бүркітшілердің келгенін біліп, қызықтап бүркітті көруге асықты, топшылап барып, дөңеске шыға бастады. Айнадай көрінген жер аумағы, шатқал бағыты Сәт үшін өте қолайлы болып, көңілінен шыға берді. Будкасы қойылып, жем-сауын беруге бағыт ұстады. Ат тобыры, шатқалға сырғып, қолдарында жұмыр басты, шоқпар ұстағаны болса, кейбіреуі жерге сүйретілген, ұзын құрықтарын қолына алып, қарулы күшін көрсеткен, сапа жігіттер ойрандап-шапқылап, қасқырдың ізін кесе бастады.

Қаруын ұстаған бойда, айбаттанып тал басын ұрғылап, қарын боратып алып күштің дүбірін сездіріп, жер аймақтың қыртысын алғандай, астан-кестенін шығарумен, сүзе бастады. Дамыл таппады. Қасқырдың ізі, жазықтан келіп, талды бұтаға жоқ болып, апанын тапқызбады. Жер қойнауы жұмсақ құмды болғанмен, көзге көрінбес тал түбіне жасырғаны байқалады. Жергілікті тұрғындарда, ұлыған қасқыр тобы, осы жерден шықты, деп болжады. Сәт әптен баптап, құсын ұшыруға дайын етіп, қолына қондырып, шатқал төңірегіне көз салумен, елең етіп отырды.

Жәнібек бірге келген, достарына түсіндіріп, таныстырып болғанан кейін, «құстың кереметтігін» көресіндер, деп шайқастын жолын бағыдарлап отыруды, ескертті. Айғай шықты! Әне кетті! Көкжал кетті! – деген дауыстар шатқал төңірегін дүр сілкіндірді. Апан аузынан үш бірдей көкжал, қалың қарды боратып, көз аштырмай, жазық далаға бет алып, ағып келеді, тілін жіберіп салақтатып, ашқан аузынан сілекейін ағызып, алдында мал тұрса, қауып жұтатындай, қызыл көзінің реңі, алысты болжап келеді. Алғашында, дөңес басына шыққанда, қыстың күні ақ қарлы, қалың қатпар жоталарды, қызыл иектеп, сәуле шашты.

Табиғат шайдай ашылып, бүркіт-қыранда көзімен алысты болжап, Сәт қолынан «сып» етіп ұша жөнелгенін, байқай алмады. Шабысты бірде байқаған бүркіт қанатын бауырына тартып, ағып жөнелді. Жетіп ұшып, көкжал үстіне бірден «гүрс» еткенде, ауыр салмағын көтере алмай, белі майысып, шабысы бәсеңдей берді, аюлы тырнағын батырып, денесін бүрістіріп, құлатып үлгірді, бойын қан етіп, жосадай қалпымен, өліп кетті. Сәт шабумен, соңынан қалмай, лезде жетіп, құсының тұяғын бостып, қайтадан ұшырып, қашқан қасқырдың соңына бағыттай берді. Құс биіктеп, алып ұшқан сұңқардай, көкжал соңынан, қос қанатының дауыл күшімен, бірдей сермеп «сатыр-сұтыр» соғып өтіп, домалатып үлгірді, ауыр соққыдан тұра алмай, қыңсылап барып жан тапсырды. Сәт екі бірдей олжасын жамбасына байлап, құс-бегін өзіне шақырып, Кеу! Кеу! – мен қолына қондырды, жылжып қос

басына, баюлап жүре бергенде, Сайд бүркітін ұшырып, үшінші көкжалдың соңына түсіп, шауп бара жатқанын көзі шалды.

Бауырайға жақындап, тобылғы қыратына жете бергенде, көкжалдың басын ала, сомды аяғымен, өткір тырнағының алып үші, бірден көк желкесіне қонып, батырып бүріп, жанын шығарып, қыңсылаған жұлқысына қарамай, ұзын тұмсығымен көзін шұқып, қанын ағызды, бойынан әлі кетіп ақ қарға құлай берді, аздан соң өліп кетті. Сайдта қалмай жан ұшырып, орнына жетті. Атынан түсіп, құсының қасына барып, аюлы тұяқтарын босатып, қолына қондырып, олжасын жанарына байлап, сүйретіп қос маңына жылжи түсті. Жәнібек Сартай мен Мұрат, Сәлім, Тұрғындармен бақылап өз көздерімен көрген құстың керемттігіне, таңқалып бір-біріне айтумен мақтауын асырды, ертедегі аталарымыз айтқандай: «Бүркіт жақын болса, өлімнен құтқарады, жан-ашыры болсаң, ауыз-мұрныңды май етеді» – дейтін, сол сөз халық аузында жатталып, қала берді.

Жәнібек: Қаншама жерден алыстан келіп, қасқырдың мекен еткен жерлерін тауып, жолын кесіп, алғашқы бастамалары, оңға басып, керемет істің куәсі болғанын, бәрі растап, алып күштің кереметтігі, сендердің арқаларың, әйтпесе жыл сайын қасқырға жем болып, еңбегіміз текке кетпесіне кім кепіл!? – деді. Сәт тағыда құсын жемдеп, күте бастады, қоян етінен балауша жасап, жұғымды етіп беруді қалап, астаумен алдына, еркін тосты. Басқаларыда әбігер үстінде, келесі дауылшабысына дайын етпек, қоян мен түлкіге бай жотаның үстінен түспеген, бүркіттеріне дән риза.

Сартай Сәттің жанына жақындап, көзін тікті: Отырған отырысы, қошқардың денесіндей қомақтанып, көлемді алып, шомдай бас бітісі, алып аяғының өткір аюлы жез тырнағы, қос қанатының дауыл күші, алдындағын төпеп-ұшырып, жер мен жексен қылатын, бет пердесі нағыз құстың асылы «патшасы» емеспе! – деп, жиналғандарға жеткізіп айта түсті, бәріде бас изесіп құптай түсті. Сайд пен Такен құстарын баптап, қоян етін турап, томағасын тойдыра беріп жатқанда, жота маңынан мылтық дауысы естіліп қалды.

Құлады! Жүректің тұсынан! – деп қос маңынан карап көз алмай тұрғандар, кім атқанын біле алмай, аң-таң болды. Екі бөтен атты біреулер, қолында біреуінің бүркіті, екіншісі иығына асынған мылтығы, қос қоянды бірден құлатып, мылтығының көк түтіні әлі де тарқай қоймаған, жөнкіле басып, қосқа келе берді. Жәнібек пен Сартай бірден танып, Құмкешуден келген аңшыларды, Сәт пен Сайд, Такендермен таныстырып, бірге болуын қалады, Рахат біраздан бері айналысып жүргенін айтып, Сабит жаңадан армиядан келіп, өте мергендігімен көзге түсіп жүргендігін, Рахат жеткізді.

Рахат зор денелі, атқа қонжия мінген, ауыр салмақты, бойы тез қозғала қоятын кісіге ұқсамайды, бірақ ақжарқын келбетімен тез танысып, Сәттің маңайынан шықпады, атағы бар аңшы, байсалдылығымен бүкіл халық білетін, беделдісінің өзі еді, сол себепті Жәнібектің шақырып алуында естіп, қаныққан. Аңшылардың өзінше мінез сипаты бар. Ағалық, үлкендік, басшылық мұнда бүркіт ұстаған, құс бабын билеген кісиде. Қаншама жылдардан бері, Сәт тұрақты болып, адамгершілік қалпын сақтап, жас бүркітшілерді баурына тартып тәрбиелеп, дала қасқырымен дамылсыз арпалыстың, батырлық бинесін көрсетіп, апанын құртып, дөңес басында қоныс тепкен, әмірші атанып, алған. Әлден соң, атына мініп, басқаға соңнан еруге әмір етті. Такеннің жалтарма шолақ ойын біліп қалып: Мін атыңа! – деді Сәт өнтелей жөнеліп. Қатты желісімен, шатқал бойының ұшқыр басынан, төмен қарай құлдырай түсті. Қасына ерген Рахат пен Сабитте қалмады, апанды табу керек болды. Қалың қар басқан, ойпат үсті, ойжырасы белгісіз, тегіс бүркелген қар қойнауында қала берді.

Сәт: Тек бір ғана, баттыйған қасқырдың жаңа ізін, кесу керек-сол із апанға апарады, – деді. Қолдарында бәрінінде қаруы бар, шетінен бастап сүзе отырып, аттылар тобы қарулы қолдарымен ерсіл-қарсыл сілтеп өтіп, тал біткенді жапырумен, ойсыратты. Такен тағыда күмілжіктеп, алыста қала берді. Егескеннен іс бітпейтінін түсінген Сәт, ат үстінде тұрып: Не болды! Саған! Жалқаулық па? Әлде қырсықтық па? – деп

айғай салып, жегізе сөйледі. Сайд жалма-жан атының басын бұрып, Такенді ертіп әкеліп, топқа қосу еді.

— Омыртқасы үзілгендей, қыңыр мінезімен Такен өзінің бетінен қайтпады, баюлап жүріп, топ шегіне кіре берді. Сайд оралысымен Сәттің қасына жақындай түсіп: Мен мана, үш көкжал қашқан жерді белгілеп, талдың басына шүберек байлап кеткен едім, жүріндер сол жерге барайық! – деп алдыға түсіп, жортып жөнелді. Әп сәтте, қалын талдың қасына барып тоқтаған Сайд, байлаған шүберегін көрсетіп: Өне көріндер! Дәл осы жер! – деп қолын сілтеп, бәрінің назарын аудара түсті. Сайд пен Рахат қолдарын да ауыр шоқпары бар, шоқ талдың кесе-көлденең, сілтей басып, апан маңайын мылжасын шығарып, төпей түскен де, қыңсылаған қасқырдың «ырылдаған» дауысы естіліп, топ болып ырғып шығып, Сайдты атымен қоршауға алып, атыла түсті.

Сайд қос қолымен, шоқпардың ауыр басымен, басынан беріп, құлатып үлгірді, екіншісі жабысып, шаппаның етегінен тартып, жұлқылай берген де, Рахат шоқпармен жатқызып үлгірді, топты аттылар құрықпен қайта-қайта ұрып, жанын кетірді. Сойқан қасқырмен төбелесті байқаған Жәнібек, қарулы жігіттердің ісіне риза болып, арқасынан қағып, мақтан етті. Аттылар тобы тоқтамады, апанда тағыда көжегімен қасқыр барын Сәт есіне салып, сүзе түсті. Кеті! Кеті! – деген дауыстар, ойпатты лезде орап алды. Екі көкжал, атылып барып, омбы қардың үстімен қарғып, ытқумен жонға бет алды. Сәт бірден байқап қалып, қолын көтеріп ұшырды да, бүркітін қасқырдың соңына салып үлгірді. Алып денелі, қос қанатымен самғай ұшып, бауырайына жел күшін жинап, дауылдатып барып, қасқырды соғып-соғып жіберген де, тоңқалақ асып домалап, доп құсап барып, жыраның қабағына сарт етіп барып соғылып, жан тапсырды.

Сәт артынан ере шауып, құсын тағыда бағыптап, жөнкілген қасқырдың соңынан салды. Жоғары көтеріліп алдыда, қос қанатын баурына тартып, құлдилап-ағып барып, қасқырдың үстіне «гүрс» етіп таудан құлаған ауыр тастай, қонды қос аяғының шомбалымен, тұйағын созып, мойнын

бүріп, басына қонды, өткір тұмсығымен көзін шығарып, екі көзінің қанын ағызып, су қараңғы етіп, құлатты. Сәт бірінші олжасын байлап үлгіргенше, екіншісі дайын тұрды. Құсы қарауылдап, қасқырдың үстінен кетпей, көкшіл көзін тастап, жалт-жалт қараумен иесін күтті.

Сәтте жетіп, құсын босатып алып, тұғырына қондырып, олжасын байлап, қос басына желумен, жотаны басып өрлей берді. Ол кезде бәріде жиналып қос басында, әңгіменің қыза түсіп, Сәт бүркітінің кереметтігін сөз етіп, бұрынғы істерінің, жасаған тайсалмас «ғажап» батылдығы, айла-әдіспен жол тауып, басымдық етуі «керемет» – десті. Сәт келгенше Сайдта жем-сауын дайындап, қоян етін ұсақтап турап, астауға салп, алдына тосты. Қылқытып жұтқан құс, қазірде бітіріп, астауды бос етті. Сәт тағыда қоян етін мол жасап, қаншама күш шығарғанын сездірмей, алып құсына астауды толтырып, алдына қойды. Баптаған құс қашанда, жолда қалмасын түсіне білді. Дамылсыз күтіп, денесін бапқа келтіріп, қоюды қашанда ұмытпады, сол кейіппен жарқырап, аң алдына шығуы, күштіліктің сипаты болып, қала берді. Сәт қаншама тер төкседе, құсына сенді, қандай жағыдай болмасын олжасыз еткен емес. Ұшқыр қанаты, алып ұшқан аспанның көгілдір күмбезі, күн сәулесінің елесімен, алысты болжап, тұтқиылдан төне түсіп, жел додасын қақ жарып, дауылды күштің кереметін өзі жасап, адымды қанатында ауыр балғаның салмағындай, сарт еткізуі, қалпақтай ұшырып, домалатып құлатуы, сол бүркіттің өзі еді. Сәттің қайратына біткен, адал жанның сенімін күткен, ақылды саналығымен ұштасып, сайран құрып сәнді еткен өмірі, сол еңбегінің жемісі! – деп аңғарарсың.

Сәт қайда болсада, Жәнібекті аузынан тастамай, сағыныш сезіммен қайтып оралатын. Сәт- адал еңбекшіл, қай салада еңбек етседе, жақсы істеп жұрт алдынан көрінетін, талабы таудай азамат қалпын бұрыннан білетін, шақырып алуыда сол істің бастамасы болатын. Жарайсың бүркітім! қан жорға жасап, қаншалықты ауыр басып, алған аңның тас мешіндей қадалған, сан жылдар мекен еткен, бұл аймақ талай қиналып, малынан айрылып, еңбегі өш болып, құрдымға кеткенін, міне

қайтардың деген, асыл сөз мағнасын айтумен болған көпшілік, көзімен көріп бітісті. Ақырғы саяс, Сәт бастаған топ тағыда, аттарына мініп, апанның тас-талқанын шығарып, бөлтіріктерін құрту, істің басы болды. Топшылап, түгел маңайды қопара, ат тұяғымен ойрандатып, жастар қозғалысы «гүрсілге» басты, бөлтіріктері бірі қалмай атып шығатынына бекініп, дайын тұрды. Шыға бергенде: Әне кетті! Қасқыр кетті! Бөлтірік кетті! – деген дауыстар, қайта айтылып, бәрі соңына түсіп қуа жөнелді. Сәттің қолынан құсы лып етіп шығып, кең жазыққа бой ұрды. Қасқырдың ақырғы тобы! – деп болжады.

Ұшқан құс бауырын жел бағытына беріп, дауылдатқан құйындай жетіп ұшып, қанатымен «сарт-сұрт» еткізіп, періп жібергенде, басы қайрлып құлап тісті, сол түскеннен тұра алмай, өліп кетті. Сайд пен Рахатта құсын жіберіп, бөлтіріктерін құлатып, аюлы тұяғымен боршасын шығарып, екеуіде олжасымен оралып, қонысқа бет алды. Құрықпен соғып алған, Сабит алғашқы қасқырын, бауырайға қуып жетіп, аттылардың бірге шауып, алдын орап, бетін қайтарып, Сабиттің алдына тосқандай болып, соғып жіберуін күтумен аялдады, бастан қатты тиген қарулы қол бірден сұлатып, өлтіріп тынды.

Сәт құсын алып, қосқа оралды. Апан хикаясы осымен бітті. Ол кезе, ауа райы да сүттей ашылып, күмістей жарқыраған Құмкешу қойнауы, құшағын ашып, дөңес бигіне шыға бердік. Жәнібек орналастырып, фермадан аттыларды алғызып, үлкен ойпатты сүзіп шығуға, нұсқау етті. Аласұрған аттылар, бөгеліп, тоқтамады, асау аттары аспанға атылып, ойнақшып, кең алқаптың төңірегіне, судай батып, тал-бұтаның басын шалып, қарды боратып бұрқырата бастады, тоқтамады. Сәт ол кезде жем- сауын, беріп баптаудың үстінде еді, астауға берген қоян етіне мол толығып, қоңды қалпын беріп тұрды.

Құс-бегі, қомданып баяғы қалпын беріп, ойпат жағына көз тігумен болды, қашқан аңның сылдырын аңдып, дөңгелек жалпақ, көк көзі, күн сәулесімен қоса жалтырап, жарық-жұрық еткен айнаның бейнесін жасағандай, елендеумен болды. Сәт

бәрін іштей байқап, койнау маңынан шыққан дауысты, ести сала, құсын жіберіп үлгірді. Қасқыр қашты! Қасқыр қашты! – деген даустар, қайта-қайта естіліп, бүркіттің ұшқанын байқап қалған аттылар, қолын сермеп, екі қасқырдың бағытын нұсқай берді.

Сәт бүркітінен қалар емес, шабумен ілесе түсті. Алып қанатының, дауыл күші, ызғумен жеткен бетте, қасқырдың бетін ала, сарт еткізіп соғып өтіп, екінші қанатымен тағыда соғып, әлін кетіріп, жүрісі баюлап барып, қар үстіне құлап түсті, демін алалмай біраз жатып, қылжия берді. Сәт іле-шала, екіншіге бағыттап, қолынан ұшырып, жазыққа қарай, соңынан шаба жөнелді. Құс аспандап, қалықтады да зуылдаумен төмен құлап, қасқырдың бірден үстінен басып «сарт» еткізді, аюлы тұяағымен денесін бүріп, шабысын кілт тоқтатып, азулы тұмсығын тығып, кеңірдегін қиып үлгірді, қан шапшып маңайды алып кетті, қыңсылап барып жан тапсырды. Жоғары дөңестен бақылап тұрған Жәнібек сүйініп, кереметтігін өз көздерімен көрген, достарының бәріде, таңырқасып бұрын-сонды бұндайды, бірінші көруіміз! – десті. Сәт олжалы болып, оралған беті. Жағалай қоршап алып, Сәтті құрметтеп, атынан түсіріп қос ішінде дайындалған, тамаққа шақырып, Жәнібек өзі бастап, кіре берді. Сойылған бағылан еті, астауға тартылып. ферма басшылары қонағасы беріп, көңілдерін көтерді.

Жәнібек: Мен бұл құстың, ерекшілігін кітаптан оқып білгенмін, бұл тек қана «Гималай» тауында ғана, өмір сүреді екен, тау қошқарлары мен тау текелерін жеп, аулаумен қорек ететін көрінеді, ал басқалары өзіміздің дала қаршығасы емеспе? біз соны балапан кезінде қолға ұстап, өсіріп бүркіт еттік! – деді көпшіліктің назарын өзіне аударып. Сәт: Әрине солай, алып күші болмаса, қасқырды алмас еді, әкем «боқырау» базарынан сатып алып, көздің қарашығындай сақтап өсірді, жай құс емес, қасиетті құс «осыны жоғалтып алма» – деп тапсырды, ол «Гималай» тұқымы деген болатын! – деді. Бәсе! отырған отырысы, дене бтімі, алып келбеті, ешбір құсқа ұқсамайтындай түрі, өткір көз қарасы, ғажап тұяғының бітісі-бәрі ерекше «ғажайып» құс! – десті. Жәнібек орталыққа

оралды. Шабуыл қайта басталды, мұнда түлкімен қоян өте көп, Сайд пен Такеннің шабуылы түлкі соңына түсті. Сайдтың көңілі іркіліп, кейіншекттей берді. Құсының түлкіге барып, алалмағанын құпия етті. Соңынан ұшып, жете бергенде, жалт етіп, қалың бұтаның ішіне кіріп, жоқ болды. Бүркіт барып, үлкен төмпенің үстіне қонып, түлкінің шығуын күтіп қалды. Құс әлі төмпенің үстінде қозғалмады, жалтақтаумен уақыт өте берді. Сайд шыдамады, атына мінді де, қолындағы құрықпен, қалың бұтаның арасына кіріп, онды-солды сермей жөнелді. Айқайға басып, астан-кестен етті.

Шұбатылған қызыл түлкі, ұзын құйрығымен жылмаң етіп, бұтаның тасасынан шыға келіп, төмпе беткейінен жасырынып, бұғып барып бауырлап, шаба жөнелді. Сезіп қалған бүркіт, төмпеден бірақ көтеріліп, құйындатып барып, түлкінің үстіне «гүрс» етті, белі майырлып құлап түсті, тұяғын денесіне батырып, тұмсығымен кезек-кезек басынан шұқып, әлсіретті сол құлағаннан тұра алмай, өліп тынды. Сайдтың бүркіті де, өте алымды, көзі көргенін алып түсетін, жуан батпандай аяқтары, қомақты денесіне жабыса біткен қалың қанаты, тау қошқарының мүйізіндей иріле біткен, сұр тұмсығы, күштілігімен сайыса түскен. Такен естіген мен мақтауын асырғанын іштей көре алмады. Өзінің бүркіті, әлсіз қасқырға шабуды, жүрексінгенін жасырмады. Такен құсын ұстап отырып, бүгін Сәтке жақпағанын білді. Және әсіресе үшінші түлкіге шабыты болмай, ынтасы құрып, қайтып оралғанын есіне алды.

Сәт құсының күтімі аздығы! – деп бағалады. – Бері әпкеші осы құсты мен көрейін! – деді Сәт. Сонымен ол қолына алып, құсты қондырып, сипап отырып, қанатын тарап, аяғының жүнін қалпына келтіріп, баптай түсті. Құс жақсы екен, бірақ дәл күйін таппаған екенсің! – деп нығыз үнмен бір сөз қатып қойды. Такен бұған жалт бір қарап, мойнын теріс бұрып кетті. Сайд: Сен құсты білемін! – деп мені талай рет, сөзімді босқа жібергенің есінде ме? – деді. Болсашы! Айтуын айттым! Бірақ құсқа деген алаңым жоқ! – деді Такен жұлып алғандай.

Өзімде білмеймін, қанша жемдесемде, денесіне қонбады емес пе? – деді Такен. Сәт: Сен ылғида, ұстаған аңның қызыл етін турап бересің, әсіресе түлкінің етін! – деді. Қызыл ет, аш болған соң жейді, бірақ денесіне сінбейді, қайта қоңы төмендеп, әлі кетеді! – деді Сәт кейістік танытып. Қызыл етті беруінді тоқтат! Бұдан былай мен көрмейтін болайын» – деді. Сайд Такеннің қолынан астаудағы қызыл етті жұлып алып, туралған қоян етін, астауға салып, бүркітінің алдына тосты. Сыбағалы сыр бермеген, құс мінезі астауға молғып салынған, жұмсақ қоян етін қылқытып жұта берді. Міне осылай тамаша! – десті. Алуан күш керек болады, әлі қаншама ойқыраттарды аралап, сонау жатқан дөнес баурындағы, Таңатқан ауылы мен Сазбұлағы тағыда жоталар арасынан көрініп, дала қасқырының ұясына айналғанын Рахат баян етіп жеткізген еді. Сәт достарына жақындай түсіп: Енді бір кереметтің, соқтығысын жасап, Құмкешуді көкжалдан тазартып, апанын тасталқан ету! – деп бәрінің назарын өзіне аудара түсті. Расында солай! – деген Рахат, атына жалма жан қарғып мініп, жігіттерін алып, ойпатқа қарай құлдилап, түсе берді. Екі шетіне бөлніп, қарсы сүзумен қолдарындағы қаруларын, онды-солды сілтеумен, айғайға баса түсті. Айқай-шу тобырлары, апанның соңғы інін тауып алып, қаруымен дайын тұрды. Сәт бірден сезіп: Бақыландар! Қарсы атылуы ғажап емес! – деді де, құсын қолына қондырып, жақындай түсті.

Сол кезде, бұрық еткен шаң борап, іннің аузынан аспанға көтеріле, шапқан топ асқырдың, арсылы құлақты бітеп, көпшілікті «дүр» етті, артына қарауға шамасын келтірмей, соңынан қуа түсті. Сәттің қолынан «лып» етіп шыққан бүркіті, алып денесімен зуылдап, бір әйдік көкжалдың үстінен басты. Көсілген жез тырнағын, қасқырдың денесіне бірден қадап, шабысын бірден тоқтатып, өткір ауызды ұзын тұмсығымен, желкесінен сұғып алып, тамырын қиып қанын боратты. Көтере алмаған көкжал, бұлқынумен ғайып болды. Артынан жеткен Сәт: Кеу! Кеу! – деп шақырып, қолына қондырып, асығып орнынан қозғала түсіп, құсын бағыттап, көтеріп ұшырып жіберді. Жел бағытын, қақ жарып көкшіл қанатын самғай

ұшып, жетіп алды да, қос қанатының жинаған жел дауылымен, «сарт» еткізіп беріп жібергенде, домалалап аунап түскен қасқырдың, қарнын жарып мылжасын шығарды, қылжиған күйінде жатып қалды, тұрмады.

Сәт іле келген бойда, құсын алып тағыда қашқан. бөлтірікке бағыттап, шауып жөнелді. Сізген бүркіт өзі ұмтылып, бірден ұшып, соңына түсті, лезде жетіп алып, арқасына қона түсіп, тұяғын батырып, белін майыстырды, қисайып барып, құлаған бойы тұра алмай, өліп кетті. Сәт олжасын жинақтап, құс-бегіне жетіп, қолына қондырды, жанарына байлаған, үш олжасын көргендер таңырқап, шауып қасына келіп, қосқа бірге жылжи түсті. Рахатта бөлтірікті, құс-бегімен соғып алып, Сәттің соңынан ере түсті. Сайд пен Такендерде олжасыз емес, бір-бірден бөлтіріктерді алып, қос басына жиналды.

Үш бірдей апанын құртып, Құмкешуге енді, қасқыр жоламайтын етіп, жолын мүдем кесті. Күн ашылып, жаю борасын жолды басып, ат іздерін жасырып, желіген, қалыппен Танатқан ауылына қыр асып түсе бергенде, алдарынан ақбоз атына мінген Жәнібек қарсы алып, қасына ерген Сартай, Димаш, Жақыптарда бар болатын. Ауыл өте алыс емес, желумен көш бастап Жәнібек, бірден қос қыраттың қабағын өрлеп, ойпатты жотаны басып, биікке шықты. Қонысты белгілеп, төменгі жота бойына көз жүгіртіп, сол ойпатта қасқырдың ұя жасап, апанды інінің бар екенін айтып, баян етті.

Жәнібек ауылға хабар жіберіп, аттылар тобын, бірден алғызды. Олардың көмегі, жалпақ жотаны сүзіп шығуға ат салысып, үлкен істі бастауға дайын тұрды. Сәт жем-сауын дайындап, құсын тамақтандыруды ұмытпады, басы-қасында болып, бәрінеде бұйрық етті. Қоян еті, көптеп туралып, құстың қоңын түсірмеуді қадағалап, күтіп баптаумен болды. Бұл жер бұрыннан аты шулы, аймақпен шектелетін. Сәт көз тігіп, алыстағы ауылдың көркін әдемілеп, өзен бойына жарыса біткен, үйлерді байқап, Сайдтарға айтып, қызықтады. Соның бәрі Жәнібек келген соң, салынған үйлер мен қоралардың топтасқаны! – деп топшылады. Рахат бүркітін жаратып, Сәттің

бұйрығын күтті. Сәт бабына келтіріп болған соң, тағыда қырат бөктерінен асып түсіп, бүркітін қолына қондырып, күрең төбелімен жылжи басып, топ аттылардың бағытына қарай беттей берді. Атты топ, қоятын емес, дүрсілдетіп жер қыртысын, төңкергендей дамыл таппады. Ақыры, апанын тауып, ұялы қасқырдың үстінен түсті. Жағалай, бытыра шауып, жан-жаққа қалың қарда борбайлап, аса берген де, Сәт, байқап қалып, құсын ұшырып, соңынан түсті. Алып құс қойсынба, асау толқынды желмен белдесіп, қанатының балғамен соққандай, сартылы естіліп, құлап түскен қасқырдың үстіне мініп, азулы тұмсығын басына батырып, тесіп шықты, қан мен мыйы араласып, қар бетін бойап, жатып қалды, сол жатқаннан тұрмады.

Сәт асығып, атынан түстіді, құсының аяғын босатып, қолына қондырып, құсын көтеріп тағыда ұшырып жіберді. Қасқырдың соңынан басты, садақтың оғындай боп ағып барып, үстінен бірақ түсті. Өткір аюлы тұяғын денесіне батырып, тырып еткізбей, көзін шұқып ағызып жіберді, дөңгеленіп барып, қисая берді, су қараңғы қасқырдың, қалы бітіп кетті. Сайд пен Рахатта шабыста болып, ұялы қасқырдың бөлтірігін, алып үлгірді.

Сәт олжасын, жанарына байлап, қолына ұстаған құс-бегімен, қос басына келе бергенде, Сайд пен Рахат қуып жетіп, мәз болысып, қасқырдың тұқымы құрығанын айтып, екі апанның быт-шыты шыққанын сөз етіп, әңгімеге тартты. Жәнібек тағыда құстарының сұрапыл, айқастарын көріп, енді апанның жойылғанын естіп, бүркітшілерге дән риза болып, достарымен Сазбұлаққа баруға, бет түзей бастады. Бәріде тез жиналып, Сәт ауыл жігіттерімен олжасын бөлісіп, қоштастыда жолға шықты. Сазбұлақ алыс емес, бір сағаттық жол болып бекіді. Әп сағатта, қойнауын басып, қатты желіспен, қыр төбесіне көтеріле бердік. Қалың өскен ағаштар, дала өңірін басқан қалың қар, талды аймақты түгелдей алып жатыр. Жаю борасын тоқтағанмен, қытымыр аяз, төңіректі қысып қояды. Жәнібек ауыл жігіттерін, алдын ала шақырып, қыр төбеде қарсы алған, қарулы жігіттер, қоршап алып бүркіттерді көріп,

қызықтаумен танысып-білісумен болды. Сәт уақытты босқа жібермеуге бекінді, тез тойғызып құстарын баптады да, арпалысқа дайын тұрды.

Жәнібекте осыны күткен еді. Төмен қарай сау еткен, аттылар тобы, қолдарында жұмыр басты талдан жасалған шоқпар, бастарында темірі бар, ауыр салмақты етіп, қағылған. Жота бойы, қаптаған із, сол іздің соңына түсіп, лек-легімен жолын кесе бастады, талдың түбін, қалың қар басқан, жерге топырлап, ағаштың басын шоқпармен аршып, тал түбіндегі апанды іздестіре бастады. Бір кезде, атың аяғы терең шұңқырға түскендей, шоңқиып әрең дегенде шыға бергенде, арсылдаған қасқыр дауысы, бірден маңайды орап алды. Мында! Таптық! – деген дауыстар шығып «у-шу» болып, қасқырдың шығуын күтіп бақты. Атылған қасқыр тобы, бірінен соң-бірі, кең жазыққа қарай, ойран салды. қарулы жігіттер соңынан қуа түсті, екеуі жетіп алып, шоқпармен ұрып сұлатып салды, жанды жерінен тисе керек, бірден өліп кетті.

Сәттің қолынан «лып» етіп ұшқан құс, қанатын кеңге жайып, беріп жіберіп, «сарт-сұрт» еткізіп құлатты, домалап барып, ағаштың тұбіріне соғылып, жан тапсырды. Құс тағыда, өзі ұшып қасқырдың ізіне түсіп, жазықпен ышқына шауып бара жатқанын, көзі шалып қанатын бауырына жабыстырып, құйындай ұшып, ауыр салмағымен үстіне «тарс» етіп құлаған бойында, арқасын бүріп сығып жібергенде, жан ұшырып құлай түсті, денесін қан басып, әлі кетіп жатып қалды, көп ұзамады, бітіп кетті.

Қасқырдың жолы кесіліп, жота бойындағы апанның құлатып, аяқтаған Сәтке риза болған Жәнібек, көпшіліктің бірден басын қосып, қос басына жинады да: Мен саған жаңа салынған үй беремін, көлік алып тез көшіп кел! – деді, естіген жұрт қол соғып, қуанысып қалды. Сазбұлақтың жапан дүз даласы, сарқылмас табиғаты, тағыда қар жауып, жер бетін орай түсті. Күміс жапқан қар беті, күн сәулесімен жарқырап, тамаша келбетін беріп, ауыл бейнесін әсемдей берді. Енді уайымы тиылған, малшы да, ауыл адамдарыда, құлашын кеңге жайып, көңілдері орнына түсіп, малын көбейтумен

топшылады. Табиғат сырына қаныққан, аязды күнде, баю соққан, желмен ілесіп, суытып түн асыра бастады. Жәнібек сол суыққа мойымай, жана түсті, Сазбұлақта жиналыс өткізіп, мал басын өсірудің жолын талқылап, қоңын түсірмей мезгілімен жем-шөбін беруді, қатаң тапсырды. Ақбоз атына мініп жол бастап, есілген ат желісі, күн суығына қарамай, жастық қалпымен шыныққан бейнесін көрсетіп, Сартайлардың ералмай, қалыс қалғандарын, артына дейін күтіп алып, орталыққа жеткенше мазасы кетті, ештеңе айталмады, көңілін қалдырғысы келмеді. Күнде кішірейіп, ұясына бата берді, аттылар тобы көшеге кіре берді.

Көктемде келіп жетті. Күн жадырап, жылылық жер бетін басып, айнала көк сағымға оралып, сұлу табиғатын, дала өңіріне паш ете бастады. Күн сәулесі жарқырап, жайлым өрісі кеңейіп, шалқыған көк майса, қойнауға толып, дала төсі дүркірей түсті. Қайнаған шақ дала жұмысы, егінді алқапқа жайылған техника, қаптаған құмырысқадай, бригада жұмысы күн сайын өріс алып, өңірдің алқабына, бидай егіп толастамады. Жәнібек басшылық жасап «егінің-жаңа технологиясын» енгізіп, қатаң тәртіппен себуді, бүкіл механизаторларға жеткізіп, жиын өткізді, күн сайын өзі басында болып, Мұхит екеуі кеш оралып жүрді. Жердің «гумысын» қорғап, ылғалды сақтауды, қатаң тапсырды, себілген тұқым сол ылғалмен, көктеп біркелкі шығып, көңілге қуаныш ұялатты.

Жауған жаңбырда, себілген аймақты орап, көк майса толқынға ұласып, жер қойнауын орай бастады. Бидай жақсы көтеріліп, бастана түсті. Көк егіннің биік толқыны, баю соққан желдің бағытымен ұштасып, шалқыған дала төсіне, сағым тартқан кең аймаққа ұласа түсті. Алтын астық алқабы, сар даланың қойнауын алысқа созып, теңіздің бетіндей, ұшы-құйры жоқ жалпақ өңір, аспан күмбезімен жалғасып, күн сәулесін өзіне тартып, табиғат нұрын шаша түсті.

Егін пісіп, дала кемелері, шабуды бастап, астық толқынын, ақ маржандай етіп, қырманға жөнелтумен болды.

Қайнаған еңбек дала төсінде, толастамай күндіз-түні, орумен дала комбайынның жарығы «прожектор» сыяқты алысты орап, алтын астық үшін күрес, қарқын алып, асулардан асып, құлшына түсті. Жәнібек: Биыл астықтан екі план беруге, мүмкіншілігіміз бар! – деп, бүкіл халықты көтеріп, орындауға батылдық танытты. Орындалды да!

Қаптаған машина, қырманнан-элеваторға астық тапсырып, лек-легімен жолдарда, дамылсыз қатынап, екі бірдей жоспырын орындап «бүкіл аймақты» дүр сілкіндірді, бірінші болып егін орағын аяқтады. Жыл жаман болмады, жауған жаңбыр, қыраң белестердіде, көк шөпке молайтып, жазық даланың өскен бидайығыда, мал өрісін кеңейтіп, дөңеске дейін ұзарта түсті. Сол бір тамылжыған, жаз самалы, баю желмен бірге соғып, сағыммен бірге толқып, асау арнадай, өркештің белесіндей, алыстан көрініп қояды. Өзен бойын, қуалай қаз-қатар ақотау, жайлымға бас тіреп, суы мол жерге ығысқан.

Аққудай жалпақ айдыннан көрінген, отау үйлер шағын ауыл құсап, малды өлкені байытқандай, құлашын жайған жазық далада, отар-үйір малдың, топтасып жайылған жайлымы да, алыстан көз тартып, көңілге шат орнағандай, сезінесің. Құмкешудегі жалпақ өзен, талды-ағаштарымен, жиектеп өсіп, аспанмен таласқан биік теректерде, мұнартып қояды. Жаз бойына, құста мекендеп ұя салып, нағыз құс базары! – деп қаласың. Бала біткен, сол өзенге шомылып, қармақпен балық аулап, шортанға дейін, алған күндерін мақтан тұтып, өзеннен бір елі шықпағаны да содан. Жәнібек бұл аймақты жақсы білетін, табиғатын қызықтап, ерсіл-қарсыл жүрген сайын, соғып кетуді, әдетке айналдырды. Сол табиғатты, зая жібермей, тамаша саялы қайың-терек өскен жерді, белгілеп екі ақотау тіккізіп, қазақтың ұлттық дәстiрiмен, iшiн көрсе шыққысыз қызылды-жасыл айқыштармен безендіріліп, жас келіншектерге ұлттық кимдер кигізіп, қонақтарды қарсы алуға дайын етіп, демалыс күндері сонда өткізуге бел буды. Отау ішіне, ою салынған қошқар мүйізді жұмсақ текметпен, қолдан тоқыған қызыл кілемдер

төселіп, үстіне төсек көрпелер жайылып, құс жастықтар тасталған. Тұста араб кілемдерімен, қасқыр ішіктер ілініп, норка жағалы тондар қосылған. Атластан тігілген, ақ шымылдық, төсек бойына ұсталып, түндіктен түскен күн сәулесімен, жарқырай түсіп, отау ішін қызылды-жасыл түрге боялып, көк сандықтың үстіне жиылған «қыз жасауы» сыяқты, өзгертіп тастаған.

Жәнібек Баянды ертіп, бір сәт демалуға, осында келді. Келген бетте, жолдарына отаудың есігіне дейін, төселген «дорожка-қызыл кілемді» басып, Баян екеуі, есіктен кіре берді. Екі жас келіншек, қарсы алып, төрді нұсқады. Бойларына жарасқан, үкілі тақия мен көк көйлегі бойына түскен, қымша беліне сәнді етіп тігілген қамзелі, комды ұзын шаштарын өріп, артына жіберген, мойындарында жылтыр мойыншақтары, алтын сырғасымен сұлулана түскен келбеті, Баянды бірден тандандырып, көзін алмай Жәнібектің қасына барып, төрге отырды. Қалың ағаш саясы, жұпар иісі аңқыған, ауа толқыны, күн сәулесімен түндіктен түсіп, отау ішін орап алған, қандай «ғажап» табиғат назы дерсің, шаттық көңілде жүрекке ұялап, бойыңды ала берді.

Жәнібек жағадан суға түсетін, орындықтармен күн көзіне жатып дем алатын, төсағаштар орнатты. Баянға ұнаған тамаша жердің ауасы, тігілген ақотаудың іші-сырты әсемделген «қазақтың ұлтық дәстірі» ешбір курортан- кем түсбейтіндігін айтып топшылады. Жәнібек Баянға жағадағы, орындарды көрсетіп: Енді біз, өзіміз ғана емес, Мұхит пен Қарлығаштыда бірге әкелеміз! – деді. Жәнібек бөлімше мен хабарласып, қолынан іс келетін «охота» десе жанып түсетін, Зекенді алғызды. Егіде тартқан, зор денелі, талай жылдар бүркіт ұстап аң аулап, қаз-үйретерді мылтығымен атып, осы өзеннің бойын көп шарлаған, ақылы бар, сөзге ұстамды Зекенге тоқтаған. Жәнібек: Бар билікті қолыңа алып, алғансоң «балық жоқ» ауа райына сілтеп, ауға түсетін емес, деп сылтау қылатын болсаң Зекен емес, басқаны табамыз! – деді ашық сөйлескенді ұнатып. – Жоқ! Сөзім-сөз, айтқаныңды орындап, адал істеуге сөз беремін! – деді Зекен ақкөңілінің шындығын сездіріп.

Жәнібек Зекенді машинаға отырғызып алып, өзен бойын өрлеумен, қолайлы жерді іздеуге бағыт ұстады.

Өзеннің қос айырылымына барып тоқтады. Осы жер тұрақты болады! – деп қорықты. Жәнібек орталыққа барысымен, қалаға қайық пен ауларды сатып әкелуге арнаулы, Зекен мен кісі жіберіп, керекті заттарды ұмытпауды тапсырды. Шағын қос будка дайындатып, олардың келгенінше өзен жағасына орнатып үлгірді. Балық өте көп, жай су бетіне шығып «шоп» етіп, қайта түседі, қармақпен аулаған ауыл адамдарыда «олжасыз» болған емес. Өзен бойы. Қаладан оралған Зекен, ауды молғылып алып келіпті, екі қайығы және бар. Жәнібек бірден өзен бойымен, қонысқа бет түзеді. Зекен қасына екі жас жігітті, ертіп өзенге қайығын түсіріп, ау құруға су бетімен жүзіп жөнелді.

Маторлы қайық шапшандықпен тез жүріп, қалаған жеріне ау құруды бастапта кетті. Жәнібек бақылап, балық аулаудың әдісімен танысып, Зекеннің іс қимылына байыппен қарап, біраз тұрды. Бірақ қайта айналып соғу есінде болды. Бастаған істі, босқа жібермеуге, балықтың халық үшін көп пайдасы бар екенін, түсіндіріп жеткізу, ойында болды. Отаудан Баянды қасына алып, Құмкешудегі салынып жатқан құрлысты көру еді.

Жаңарған ауыл келбеті мүлдем өзгеріп, жаңа көшелерге толыққан ақ үйлер тізбегі, бірден көз тартып, сұлу ғимраттар салынып, үлкен аймақты құрап, топтасқан базаларда бой көтеріп үлгірген. Баянда бұрын көріп, азақ үйлерден тұратын ауылды есіне алып, Жәнібекке баяндап, аз уақыт ішінде, қалай өзгергенін сөз етті. Аралап шыққаннан кейін, құрлыс бригадирлерінің басын қосып, тез аяқтауды тапсырды, жаңа үйлерге, малшыларды кіргізуге сөз беріп, келесі жетіде жаңа қонысқа шығатындығымен түсіндірді. Жәнібек Баянмен ақотауға қайтып оралып, тамақтанған соң, Зекенге бет түзеді. Шалқыған айдын көл, дария суындай, алысқа құлашын сермеп, терең өзен алысқа созылып, кең жазықпен ұштасып, қалың өскен бидайық шабындығымен жалғасқан.

Зекен қайықпен алыс – жақынды, барлап өзі құрған, ауларды қарап, қаншама түскен: алабұға, табан және шортанда, мол байлыққа кенелгендей, кейіп танытып, аз уақыт ішінде ауға түсуі, балықтың көптігімен болжамдады. Зекен су жағасына, артып келіп қайығынан: Алғашқы олжадан құр қайтпандар! – деп, балықты машинаға артып «олжасымен» бөлісті. Зекен: Енді бізге транспорт жіберіп тұрындар! – деді кетерде сауал жасап. Жәнібек: Әрине! Бұл халықтың күтпеген «ырыздық несібесі» жолымыз болды, осының қызығын бүкіл жұрт көретін болады! – деді. Өзенің арғы бетіндегі жазық алаң, бидайық басқан қара топырақты жерді жыртып, Ким бастаған кориец бригадасы, тобымен жерді өңдеп, көктемде «овоштың» бәрлық түрін егіп, әдейі «6-ти дымовой» насоспен жайбарлау жерден су тартып, бүкіл бригада мен бөлімшелерді, жаңа овоштың өнімдерімен, қамтамасыз етті.

Орталық ларекта сатылып, ауыл жұртына жеткізді. Жәнібек ертемен Мұхитты қасына алып, егіс даласына жол тартты. Сағымданған үлкен аймақ, көгілдір буыр тартып, жаңа жауған жаңбырдың ылғал беті әліде басыла қоймаған. Бұлтта тарап, үлгірмеген. Қатты жауын жер бетін көгертіп, кең жазық даланың түрлі гүлдерімен қабаттасып өскен, көк бидайық басып, орап алған. Сағым толқыны, желмен көтеріліп бастарын шалып, баюлап барып, қозғап қояды. Жол бетіде, жауын суының ойысқа жиналған, шалшығы, кеуіпте үлгірмеген.

Бірақ біз тоқтаусыз, №1 бригадаға жол тартып келеміз. Жол үстінде қарайған тракторді бірден байқап қалып, артына тіркеп алған, культиватор КПЭ-3, 8 мен тақтайдай егіс арасындағы жолдың боршасын шығарып, егінді қоса жапырып, ирелендеген із жасап, бар скорысымен, түтінін бұрқыратып, салып барады. Жәнібек басып озып, тракторды тоқтатуға бұйрық етті. Бағынғысы келмей, баюлап бара жатқан трактордың, артынан секіріп, Мұхит жалма-жан тракторды тоқтатып, кабинадан Бармачукті лақтырып, жерге тастап жіберді. Жерден басын көтеріп, қарулы қолымен ұмтыла бергенде, Мұхит қолын артына, қайырып шалқасынан құлатып

үлгірді, мас араққа тойып алған, есін білер емес, тракторды жолға тастап, бригадаға жайаулап, бет алды.

Жәнібек түгел механизаторларды жинап алып, Бармачуктің қылығын жария етіп, бригадирге шашылған техниканы жинап әкелуге бұйрық берді. Жәнібек ашу үстінде болды. Опасыз осындай адамдардың, әліде қоғамды бүлдіріп, жүгенсіз кеткеніне ызасы қайнады.

Әлден соң, егіннен оралған, бригадирге: Сен машинаңмен, Бармачуктің қолына чамоданын беріп, трас беткейіндегі ағылған машинаны тоқтатып, мінгізіп жібер, қайтып келуші болмасын! – деді Жәнібек қатулы сөзімен бұйырып, жасаған егістік жерді, қалпына келтіруін қатаң тапсырды. Басқа бригадаларды аралап, жиын өткізді оқыс мінез танытқандарды, қатаң ескертіп, ешқандай аюшылық болмайтынын жеткізді. Биылда егіннің шығымы жақсы деген, жұрт пікірі былтырғыдан кем түспейтінін, айтып астық алқабын қорғау керектігін жеткізді. Әдейі объащиктер шығарып, жылқы тұяғынан қорғауды, егінге түсірмеуді қатаң тапсырып, бүкіл бөлімшелермен, малшы қауымға жеткізіп, қаншама штрафқа бататынын айтып ескертті. Егінге дайындық жүріп жатты, комбайн паркі жаңарып, техника легі келіп жатты, тоқтар тазарып, мех тоқтарда алтын астық қабылдауына даяр тұрды. Жәнібек жиналыстарда, опыты бар жастардан, звено құрғызып, атағы әйгілі союздың «ипатовский» методы қолданып, «Целинный» совхозының сағатпен шабу әдістемесіне көшіре бастады. Штаб құрылып, Мұхитті зам етіп, барлық басқару, бір жерден ұйымдастырылып «диспечерлік служба» арқылы, күндіз-түні жұмыс істеу тәртібі орнады. Құмкешу ауылы.

Камшаттың бұрынғы ескі ауылы, құлаған үйлер, қара балшықпен сыланып, жауыннан құлаған мештің мойыны, қоқыр-соқыр шашылған көше бойы, малдың қиы, аяқ алып жүре алмайтын, ойдым шұқыршақтар, көшені тарылтып үйілген қоқыстар, осының бәрін есіне алып, оқудан оралған беті, үйінің жанына түсіп, тұрып қалды. Камшат: Қалай тамаша болып өзгерген, әдемі көшелер бойын да ақ үйлер,

аққудай қатар түзеп, айдын көл бетінен сәуле шашып тұрғандай, терезелерінен түскен жарық, көшенің ажарын ашып, келбетін жарық ай сәулесімен ұштаса түскен! – деді жеткізе мақтап, қарсы алған Арманның қолын ұстап. Екеуі осы жерде, бастауыш мектебінде бірге оқып, бір партада отырып, жастық шағын осы өңірден бастаған.

Зымырап жылдар өтіп, Камшат мұғалімдік институтын бітіріп, ауылға оралды. Камшат жасынан сұлу, жұқалаң қызғыл нұрлы ашық маңдайы мен қырлы мұрны ақ бұғақты, жұмсақ иегіне толқын білінеді. Уыз жастық ажары бар. Жүзі қызыл шапақтап, күлімсірей реңденеді. Жылтырай таралған қалың шашы, алдына қарай ұзарып, сұлу жүзіне жараса түскен. Сәнді салмақ пен баю төңкеріле, қарайтын мөлдір көздерінде, назды, нәзік сүйкімділік бар. Аппақ жұмыр саусақты, үлпілдеген ақ білекті, сұлудың әдемі сағаты, мойнындағы ақ тамағына түскен мойыншағыда әсем. Құлақтағы сырғаларыда тынымсыз жылтырайды.

Камшаттың сұлу ажарын көріп, Арманда өзінің, сұлулық сипатын көрсетіп, сағынышын сездіріп қалды. Камшатты қатты құшақтап, аман сау «оқу бітіргенін құттықтап» кешкілік кездесуге сөз байласып, әрең дегенде жұптары ажырасып, тарқасты. Ауылдың шеті. Көп өскен биік ағаштар саясы. Жаз самалы, жылы жел есіп, ашық аспан, ай сәулесін түсіріп, төңіректі жарыққа бөлеп, орап алған. Желде баюлап, теректің көк жапырағын қозғап қояды. Арманның сағынышы, көп жылдан бері алаңдап, оқуының бітуін күтіп жүрді. Арман саяға келіп, алып ұшқан жүрегінің соғысын баса алмады, Камшатым келсе екен! – деп алаңдаумен жолын тосты. Жүзі жарқырап, аппақ бетін ай сәулесі аша түскендей, жеңіл киініп, жараса түскен қызыл көйлегі, бойын алып, ұзын шашын алдына жіберіп, қос ақ білегімен Арманның мойнына орала берді.

Жібектей созылған, жиіншке белінен, құшақтап Арман өзінің баурына тартып, асыл денесін өзіне қарай жылжыта түсті. Дөңгелек жүзін Камшаттың бетіне жақындатып, жұмсақ ерніне аузын төсей берді. Алып ұшқан қыз денесінің қызуы, Арманды бірден ерітіп ала жөнелді. Құшағын айырмастан,

Камшаттың денесін көтеріп алып, терек түбіндегі қалың көк майсаға апарып, жатқызды. Жұпар иісі аңқыған, дала табиғаты бірден бойды алып, жолын бере бастады. Камшаттың астына көйлегін шешіп төседі де, кастюмын басына салып, ыстық денесін бауырына басып, жылжи түсті.

Арманның сағынышы басылмады, қос жүрегі бір-бірімен түйісіп, сырласқандай бой тартып, жымдаса түсті. Арман бойын түйістіріп, Камшаттың асыл денесіндегі, қос өркештің арасынан өте берген, Арманның асылы, бірден қыз денесін балқытып: Жаным! Арманым! – деген тәтті сөздері бірден ұйытып, Арманды ала жөнелді, балқуы күшейіп, ұзаққа созыла берді. Қыз арманы орындалып, балаусадай балқыған денесін жинай алмай, Арманның бойынан айрылмай, сағынышын баса алмады. Сүйіскен еріндері, нәзік тартып, қалпын үзбеді, арман дүниесіне жаңа оралғандай сезінген екі жас, бірін-бірі қатты құшақтап, ыстық денесінің «лэзат» жалыны басылғанша, жұптаса берді.

Таң атып, әтеш шақырғанда, үйлеріне тарасып, ұмытылмастай болған кеш, ойларынан кетпеді. Кешкілік кездесіп, үлкен үмітке орала берді, Арман айтпақ ойын жеткізуге батылы бармай, біраз күн жүрді. Арман бүгін жұмыстан, оралысымен өздері алғаш кездескен жерге, ағаш саясына аялдады. Камшаттың келуін күтті. Бір кезде аяғын ауыр басып, әреңдеп жеткен Камшат Арманның құшағына кіре беріп, ұшып түсті. Не болды жаным! – деген Арман бас салып көтеріп алды да, көгал үстіне отырғызып, аяғының ауырған жерін, қолымен уқалап, қалтасынан орамалын алып, байлап тастады. Біраздан соң ауырғаны басылып, жүруге жарады. Камшат: Асығып келе жатқанда, аяғым шұңқырға түсіп, ауыртып алып, әрең жеткенім еді! – деді.

Арман белінен құшақтап, оймақтай аузынан сүйіп, сағынышын басқандай болды, бірақ ойы алып ұшқан жүрегі лаулаған оттай болып, Камшаттың денесіне жақындаумен болды. Арман өз ернін, әреңдеп алып: Сен менің «мәңгілік» сүйген жарымсың! Талай жылдарды басымнан өткізіп, келуіңді асыға күтіп, асыл денеңді сағынып, бір құшақтауға

зар болған күндерім, ұйқысыз өткендей, азап тұттым! – деді. Енді міне, қаншама күндерден бері, нұрлы жүзінді сүйіп, құшағымды алмадым, лаулаған қызу денемізден ләзат назы алмасып, бойымызды билеген «махаббат» қуатты «мәңгілікке» бет бұра бастады! – деді Арман, сөзін жалғастырып, үйленіп «той өткізуді» қалады.

Камшат: Мен де өз сүйгеніме қосылу еді, армандаған Арманым сенсің! – деп оймақтай аузын жылжытып, Арманның аузынан сүйе бастады, қос жүрегі бірге соғып, жабысқан дене қызуы бойларын алып, бақыт құшағына кіргендей, алып ұшқан нұрлы жүздері жараса түсті. Екі-ұш ай бірге болғаннан, кейін қалаға жүруге дайындалған, Камшатты шығарып салуға Арманда келіп, үй жанынан күтті.

Жеңіл машинаға отырғыза бергенде Камшаттың айтпақ ойы бар еді: Мен енді екеу болып, ораламын! – деп сездірді.

Ол кезде Камшаттың аяғы ауыр болатын. Арман қуанып, бетінен қайта-қайта сүйіп, қимастықпен шығарып салды. Арман үйіне оралысымен, анасына жеткізіп: Камшат келініңе дайнал, бір емес екеуі келіп, кіретін болады! – деді. Анасының алып ұшқан жүрегі, қуаныштан толастамай, көрші-көлемге айтып үлгірді. Жәнібек Арманды жақсы көрді, оның жұмысқа деген қабылетін, бірден байқады, Москалевтен әкелген асыл тұқымды табынды, Арманға сеніп тапсырғанда Жәнібектің өзі болатын. Сырттай қаладағы, жоғарғы оқу орнына түсіп, әкенің жалғыз ұлы болған соң, барып оқи алмады. Мал асырап, үйір жылқы мен табын ірі қараны, мол ұстап байыды.

Жәнібек Арманды тәрбиелеп, болашақ ферма басшысы етіп, қоюға бекінді. Арман Камшатпен «үйлену тойы» болатындығын айтып, Жәнібекпен ойын бөлісті. Жәнібек бірден құптап, Камшаттың жақсы қыз, жақсы жар болатынын сезген. Арманы жұмысқа кетерде, анасы алдынан шығып, шығарып салып: Камшатым екеуіміз келеміз дегені, баламен дегені емес пе? – деп анасы тұжырымдап қуанды. Арманның астындағы ауыздықпен алысқан күрең аты, қатты желісімен, малын кең жазыққа айдап, жайлым шүйгеніне жеткізіп, көк

қалың өскен көде бойына, шығарып үлгірді. Аспанды қара жауын бұлты басып, күн көзін шығамады.

Аспанды билеген көшпелі бұлт, найзағайға ұласып, аспанды дүр сілкіндіріп, жер беткейі жаңғырығып, алай-түлей буырқана бастады. Ауылдан ұзаған табын, көк майсаға тұмсығы тиіп, жерден басын алар емес. Әпсәтте гүрс еткен, найзағай шатырлап, от шашып, аспан айналып жерге түскендей, Арманның ат үстіндегі, денесіне түскен найзағай оты, лезде шарпып өтіп, өртке орап алды. Тілсіз жау, Арманды атымен жоқ қылды. Бір сұмдықтың болғанын байқаған, өзен бойындағы кигіз үйлердегі, аттылар тобы, өртке қарай шабумен келіп жетті. Болған істі тез жеткізіп, орталыққа хабар етті. Хабар жетісімен Жәнібек түгел жинап алып, болған істің басына келді. Жылаған жұрт, қыршын жас Арманды, енді ғана үйленуге азақ қалғанда «үлкен тойға» дайындалып, қаладан сүйгенін күтумен жүргенін айтып, жыласқан халық көздеріне жас алып, толқуда болды. Ауыл жұртын дүр сілкіндірді.

Құмкешуге жиналған халық, жыламаған адам қалмады. Әке-шешесінде ес болмады, жалғыз баласынан айрылып, уайыммен жатып қалды. Жәнібек қоштасу «митенгасын» жасап, көпшілік алдын да: «Өте жас кетті, арманы орындалмай, аяқсыз қалды, сырттай оқуға түсіп, асыл тұқымды бағып, келешекте осы Құмкешуді басқаруды тапсырсақ-деп, ойлап жүрдік, оқуын бітірген сүйген жары Камшатқа үйленуге сөз бергені, біздің есімізде. Амал не, опасыз дағыдыр, арамыздан алып кетті! «-деді. Арманым кеткенен соң мұндай тірліктің маған керегі не?! – деген әке сөзі, аңыраған ана, дауыс қылып, бүкіл халықты жылатып, толқытты. Арманды ел болып, жылаған балаға дейін, ұзақ сапарға шығарып салды, «мәңгілік» болып, жер қойнауына табыстады, оралмады. Камшаттың келуін күткен туыстары, сыр білдірмеуге бекінді, «дипломын» алып, Арманға хабар жіберіп, автобустан күтіп алуды қалады, Камшаттың аяғы ауыр, жүгіде көп. Аялдамаға тоқтасымен, жан-жағына қараумен, болды бірақ ешкімді кездестіре алмады, Арманда жоқ болып шықты.

Жол бойындағы бейтаныс, жеңіл машинаны тоқтатып, үйіне апарып салуын өтінді, көзіне жас алған Камшат бір сұмдықтың болғанын сезді. Үйінің ішінде, күніренген қалыпта, бұрынғыдай қуанысып, ата-анасының жүзінен, жақсы лепті байқай алмады. Не болғанын білмеді?! Есі кетті. Сүйген жарыда көрінбеді. Арман ешқашан қарсы алмай, қалған емес, тіпті аяғым ауырлығын сезіп, қуанбас па? – еді, – деген ой мазалап, сұрайтын адамды таппады. Әке-шешесі бөлектеніп, жоламай қойды. – Жоқ! Бұлай болмас, – деген ой жетелеп, өткір қыз кеңсеге барып, білуге бет түзеді. Есіктен шыға бере-калың жұрт жиналған, кіруге бет түзеп, келе берді.

Ауыл ақсақалдары да осында: Камшат! азырақ аялдашы, саған айтар сөзіміз бар еді! – десті үлкендер. Ішке кіріп жайғасқан соң: Қалқам! Камшат! Біз ауыр қазаға душар болдық! Кеше ғана жүрген Арман, мал басында, жазық даланың өрісінде, найзағай түсіп, қаза болды, қыршын жас, өмірді көре алмай, ғайып болды! – деді ауыл ақсақалы, Камшатқа естіртіп. Не болғанын өзінде білмеді, өкіріп жылаған дауыс, біртіндеп бәсеңдеп, талып кетті.

Жалма-жан орталықпен хабарласып, Жәнібек дәрігер алып, тез жетті. Қарап үлгірмеген дәрігер: Өте қауыпты, ауруханаға тез жеткізуіміз керек, балаға да, өзіне де, бір сұмдықтың болуы мүмкін! – деді сасып. Аурухана іші. Камшаттың өмірін сақтап қалу керек, самолет шақырып, қалаға апаруды қажет! – деп санады. – Қалаға келген бойда, бүкіл дәрігерлерді жұмылдырып, ана мен баланы аман алып қалуды ұғынды. Сақтап қалды. Камшат аман сау босанып ұл туды, денсаулығы қалыптасып күннен – күнге жақсара бастады.

Жәнібек қайта-қайта хабарласып, арнайы көлік жіберіп, үйіне алғызды. Баян да қамқорлығын аямады, әдейі барып Камшаттың денсаулығын сұрап, баласының жігіт болып өсуін тілеп, мұғалімдік жұмысқа алатынын жеткізді. Камшат: Сіз келгенің, мен үшін үлкен бақыт, осындай қаралы уақытта, өз пікіріңді айтып, маған қолдау көрстіп, жұмысқа тұрғызғаныңа үлкен «рахмет» Баян! – деді көзіне жас алып. Менің сізбен

бөлісер, бір тілегім бар еді! – деді Камшат. Айта ғой! – деді Баян. Камшат: Арман әке-шешесінің жалғызы, олардың күні енді не болмақ?! Сондықтан мен сізбен барып, мынау кішкентай Арманды, соларға берсем деп едім! Оған қалай қарайсыз?! – деді назарын Баянға аударып. Баян: Өте тапқан ақыл, қандай тамаша қыз едің Камшат! Жүр қазір барайық! – деді. Жеңіл машина, зырғумен Арманның үйінің алдына келіп тоқтады. Камшаттың қолында жаңа туған «кішкентай Арман» деп ат қойған, баланы көтеріп, ішке кірді. Күңіренген үй іші, қайғы басқан, анасының күйзелген дауысы, жиналған қалың жұрттың бәрін жылатып, Камшатты құшақтап, көрісіп «жалғзынан айрылғанын», зарлы дауысымен, көпшілікке жеткізіп, отының өшкенін сездірді.

Баян тоқтау айтып: Бұл алланың ісі, кім Арманды жақсы көрмейді дейсің? Амал не, жас қыршыннан айырлып қалдық, сұм дағыдыр арамыздан алып кетті! – деді көзін орамалымен сүртіп, жұрттың көңілін басты. Баян әке-шешесінің қасына барып: Ал мынау өмірде аңсаған келіндерің Камшат, баласымен өздеріне көрсетуге, кішкентай Арманды алып келіп, жақында өлім-қалымнан қалып, қалаға барып, жазылып келді, сол Арманды көріңдер! – деп әке-шешесінің қолына ұстата берді. Құлыным! Бауыр етім! Боздағым! – деген ана сөзі тағыда көпшілікті жылатып, көңілдерін босатты. Баланы «кішкентай Арманым» – деп, біразға дейін бауырына басты, Арманы оралып келгендей ой түйді, бірақ оралмады.

Камшат: Әке-апа! Осы бала туысымен «Арман» деп атадым, сол Арман сіздердің қолдарыңа беремін, өздеріңнің бауырыңда өссін, әкесінің орнын бассын! – деді. Жұрт жалт қарап, ду ете түсті. Қандай ақылды қыз! – десті. Әзірше аяғынан жүргенше, өздеріңмен бірге боламын! – деді Камшат ата-анасының батасын алып. Баян: Енді сіздер ойлап жылай бермеңдер, ертең – ақ қолғанат, жігіт болып өседі, сондықтан бар күш қуаттарыңды, уайыммен кетірмей, тіршілік өмірден қалмаңдар! – деді. Арманның әкесі Шәріп қуанып: Боталарым! Қандай тамаша ой тастап, Арманым қайтып тіріліп келгендей, сөздеріңе қуаттанып, баурымызға алып, өсіріп осы мал-

жанның бәрін, сол қошақаным үшін, асырап жеткіземін! – деді. Уайымның бәрін қойып, Арманның анасы Дамеш пен Шәріп қайта қуаттанып, ел-жұртын жинап, той жасады, үлкендердің батасын алып, жас Арманды бауырына басты.

Камшат өте ақылды, кіші Арманды аяғынан бастырып, ата-анасының үйіне беріп, өзі Баянның қарамағына барып, мұғалімдік қызыметін жалғастыра түсті. Жәнібек Құмкешуге әдейі барып, Арманның жеке малын, совхоздың табынына қосып, бағуды бөлімше басшысына тапсырып, қолды болып, кетпеуін ескертті. Совхозың жаңа орталығы. Тың жерде құрылғанына он жыл. Сұлу көшелерге салынған ақ үйлер, айдың көлдің аққуындай қатар түзеп, әсем келбетімен орталық алаңнан бой көтерген: Мәдениет үйі, мектеп, аурухана тамаша гүлдерге бөлеген бала бақшасы, қызылды-жасыл маталар мен ұсталып, сәндене түскен. Шет алаңға ағылған халық легі «ат жарысы» мен «қыз қуу» ұлттық ойындарын көруге асығу үстінде. Шаттық билеген бойларын, Құрманғазы ұлт-аспаптар оркестірінің орындауындағы, «Саржайлау» күйі тебіреніп, асқақ ойларын табиғат нұрына бөлеп, алып жөнелді.

Баян ақбоз ат үстінде, басында камшат бөрігі, ұзын қызыл көйлегі бойын жауып, етегі ат үстінен бауырына түсіп, тұрғандай әсемдене түскен, көк қамзелі беліне жарасып, сұлу келбетімен көпшілік алдына шығып, кезек күтіп тұрған қыз бен жігіттерді хабарлап, «қыз қуу» ойнын бастап ала жөнелді. Баян ұйымдастырған, бұл ойынға бүкіл жұрттың назары ауып, қаптап кетті. Баяннан көзін алмаған жұрт, маңайынан шықпады, озып шыққандарға силық беріп, жастардың ойынға деген ынтасын көтеріп тастады, көрген жұртқада әсер қалдырып, қызықтаумен болды. Күрес пен ат жарыс өте тартымды болды, бәрінде Жәнібек өзі басқарып, бағалы силықтар беріп «тойды» есте қалатындай етіп, көпшіліктің көңілінен шығып, бүкіл халық тамашалады.

Мәдениет үйі. Жиналған халық, лек-легімен ағылып жатты, бүкіл аймақтың бәрі шақырылып, тыңның орнағанына он жыл болғанын атап өту, өскен талаптың міндеті болды. Зал іші, ал қызыл маталар мен ұсталған, терезе шымылдықтары,

жарық-жұрқ етіп алтын түске бойалған, сәнін көрсетіп, сахна төрімен әсемдене түскен. Қабырғаларға тамаша жазулармен он жылдағы көрсеткіштер ілініп, алтын астықтың молшылығы мен мал өнімдерінің жетістігін баян еткен.

Бір кезде сахна төріне Жәнібек көтеріліп: Біз он жыл ішінде, талай қиындықтарды жеңе отырып, егіннен өзгелерді артқа тастап, екі бірдей жоспарды орындап, үкімет қоймасына комақты үлесімізді қосып үлгірдік, мал басын өсіріп, барлық түрінен планымызды орындап шықтық. Малды асылдандыру үшін «асыл тұқымды» сатып алып, жаппай көшіру қарқын ала бастады! – деді совхоз басшысы, жария етіп. Біз бұл жетістік пен шектелмейміз, орталықты үлкейтіп, барлық өндіріс орындарын саламыз, тағыда тамаша үйлер бой көтеретін болады, фермаларды да, топтасқан базылар салынды, жаңа көшелерге ақ үйлер тұрғызылып, мектеп пен монша нысандары пайдалануға берілді, бүгінде ауылдың келбеті танымастай өзгерді! – деді Жәнібек сөзін аяқтап. Қол соғып, Жәнібекті құрметтеген халық «бұрын-соңды» мұндай силыққа қолы жетпеді, еңбек озатарын марапаттады.

Жәнібек сахнаға қайта шығып: Сандуғаштың концерті! – деп хабарлады. Сахнаға қазақтың сұлу қызы Сандуғаш, шыға келгенде басында үкілі камшат бөрігі, ақ маржандай созылған, ұзын көйлегі, қызыл береннен тігілген қамзели, белімен жарасқан, қара шашы өріліп беліне түскен, сұлу жүзін жарқыратып шыға келген де: Бұл артис па? Қандай көркем! Сұлудың өзі! – десті бірден таңданып, залдағы көпшілік. Бүкіл жұртты өзіне тартып үлгірген Сандуғаш, өзінің шығарған «Сағыныш» әнін бастап ала жөнелді.

Тамылжыған ән шырқала түсті. Халық қайта-қайта қол соғып, Сандуғаштың сахнадан кетпеуін қалады. Концерт соңынан, алты қанат ақотауға ағылған халыққа ас беріліп, Жәнібек өзі басқарып, жиналған көпшілікті риза қылып, құрметтеп шығарып салды, ұмытылмас «той жиыны» естерінен кетпеді. Күз уақыты, егін орағы аяқталып, қыс қамына кіре бастады. Құмкешуге жолы түсіп, келе жатқан Жәнібек, жалпақ өзеннің бойымен, жалғасқан қалың ағаштар,

жиектеп өзен жағасымен, айдын көл суына, тасаланып дамылсыз ұшып келіп жатқан, қаңқылдаған қаз тобы, бүкіл аймаққа естіліп, азаң-қазан дауысы, шорағай үйректердің шырылымен жалғасты. Осының бәрін өз көзімен көріп, Жәнібек бұл дала байлығын бос, жібермеуге бекінді.

Жәнібек оралысымен Сәтке хабарласып, достарымен Құмкешуде кездесуге уәделесіп, өзен жағасында күтетіндігін білдірді. Асау толқынды, кең арнасымен көз тартқан, теңіз суындай болып жайылған сағасыда, алысты болжап, созыла түскен. Теңдесі жоқ бұл өңір, балығы мен құсына бай, аймақты Жәнібек бірден қалап, табиғат сұлуына жол тартқан, асыл жердің ошағы! – деп бағалады. Сол жағада Сәттің келуін күтті. Алыстан көрінген шаң, топты ат жүрісімен аспанға көтеріліп, желмен ұйытқан құйындай болып көрініп, лезде баюлап барып, басылды. Сағымда орап алып, таудай толқынымен, алысты жақындатып сала берді. Сәт бастаған, топ аттылар Жәнібектің маңайына топтаса түсті, ішінде Рахатта қалмапты. Жағада қос тігіп, құстарына жем-сауын беруге, дайындалып күтіп-баптауды бастап кетті.

Сәттің алыстан көзі шалып, нағыз «құс базары» екенін топшылап, Жәнібекке айтып үлгірді. Қалай таңдағансыз, бұл жерді! – десті. Табиғаттың берері мол, сол молшылықты ұқсата білсек, бізден ешкім бай болмас еді! – деді Жәнібек. Сайд пен Рахат, Сабиттерде, рас екен! – деп бас изесті. Өзен бетін жапқан қаз-үйрек тобы ұшып келіп, жалпақ су үстінде жүзіген беті, қамысты жағамен жалғасып, қоректік шөптер іздеп, дамыл таппады, сүңгумен алысты барлады. Бүркіттерін тамағына тойғызып, қоян етімен қарық қылып, күтіп баптауды аяқтай бастады. Құс келбеті, жасарып жылтырап шыға келді. Сәтте көңілді, Жәнібектің жанын да болып, айтқан сөздеріне құлақ асты. Сәттің бүркіті, тұғырында отырып, көк көзінің реңінен от шашқандай жағалайын барлап, өзен бетінен көзін алмады, қаңқылдаған құс дауысын, естігендей тыпыршып, алаңдаумен болды. Рахаттарға айтып, дұрыс жем-сауын беруді, қатаң тапсырған Сәт, өз көзімен бақылап, отыруды жөн көрді. Құстарыда жақсы рең тартып, «үлкен шайқасқа» дайын

тұрды. Сәт атына мініп, қолына құсын қондырып, томағасын алып, кең жазық су арнасына қарай, жылжи түсті. Құс қаңқылын естіген болуы керек, Сәттің қолынан «шып» етіп ұшып ала жөнелді. Алып күш, қос қанатының бойында болатын, желпініп бір тастады да, зулаумен ағып отырып, ұша берген қаз тобына киліге түсті. Денесін жоғары салып, қос қантымен «сатырлатып» қанаттарын сындырып, су бетіне құлата берді, құлаған қаздар ұша алмай, су сабалап, қаңқылдаумен қалдары бітіп, өліп кетті. Сәбиттің жүзгіш тазылары, су бетінен жағаға біртіндеп алып, шықты.

Сәттің бүркіті, аспанға бірақ көтеріліп, тағыда құстың тобын бағыдарлап, қалықтай ұшты. Әпсәтте, жаңа келіп қаз тобы, өзен бетіне қона бергенде, жоғарыдан құдилап, қос қанатын кере ұстап, су бетіндегі жүзген қаздарға «салып» өтті, өткір жүзіне шыдай алмаған қаздар, бастары қылжиып, толқын мен тербеліп барып, құлай берді. Тағыда аспанға бой ұрған бүркіті, әлсін-әлі төменге көз тастап, қамыс жиегіндегі топ үйректерді көріп, торлай түсті. Жәнібек бірден тағыда байқап қалып: Әне! Алды, Тағыда алды! Сабазың! – деп маңайдағыларды ду еткізді.

Төменге, ағып құлай түскен бүркіт, топ үйректің үстінен түсіп, қос аяғымен бүрістіріп, сығып жіберіп, құлата берді, ұша алмады «тобын» құртып, су бетін қанға бояды, ұлпа жүндері ұшып, өзенге боратып тастады. Сабит бақылап тұрып, тазыларын жұмсап су бетінен алып шығуға, бұйрық етті. Жәнібек: Бұл өте керемет болды! Қазірде қаншамасын алып үлгірді! Қаз бен үйректі тіпті аттаттырмай, тобымен алуы, айтса наңғысыз, ғажап құс емес пе?! – деді. Сайд өзеннің арғы бетіне қарай, қамыстан жасырынған топ үйректің үстінен түсті.

Құсын бағыттап, қолынан асығыс ұшырды. Қанатын бауырына қысып, атылған оқтай, топ үйректің үстінен түсті, шонды аяғымен тұйағын кесіліп жіберіп, бір-екеуін бүріп тастап, сұр тұмсығымен бастарын шұқып, қанын ағызды, құлаған үйректер су бетін алып кетті, тағыда ұшып қанатымен құлатып үлгірді. Сайд қайығымен, өзен бетіне түскелі біраз

болды, олжасын салып алып, құсын шақырып белгі берді, әлден соң ұшып келіп, Сайдтың маңайына орала берді. Жәнібек: Олжа көбейді! Баптаған құс, қандай болмасын, алып түседі! – деп жеткізді. Қос басына тағы жиналып, жем-сауын беруге бет бұра бастады. Астауға дайындаған қоян етін, Сәт өзінің құсының алдына апарып қойды, ашынған құс қылқытумен мол жеді, орақ тұмсығы, өткір пышақтың жүзіндей, жылпылдап алып түсті. Жәнібек біраз болған соң орталыққа оралды, көтеген жұыстар күтіп, оларға қозғау салу басшысыз бітпеді.

Қалың қамыс, су жағасын көлеңкелеп, үйректің үйреншікті қорғанысы болып, тобымен тереңге сүңгіп, тыныс таппады. Күн көзінде, қамыс арасынан су бетіне түсіп, күмістей жарқыраған сәуле шашып, жел баюымен қозғалып қояды, сылдыры естіліп, үріккен үйректер қайта ұшып, келіп қонып жатты. Сәттерге де, сәті түсіп, тасалап келіп, бүркітін жіберуге ыңғай етіп, жылжи берді. Жалпақ өзеннің сағасына, қонған топ қаздың легі, су бетіне, шомп етіп құлай түсті, бұл жолы өте көп, жан-жақтан келіп қосыла түсті. Байқап қалған Сәт бүркітін жіберіп, қаз тобына бағыптады. Сайд пен Рахатта құсын үйрекке жіберіп, тасадан үстіне бірақ түсірді. Сәттің бүркіті, көтерілген қаздың тобына барып жетіп, өткір қанатының қырымен, қос қанатымен жапыра соғып, қанаттарын қиратып, су үстіне топ еткізіп, түсіріп үлгірді. Қанаттарын қағып, қайта ұшуға шамасы келмей, су бетінде шалпылдатып, ойрандай түсті. Сәт ішінен олардың ісі бітті! – деп тұжырымдады. Бүркіті тағыда үлкен топқа араласып, құйындатқан асау күшімен, қос аяғының өткір, ұзын тырнағы тиген жерін бүрістіріп, денесін жаралап, өзен бетіне тастап өтті. Сабитке хабар берген Сәт, қайықпен жинап, әкелуге бұйрық етті. Сайд пен Рахаттың бүркіттері, сәтін пайдаланып, қалың екі топқа кіріп «сарт-сұрт» еткізіп, үлкен қанаттарымен, ерсіл-қарсыл соғумен, шағын үйректерді құлата берді, шөрегей үйректерде ес болмады, қанатынан қайырлып, бүркіттің құрбаны болып, өліп кетті. Сәт бастаған топ, қос басына жиналып, бүркіттерін күтіп, баптауға бекінді.

Олжасымен бөлісіп, ертең тағы да, жиналуға келісті. Аттарына мініп, үйлеріне тарқасты.

Сәт орталыққа бет түзеді, ат желісі қара жол мен, шаң боратып, алып ұшқан жүрек соғысы тоқтамады, бір жағы бойын қуаныш билегендей, жаңа жерге орнығып, беделі өскендей сезініп, өзінің күш қайратына сүйенді. Жол шетінде қалың өскен бидайық, бауырайға жабысып, аласұрған аттың табан жолын тайдырғандай, үзіп келеді, келте мойнын желіспен, соза түсіп, арғымақ тұқмынан шыққан белгісін беріп қояды. Адымды жылқының шабыты, жұмыр аяғының алысымен, кесек-кесек балшық түйірін артқа тастап, келеді. Құсын тұғырына қондырып, Сәт орталыққа келіп кіре берді. Бүгінде ауыл сәні, тамаша болып өзгерген, көше бойында жайқалған ағаштар, үйлерге көрік беріп, сән-салтанатты ғимраттармен орталық аландар, гүлге бойалған.

Жүзінді бірден өзіне тартып, болашақ өмірдің нұрына бөлегендей, көңіліңді жадыратып, бойыңды сергітіп, бақыт құшағына кіргендей сезінесің. Сәт ат үстінде: Осының бәрі, тек Жәнібектің еңбегі емес пе? – деп ой қорытты. Қандай батылдық, әрдайым біздің қасымызда болып, аң мен құс аулауға бар ынтасын салып, қасқырдың мекендеген апанын құртып, ойламаған істің бетін ашуы, халықтың көңілінен шығуы, құптарлық! – деп бағалады. Жәнібектің әліде, қалың жұртқа берері көп, балық пен байытып, барлығына да жеткізді. Құмкешу қыратынан тың жерді жырқызып, бүкіл аймақтың жұртына бахша егіп, арбозбен қарық қылды! – деп түйіндеді Сәт, ертең тағыда жолға шығу, есінде болды, «құс базары» күтіп тұрды.

Асығат зор денелі жас жігіт, атақты механизатор, талай егін орағында, бірінші болып, алдын бермейтін, кейіннен звено құрып басқарды, сонда да алдыға шығып, қызыл туды жеңіп алды. Жәнібек әрдайым мақтап, бағалы силықтар беріп, «Еңбек қызыл ту» орденімен наградталғанын, бүкіл ауылдастары жақсы білетін. Келбеті келіскен, сұлу жігітті Сазбұлақтағы жолдасы «үйлену тойына» шақырды. Кешкілік жұмыстан оралысымен, мотоцикліне мініп, жолдасына жол

тартты. Алып ұшқан жүрек қуанышы, жас жігіттің басылмады. Жан жолдасы, бала кезінен бірге өсіп, механизатор болғалы біраз уақыттың өтіп кеткенін сезбеді. Жолдасы Сағи, уажалап: Кезек енді сенікі, сүйген қызың болмаса, киеуден қайтып келген, отыздағы Сабилаға таныстырып, күшік күйеу болып осында көшіп келесің, әйтпесе осында тамаша қыздарға көз салмаймыс-ың! – деді жолдасы құшақтаған қалпын жазбай, біраз тұрды.

Айтқаның орынды «товарищ генерал» өзімде қалап, ойластырып едім! – деді Асығат. Кешкі уақыт. Алты қанат ақотау ортадан жарқырап, дала өңіріне жарық шашқандай, ерекше сәнімен көз тартып қояды. Маңайы толған адам, бүкіл ауыл осында жиналған. Іші кірсе шыққысыз, қызыл кілемдер мен жерге төселіп, тұсқа ұстап тастаған. Жалт-жүлт еткен шымылдық, бағалы атластан ұсталып, түнектен түскен ай сәулесінің жарығымен, жалтырап, жібектей созылған рең қағады. Толған қыз-келіншектер шымылдық ішінде ән айтып, сырттағы көпшіліктің құлағына жетіп, әдемі назды дауыстары, ауа толқынымен, алысты орап үлгірді.

Асығат өзінің звеносында істейтін Сағиды, бұрыннан екеуі арасынан қыл өтпейтін дос, болатын. Жәнібек оларды жақсы көріп, адал еңбекшіл жастар! – деп әрқашанда бағалайтын, осындай жас жігіттерді «ауылдың механизатор курсында» оқытып «тракторист-комбайнер» мамандығын алып шыққан Асығат пен Сағи бүгінде еңбек озаты, атақты комбайнер, бірге оқыған достарыда көптеп саналады, оларда бүгін осында бас қоспақ. Бәріде Жәнібек пен Баянның келуін күтті. Асығат әдемі киінген, ақшыл келбетімен, ішке кіре берді. Есік алдында кілт тоқтап, тұрып қалды. Қарсы алдынан, батынасқа салып, бос кеселер ұстаған, сұлу қыз мөлдір көзін бір тастап, жол бер дегендей, ыңғай тартып, сыртқа шыға берді. Мен әлі тұрмын. Ешкім отырыңыз! – деп айтқан емес. Бұл тұрғаным ұят болар деп, төрге қарай ығыса түстім.

Жұмсақ көрпе үсті, құс жастықтар қатар қойылып, мен де алыстан келгендей болып, шіреніп барып, басыма жастық салып, қисая түстім. Ойым Жәнібекті күтіп, қарсы алу еді.

Сырттан еш хабар болмады. Шырқалған ән, батынас ұстаған қыз кеткелі, сұйылып айтылмай қойды. Бір кезде, сықырлап ашылған отау есігінен, баяғы сұлу бейкеш, құйылған кеседе қымызы бар, батынасын қолына ұстап, жиекпен төртегі қонақтарға, ұсынып таратумен, маған жетті. Салалы ақ саусағы, сұлу жүзі, мойнындағы ақ маржандай тізілген, жылтыр мойыншағы, алтын сырғасымен, өңін ашып, сызылып келіп жаныма, кесені ұсынды. Айтуға сөзім жоқ, таныс емеспін, бірінші көруім еді, бірақ бірден ұнатып «сүйіп» қалдым, ұсынған кесесін алып, мөлдір көзінен көз алмай ұзақ қараумен болдым.

Қымызын ішіп, бос кесеге келуін күттім. Ойым атын сұрап танысып қалу еді. Шыдамым таусылды, ұнатқан адамым, жоқ болып кетті. Қарасам шымылдық ішінде, ән бастап ашық назды дауысымен, шырқай жөнелді. Бәсе, айталмағаныда сұлу бикештің жоқ болғаны, деп ұғындым. Кесем алдымда, біраз отырдым, неде болса сыртқа шығып, кесемен бикештің шығуын күттім. Көп ұзамай, отау есігінен шыға келді: Мен сіздің кесенізді іздеп жүрсем, өзіңізбен бірге ала келген екенсіз?! Отырмайсыз ба? Жұрт құсап шошаңдамай! – деп жымыып өзімді мазақ етті. Асығат: Сіз өзіңіз қалай-қалай сөйлейсіз, танымаған адамды мысқылдап! – дедім қатуланып. Жай ашыйын! Қолым тимей жатқаннан соң, айтып қалып едім, кешіріңіз! – деді бикеш сызылып сөйлеп.

Жарайт! Онда танысалық! Атым Асығат! – Сіздің атыңыз кім? – деді Асығат жұлып алғандай, асығыс сөйлеп. Кесе аяғын жайғастырып, стол үстіне қойғаннан соң, сұлу жүзін Асығатқа беріп: Менің атым Ләзат! Естіген кісіге аманат! – деп езу тартты. Жан-жақтан торулаған қыз-келіншектер, қымыз құйғызып, ән айтуға Ләзатты орталарына алып, ішке кірді. Ләзат десе Ләзат екен, тамаша сұлу жүзі, мөлдір көзімен ұштасып, қара шашы өріліп алдын ораған, жарасымды қызыл көйлегі бойына түсіп, әсем келбетімен, өзімді бірден баулап әкетіп «ғашық» болғанымды сездіре алмай, қапыда қалып, өкіндім.

Кездесу сәтін аңдыдым. Қайтадан барып, өз орныма отырып, шымылдық жағынан көзімді алмадым. Шымылдықтың ашылған жерінен сығалап, ұзақ қарап тұрған Ләзаттың жүзіне көзім түсіп, ұнатқанын менде байқадым. Неде болса батылдықты танытып, шымылдықтың тағыда ашылғанын күтіп, шығуға белгі беруге бекіндім. Ләзатта түре келіп, шымылдықты дұрыстаған болып, мөлдір көзімен қарап, жымиғандай рең танытып, бетін маған қаратып аудары берген де, «шығуға» белгі беріп, ымдай түстім.

Ләзат бірден түсініп, басын изеді. Мен атып тұрып, даланың таза ауасына шыға бердім. Күн қараңғы, жарық ай жоғалып, бұлт басқан қалып танытқан табиғат тосыны, мазсыздана берді. Сол кезде, артымнан іле шыққан Ләзатты, бірден көтеріп алып, тасалы жерге түсірдімде, құшақтап сүйе түстім. Олда қос қолымен мойныма оралып, сүйіп қалған сезімін айтып, бар денесімен баурыма кіріп, айрылмастай болып, қалып таныта бастады. Жібектей созылған ыстық денесі, менің бойымды алып, лаулаған от денсін, өзіме түгелдей жақындатып, баурыма қыстым, сүйіскен жұмсақ ерні, бойымды балқытып, бақыт бесігіне қарай алып жөнелді. Сол кезде, жарқыраған машина жарыға, отаудың маңына барып, тоқтады. Бірден байқадымда, Ләзатқа тойдан кейін кездесек! – деп қолқа салдым. Ләзат ыстық денесін, бойына тартып алды да, құшағымнан шыға берді «жарайт» – деп бас изесіп, отауға кіре бердік. Жәнібек пен Баянды қоршап алған жұрт, «жар-жар» айтумен тойды бастап ала жөнелді.

Ләзат шымылдық ішіне кірісімен, асқақ үнімен жар өлеңін әсемдеп, қалық құлағына жағымды етіп, шырқай түсті. Баянда бірден, бұл әнді бастаушы кім екенін, біле алмады, тамаша ән қалықтап, отау ішіндегі көпшілікті орап алды. Бет ашылып, шашу шашылды. Жүйткіген домбыра үніде, әнге ілесіп, тартыла түсті. Халық көп жиналды, отау ішіне симағандар далаға отырып, жастар өлеңнің кезегін күтіп, қыздармен айтысы басылмады. Сөз бірінші Жәнібекке берілді, қалың жұрттың шуы басылып, барлығыда Жәнібек пен Баянға қарап, көзін алмады, жиналған еңбек адамдары, басшының асыл сөзін

асыға күтті. Жиналған жастардың дені, егін орағының майталмандары, сол жолдастарының бірі Сағидің «үйлену тойы».

Жәнібек пен Баян жұрттың алдына шығып, сөз бастап ала жөнелді: Сағи еңбек озаты, қарапайым ауыл жігіті, техниканы тез меңгеріп, өзінің талаптығымен дала кемесін, тоқтатпай күнделікті жоспарын асыра орындап, алтын маржандай, егін алқабының астығын шауып үлгірді, сондықтан бүгін үйлену тойына, екі жасқа «бақыт» тілеп «үш аяқты мотоцикл» сиға беріледі! – деді басшы, кілтін Сағиға табыс етті. Уралап қол соққан көпшілік «Жарайсың Сағи! «-деп, отау ішін алып кетті.

Жәнібек пен Баянға қошемет көрсетіп, Сағидың ата-анасы, екеуіне қазақтың тамаша шапанын кигізді. Халық Баянның әнін сұрады, бұрыннан олар естіген, талай рет қайран қалып, орталық «Мәденит үйіндегі» концертте, сахнаға қайта-қайта қол соғып сұрағаны, жүрегінде сақталған, сол әнді бүгінде еске алған көпшілік, асыға күтті. Баянның сұлу жүзі жарқырай түсіп, қасында Жәнібек, шырқап ала жөнелді, шалқыған назды дауысы, әсем салған ән, көпшіліктің бойына жарасып, тербетілген ауа толқынына ұласып, отадан шығып, алысты болжады. Қайран қалған халық қол соғып, Баянның керемет дарынды екеніне бас иіп, құрметін аямады. Артынан жастар әні жалғасып, той біразға созылды. Асығат пен Сағи, бүкіл қалың жұрт Жәнібек пен Баянға бағылан тоқты сойылып, ас берген соң, «зор құрметпен» шығарып салды. Асығат тойдың тез біткенін асыға күтті, шымылдық маңайынан шықпады, Ләзатты бір көріп қалуға, жалтақтап басын алмады. Жаны сүйген жарының үстінде болды. Ләзатта қыздарды тастап, ысылып кетуді, ұят! – деп санады. Алып ұшқан жүрек соғысы, сұлу қыздың мазасын алып, тынысын тарылтты. Асығатты сүйді, өмірлік жолдасым болса екен! – деген арманы көңіліне жараса түсті. Енді кездесем, ешқашан қасынан айырылмас едім! – деп бекінді. Асығат шыдамы біткен соң, Сағиді ертіп әкеліп, жас жұбайына Ләзатты шығарып беруін өтінді. Өзі қаға беріс, бұрынғы кездескен жерде, күтіп тұрды.

Көйлекшең жеңіл, асыға басып Ләзат сұлу жүзін көрсетіп, сәнді шашын алдына түсірген қалпымен, айқара ашқан құшағыма келіп, кіре берді. Менінде күткенім, осы еді, оймақтай аузынан сүйіп, жабыса түстім, енді жіберместей салалы қолыммен құшақтауды, жалғастырып лаулаған бойымдағы жалын отты, Ләзаттың денесіне сіндіріп, қалың шөпке құлай бердім. Ойым «мәңгілікке» бетін ашып, қыз бақытын емдену еді. Ләзаттың сөзін алып, шын «сүйетіндігін» ұғындымда, қарсы болмағанын сезініп, бойымды асыл қыздың денесіне беттестіріп, от жалыны шарпығандай, денемді билей алмай, Ләзатқа ығыса бердім. Қос жүректің соғысыда, бойымызды билеп, алып ұшты. Ләзат қыз бақытын маған беріп, асыл денесімен кіре берді, бойым балқып, жұбымыз тоғысқандай, ыңғай тартып, жұмсақ аузынан айрылмадым, сүюмен бойымды алып ұшты, Ләзатта соны қалады. Ұзақ бірге болып, жаздың жылы түні, құшағымыз айрылмады, Ләзат бойын денемнен алмады, баурыма кіріп, ыстық денесін баса алмады, бойын беріп алдыма жатып алды, менде дамылсыз құшақтап, бойын балқытумен болдым, сағыныш сезімдімде осы болды. Енді міне, мана дұрыс айта алмай, бірден ұнатқанымды айтып жеткізуге бекініп, жүрегім орнына түскендей болып, «ғашық» болып қалғанымды сездіру еді! – деді Ләзат. Асығат ыстық қолын тағыда өзіне тартып, денесіне еркіндеп жұғыса берді. Ләзат сұлу жігіттің жүзіне караумен болды, көзін айырмады, қасынан шықпады. Келбеті келісімді, ақшыл беті, ат жақты, жүзімен қою қасы, қара көзімен ажарын ашып, Ләзаттың жүрегіне ұнаумен толыса түсті. Қолын алмады ыстық дене сезімі күшейіп, бойын билеген махаббат мықтап кіре бастады.

Асығат ақотау ішінде: Көргеннен-ақ бірден ұнатып, мөлдір тамаша көзінің қарасы, маған ой салып, өзімді бірден «ғашық» еткендей, бойымды билеп, жүрегім назы саған ауыса берді, сүйіп қалдым, осындай жарым болса! – деп ойлаумен тындым, – деді Асығат, Ләзаттың ыстық денесін өзіне тартып, бойына басты. Асығат қолымен белінен ұстап, баурына қарай жылжыта түсті. Кастюмын шешіп алып, Ләзаттың үстіне

жауып, құшақтап бетін беріп, оймақтай аузынан сүйіп, асыл денесін өзіне тартып, мауқы басылмады, дене қызуы шашылмады. Асығат қайратты, шыныққан жігіт, ұзын бойлы, «келсең кел- мен атайын» – дейтіннің өзі еді. Ләзатты құшақтаған бойы, көшемен баю жүріп, жарық ай сәулесімен, алысқа бойлай берді. Таныстық сырларыда, ұзаққа жалғасты. Жарық жұлдызда аспанды шолып, жымындап қояды. Баю соққан желде, таза ауа толқынымен, ұласып жұпар иісін, дала өңіріне шашқандай, сезініп келесің. Жаздың қандай тамаша күндері еді! – деп ой түйесің. Көше бойына, жаңа үйлердің қасымен, біраз жүріп, уақыт өткенінде байқамадық. Алып ұшқан жүрек соғысы тоқтамады, үлкен алаңға барып, ауыл шетіне қарай аяндай бердік. Ләзатты қайта-қайта сүйумен жалықпаған Асығат құшағын жазбай, мәңгілік бірге болуға, ыңғай тартып, бар арманын жайып салды.

Ләзатта ұнатты, жан ұшырған армандары бірге тоғысып, мәңгілік назына ұласты. Асу ойлар, көңілді күлкі, тартымды кеш, бір сәт жалықтырмады. Күн ағарып, таңда атуға бет ұстады. Аспан ашылып, күн сәулесі, ұясынан шыға бергенде, далада жүрген екі жас, түннің қалай өтіп кеткенін де, біле алмады. Сол қалыппен тарасып, кешкілік қайта кездесуге, уәделесіп, келісті. Асығат отауға қайтып оралып, досының үйінде қонып шығуды қалады. Кешкілік тағыда Ләзатын іздеді. Кездескен жерге ертерек барып, маңайын бақылап, бірге отырған жерді межеледі. Жылы кеш, дала ауасы, жұпар иісі, жарық ай сәулесі қызықтырғандай, ой тастап, қуаныш күлкі, әзіл сөздермен, ой түйінін ала келді. Асыға күткен, Ләзатта Асығат баурына кіріп, бірден құшақтап, жұмсақ ернін жақыдатып, ыңғайлай берді. Сағына күткен жігітте, арманы ашылып, құшағын бірден жайып, бетін беріп, аузынан сүйе бастады, бойы тәтті сезімге орала түсті. Бойын қызу билеген Асығат, Ләзатты құшақтаған қалпымен, көк шалғынға жақындатып, жылжи берді. Әдемі сая, жағалай тыныш жер, біраз отырып, Ләзатты бауырына қысып, шөпке қисая берді.

Ләзатты дамылсыз сүйіп, ыстық денесін өзіне тартып, кеудесіне басты. Ләзатта сағымдай созылған асыл белін,

жақындатып мойнына орала берді. Түйіскен бойы, денелері жабысып, айрылмады. Ләзат өз денесін, Асығат бойына жіберіп, қызуын баса алмады. Лаулаған от жалындай, денесі бой тартып, Асығатпен беттесе түскен қызуы, қос алманың арасымен, балқыған бойларын жинай алмай, көпке созылған тәтті сезімі, бір сәт толастамай, өрши түсті, балкумен біраз жатты. Екі күнге созылған тойдан кейін, Асығат орталыққа оралды. Уәде еткен сөзін, анасына жеткізіп, егін бітісімен, үйленуге шешім қабылдағанын, хабар етті. Қуанышы қойнына симаған ана жүрегі, ауылына таратып үлгірді. Ләзат оқу жылы басталысымен, мектепке оралды. Сағынышын жасырмады, Асығаттан не бір жағыдайды біліп тұруға бекінді. Сүйген жарын сағынды, аландаумен жүріп, орталыққа да барып, Асығатты кездестіре алмады. Ләзат арман ойын жасыра алмады, анасына айтып, әкесінің рұқсатын алуға бекінді. – Әкесі Уажит өте қатал, дүмпей адам. Ешкімге ерік беретін кісі емес, сөзі тұрпайы, туыстарында ұнатпай, «отырса – опақ, тұрса сопақ» қып, шығаратынның өзі. Ләзаттың сөзін естігеннен бері, үйде маза болмады. Уажит салған жерден: Мен қызмды, «жесір» әйелдің баласына бере алмаспын, «сіңірі» шыққан қара кедей, менің теңім емес, құда болып, мен кімге барамын, сөзуар әйелмен, сөзім жараспайды?! – деп кесіп айтты.

Ләзатқа бостыйын жүруді қойғызып, үйден шығармады, көбіне қамауда ұстады. Оқуда жүрген де, құда түсіп, бауыр басқан «күйеу жігіті» көрші ауылдың зав. склады Жақия деген, елуде, әйелі өліп қалған, бірақ бай ішіп-жемі мол, үйір жылқысы бар, кісіге уәде етіп қойғанын жеткізді. Ләзат бұл хабарды естіген бойда: Жоқ! Мен дүниеге қызығып, малға сатылмаймын, ол заман құрыған, шалға барып, әйел бола алмаймын! – деп келте айтып, әкесінің құлағына жеткізді. Уажит: Жоқ! Мен айттым бітті! Бай адамға барып, күніп ете қаласың, «не ішейін- не киейін» демейсің, бәрі бар, қу кедей сенің теңің ба? «ішсе тамаққа жарымай, кісе киімге жарымай» отыратынның нақ өзі емес пе?! – деді қатулы жүзімен қызын тоқтатып. Ләзат көзіне жас алып: Ондай өмірдің маған керегі

жоқ, онда өлгенім артық! – деп есікті тарыс жауып, жылаумен сыртқа шығып кетті. Бекінген әкенің қаталдығы, анасында итеріп үйден шығарып, қуып жіберді. Жындылығы басылмады, алған малға қызығып, ақшаның байлығына сенді.

Басу айтқан ағайын сөзін керек қылмады. Ләзат жағдайдың беті, бері қарамайтынын бірден сезді. Жылаумен күн өткізіп, уайыммен түн өткізіп, ұйқы көрмеді, берекесі қашты, басына бақытсыздық орнады, өмірі өшіп, сүйгенінен айрылғандай болды, тез хабар жіберіп, Асығаттың келуін күтті. Егін орағына дайындық үстінде болатын. Хабар жетісімен, орталыққа жол тартқан Асығат, Жәнібекпен кездесуге бел буды. Кешкілік уақыт. Орталық кеңсе. Жәнібекке кіруге кезек күтті. Секретары Асығаттың келгенін жеткізді. Жәнәбек бірден есік ашып: Асығат кір, неғып тұрсың, не болды?! – деп қасына келді. Асығат: Мен Ләзаттан хабар алдым, бұл өмірден бір жола қол үземін, әкем елудегі бір кісіге, құда түсіп беруге келісіпті, мені іздеме, бұл өмірде мен енді жоқпын! – депті. Жәнібек: Сен уайымдама, ондайға мен жібермеймін! – деді де, секретарына тез арада, ауыл советгі, секретарь паркомды, рабочкомды шақыртуға бұйрық етті. Әлден соң, Халит, Марден, Салықтар жиналып, болған істі баяндап жеткізген Жәнібек: тез арада жетуіміз керек! – деп жолға шықты.

Сазбұлақ ауылы. Өзгерген өңір қалпы, көз тартар әсем үйлер мен салынған топ қоралар, келбетін беріп, тамаша рай танытып, қаптаған көшелерді басып, ауылға кіре бердік. Бірден Асығат айтқан Ләзат үйіне бас тіредік. Қоңыр тартқан, үлкен үйдің есігін ашып, ішке кіре берген де: Бұл кім өздері? – деген шалдың айқайын құлағымыз шалды. Үйінде шалдан басқа жан адам болмады. Сәлем беріп, бәріміз кіріп, кең бөлмеге жайғаса бастадық. Ләзат шешесімен бір жола қуылғанға ұқсайды, үйінде қонбаған. Шал жаңа тұрып, киініп, қасымызға келіп отырды. Жәнібек сөз бастап: Бұныңыз қалай ақсақал? Көпті көріп, заманның қандай екенін, әлі білмегенге ұқсайсыз? Қызыңызды шалға беріп, қандай мақсат ұттыңыз? соны айтыңыз, менімен бірге келген ауыл советі Халит,

парторг Марден, рабочком Салық, мына жігіт атақты комбайнер Асығат, ал мен болсам совхоз директоры! – деді барлығын таныстырып, шалдан нақтылы жауабын күтті. Қипақтап, өзінше қиналған боп: Менің қызым жыламасын, деп бай адамға беруді ұйғардым, келісім жасап, құда түскен едім! – деді. Халит бірден ашуға мініп: Сіз қандай адамсыз, қыз баланы малға сатудың, тұқымы баяғыда құрыған, бұл барып тұрған қылмыс, сол қылмысты жасап отырған сіз, менімен ауданның түрмесіне барасыз, дайындалыңыз! – деді. Жәнібек: Сіз үлкен адамсыз, сіздің сақалыңызды силап, отырғанда райыңыздан қайтыңыз, іс насырға шаппай тұрғанда, біз Ләзатты өз сүйгеніне қосамыз, егін аяқталған соң, «үйлену тойын» өткіземіз! – деді. Тұнжыраған шал, айтуға енді беті бармады. Марден: Қыз бен анасын шақырып, жауаптастырғанымыз дұрыс! – деді. Зұлым құрт секілденіп, шал райынан қайта бастады. – Олай болса, қазір қызыңыз бен жұбайыңнан кешірім сұра, үйден қумай, қалыпты жағыдайда, ұрыс-керіссіз тұрамын, деп сөз беріңіз! – деді партия секретары.

Асығат Ләзат пен анасын алып, үйге кірді, қонақтар мен амандасып болған соң, болған жайды шалдың өз аузынан естиміз! – десті. Шал Уажит: Мен қаталасыппын, өз үйім, алтын ошағым, қалған өмірімде, ешкіммен ұрыспай, әкелік қамқорлығымды жасап, Ләзатымды енді ренжітпеуге сөз беремін, жұбайымнан да, кешірім сұраймын! – деді сөзін салмақтап. Жәнібек: Қалай да, қазір егін уақыты, Ләзаттың сүйген жігіті қасымдағы Асығат, совхоздың мақтаулы, еңбек озаты, үйлену тойын өткізіп, жаңа үйдің кілтін беремін, сіз жұбайыңызбен сол тойға, келетін болыңыз, хабар жіберем! – деді шал естісіндеп, құлағына жеткізді. Қонақтар кетерде шал орнынан тұрып: Уәдем, Уәде! Алаң болмаңдар, сол айтылған сөз өз қалпына түседі! – деді қоштасып. Қайнаған қауырт шақ, жаңа басталған егін алқабы, сар даламен ұштасып, кең аймақты, ұшан теңіздей, толқын беті, сағыммен ұласып, жел бағытымен жайқалып, алтын сырғалы сылдырымен жол тартып, қояды. Керемет табиғаттың әсем қойнауы, дала төсін

өзгертіп, аспан күмбезіне ыңғайлы сая болып, күн сәулесінен нәр алғандай, кейіп танытады. Алыстан мұнартқан, дөңес алқабы да, жиектің көк майса қалың гүлі, өзен жағасымен жалғасып, кешкілік жұпар иісін, дала төсіне таратқандай, тамаша ауаның бойыңа жағып, көңіліңді жұптайсың.

Жағалап өткен өзеннің, асау толқыныда, бүгін суалып, қалқыған су бетіндегі, сыбызғының дауысындай, сылдыр қағып, ұшып келіп жатқан, айдын көл аққуыда, өзен бетінде. Одан алыс жатқан тың дала, сары дала, егін алқабын ұшықұйры жоқ, өңірдің асыл қазынасын, баурына тартып, жазық жерге қоныс тепкен. Буылдыр сағымдай, сан жылдар, шөл дала, ешкім барып көрмеген, аяқ басып жүрмеген, құяны тозған құндыздай, қаңбақ басып, топайлы жер атанып, игерусіз қалған еді. Енді міне, жер өзгерді, техника келді, ел болып, қалыптасқан халық келді, арман ой тоғысқан заман келді. Бүгінде гүл жайнаған, кең алқапқа, дала кемелері, өңірдің алтын астығын орып, қайнаған еңбек, құлпыра түскен жаз шағы, толассыз ағылған машиналар, элеваторға тасып, күдіз-түні ағылумен дамыл таппады, қарқын ала бастады. Алғашқы қадам жақсы болды, өнім көбейе түсті, осы бағыттан таймаңдар! – деп Жәнібек зағон басындағы жиындарда, бәріне жеткізді. Сендер егін бойына, от басын ойлап, алаңдамаңдар «колцовик» барлығыңның үйіне, ет пен керекті продукттың бәрін жеткізетін болады» – деді Жәнібек салмақтап сөйлеп.

Одан сайын, рухтанып жастар дала кемесінің кабинасынан түспеді, дала төсінен кеш оралып, біршеше бункердің планын орындап, астығын бастырды. Қалыптасқан қарқын, сағатпен орып, алып күштің еңбек сатысынан орын тепті, түн мезгілінде жарқыраған, дала кемесінің жарығы, үлкен аймақтағы ауылдың кейпін көрсетіп «астық үшін арпалыс» шайқасын елестетті. Жәнібек бір сәт дамылдамады, егін алқабынан шықпай, өзі басқарып «барлық шаруаны табанда» өзі шешіп отырды. Кешкілік тамақтар беріліп, қалың жұрттың көңілінен шықты. Сәт өзінің достарымен, бригаданың бәріне қаз-үйрек еттерін беріп қуантты. Балықта дамылсыз келіп, тамақтарын байытты. Корецтің бригадасыда,

бүкіл овоцты бригада асханасына үйіп тастады, бахша арбузыда, күн ыстығында беріліп, көпшіліктің шөлін басты. Егін орағы аяқталып, алтын астықтың жоспарын екі есе орындап, отан қоймасына құйылды.

Совхоз орталығы. Мәдениет үйі. Жанына ақотау құрып, ағылған жұрт, Асығат пен Ләзаттың «үйлену тойы» на лек-легімен ағылып, жан-жақтан, алыс-жақыннан келіп жатты. Сандуғаш Құрманғазы ұлт-аспаптар оркестірімен қарсы алып, «Сар жайлау» күйі жұрттың бойын билеп, көңілін өсіріп, шалқыған самал үні, көпшілікті орап алды, ауа толқынымен алысқа шарлай берді. Бір кезде «Қыз жібек» әнімен бастаған, әсем келіншек Сандуғаштың ашық дауысы, сыңғырлаған үні, қыз-келіншектердің ортасында Асығат пен Ләзаттың сұлу бейнесін көрсетіп, сахна төріне жылжи түсті.

Тамаша киінген, қазақтың ұлттық шапандары жарасып, бастарына бөрік киіп, шыға келген Асығат жүзі, Ләзаттың сұлу келбетімен, камшат бөрігі шекесіне жарасып, ақ көйлегі етегімен шұбатыла түсіп, көк қамзелі, белімен жанасып, ақ мойыншағы, алтын сырғасымен жарқырай түскен, аппақ бетіне сән ойнатып, ашылған ажарын халыққа бейнелеп, «Сұлу Қыз жібектің» түріндей келбетін ұсына түсті.

Сандуғаш осының бәрін, әнімен жалғастырып, қазақтың сол замандағы болған, көрнісін екі жасты «Қыз жібек пен Төлеген» дей етіп, «ғашықтық» мұңын жеткіе білді. Бұрын-сонды бұндай көрністі көрмеген халық, «Жібектің» аяулы мұңына көз жасын алып, көрніс тапты. Ән Сандуғаштың айтумен жалғасып, жастардың өнерімен жалғаса түсті, асқақ ән толқыны, бүкіл жұртты орап алды, назды үні сайраған бұлбұлдай кейіп танытып, халықтың дамылсыз қол соғуымен жалғасты. Осындайды көрмеген қос ана, бойларын қуаныш билеп, Жәнібек пен Баянға «алғысын айтып» беттерінен сүйді, дән риза болған Ләзаттың әкесі Уажитте таң қалумен бұндай боларын білмей, «адасқан» қалпын ұмытып, жайдарлы жүзімен «жас жұбайларды» құшақтап беттерінен сүйді. Кеш Сандуғаштың ұйымдастыруымен, биге жалғасып, сырнаймен ән айтумен көңілді «той кеші» ұзаққа созылды.

Жәнібек пен Баян сахна төріне шығып, жас жұбайларға, үш бөлмелі үйдің кілтін табыс етті. Ду қол соққан қалың жұрт, жас жұбайлардың, қажырлы асқар еңбегін бағалап «бақыт тілеумен» тарасты. Егін орағы аяқталып, қауырт шақ бәсен деген уаыт еді. Жәнібекті жедел облысқа шақырып алып кетті. Обком партиясының үйі. Бас қосқан үлкен жиын.

А. М. Бородин қалың жұрттың алдында, Жәнібекті мінбеге шақырып, ең жоғарғы награды Ленин орденін төсіне қадады. Жәнібекке тағыда, жаңадан ашылған Дулатов совхозын құруды тапсырды. Жиыннан соң А. М. Бородинің жеке қабылдауында болып, оның әкелік қомқорлығын, әр уақытта бүкіл көмегін аямай, Жәнібектің іскерлігін, қабылетті басшылығын, қолынан келетінін біліп, жаңа совхозды тың жерден құруды тапсырды.

Жәнібек орындауға дайын тұрды, бүкіл көмек «құрлыс коопарациялары» жаңа совхоздың іргесін қалайды деп сендірді. Тың жерді көтеруге, бүкіл облыстың совхоздары көмектесетін болады! – деді бірінші хатшы.

Жаңа жер. Жаңа орын. Арпалыс басталды. Құлазыған дала өңірінде, тек ескі колхоздың орны, жапа үйлері мен азып-тозған базылар, күрең тартқан жазық өңірдің беткейі, бидайық басқан кең алқаптың, сағым қуалаған көрнісі елестейді. Міне осы жерге, егін салып жаңа совхоздың орталығын орнату керектігін, айтып ішінен ой түйді. Жәнбек түгелдей аралап шығып, болашақта тамаша кенттің әсем түрінің бой көтеретін, жерінің қолайлысын таңдады, егін мен малдың өрге басуын ылайықтап, бөлімшелер мен бригадалардың орындарын белгіледі. Жалпақ даланың, тыңы жеке клеткаларға бөлініп, «нарезка» жасалып, стандартты түрде жыртылуға, белгіленді. Бригада үш жерге, орын тепті, мал фермалары: Баканас, Шымбұлақ, Қамысты болып, орталықпен қатарласып салынуға, шешім қабылданды.

Алғашқы құрлыс басталып, Мәдениет үйінің «колышкасы» қағылды, жаппай ақ шатырлы үйлер салу белгіленіп, жаңа көшелерге бой түзеді. Мектеп, «Торговый

центр» бірінші кезекте тұрды. Ағылған құрлыс материалдары, машинамен жеткізіліп, қаладан келіп жатты.

Тыңға қаптаған К-700 тракторлары келіп, жалпақ алқапты игере бастады. Жәнібек совхозды «гигант» егін бағытындағы, шаруашылыққа айналдыруды, келген бетте қолға алған еді. Сол ойы, тың жердің барлығын жыртып, келер жылғы егістікке дайын етуді қалады. Келгендермен жиын өткізіп, сапалы жыртыуды тапсырды, егіс көлемін 30000 гектарға жеткізу басты міндет, деп барлығының құлағына жеткізді.

Алғашқы үйлер салынып, қонысқа күн сайын, қаптаған еңбек адамдары келіп, өзінің бұрынғы совхозынан жиырма шақты, семья көшіп келіп, жұмысқа орналасты. Жәнібек Мұхит пен Қарлығашты көшіріп алды, соңынан Сандуғаш пен Ғабиденді алғызды. Көшіп келгендердің ішінде, Сәтте келіп орын тепті. Қонысқа Монғолия елінен, келушілер көбейді.

Жаңа мектеп үйін, оқу жылына дайын етіп, басқаруға аудан басшысы, Баянды тағайындады.

Сандуашта Мәдениет үйінің біткенін күтіп, жүрді. Ғабиден фермалардағы құрлысты ұйымдастырып, прораб қызыметін атқарып, үйлер мен қоралар салуды ұйымдастырып, жергілікті материалдарды дайындап, «кірпіш заводын» ашты. Топтастырып, «железа-бетоннан» каркастарын тұрғызып, мал «комплекс» сала бастады. Жәнібек бірінші Бақанаста болуын қалады, табиғаты сұлу тартқан аймақ, жазық кең даланың шалғын шөбі мен өрісі малға жайлы, деп бағалады. Бақанастың жанынан жарыла өткен, үлкен өзен, алысқа созылған. Жағасы толған қалың ағаш, жиектеп барып, өзеннің асау толқынын басқандай, тынық баю желдің күшін бөгеп, қаз-үйректің мекеніне айналып, қамысты қоғасымен жалғасын тапқан. Қанатын кернеулетіп, сырнай үнімен сылдыр соққан, күмістей жарқырап, аппақ ұзын мойындарын алға беріп, ұшып-келіп, жатқан аққуларда осында, қаз-қатар тізбегімен су бетіне дүзумен, алтындай жарық шашып, әсемдей берді.

Өзен тұнық, бұлағы тастай суық, көгалы ұшан-теңіз, ұзынымен көлденеңі бірдей, құнан шаптырғандай. Күндіз-түні

самал болып есетін Арқаның майда қоңыр желі, Бақанасты әсіресе, рақат лебіндей майысып желпитін. Төрінде бөтегелі белестері бар, – жасыл жібек толқынындай. Осында көшіп, қоныс тепкендер көп болды, дені малшы қауым. Жәнібек осылай болғанын қалады, малдың табынын осында аударуын ескертті. Құрлыста көп салынып, жаңа үйлер қаз тұра бастады, көшелерде көбейіп, оқтай тізілген, ауыл сәнін өзгерте бастады, жаңа жер, жаңа орын табиғат кеңістігімен жалғасып, сұлу аймақты құрады. Егін алқабы, биылғы жыл, тың көтеру, алып күштің бауырайын түгел алып, Мұхит келісімен екі сменалық, тәртіпке көшіріп үлгірді, Жәнібек басқаруды, сеніп тапсырып, келер жылдың алтын астық, межесін орындауды күтті. Дала өңірі өзгеріп, қара күмістей жалтыраған бораздалар, күн санап, жер қыртысын соқамен аударып, кең алқапқа жайыла түсті. Суық хабар, Жәнібектің құлағына жетіп, Мұхитпен №1 бригадаға бет түзеді. Келсе «полевой станда» жан адам жоқ. Бәріде басын сауғалап, қашып кеткенге ұқсайды. Жәнібек бірден асханаға бас сұқты, поварды іздеді. Асхана іші астанкестен, столдар қирап, тамақтар шашылған, қос алқы бөлмеде жатахана ішінде төсектерді де лақтырып, койкаларын қиратқан, терезеде сынып бүлінген. Мұндай жағыдайды, ешқашан көрмеген Жәнібек, ашу ызасы қайнап, кім болсада ұстап алып, сазайын беруге бекінді. Бір кезде, қолында ауыр балғасы бар, бұрыштан шыға келіп, Жәнбекке ұмтыла түсті.

Жәнібек бірден аңғарып, ұшып келіп секіріп, қос аяғымен Паськоның төсіне өкпеден тепкен кезде, домалап барып, қабырғаның қалың фундаментіне, басымен құлады, талықсып жатып қалды. Мұхит қолын артына қайырып, байлап, сүйретіп далаға алып шықты. Бәрі есік алдына жиналып қалған, арасында поварда бар, Паськоның қансыраған түрін көріп: Бәлем! Саған сол керек! – десті бетіне түкіріп, әптен тізесі батып, таяқ жегендерін айтып жеткізді. Орталықпен хабарласып, милиция алғызып, түрмеге жөнелтті. Жәнібек жиын өткізіп: Кімде-кім мас болып, арақ ішіп, осындай бүлік шығаратындардан, бригаданы тазартып алмасақ, ертең кеш болады, жұмыс істетпей береке қашырады, сондықтан енді

сезетін болсам, аяушылық күтем, деп ойламаңдар, бұнын осындай жағыдайға жетуі бригадирдің осалдылығы, ондай адам бізге керек емес, тәртіп орнататын, нақтылы хозьян, іскер адамды қоямын, ол адам ертең осында болады! – деді.

Жәнібек ертемен, бүкіл бригаданы, осында жинап, Мұхит екеуі жиналыс өткізді. Қатаң тәртіп орнауын қалады. «Полевой стан» қалпына келтіріліп, ремонталды. Студент отрядтарына тапсырма беріп, үш бригадаға «екі этажды» жаңа «полевой стан» салуды тапсырды. Жәнібек повар Аня Шевцованы, шақырып алып, көп жылдар бойы қалада, ст. повар болып істегенін біліп, қыз-келіншектерді, үйретіп тәрбиелеуге көндіріп, басқа бригадлар мен фермаларда істеуіне болатын етіп, дайындауды тапсырды. Мұхит сменаға дайындалған жастарды, іріктеп, келер жылғы егінді осы жерге сеуіп, өздері жаңа комбайнмен оратынын сездірді.

Жаңа екі этаж, үйдің іргесі тез қаланып, бригада басы тап – таза әсем, қалыпқа кіре бастады, жанынан котлован қазылып, шағын су қоймасы пайда болды, енді өздерінде суға түсетін саунамен душ, баялар орнады.

Сандуғаш Мәдениет үйінің бітісімен, ішін көркемдеуге бет бұра бастады. Сахнасына қызыл шымылдықпен, терезелерге перделер алынып, тамаша қымбат атыластар ұсталды. Сандуғаш жастардың көрнекті орнына айналдыруға, тырысып бірнеше кружоктар ұйымдастырып, жастардың ағылғанын байқаған Жәнібек қолдау жасап, бар көмегін аямады. Би ансамбілі, бірнеше ұлттың жастарын тартып, көп ұлттың бас қосқан «ансамбілі» атанды, ұлттық киімдерін өзі тігіп, халықтың көңілінен шығуға дайын етті. Концертке көп ұлттың қатысуымен, дайындауды, ұштастырды. Ұлт-аспаптар, оркестірі құрылып, Құрманғазының, Динаның, Тлендиевтің, Жұбановтың, күйлері ойналып, Шәмші Қалдаяқовтың әндерін жеке орындауында дайындалып, бәріне ауыл жастары қатынасып, халық алдына шығып, өнерлерін көрсетуге асықты. Жәнібектің атағы бар, күн сайын ағылған жұрт легі, осы совхозды қалады, Манғолиядағы қазақтарда «ата жұртым» – деп, көшіп келіп жатты.

Таңертеңгі кез. Жәнібектің қабылдауында көп адам, ішінде көпке келген, ару асып, алыстан келген Сағит ақсақал, есіктен кіре берді. Бірден байқап қалған Жәнібек атып тұрып, қолын беріп, жұмсақ орындыққа отырғызды. Жәнібек қалқам! Дәм жазып «ата мекенім» осы болар деп, келіп қалып едік, үш бірдей ер жеткен балаларым бар, бәрі жұмыс жасында, Монғолия елінде мал бағып, күнімізді көрдік, енді міне «ата жұрттамыз» – деді. Жәнібек: Бақанасқа барасындар, ол үлкен мал фермасы, төрт түліктің барлығыда шоғырланған жер, үйлер салынып, мал бағуға келген от басыларына беріліп, малшы етіп жұмысқа алып жатырмыз, сіздерде сонда боласындар! – деді. Сағит ақсақал: Қандай тамаша болды, үйде, жұмыста бәрі бір жерден! – деп қуанды. Жәнібек ертемен Бақанаста болды. Халықты жинап, жиын өткізді. Сағит шалды балаларымен осында. Жәнібек: Бұл жаңа совхоз, егіннен «гигант» аталу жолында күндіз-түні еңбек етіп, келер жылдың егіс алқабын межеге жеткізіп үлгірдік, ендігі ойымыз мал басын өсіріп, асыл тұқымды малға айналдыру кезек күттірмейтін мәселеге айналып, ет пен сүтті мол етіу, негізгі міндет болып белгіленді, сондықтан мал бағатын, асырап жақсы күтіп бағатын, төл алып, мал басын өсіретін, сенімді адамдарды қалыптастырып, салынып жатқан үйлерді соларға береміз! – деді. Сағит шалды балаларымен шақырып, алып жаңа үйдің кілтін табыс етті. Бақанастың сұлу табиғаты, Жәнібек қанша келседе, тамаша көркімен дала өңірі жаңарып, сала береді, күзде құс базарына ұласып, балықты аймақты сөз етпейтін адамда кемде-кем. Қамысты ауылына жаңа ғана оқуын бітіріп, оралған Ғизат, бөлімше зоотехнигі болып орналасты.

Алманы естуі болсада, көрген емес. Өткір қыз, туған ауылын тастап, орталықтан Жәнібекке жолығып, Мәдениет үйінің бір бөмесін сұрап, кітапхана ашатынын жеткізді. Үйлерді аралап, кітап хорына үлестерін қосуды сұрап, молғып кітаптар жинады. Бірақ аздығына көңілі толмаған Алма, орталықтан машина сұрап, ауданның кітапхаасына барып жолықты. ауданның мәдениет мекемесінде болып, қаншама

кітаптарды әкеліп қосты. Кітапхана өзгеріп, оқу залына жиналғандар, қызықтап қалаған кітаптарынан бас алмады. Ғизат Қамыстыдағы жолдастарына айтып, Алманы бір көруге асықты. Бес жыл оқып келгеннен соң, от басын құруға анасына серт бергеннен соң, жақсы қыздарға көз салумен, уақытын өткізіп алды. Әдемісі табылмады. Өзі тамаша сұлу жігіттің төресі болса да, жолы болмады. Ұзақ іздеді, кездестіргендері ұнамады. Бірақ анасының көрген қызы Алманы, бірден ұнатып, қайда кетіп қалғанын, Ғизатқа жеткізді. Ауылдастарыда, көп айтып, ауыздарынан суы құрып, Ғизатқа лайық! – десті.

Орталыққа Жәнібек әдейі шақырып алып, оқу бітіріп келген жас жігіт Ғизатты совхоздың бас зоотехнигіне тағайындады, өзімен біраз сөйлесіп, алдағы міндеттерді жүктеді. Асыл тұқымды, малды көбейту, откорымды дұрыс ұйымдастырып, малды бордақылау, «привес» алып, ет өнімін көбейту, Беларусьиядан әкелінген ірі қарадан, сүт өнімін, арттыруды тапсырды. Ғизат пысық жігіт, осы тапсырмаларды орындау жолында, аянбай кірісіп, бірінші фермадағы мал басының, учетын жүргізіп, малдың сақталуына қатаң тәртіп орнатты, жауапты адамдарды іріктеп, үкімет малын сеніп тапсырды. Бөлімшеден жаңа ғана оралған Ғизат, Алманы бір көруге асық болды. Әдемі киініп, ақшыл жүзі жараса біткен, костюм-шалбары, ақ көйлегіне галстукгін байлап, Мәдениет үйіне бет алып, үлкен үмітпен, көрсем деген ойы жетелеп, алып ұшқан жүрек соғысы дамыл тапқызбай, оң қолымен есігін ашып, ішке кіре берді. Бірнеше есіктер, іші толған бөлмелердің, сәнді келбетін, тамаша көріктенген түріне қарап, өзі оқыған, қаладағы ғимраттың өзі ма, деп қалды. Аралап жүріп, есіктегі «кітапхана» деген жазуға көзі бірден түсіп, іші жылынып, жолы болғандай, көңілі қуанышқа орала берді. Арманы да, сол қызды көру еді. Әдде «танымасты-силамас» деген, қалай жақындап, сөз айтсам, деп ойын басты. Бірақ сырттай «ғашықтық», Қамыстыға жиі келіп жүрсемде, кездестіре алмай, қайтып оралғаным, есімде. Өзіммен қатар сан жігіттерге, сөзбен төтеп беріп, тауын шаққан да, осы

қыздың өзі еді. Сөзге шешен, тауып сөйлейтін қалыпты қыз екенін, бір көргеннен аңғарған анамда, ұнатып ойынан шығармай, маған айтқаныда сол.

Анам көпті көрген, мұғалім болып, бірнеше жылдар бойы, әр оқушының мінез құлқын, өмірге ұмтылысын бірден аңғарып, біліп отыруды құптап, болжап отырған. Алманы да аузынан тастамағаны, тәртіпті ақылды қыз екенін жайып салған. Жолдастарымда, ауылдас достарымда, Алмадан айырлып қалма деп, ескерткені де, есіме түсіп бойымды алып, ыстық сезімім жетелеумен, есік алдына алып келді. Есікті айқара ашып, кітапхана ішіне кіре бердім. Стол басында, сұлу қызға, бірден көзім түсіп, ақырын басып жылжи түстім. Маған мөлдір көзін бір тастады да, жазуымен отыра берді, жұмысы болған жоқ. Мен де, кімнен кеммін, деген ой келіп, қарсы тұрған бос орынға отыра кеттім. Кітапхана іші, тамаша шкафтармен толы, кітаптар жиналған, әдемі жазулармен безендіріліп, қазақ-орыс жазушылардың шығармалары, этаппен қойылған. Айдың көлдің аққуындай, аппақ тамағына оралған, күмістей жарқыраған, ақшыл мойыншағы, алтын сырғасы, құлағына түсіп, қою қара шашын алдына беріп, сұлу ажарын ашқандай, әсем келбетімен, жараса түскен киімі, өзімді қызықтырып, бойымды ала берді, көзімді алмай, үнсіз отырып, қалыппын.

Көз қиығын, тастап өтті: Сіз кітап оқуға келдіңіз ба? Әлде, келген адамдарды, қарауға келдің ба?! – деп өзіме бас салды. Жоқ! Жоқ! Мен, осында бірінші рет келуім еді, Қамыстыдан, қалай-қазірде совхоз орталығы орнап, мынандай тамаша ғимраттың салынып, барлық салада халыққа қызымет істеп, кетуіне таңғалып отырғаным ғой! – деді Ғизат сасып қалып, қыздан көзін алмай. Ендеше, залға барып отырыңыз, бос орынға барып! – деп Алма орныан тұрып, бос орынды нұсқады. Ұялғаным ба? Екі бетім қызара бөртіп, бос орынға барып отырдым. Газет-журналдарды әкеп беріп, столыма қойды. Оқыған болып, Алманың бетіне қараумен болдым, енді онымен қалай танысудың жолын іздеп, біраз отырдым. Алма десен Алманың өзі екен, дөңгелек беті, ақ жүзіне жараса

біткен, қара қасы, оймақтай аузы, сұңғақ бойымен әсемдене түскен келбеті, бірден өзімді тартып, қасына барып жанаса алмай, қиналып отырғаным мынау! – деді Ғизат ішінен. Нар тауекел «қызға кім сөз айтпайды, қымызды кім ішпейді» деген қағидалы сөз ойыма түсті де, стол басына барып Алмаға қолымды соза түстім.

Менің атым Ғизат! Қамыстыдан мын, жақында оқу бітіріп келіп, бөлімше зоотехнигі болып істеп жүрген жерімнен шақырып алып, Жәнібек совхоздың бас зоотехнигі қылып, тағайындады! – деді Ғизат Алманың ыстық қолын ұстап. Мен атым Алма, сіз туралы естуім бар, бірге оқыған жолдас құрбым Жамал, Қамыстыдан сол баяндап, айтқаны әлі есімде! – деді Алма күлімсірей сөйлеп. Ғизат: Менде сырттай сізді жақсы білемін, жолдастарым айтқан, енді міне таныс болдық, қазір жұмыс уақыты, мазаңызды алмайын, кешке кедесіп, асықпай сөйлесуге боларма екен, шыға аласыз ба? – деді Алманың тағыда қолынан ұстап. Әрине! кешке осы жерге келіңіз! – деді Алма мөлдір көзімен бір қарап өтіп.

Алма өте сұлу, аққұба қыз, «үріп ауызға салғандай» кейіп танытты. Ғизатқа бірден ұнады, қасынан ұзап, біразға дейін кеткісі келмей, қайта-қайта қараумен ажарынан алшақтай берді. Алмада бірден жолдас құрбысының, сөзін ойына алып: Өте тамаша сұлу жігіт, ақылды «сегіз қырлы-бір сырлының» өі дейтін. Айтса, айтқанындай екен! – деп ойын түйіндеді. Кешті асыға күткен Ғизат, аландаумен болды, уақытта өтпеді. Аяндап басып, орталық көшемен жүре берді, күн ұясына батып, қара көлеңке, жер бетін жаба бастады. Алып ұшқан жүрегі, қыз маңына жетелеумен келеді.

Алманың қолынан ұстап, созылған асыл денесін, өзіме тартып, шашынан искесем, деген арман ойын, іске асырсам! – деп алаң шетіне жақындай түсті. Тамылжыған бой қызуы, Ғизаттың шын сүйгендігін, махаббат назына аусып, Алманың сезіміне ыңғай тартып «тағыда бір көрсем» деген ойы бойынан шықпады, бақыт құшағында болғандай жүрегінде ұялай берді. Алманың әрбір сөзі мен іс қимылы, жанына жаққандай болып, із қала берді. Әсем сөзімен, жұпар иісі, баюлап басқан жүрісі,

көңіліме қонғандай болып, жаным деген, сөзімді жеткізсем! – деп Ғизат налумен болып, ішіне сақтай берді. Бірінші кездескен де, айтылмаған сырлары, ойында қалып, жеткізуге тырысқанмен, Алманың көңілі, қоштамауға бекінгенін сезінді. Сол сөзіде мазалап, жас жігіттің, арман асуы, аяқсыз қалдыма! – депте қорытты. Маңайда ешкім көрінбеді, жалғыз өзі күтіп тұрды. Сықиып киінген түрі, әдемі жігіттің, кейде бойы терлеп, маңдайынан шып-шып аққан тері, орамалымен дамылсыз сүртіп, алаңдаумен болды, жан-жағына көз салып, алып ұшқан көңілі шыдамады, келуін күтті, сағынышы басылмады. Аспан бұлты таралып, жарық айда сәулесін шашып, жарқыраған жұлдыздар да, аспан әлемін бойлап, жымың қағады.

Сол әдемі шақта, ай сәулесімен ілесіп, Алма сұлу жүзін көрсетіп, аппақ тартқан бетінің ажарын, Ғизатқа беріп, асығып келіп, жанына тоқтады. Ғизатта сағынышын жасырмады, аппақ қолынан ұстап, бойына қарай жақындатып, ыстық қолын жүрегіне басты. Алма қолын алмады, айтылмаған сырын естуге, бейнесін Ғизатқа беріп, бетін бұра түсті. Ғизат: Мен алғашқы көргеннен-ақ, бірден сізді ұнатып, көңілімді қуаныш сезімі бийлеп, достарымның айтқан сөзінің растығын, бірден ұғынып, сұлу келбетіңе қараумен болдым «осындай жарым болса!» – деп ой қорыттым. Анашымда осында келерде, сені көргенін айтып: «саған лайық қыз-тек сол ғана» дегені бар еді! – деді Ғизат Алманың қолынан сүйіп. Алмада ұялмады, таныстық сырлары ашылып, бір-біріне ашық сөйлесуге бет түзеді. Алма: Менде сырттай естідім, Қамыстыға құрбыммен қанша барсамда, кезестіре алмадым, бірақ ойым сырттай ұнатып, бір көрсем! – деп армандаумен болдым. Ғизат қолымен белінен ұстап, өзіне жақындатып, икемдей берді.

Алмада жақындап, жібектей созылған асыл денесін Ғизатқа беріп, мойнына орала түсті. Ғизаттың күткеніде осы еді, белін өзіне еркін тартып, баурына басты, аппақ аузынан сүйіп, жұмсақ ерніне жабыса түсті. Ыстық тартқан денесі бойларын билеп, сүйіскен қалпын бұзбай, мауқын басты, жабысқан денелері, бір-біріне жұғысып, бақыт құшағында

болғандай, «ғашықтық» сезім, мәңгілікке орнай берді. Қызу толқынға ұласқан, асыл денесін Алма өзіне тартпады, Ғизаттың кең құшағында бола берді. Сүйіскен жұмсақ ерні, Ғизаттың аузынан, тәтті шырыны, кетпестей болып, бекіді. Күн туғызып, түн асырды. Балаусаған, түн жылуы, баю соққан жұмсақ желде, бойын суытпады. Елжіреген ләзат бойын алып, аспанның нұрымен жұмдасып, түн шапағаты, қос жүректі өзіне тартып, қиылды. Жаным! Сүйгенім! – деген жалынды үміті, іштей айтылып, қауышты. Сезім шіркін алысқа сүйреп, жанын тәтті құбылысқа жетектей беріп, жарасты. Түн ауа үйлеріне оралды. Бірнеше күндерді артқа тастады. Ғизат өз жұмысымен болып, барлық фермадағы малдарды аралап, откормды дұрыс жолға қою, істерін жалғастырып, асыл тұқымды малды қадағалап, бағуды жауапты адамдарға тапсырып, ескертті. Жәнібектің тапсырмасын орындап, ерте тұрып, кеш жатты, бір жағынан Алманы ойлап, кездесу уақытын күтіп, сағынумен асықты. Ғизат анасына жеткізіп, биыл күзде Алмаға үйленетінін айтып үлгірді. Алмада қарсы болмады, күлімсіреген жүзін беріп, Ғизаттың мойнынан қолын алып, басын изеп қоштасқан еді. Кешкі уақыт, күн батып, қас қарая бастады. Күн қызыл тартып, ұясына батқалы, біраз уақыттың өткенін, аңғарды. Жәнібек Баянның ақбоз атын, жеке күтімге қойып, бактырды. Қыста мал фермаларын, салт атпен жүріп аралауды, қалайтын. Мал басын өсіру, асыл тұқымды көбейтіп, Бақанас фермасы түгелдей асылданды, сүт фермасы құлаш жая бастады. Дала өңірі, межеден асып, жыртылған жерге, көктем егісінде келіп жетті. Алып техникалар, себу агрегаттарымен, жалпақ дүзге жолақ салып, бидай тұқымын себе бастады.

«Гигант» алқабы күн сайын дала өңірін толтырып, алтын астық алыбының іргесін қалаумен, гүілдеген трактор дауысы, жалпақ даланың, шалқыған өңірін, жайпап өтіп, көк майсалы жасыл алаңға, бидай сабағыда көктеп үлгірді. Жауында, жер қойнауына жылы лебін таратып, жиі жауып бауырмалдық танытып, дала өңірін орап алды. Қаулап өскен дала беті өзгеріп, аспанның көгілдір күмбезіндей, ұласқан өңір келбеті,

жақсылықтың нышанына бекініп, кең байтақ асқан алтын астықтың тасқынын жобалаумен, жайқала түскен егіс алқабы, күн санап, көңілге қуаныш ұялата бастады.

Жәнібек бүкіл бригаданы бір жерге жинап, бригада басында, далада жиын өткізіп, дайындықты ұқыпты етіп, алып дала кемелерін «сағат пен орудың жаңа технологиясын» енгізіп, сайлы жігіттерді, штурвалға отырғызып, звено құрды. Іріктелген жастар звеносын, тікелей өзі басқарып, техниканың дұрыс істеуін Мұхитқа жүктеді. Звено, қайсы бір сынып қалса, бәрі жабылып, түнде істеп, күндіз жұмысқа қосып жүрді. Қара топырақты, банитеті жоғары, бұл аймақтың егіні, екі еселеп артуға тиіс! – деп жобалаған Жәнібектің ойы расқа шығып, алғашқы партиялары көңілге қона бастады, астық толқыны, тасқындап тоқтарды толтырып тастады.

Қайнаған машина легі күндіз-түні, үкімет қоймасына құя бастады, құлашын кеңге жайған жаңа совхоз, барлығында артқа тастап, бірнеше планды беріп «Қазақстан миллиардына» алтын астығмен алға шықты. Егін аяқталысымен, облыстан хабар жетті. Жәнібек Москва. Кремль. КПСС. XXV-съездің делегаты болып сайланды.

Бородин А. М. Жәнібектің кеудесіне «Еңбек қызыл ту» орденін қадады. Бақанас ауылы. Топшылаған жылқы үйірі, ауыл іргесінде, шеткерек өзен бағытындағы көк алаңға, желін тартып, құлындарды байлап, бие сауған, ақ кигіз үйлердің қонысы көбейіп, өзеннің қалың ағаш саясында алты қанат, ақотауды жайып тастап, қонақтар үйіне лайықты етіп тігілген. Алыстан ақ шатырдай болып, көз тартқан үйдің іші, жас қыздың отауындай, жүктер жиналып, кілем төселген төрге, жұмсақ көрпелер мен құс жастықтар тасталып, тұста араб кілемдер ұсталып, қызыл түсті эшекейге бөленген. Кірше шыққысыз, нағыз сұлу қыздың отауы дерсіз. Отау ішінде, жас келіншек, үсті-басы әдемі көйлегімен, қамзелі беліне жарасып, ақ жүзімен қарсы алған қонақтарға, қымыз беріп сиын жасады.

Сол келіншек Ақжүніс болатын, сиыр сүтінен он түрлі тағам жасап, қолынан өнертамған! – деседі.

Алты қанат отаудың ішінде, жайлған ақ дастарханның үстінде: ірімшік, бринза, сүзбе, қаймақ, құрт, ежгей, көже, қатық, май, торта, тосап сыяқты тағамдарды қойып, Жәнібек пен Баянды қонақ етіп, бәрін алдарына тосты. Балғын тоқты сойылып, «бұқтырма» жасалып, ас берілді. Жәнібек жиналған қонақтар мен рахметін айтып, осындай бас қосуды, «демалыс» деп бағалады. Отаудан ұзанқырап, өзен жағасындағы көк құрақ, қалың ағаштар арасынан, қиғаштай қиылып, күн сәулесі су бетінде, ақырын дірілдеп, әлсіз толқынмен бірге тербеледі. Қамысты жақтан ұшып келген қос аққу, сыбызғы үнімен, сыңси ұшып, жалпақ жеріне қона бастады. Қаңқылдаған қаздарда, тізбегін ұзбей, аққу маңына қонып жатты. Жазымен жадыраған кең дала, жас босанған анадай, кеудесін кері тартып, еркін тыныс алып, балбырап өзгеше бір бақыт құшағында балқып, көсіліп жатыр. Ана бір тұста қамыс арасынан шыға келген, бір топ шорағай үйрек, су бетінде еркін жүзіп жүр. Су астынан секіріп шығып, тереңге қарай сүңгіген, алабұғада ұзындығы төрт қарыс шортанда, су бетінен көрініп қояды. Жағаға келген Жәнібек бірден байқап, байлықтың көзі! – деп ой түйді.

Орталыққа оралысымен, балық пен құс аулаудың керектігін айтып, қолынан іс келетін, балықшыларды іздестіре бастады. Қаламен хабарласып, қайық пен ауды молғып алғызды, мылтықтың оқ-дәрісін де көп етті. Жәнібек Бақанастан Саркен деген, тәжірибесі бар, жақсы аңшылықты басынан өткізген, кісіні тауып, «балық аулаудың» ісін мұқият тапсырды. Саркен бірден іске кірісіп, қасына көмекші адам алып, қоныс будқасын басына орнатып, маторлы қайықпен өзен жағасын шолып өтіп, ыңғайлы жерді тауып алып, ау құрып, бірнеше жерді торлап тастады. Балық өзен бойында, көптеп ауға байланып, түсе бастады, Жәнібекте алғашқы партиясын, бригада механизаторына тиетіп аттандырды, табиғат байлығы, тегін олжаға байытып, орала бастады. Жәнібек мал шаруашылығына баса назар аударып, откормды үш ферманың бәрінен ашуды Ғизатқа тапсырып, тез арада іске қосуын талап етті.

Үш бригаданы үш фермаға бекітіп, әр қайсысы қыстық саломын жеткізуді тапсырып, сенаж бен силосты қамтамасыз етуді жүктеді, орындалуын бұйрықпен жеткізді. Жәнібек ауыл адамдарымен, қыз-келіншектерді жинап алып, үлкен жиналыс ашып, республикаға, одан қалды Союзға белгілі жас келіншек Камшат Дөнебаеваның алып К-701 техникасын меңгеріп, бүкіл әлем алдында атағы жайылып, қаншама жұмыстар атқарғанын жария етті.

Ұзаққа созылған жиналыс қызу талқыланып, бастама көтеріңкі күйге жалғасып, рабочком Вера Маскалева, бірден қыздар бригадасын басқаруға «жалание» білдіріп, ұйымдастыру әдістерін айтып бекінді, Жәнібекте қарсы болған жоқ, қайта сенімді кісінің болғанын қалады.

Он алты қыз-келіншектерді, жеңіл «Беларусь» тракторына отырғызып, арнаулы опыты бар, механизатор-наладчиктерден құралған, спец. бригадасын бекітті. Вера басқарған қыздар, бүкіл қысақтарға салом-шөп жеткізуді мойнына алып, «групповой» тәсілмен істеуге бет бұрып, қайнаған еңбек бағытын асыра түсті. Камшатта арнайы келіп, қазақтың сұлу қыздарымен танысып, өзінің еңбек жолымен бөлісті.

Жәнібекті өзінің әкедей қамқорлығымен силаған А. М. Бородин, тағыда «Қызыл ту» орденін төсіне қадады. Жәнібек жастарды тәрбиелеп, бәрінде дала кемесіне отырғызып, қазақ балаларына деген қамқорлығын арттырып, олардың тамаша семья құрып, адал еңбек адамы, ақылды-байсалды, спортпен шыныққан жігіттер болып өсуіне кең жол ашып «үйлену тойларын» өзі басқарып, өткізді. Қандай шаруа болмасын «қайғы мен қуанышты» халықпен бірге бөлісіп, шешіп отыруды әдетке айналдырып, топтасқан жастар легі Жәнібектің әрбір бастамасын, іс жүзіне асырып, егін шаруашылығын өрге асырып, малдың асыл тұқымын көбейту жолында, аянбай еңбек етіп, өз үлестерін күн сайын, орындап отыруға бекінді.

Бақанас ауылның, өзен жағасына жиналған бүркітшілер Сәт бастаған, бүгін осына «құстың арпалысын» көруге Жәнібекте, қауырт жұмысы болсада, келіп үлгірді. Сәт топай

көктің үстінде тұрып: Тез дайындалындар, мен құс бағытын бақылап келгенше, қоян етін беріп, күтуді тоқтатпандар» – деп бұйрық етіп, өзен жағасымен шауып ала жөнелді. Сайд пен Рахат айтқанын екетпей, тез орындаудың үстінде болды. Су толқыны басылып, баюлаған желдің бағыты, жағадан ауыса берді. Күннің жылы жүзі, барлық кеңістікті орап алып, тынщтық орнатып, қаз-үйректің дамылсыз ұшып келуін күтіп алумен, қабылдап жатты. Қалың ағаштың, сұйылған бетінен, Сәт орын тауып, қайтып оралды. Атынан түсіп құс-бегін тағыда, қоңын байқап, алып ұшуға дайындығын пысықтап, басқаларына да көзін салып, шолып өтті.

Жәнібек жалғыз емес қасындағы кісілерде, «легенді» болған Сәттің құсын көруге, аңсары ауып «арпалысын» күтті. Аспанды шарлаған, қаздың тізбегі келіп, су бетіне қона бастады, ол манағы көргеннен көп болатын, Сәт көзін алмай, қолына құсын қондырып, топай көгімен, өзі белгілеген алаңға, бет түзеді. Жәнібек бастаған топ, бақылаумен көздерін, су бетінен алмады. Енді сойқанның боларын күтуге бекінді. Сәт дыбысын шығармай, барған жерінде қатып тұрып қалды. Қаңқылдаған қаздың үлкен тобын байқап қалған, бүркіті лып етіп қолынан шыға ұмтылған қаз тобына, алып денесінің қос қанатын, кере ұстап, тарс-тұрыс еткен сойылдың қатты дыбысы, қаздың бірнешеуін құлатып түсірді, олар судан көтеріле беріп, үріккен кезінде мерт болды. Қанатының қыры, өткір алмастың дүзіндей, қатты серпіліс күшімен қырып салды. Ал, Сайдқа тез үйрекке жібер! – деп айқайлаған Сәт, қолың қамысқа қарай нұсқады. Топ үйректің жем сауыда паналы жер, осы ирімде болатын. Соны байқаған Сәт, асқтырғаныда сол еді, ұшып кетпеуін қадағалап, тұрып қалды. Сайдтың бүркіті, алып ұшып, шорағай үйректерге жаудай тиіп, қос қанатымен соғып өтіп, қайта ұшып оралып тағы соғып, су бетіне құлатып, қан қылды, бұрқыраған жүндері тұман етіп, өзен бетін ала берді.

Бұл сокқыға риза болған қалың жұрт, Жәнібекке мақтаумен жеткізді. Рахат қайығымен өзендегі олжаларды жинап, қонысқа тасыды. Жәнібек таң-тамаша қалып: Бұл тек

бастамасы ғана, «сойқанның» кереметі әлі алда! – деп жеткізді. Жағаға оралған Сәт пен Сайд бүріттерін тұғырына қондырып, жемдеуге дайындалып, қоян етін турай бастады. Астауға салынып, Сәт апарып, алдына тосты. Құсын баптап, қоңын бақылап, жүнін тарады, қанатын жазып, бойын сергітті. Алып құстың тұяғын, сүртіп кірін кетірді, шом аяғын ысқылап, денесін ширатты.

Сәт Сайд пен Рахатқа барын көрсетіп, ерінбей осылай күтуін тапсырды. Жәнібек Сәтке сеніп, тапсырып орталыққа бет түзеді. Қомақтанып, отырған құс-бегі, жалт-жұлт еткен, мойынының қозғалысы, алысты барлап отырғандай, дөңгелек көк көзінің қарасы, от жалын шашқандай, жарқырап маңайдың сәулесін өзіне тартып, тұмшалады. Әлден соң Сәт, болдау деген ниетпен, топай көгіне мініп, басқаларды соңына ертіп, құстың қалың жеріне жылжи түсті. Енді бір сәт, бәрінде қаз бен үйрекке бағыттап, жіберу болды. Ол кезде құстарда, қалыңдап су бетінде дүзумен, шалқыған өзен бойын ала түсті.

Сәт: Дыбстарыңды шығармандар, үркітіп аламыз! – деп бұйрық етті. Құс қолымыздан ұшуға дайын тұрды, тек маментін күту керек етті. Ал! Тез! Кеттік! – деген бұйрықтар жаудыра түсті. Аянып қалғанмыз жоқ, тез ұшырып жібердік. Сәттің бүркіті, алып күштің нағыз өзі, қалың қаздың, енді ұшып көтеріле бергенде, қос қанатының соғысы, жалпақ дүзге естілген сартылы, естіліп үлгіргенше, біраз су бетіне құлатып, аспандап тағы ұшып, құлдилап тастап өтіп, тағы соқты, астанкестен керемет дүние, аспан мен көкті орап алды. Дауылдатқан қанатының, дамылсыз соққысы, өткір қанжардың қимылындай, салып тастаған жанар келбеті, әлсіз қаздардың күшін бірден кетіріп, қаңқылдаумен құлап түскен бойында, суға түсіп шомпылдаумен, қанатын жайып, тырысты. Жаны кетіп, қылжиған дененің, ұзын мойнын, көсіліп сала берді. Рахат өзімен алып шыққан қайығын, су бетімен жүзіп отырып, алыс-жақынды жинап алып, олжаға байыды.

Жағаға шығып, қонысқа бет алған Сәт соңынан, ере түскен Сайд, бүркітін жемдеуге беттей берді, бәріде тағыда олжасыз емес, Сайдтың бүркітінің қимылына риза болған Сәт,

біраз мактаумен, «алып құстың сыңары» – деп топшылады. Тұғырында отырған құсқа көзі түскен, Сәт қызарып, еңкейіп бара жатқан, күн астында топшысы, мен омырауы қызыл алтынбуын жалатқандай, жылт-жылт етіп, тұрған көк қаршығаның реңін қызыға қарады. Алтындай сапсары, көздері күн шұғыласына, қарсы қанқұмар от төгеді. Жалт етіп, күнге шағылса түсіп, қомағай қарайды. Сәт қызыққаннан Сайдтың бүркітін, өз жеңіне қондырып алды. Құс бабын білетін, ыңғайлы қимылымен, басы-жонын сипады. Ойнақшып отырған, құстың айналаға қапысыз, сергек қарасынан шабытты бабын түйді. Құстың санын да ұстап көрді. Кезіккеннің қолында, байыпты тұр екен. Түлегіде жақсы екен ғой. Мұны кім баптап берді? – деді. Сайд: Баптаған өзім, басқа кім болушы еді, қаншама уақыттан бері, құстың бабын үйрендім ғой! – деді. Сәт жолдасының өнеріне сүйсіне түсіп: – Рас, ол-өнер. Кісі қызығарлық өнер-аңшылық. Бұл талмайтын табандылықты керек етеді. Жақсы болғанның белгісі де, менің құсымнан қалыспай, айбаты күштің, асау тұяғына іліккенді, алып түсіп, қос қанатының өткір қимылымен, періп құлатып, асау толқынды өзеннің, жар қабағындағы жағаға, шығарып тастап, отыруды керемет! – деп аңғарды.

Жәнібек Шымбұлақ ауылын, көркейтіп құрлыс алаңдарын жаңа үйлер мен бой түзеп, топтасқан мал қоралары салынып жатқан кез болатын. Ағып жатқан, ауыл іргесіндегі бұлақ, мөлдір суымен, тұнық қара тас, шөлінді бірден қандырып, басына шабады, көп ішіп көмескі болмауға тырысасың. Жаздың тамаша келбеті, жылу тартып, дала кеңістігі ұлғайып таза ауаның, жұпар иісі, аққан бұлақтың сылдырымен, жиегі толған қызылды-жасыл гүлдері, бойынды алып, асқар биікке қол созған, бақыт ұшағына оранғандай, сезінесің. Сол бұлаққа су алуға, ұзын бойлы, сұлу тартқан, қима белді, қалың өрген әсем шашын артына беріп, мойнында инағашы бар, екі шелекпен, басында қызыл орамалы, көк көйлегінің етегін, жел желпіген, сымбаты бөлек, бір сұлу қыз келді.

Шелегін инағашымен жерге қойдыда, тынық жерінен шелегіне су толтыра бастады, көз қиығмен жан-жаққа ұрлана

қарап, көк көйлегінің етегін, тізесінен сәл көтерді де, толған шелегін қасына қоя бастады. Күн нұрымен шағылысқан аппақ балтыры, жарқ ете қалды. Әлсін-әлсін ауыл жаққа көз тастап қояды. Сол кезде торы атын жетелеп, сұнғақ бойлы, ақ құба жігіт, шашын артына қайырған, баяу басып, бұлаққа келіп, атын суара бастады. Бұтында көкшіл джинси, үстінде қыпқызыл шолақ көйлек. Көк көйлекті қыз, орнынан ұшып тұрды. Жігіт жақындап, сұлу қызды оң қолымен құшақтап, бауырына тартты. Көк көйлекті қыз, қызыл көйлекті жігіттің құшағына еніп кетті. Бір кезде сыртынан, топ ат дүбірі, бұларды бөліп жіберді.

Асан Айманның бетінен сүйдіде, кешке кездесуге келуін өтінді. Айман сұлу жүзімен: Жарайды! Қай жерде! – деп сұрады. Асан: Осы жағада, күн батысымен! – деп атына мініп, шаба жөнелді. Асан белгілі механизатор, тың көтруге қатынасып, алып К-700 пен жер жыртып, ұшан теңіз аймаққа айналдырып, егістік жердің, астығын орып, дала кемесін меңгеріп, озат звеноны басқарып, алға шыққанның өзі болды. Жәнібектің қолынан талай сыйлықтыды алып «телевизорменде» марапатталған. Айманда өте пысық, ұқыпты қыз болып өсті, оқуға бара алмай, Әке-шешесінің кәрілігімен, үйде қалып, дүкенге сатушы болып, орналасты. Асанның ата-анасы, Айманды ұнатып, келін болуын қалап жүрді. Бірақ баласына айта алмай, іштей тұнжырап, басқа адаммен бас қосама! – деп қорықты. Асан Айманды жанындай жақсы көріп, керемет сүйді.

Айманда көп ойлаумен, сағынышын баса алмады, бір көруге зар тұтып, Асанның үйіне жиі барып, шаруасын істесіп, жақсы шайларын апарып беріп, көңілдерінен шығып жүрді. Кейде қамығып, Асаннан қол үзіп, қалам ба? – деп топшылады, оқыған қыздарға ауытқымауға кім кепіл?! Осындай ой мазалап, түнде ұйқысынан сұйылды. Асан дала жұмысында, сирек көретін болды, егіннің аяғын күтті. Айман үйінде, тамаша кілемдерін тоқып, «қыз жасауын» төсек-жастық, көрпелермен толықтырып, барлық өнерін, «ғашық» жарының өміріне арнады.

Айман ою салып, мәңгілік серттескен ақ орамалын дайындап беруге, Асанның оралуын күтті. Сағыныш күндерін артқа тастап, лаулаған жүрек сезімін, жасыра алмаған Айман, үйінен шығып, Асанның үйіне бет алды. Ата-анасы келмесе, Айманды уайымдап, сағыныш хабарын күтумен болатын. Көше жақ шетінде, үлкен қоржын үй, биік ағаштармен қоршалған, балауса тартқан алтын бесік сыяктанып, әдемі келбетімен, қоршалған үйдің сырты, көше жақ бетінен көріне түсті. Айман үйге жақындай түскен де, терезеден байқап қалып, Асан жүгіріп шығып, қолын алып, аймалай берді. Айманда сағынышын жасыра алмай, құшағына Асанның кіре түсті. Екі ғашық, бірін-бірі аймалаумен, таса жерде біраз тұрды, Асан дамылсыз аузынан сүйіп, құшағын алмай, Айманды ішке жібергісі келмей, аялдаумен болды. Айман: Ұятқой үйге кірейік, анамыз күтіп қалды емес пе? – деп Асанды тоқтатып, үйге кірді. Қарсы алдынан, шыға келген анасы: Қос құлыным, беттеріңнен жарылғасын! – деп Айманның барып, бетінен сүйді. Үстінде көк көйлегі, әдемі жарасқан сұлу келбетін беріп, бірден шай жасауға, кірісе бастап, өзі әкелген тамаша шайын қайнатып, қазірде стол басына шақырып, дайн етті. Асанда егіннен оралғаны, сол еді. Анасының ажары ашылып, қолының ұзарғанын айтып, мәз болысты. Асанда көптен кездесе алмай, Айманына жалтақтаумен отырып, сұлу жүзіне қараумен толастады.

Айманда, көптен құшағына еніп, ыстық қызуын баса алмады, алып ұшқан жүрек соғысы, лаулаған оттай болып, екі бетін қызартып, Асанның тамаша келбетіне, әлсін-әлі көзін тастап, мөлдір көзінің қиғымен, қараумен болды. Жәнібек Асанның Айман мен бірге жүргенін, араларында «ғашықтық» мұндарында сезіп жүретін. Бірақ егін басында талай, әңгіме үстінде, оқталып айтуға дәті бармаған Асан, Жәнібекке тіс жармады, оңтайлы сәтін күтіп жүрді. Шай ішіп болған соң, Айман жұмысына баруға ыңғайланып, киіндіде үйден шыға берді. Асанда соңынан іле шығып, кешкілік кездесуге уәделесіп «шоқ талды» көрсетіп үлгірді, басын изеген қалып

танытып, күлімсіреген жүзін беріп, көшемен кете барды. Кешкі уақытта келіп жетті.

Асан әдемі киініп, сұлу жүзін қызға ұнатып, шығуды Айманым! – деп сағынышын жасырмай, айтуға бекініп, асықты. Өздері білетін «шоқ талдың» маңы, алғашында осы жерде, танысып армансыз сүйген жеріде, осы болатын. Асан барып аялдады. Жұпар иісі аңқыған дала келбеті, бүгін ерекше көз тартып, өзінді жұмсақ желімен елжіретіп қояды. Түсі жадырап, көңілі өсіп, табиғат сырымен бөліскендей, күтіп тұра берді. Алыста қара көлеңке бойын сүзген, шапшаң жүрістің, дыбысы құлағына келіп, тие бастады. Дәуде болса, Айманның жүрісі-деп жобалады.

Бір кезде, басына камшат бөркін киіп, көк көйлегі денсімен жарасып, жиіншке беліне ұнасқан қызыл қамзелі, жұпар иісін қоса алып, қос қолын көтере беріп, Асанның мойнына орала берді. Бетін түйістіріп, жұмсақ ернін Асанның бетіне жылжыта түсті. Қос қолының ыстығы Асанның денесін, бірден ысытып, баурына жақындап, асыл денесін беріп, жымдаса түсті. Қалың шөп үстіне, астарына қалың төсеніш салып, Айманды құшақтаған бойы, жығыла құлады. Айман сағынышын қойсын ба? – аласұрған жүректің соғысы шыдатпады, бәрін икемдеп, өзіне тартып алып, Асанның бойымен беттесіп, асау толқынды жан сезімі, ыстығын баса алмады, сүйіскен ауыздарын, жұмсақ еріндері, жабысқанша алмады,

Асанның бойын билеген ләзат күші, Айманның жібектей созылған асыл денесінен өтіп, балқыған қос дененің жалынды ыстығы, арман асуында болып, нұрлы жүздерімен тынды. Керемет балқыған бойларын алмай, біраз жатты, беттері кызарып, лаулаған оттай болып, ләзат ыстығы басылмады, екі жастың сағынышы, көп күткен кездеріде, ойларынан кетпеді. Жалын атқан жүрек соғысы, бірге тоғысты, адал ниет сезімдері түйісті, арман бесігі «мәңгілікке» бекумен тарасып, қалың көше бойымен, ақырын аяндап, тұрған бойын құшағынан айырмай, жылжи түсті.

Айманның жүзі жарқырап, сүйгенін енді бауыр басқандай болып, қуаныш бойын билеп, көп ұзамай «үйлену тойының» болатындығын айтып, екі жас «өмірлік» бірге болуға бекінді. Асан Айманды үйіне апарып салды, біраз тұрып сүйісумен тарқасты. Асан қасынан кеткісі келмей, ертең тағыда кездесуге, келетінін сездірді. Айманда құшақтаған қалпын ұстап, қолын алмай, беліне жабысып, денесін босатпады. Асан Айманды қайта-айта аймап, аппақ тамағынан сүйіп, есік алдына дейін әкеліп салды. Күз айының бірі болатын, дала біткен, сары шөпке оранып, ағаштың қалың жапырағы да, сарғұлт тартып, түсе бастады. Желде жилеп соғып, дауылмен ұласқан күндерде болып, алай-түлей құм боратып, жол бетіне шығып қоятын. Ауа райы, көп ұзамай дұрысталып, күн көзімен жылыған ауа, кеңістікті өзіне алып, шалқыған жаздың күні туып, ыстық күнге ауыса бастады. Осы бір битаныс адам, көлденең тартқан көк атты, Бақанас ауылына келуді жилетті. Ешкімнінде шаруасы болмады. Сауын билер үйірімен осында, топ жылқылармен бағлатын. Жуас сауын билері, қолға тұратын. Осының бәрін бақылап, кеш түсісімен ұрлық бағытын ұстап, билерді топтастырып, айдап әкетті. Әккі болған ұрлықшы, артын суытып, қыр асып, үлгірді.

Жәнібекке хабар жетіп, ізін суытпай жолына түсуге бекініп, қасына қарулы жігіттерді ертіп, ақбоз атымен төтелеп жолын кесті. Жазық даламен сай-саланы сүзіп, қырат белесінен асып, түсті. Алыстан мұнартқан, қамысты көл, қалың қамысымен қоршалған, биік қорғандай болып, алдынан шыға келді. Аттылар, жағалай шауып, Жәнібектің ақбоз аты кісінеп, жер тепкілеп тұрып алды. Әлден соң, кісінеген жылқының даусы естіліп, ақбоз аттың тебінген дүбірін сезіп, тағыда кісінеп, топ болып есіле түсті. Таптық! Таптық! деген айғай шығып, аттылар тобы, қалың қамысқа беріп өтті. Шұрқырасқан билерді айдап, шетке шығарды. Қалың жұдырықпен салып өткен жігіттер тобы, ұры Бөкейді атқа оңғарып алып, алып шықты.

Жағада Жәнібектер жиналып қалған еді, алдарына топ еткізіп, тастай салды, қолы байлаулы, мұрнынан қан кетіп,

орнынан тұра алмады. Жәнібек: «Ұрлық-ұрлықтың түбі қорлық» дейтін халық, осы сөз неге сенің есінде болмаған, тайақ- бір жедің, түрмеге түсіп, көп жылға кетесің-екі, енді өзің ойлашы не ұттың, біз саған үкімет малын тек жібермейміз, біздің бәріміз не үшін отырмыз! – деді қатуға басып. Орталыққа алып жүріндер! – деп бұйрық етті. Бөкей сол кеткенінен мол кетті, көп жылды арқалап, өмірден озды. Орталық. Жаңа совхоздың іргесі қаланып, аққудай айдың көлде тізілген, ақ үйлер көше бойына бой түзеп әсемдене түскен, тамаша зәулім ғимраттар салынып, жаңа ауыл келбетін өзгертіп, сұлу аймаққа бет тіреген.

Жасыл ағаштар отырғызылып, көше сәнін құлпыртып, көз алмастай бейнесімен, алыстан мұнартқан. Ақан осыларды қарап, аң-таң болып, қалай қазірде салынып қалғанын, білмей бригаданың егін даласында жүрумен, уақытын өткізіп алғанын есіне түсіріп, құлпырып өскен, кең аймаққа айналып, дала төсінде, жаңадан бой көтерген, мектеп, ауруханада жұмыс істей бастағанын аңғарды. Ақанның тісі ауырып, ауруханаға бас сұғып, жұмыс басына қайта кетуге бел буды. Тамаша ғимрат іші, көрсе шыққысыз болып салынған, қаладан кем емес. Кіре берісімен, бұрын көрмеген сұлу қыз, жайдарлы жүзімен қарсы алып, бөлмеге кіргізді. Дәрігер қыз: Қай жеріңіз ауырады? – деді жұмсақ сөзімен. Қасы қиылған, мөлдір көзі, бетіне сәуле түсіп, ашыла түскен, қара шашы өріліп, етегіне түсіп, аппақ ұзын салалы саусағымен, қолына пенцетін алып, жақындай түсті.

Менде есім шығып, аузымды ашып, тісімді көрсетіп ымдай бердім. Жұмсақ қолы, иегімді қысып, укол жіберіп, тісімді жұлып, ауырғанын басты. Бломбы салып, енді қауыпсыз, жұмысыңа бара беріңіз! – деді дәрігер мөлдір көзін маған тастап. Менде сұлу келбетімді жасырмай, басымды қызға қаратып, жарқырай түстім. Қызға да ұнаған болуым керек: Келіп тұрыңыз! – деп шығарып салды. Жаңадан оқу бітіріп келген бас дәрігер Маржан есімді, өзіме қатты ұнап қалғанын, бірақ аңғардым. Амал не, көп тұра алмадым, бригадаға кетуге асықтым. Енді қашан келіп, қай уақытта

Маржанды көремін» – деп ой қорыттым. Бір күні нөсер жаңбыр жауып, жұмыс тоқтаған соң, үйге барып келуге, бағымдағы тор атымды ұстап мініп, жаңбырлы күнмен, батпақты тіліп, ағызып отырып, орталыққа келіп жеттім. Ойым Маржан сұлуды бір көру еді. Атымды байладымда, ауруханаға бет алдым. Ішке кіре бердім, айнала тым-тырыс, ешкім көрінбеді. Шыдамай барып, өзім кірген есікті ашып қалсам, стол басында баяғы сұлу қыз Маржан: Кіріңіз Ақан! – деді, менің атымды қайдан білгеніне таң қалдым. Кім айтты? Сұрағым келді? Үлкен кабинет іші, столға барып, отыра кеттім.

Маржан мөлдір көзін, маған бұрып: Қазір қалайсыз, тісіңіз ауырған жоқ па? – деді салған жерден. Ақан: Жоқ! Ауырған жоқ, бірақ өзіңізбен амандасып, кетуді жөн көріп, келіп едім! – деді. Маржан: Өте дұрыс, қазақ жігіттерінің көбі, сіз сыяқты емес, қайдан көрдім, деп шыға келеді емес пе? – деді. Баратын ауылымды айтып, алыстағы ата-анамды таныстырып, көбіне ауырып, дәрігердің көмегіне зәру болып, қалатынын Маржанға жеткіздім. Маржан құлақ түріп тыңдап алды да: Олай болса қиналма, мен барып қараймын, ферманың адамдары біздің адамдар! – деді. Ақан: Онда! Өте жақсы, жақын арада барасыз ба? – деді. Маржан: Бүгін түске дейін, дәрі-дәрмекті дайындап, түстен кейін, ең алыс Қамыстыдан бастаймыз! – деді. Ақан: Біз сонда кездесе аламыз ба? Менің айтар сөзім бар еді! – деді жымыып. Маржан: Онда адамдар көп болады, ыңғайы болмас, мен жалғыз емеспін! – деді сызылып, мөлдір көзін тастап өтіп. Ақан: Мен онда барсаңыз, қонақ етіп, шақырсам ба? – деймін.

Жоқ! Ақан! Сен қиналма, біздің кездесуіміз бір ғана осы емес, әліде кездесетін күн болар, айтылатын сөз алдымыз да! – деді Маржан. Ақан: Маржан! Мен сізді, бір көргеннен-ақ ұнатып қалдым, өзіңмен сөйлесу үшін, әдейі келіп едім! – деп қолынан ұстап, Маржанды өзіне қарай, тарта берді. Маржан ысылған ашық қыз: Менде бірден ұнаттым, әдемі келбетіңді көріп, ашық ажарыңды байқап, «сұлу жігіттің төресі» осы болар деп, ұғындым! – деді. Ақан: Менің барлық өмірім, бір

өзінде Маржан, сені сүйіп армансыз бақытты етемін, сол себепті, өзіңмен қосылсам ба? – деймін. Маржанның көңілі ашылып: Мен қарсы емеспін, мынау менің «мәңгілікке» арналған орамалым, сүйген жарым деп, өмірлік серттің таңбасы болмақ! – деп, қолын мойнына жіберіп, орала беріп, орамалды ұсынды. Ақан есікті тиектеп, Маржанды құшақтап, бауырына тартып, үлбіреген ернінен сүйіп, денесін жақындата түсті. Сыртта ешкім болмады, күн жауып, сабалап тұрды. Ақан сол бетінен сыртқа шығып, тор атына мініп, Қамыстыға бет алды.

Әлден соң, күнде ашылып, күн көзі жарқырай түсті. Көңілі өсіп, қатты желісімен, асығыс ауылға келіп кірді. Келген бетте, үй ішін жинастырып, дәрігер келеді! – деп Маржанды күтті. Ата-анасын қаратып алуды, есінен шығармады, дамылсыз терезеден қараумен болды. Бір кезде ақ машина, үйге оралып, жылжып келіп тоқтады. Ақан сыртқа жүгіріп шығып, Маржанды қарсы алып, ішке кірді. Үлкен үй іші, әсем жиылған бөлмелер, сұлу жиһаздарға толы. Ата-анасы қуанып, Маржанды қарсы алып, шайға шақырды. Маржан: Ең алдымен сіздерді қарауға келдім, Ақан айтқан соң, ауыратын көрінесіңдер! – деді. Ата-анасы: Қалқам көп жаса, онда қаралайық! – деп қасына келіп отыра бастады. Маржан тамырларын ұстап, «давлениясын» өлшеп байқады, көп дәрілер беріп, тағыда келіп тұратынын жеткізді. Болмай шай ішкізіп, шығарып салды. Маржан: Жұмысқа барарда, маған соқ! – деп Ақанның құлағына сыбырлады.

Ақан Маржанмен кездесіп, келісімін алды. Көңілі өсіп, қуанышын Жәнібекке жеткізіп үлгірді. Жәнібек Баянның мектебінен арнаулы «машинаведение» кабинетіне, опыты бар, білімді екі мезанизатор кісіні тағайындап, қазақтың жігіттерімен-қыздарын, қыстай курстарда оқытып, тракторист-комбайнер мамандығын алғызып, жетпіске тарта жастарды дайындап шығарды. Жәнібек Мұхитқа, жетпіс комбайнерларды, дала кемесіне отырғызып, шалқыған жалпақ кең аймақтың «гигант» егінді алқабына дайын етуді тапсырды, сол комбайндар жаңадан алынып, дайын тұрды. Жәнібек өзі,

трактористен өскен жігіт, қазақ жастарының ауылда, техниканы жақсы меңгеруін қолдады, соларға барлық жағыдайлар жасалды, бүгінде олар «еңбек озаты» атанып, алып техниканы меңгеріп, әлемге аттары жайылды.

Жәнібекті Обкомға шақырып, Қазақстан Компартиясының ХҮ съездіне қатынасатынын хабарлады, А. М. Бородин «Құрмет белгісі» орденін төсіне қадады. Жәнібек облыстан оралысымен, Бақанасқа бүкіл ферма адамдарын жинап, үлкен жиналыс өткізді. Мал шаруашылығының өркендеуіне көп талаптар қойды. Ол бірінші малды асылдандыру, екінші сол бар малдың басын сақтау, төл алып басын өсіру, откормдарда привесті көбейту, сондықтан малдың тамағын дұрыстап беруде «кормацехтарды» қалтқысыз жұмыс істетуге керектігін, осының бәрі өткір айтылып, дұрыс жолға қою шаралары белгіленіп, қатаң тапсырылды. Жәнібек: Мал ұрлау әліде тиылмай, бөтен адамдардың, ешқандай жұмысы жоқ, шарлап бүкіл фермаларды аралап, оңтайлы жерлерді сығалап, арам ойларын іске асыру үшін, келгенін байқамаған, ферма басшыларының жауапсыздығы, қаншама адам жапа шегіп, жеке малынан айрылып, қалып шаруашылығын ақсатты, ал бүгін совхоздың үйір жылқысын айдап әкеткені, бәріңе мәлім! – деді бұлай жұмыс істеуге болмайтынын, ескертті. Жәнібек: Кімде-кім осындай жағыдайға, апаратын болса! – деп орнын босататынын жеткізді, жасалған шығын, айыптыдан алынумен бекіді.

Жиналыс барысында, дала қасқырының көптігін айтып, қалың борандарда мал фермаларының маңынан шықпайтыны сөз болды. Физат Беларуссия жерінде болып, асыл тұқымды сүтті сиырларды, вагонмен жеткізді, сүт молшылығы орнап «молочный комплекс» іске асырылып, сүт заводына дамылсыз молоковозбен жеткізіліп тұрды. Жәнібек етті асыл тұқымды, көбейту жолында, жергілікті ірі қара сиырларды іріктеп алып, бұқалар сатып алып, жеке бағымда ұстап, асылдандыру жолында жаңадан бұзау алып, ірі қараның тұқымын өсіре бастады, мал құрамы жақсара түсті. Көптен күткен сағыныш

сезімі бойына ұялап, Ғизат алаңдаумен Алманы күтіп, жолынан көзін алмады. Аяғын ақырын басып, сыпайы жүрісімен, Ғизат тұрған жерге жылжи берді.

Алманыңда сағынышы кемелденіп, күтумен жүрген кездеріде молайып, бір Ғизатты көруге, қазірде асықты. Жүрек толқыны шыдамады, қызу тартқан бойыда, от жалындай болып, ішке кіре берді. Арпалыс жақ, саналы қыз ұятымен жалғасып, сабырлық ұясына қона берді. Кемелді қыз, сұлу өңін, жігіт бойына беруге әзір тұрды. Жібсіген, ажардың жүзін алып, қима белінің, белдігін шешіп, денесін бір сәт суытқандай, рең тартып, жылы ауа денесін ала берді, ақ білегі, аппақ бұлтай болып, ақшыл ажарын, аша түсті.

Сұлулық келбеті, жаңадан рай тартып, ай сәулесін өзіне бағыттап, қарсы жүрді, сымбатты сұлу бикештің, көңілі өсіп, күлімдей барып, Ғизаттың құшағына кіре берді. Ғизат қос қолын айқара ашып, сұлу қызды құшақтап, бірден денесін өзіне тартты. Алып ұшқан жүрегі тоқтамады, мойнына келе асылған, Алма қойнына кіріп, әдемі аузын Ғизаттың бетіне беріп, жақындата түсті. Жаны! Жаным! Сұлуым! – деген Ғизаттың сөзі, Алманы одан сайын, ыстық денесін беріп, бойын түгелдей Ғизаттың қойнына еркін кіріп, жабысты.

Біраз тұрып, мауқы басылған соң, Ғизат: Жүр үй жаққа қарай жүрелік! – деді бетін бұрып, ыңғай тартты. Ғизат құшағын алып қолтықтай берді. Жүрелік онда! – деп Алма жол бойына шыға берді. Ақырын жүріп, әзіл әңгіме айтып, Ғизат бірден Алманы күлдіріп, көңілін көтеріп тастады. Жүзінде қуаныш нышаны байқалып, Алма әсем күлкісімен, «сылқ-сылқ» күліп, Ғизаттың қулығынан ауыз жаппады. Қазірде үй маңына келіп, аялдадық. Жағалай ағашқа оранған, үйдің маңы, таза ауа жұпар исі аңқығандай, мұрнына келіп тұрды. Үйдің қос терезесінен түскен сәуле, жарқырап айна құсап, даланың ауласына беріп тұрды. Алма: Жүр кеттік, Ғизат-деп, ауладан асып кіре бердік. Ғизат Алманың асыл денесін көтеріп алып, ішке кірді. Жан адам болған жоқ. Үй іші, әсем жиылған, жиһаздарға толы, төрге төселген, араб кілемдері, үстінде көрпе мен жастықтар тасталған. Алманң бөлмесінде, әшекейленген

төсағаш, жұмсақ мамық пен құс жастықтар салынып, жиылған. Ғизат Алманы көтеріп алып, аузынан қатты сүйді де, мамыққа жатқызып, басына жастық салып, дем алуын қалады. Өзіде шыдамады, қызу денесін, Алманың бойына жақындатып, құшақтап алып, белінен ұстап, өзіне жақындата түсті. Алмада жылжып, денесін Ғизатқа беріп, қойнына кіре берді. Екі беті қызарып, қызу тартып, Ғизаттың мойнына асылып, өзіне тартып, жабыса берді.

Ғизаттың сағыныш күші бойын билеп, алып денесін Алманың аппақ қос дөңесінің арасынан өтіп, балқыған дене ләзаты бойларын алып, мауқы басылмады, сүйіскен еріндері тәттілік сезімдерімен жалғасып, біраз жатты, таң сәулесі терезеден түскенше, ағарған таңмен ойанды. Лаулаған дене оты, ыстық тартып Алманың асыл денесінен айрылмады. Көп ұзамады, екеуі үйленіп от басын құрды. Қамыстыда өткен тойға Жәнібек пен Баянда барып, екі жасты құттықтап, Баянның тамаша әнін тыңдап, бүкіл халық риза болып, келбетті сұлу жүзіне таң қалды. Той-думан екі күнге созылып, жастардың биімен жалғасын тапты. Сандуғаш келгелі, Мәдениет үйінің жұмсы жанданып, жастар кеші мен концерт сахнасына дайындық үдете түсті.

Сандуғаш екі жастың үйлену тойына дайындық жасап, «Қыз жібек» әнімен ашуды, әсем сахналық шеберлікті көрсетіп, бұрын-соңды болмаған «үйлену тойын» тамашалап, таң қалатындай халыққа көрсету еді. Жастардаң ұлт-аспатар оркестірі, шығып Құрманғазы күйлерімен бастауды жөн көрді. Өзі қыз-келіншектерді тартып, баянмен ән салғызып, Алма мен Қарлығашты да, шақырып дайындық үстінде болды. Жәнібек Сандуғашқа әдейі тапсырма беріп, екі бірдей еңбек озатының «үйлену тойын» бірге өткізуге, келіскен.

Сандуғаш қыз көйлегін, тамаша ақ матадан өзі тігіп, дайын етті. Қазақтың ұлтық дәстірімен өткізуді қалап, жігттерге ұлтық сыпайы денелеріне шақ келтіріп, мүсін жасап, қызыл береннен тікті. Қыз қамзелі, тамаша оюлармен әшекей салынып, көрген жұрт таң қалатындай етіп, бәрін жасады. Сандуғаштың өнеріне таң қалған Баянда, жиі келіп көріп

тұрды. Сахнадан басталып, қызыл оюлы қошқар мүйісімен, көркемделген сахна шымылдығы, бой алып, терезе мен қабырғалары әсемдік сұлу кестелі, перделермен жабылған. Қонақтарға кең зал ішіне, әдемі столдар мен орындықтар қойылған, көркем дастархандар төселіп, стол үстін, әшекейге бөлеген. Сандуғаштың өнері «сегіз қырлы-бір сырлы» дегені тегін емес, Сәтте әкеліп, қасқырдың тамаша илеген терісінен, Сандуғашқа сұлу етіп, тігуді тапсырып, Жәнібекке «қасқырдың терісінен ішік тіккізіп, жағасына норка салғызып» өте ыңғайлы, суыққа берілмейтін, денесіне ықшам, фермаларға барғанда, ақбоз аттың үстінде киюге, си етіп, сол шапанды, Жәнбекке жабуға, Сәт тойдың болатын күнін күтті. Белгіленген күнде келіп жетті.

Демалыс күні, сағат 12. – ағылған жұрт легі, бүкіл бөлімшелер мен бригада адамдары, егін біткелі алғашқы тойдың бірінші басталуы, еңбек озаттары: Асан мен Айманның, Ақан мен Маржанның «үйлену тойы», жиналған бүкіл ел, кәрі – жасына қарамай, осында шақырылған. Жәнібек өзі басқарып, бірін тыс қалдырмай, стол басына шақырды. Сахна төрінде, Сандуғаш бастаған, Құрманғазы оркестірі, «Саржайлау» күйімен, бойларын алып, көңілді жүздерін, тамаша райға бөлеп, жиналған жұрттың назарын ала түсті. Жәнібек тойдың басталуын хабар етті. Әсем де сұлу қыз-келіншектер тобы, орталарына алып: Асан мен Айманды, Ақан мен Маржанды, Сандуғаштың шырқалған «Қыз жібек» тің «Танысу» әні, жүрекке жылы тиіп, зарлы үні көңілдерін босатып, қыз-келіншектер қоса шырқап, отырған жұрт көздеріне жас алып «қазақтың дәстірін» көріп, ұйып тыңдады, жүрек қуанышын басқандай болды. Айтылған ән сырлары, бет ашармен жалғасты. Сандуғаш жеке ән шырқады, асқақ дауысы, сылдыр көмекейі, тамылжытып салған үні, көпшілікті орап алды, сахнадан жібермей қол соғумен, қайта шақырды. Қарлығаш әніде көпшілікті жылатып, зарлы дауысымен, жұртты дүр сілкіндірді, баюлап барып, ән жалғасын Баянға берді. Шарықтап салған ән, алысқа естіліп, «ғажайып өмірдің»

жаңа сатысына көтергендей, ой туғызып, халықты көтеріп тастады.

Жәнібек пен Баян сахнаға көтеріліп: Біз биыл бірінші егінді болып, керемет астық жинадық, сол астықты «керемет» қылған, алдарындағы «қос жұбайлар» Асан мен Ақан, олардың звеносы бірінші болып, егінді сағат пен орып, комбайн маторын сөндірмей, әрбір минуттарын бақылаумен болды, сондықтан оларға жаңа үйдің кілтін тапсырамын, оған қоса сиымыз, үй іші жаңа жиһаздармен толы! – деп кілтін Жәнібек пен Баян: Асан мен Айман, Ақан мен Маржанның қолдарына ұстата берді.

Ду қол соққан халық, орындарынан тұрып, бұрын мұндайды түсінде көрмегенін айтып «тамаша» – десті. Сәт қол көтеріп, сахнаға сұранды. Ол қолына, көрікті қылып тігілген, қасқыр ішікті Жәнібектің үстіне жапты. Жәнібек Сәтті құшақтап, рахметін айтып: Сіздерге қазір берілетін астың, біразы Сәттің аулаған қазы мен үйрек етері, жастардың тойына тартуы еді! – деді. Асан мен Ақанның ата-аналары, халық арасынан суырлып шығып, Жәнібек пен Баянды қоршап алып, беттерінен сүйіп, батасын берді: «өмірімізде» мұндай сый, болады, деп ойламаған едік! – десті.

Ас беріліп, жастар концертті бимен жалғасты. Сандуғаш баянмен он алты ұлтың, әнін салып: Индия, узбек, қырғыз, орыс, беларус биларімен ұласты. Таң тамаша қалған, көпшілік «артисті басқадан іздегенше-өзімізде екен» – десті. Жәнібек пен Баян Сандуғаштың іскерлігіне сүйініп, аркасынан қағып, бетінен сүйді, көңілді халық тобы ұмытылмастай тойдың болғанын, жоғары бағалап, Жәнібек пен Баянға «рахметін» жаудырды, көпке дейін ұмытылмас «ән» болып қала берді. Той аяқталысымен, Ақан мен Маржан, Асан мен Айман, ата-аналарын ертіп, жаңа отауға, қыздар мен келіншектердің тобымен бірге келді.

Айман мен Маржанды оң аяғымен ішке кіргізді. Сәнді жасалған бөлмелері, жиһазға толы, тамаша кілемде төселіп, әдемі төсеғаштармен «уголок» мебельдері жиналған, көркем терезе перделеріде, қымбат маталармен ұсталған, кухняда газ

плитасымен, «буфет» мебли қойылған, екі жас жұбайлар үйін, көпшілік көріп тамашалады.

Қыз-келіншектер тараған соң, ата-анасын Қамыстыға шығарып салды. Ақан мен Маржан өздері ғана үй ішінде, жеке қалды. Сағыныш жүрегі Ақанды еріксіз тулатып, Маржады көтеріп алып, жаңа салынған жұмсақ мамыққа, апарып жатқызды. Өзіде қасына барып, жылжи түсті. Қарулы қолымен құшақтап, әсем денесін өзінің қойнына жылжыта түсті. Маржанда бар денесін Ақанға беріп, мойнына орала берді. Жымдасқан дене қызуы шыдатпады, ауыздарын жақындатып, діріл қакқан Маржанның ернін, сүйіп денесі алып ұшты, басылмады. Ақан Маржанның асыл денесіндегі, жібектей созылған қос жиектің арасынан, өткізе берген «дене күші» бірден балқып, бойларын алып, жөнелді. Балқыған дене ләзат сезімге бөленіп, Маржанның бойына тарай түсті: Жаным! Аслым! – деген, жалынды сөздері, Ақанның қуатын одан сайын, алысқа сүйреді. Балқыған бойлары, денесін алмай жата берді, Маржан сүйген ернін, аузынан жібермеді, Ақан құшақтаған бойы, қолы Маржанның әсем белінен, қысып өзінің баурына тарта берді. Лаулаған от жалынды, дене қызуы шарпып өтіп, Маржанның тамаша денесіне беттесе берді. Көп жатты, таң ағарып, күн туды, бойларын алалмай, балқыған қалпын сақтаумен, алма бағына қарай ығысты. Шын сүйген жүздері жәрәсіп, бірін-бірі қимады, арманы жарқырап, бақыт құшағына ұласа берді. Жәнібек жастарға жол ашып, дала жұмыстарына баулып, егін орағына, жетпіске тарта жас жігіттерді, комбайнға отырғызып, сырттан көмек алмауға бекінді. Кең зал ішінде жас жұбайларды қолдап «үйлену тойында» дамылсыз қолдарын соғып, отырғандардың бәрі Асан мен Ақанның бірге істейтін достары қуаттап, асқақ ән мен билерді, салып Сандуғаштың тартқан баянның, әсем үні, көпшілікті орады, алысқа естіліп, ауа толқынымен, аймақты шарлады. Жәнібек алғаш совхозды, құрған бетінде, қаладан келген «құрлыс коопарациясына» «полевой станның» орнын белгілегіп, үш бригадаға екі этажды «жатахана-комплексімен»

салғызды: үлкен асхана кең залымен, баня, душ, раздивалка 1этажында, ал екінші этажында «спальный» орналасты.

«Посев» пен «Уборка» кезінде, бүкіл механизаторлар, осында болып, алаңсыз бос уақыттарын жібермеуге, әдейі жасалды. Жәнібек «колцовикке» арнайы тапсырма беріп, қауырт шақ кезін ескеріп, «Посев» пен «Уборка» кезінде механизаторлардың отбасына, барлық продуктыны, жеткізіп тұруды тапсырды. Мұхит арнайы катлован қазып, су қоймасын, барлық «полевой станнның» жанынан жасады, баня мен душқа су бергізіп, шағын огродпен қамтыды. Бақанас өзенінен, шабақтар әкеліп, су қоймасына жіберді, ыстықта суға түсетін «бассейн» жасалды. Совхозда жеке бау-бахча салып, арбуз бен овщты бригаданың асханасына жеткізіп отырды, орталықта арнайы ларектен сатыла бастады. Дала жұмысы түгелімен, Мұхиттің басқаруында болды, трактордың бос жүруіне тиым салды.

Жәнібек дала жұмысы кезінде, Зав. МТМ Игорь Лукьяновты, арнаулы «тех. помощьті» беріп, бүкіл өзінің составымен, загонда қираған техника мен комбайға «жедел жәрдем» беруді, қатаң тапсырды. Игорь опыты бар бұрынғы, тракторист барлығын жақсы біледі. Сергей Филатов шофердан өскен, алғыр жігіт, егін орағы кезінде, бірнеше тіркемелермен жұмыс істеп, комбайнды бункірімен, бір минут тоқтатпай «накопитель» қолдану әдісін жасады. Сол Сергей дала төсіндегі, бітік шыққан егінді, тез орып, алу үшін, әрбір машинаның қалтқысыз жұмыс істеуін бақылап, дала кемесімен бірге жүрді. Даңқы шыққан шаруашылыққа күн сайын ағылған, адамдардың саны өсе берді. Кең аймаққа, жыл сайын, елу-алпыс үйлер салынып, үлкен шаһарға ауыса бастады, бөлімшелер көтеріліп, қаулаған асыл тұқымды, шаруашылықа айналды, «молочный фермасы» үлкейе түсті. Жәнібек өткізген жиындарда, мал фермасының малшылары, қыс кезінде қасқырдың, ұялы тобы, малға шауып, мазасын алғанын жеткізді.

Бұл хабар Сәтке де жетті. Ол Сайд пен Рахатқа хабарласып, Бақанастың қыр-дөңесінде кездесуге уәде етті.

Сайд пен Рахат Бақанасқа көшіп келіп, малға орналасты, бірақ Сәттің қарамағында болып, бүркітімен аңшылықты тастамады, іскерлігі жанып түсті. Жәнібек пен Халит, Марден, Жақан және Телман, бірге аттарымен жолға шықты. Қыс қылышын сүйретіп, боранын ала келді, қар жауып жер суытқалы, бір шама болды. Алыстан боз тартқан, дөңестіде ақ қар басып, жаю борасынға ұласты. Құлазыған дала өңірі кілт өзгеріп, сала берді. Жадыраған жаз да, артта қалды. Өзен қатып, асау толқыны тығылып, мұз астына тұншықты. Қалың ағаштың, қою жапырағыда кетіп, сидиып бұтағы қалды. Жазық дала төсінде, ақ қар басқан, кең аймақ бұрқасын желдің ошағы болып, бауырайды суыта бастады. Тек дала қасқырының жолы ашылып, жемтік іздеумен бауырайды кезіп, өңірге із салып үлгірді. Сәт бірден бақылап, дөңеске дейін шолып шықты. Дөңесті жердің ығына паналап, қонысын орнатып, құс қамына кірісе бастады. Жәнібек бөлімшемен хабарласып, қарулы жігіттерді, атымен жіберуді тапсырды. Сайд пен Рахатта келіп, құс-бегін жемдеумен, қос ішінде болды. Ақбоз ат үстінде Жәнібек қасқыр ішігімен құндыз құлақшын киіп, суыққа берілместей, кейіп танытып, желумен басқаларды соңына ертіп, қос басына жақындай түсті. Сәт әпден бабына келтіріп, жем-сауын беріп қана, қоймай үстін сылып- сипап қантын керіп, мойнының қауғасын тарап, шомбал аяғының жүндерін ысқылап, борбайын тарады, аюлы тұяқтарын қайта-қайта қарап, кірін шүберекпен сүртті. Жемді, тағда астауға салып, етін ұсақтап турап, қылқытып сіңдіріп жеуіне дайын етті. Күтпесең құс болмайды! – деді Сәт, қасындағылара осылай істендер деп, уәз етті.

Рахат тез ұғып алып, құсының қондылығын Сәтке байқатып, жем-сауын, молырақ беруін ескертті. Сәттің құсы тұғырында отрып, жұмсақ етті астаудан алып, қылқыта берді, тояттық қылмады. Әйтпеске амал жоқ. күш қайдан шығады, қоны сақталып, алып күш дала қасқырымен айқасу, басымдылықты керек етіп, жеңуі керек! – деп түйіндеді, Сәттің бар арманы осы болды. Рахат қостап, манағы істі қалт жібермеуге тырсып бақты. Бақанастан аттылар тобы келіп

қосылды. Сәтті бүркітімен қоршап алып, тұғырында отырған құсқа көздері бірден түсіп, таң қалысты. Мұндай алып құсты бірінші көруіміз, отырған отырысы, қошқардың денесіндей, компиған алып қанаты, шоқпардың басындай біткен, дене тұлғасымен жабысып, мойны жуан, үлкен тұмсығымен, шұқсия ирек қылыштың сабындай болып, шомбал соққан қос аяғының, алып тұяғы, найзаның ұшындай болып, қадалған денені бірден бүрістіріп, құлатып үлгіретін күш, осы бүркітте! – деп таңырқасып, таң қалды. Бұл құс біздің таулы аймақтан емес, Гемалай ең биік тауда, өмір сүріп, тау қошқарларын-арқарларды алып күн көретінін, айтып туристердің сол жақтан әкеліп, балапандарын сатқан көрінеді! – деді Сәт.

Сәт: Сендер мынау дөңестен түсіп, шатқал беткейіндегі, өскен қалың талды, қолдарыңдағы құрықпен пергілеп сүзіп шығуларың керек, қасқырдың апаны, осы талдың арасында, сайраған іздері, жазықтан келіп, тал түбінде жоғалып кетуі, апанына кіріп бөлтірігімен жатып қалады, сол апанын тауып, қуып шығару керек, бірақ өздерің сақ болыңдар! – деді. Кілең қарулы жігіттер «мен атайын дейтіндер» жиналып, бауырайға құлдилап берді, ат дүбірі дөңесті алып кетті. Шатқалдың шегінен бастап, қаруларын сілтеп, оңды-солды, дүбірлі жүрісте болды. Әлден соң, Әне! Қасқыр кетті! Деген дауыстар, бүкіл шатқалды дүр сілкіндірді. Ол кезде Сәт құсын қолына алып, дайын тұрды, қасқыр бір емес, тобымен қашты, артынан қуған аттыларда, жазыққа қарай, соңынан түсті. Лып етіп ұшқан бүркіт, қасқыр соңын ызғумен, жетіп алып, қалың қанатының, алып күшімен «сарт-сұрт» еткізіп, тоңқалақ асырып үлгірді, жалма-жан үстіне мініп алып, өткір тұмсығымен ішін жарып тастады, құлаған бойында өліп кетті.

Сәт шауып барғанша, тағыда аспандап, жазыққа шапқан қасқырдың соңына, іле түсті. Жоғарыдан құлдилап, алып денесімен үстіне барып, «гүрс» етті, тұяғын батырып, денесін қусырып үлгірді, басынан шұқып, мыйын ағызып, есін кетірді, әлі құрып, дөңбекшіп құлай берді, қаны кетіп, сол жерде жан

тапсырды. Өте керемет! Құлатып түсірді! Бірден алып түсті! – деп, Халит, Марден, Жақан мақтауын асырып жатты.

Жәнібек жақын келіп: Бұл құс, өте ерекше құс, мен бұл туралы кітаптан оқып білгенмін, дүние жүзінде ең биік, шыңы бар «Гималай» тауын, бұлт басқан үлкен үйдей тас үңгіріне ұя салып, жалғаз жұмыртқадан, балапаны өрбіген, алып құс «қарақұс» деп аталып, басындағы тау текесі мен арқарларды аулап күн көрген, оларды көтеріп алып, құндызға тастап, өлтіріп жемтік еткен, сол бүркітің, осы! – деді. Сәт сол бүркіті баптап ұстағалы біраз уақыт болды, ол көбіне өзінің тұғырына отырғызып қояды, тек ұшарда – қонарда ғана қолына қондырып ұстайтын, ат ерінің басына жалғап жасалған тұғыр, өте мықты еменнен істелген. Сәт өзі, кең жаурынды, толық келген, қолы батпандай, алып түсетіннің өзі, кезінде күреске қатынасып, алдын бермейтін. Бүркітінің кереметі, шомбалдай денесі, жуан бұлшық еттері, аюлы тұяғымен қоса біткен, денесінің бар күшін, аңның етіне батырып, сығып жібергенде, басымдық танытып, құлатып түсіретін, қарулы домбай біткен аяғы, балуанның күресте батпандай қолы тәрізді, жуан саусақтарымен, алып түсетіндей сезінесің. Аттылар тобы, жонға шыққан қасқыр соңынан, салып келеді, біреуі алдын орап, бетін қайтарып, үшеулеп ортаға алып, құрықпен періп өтіп, құлатып түсірді. Тағыда біреуі ілікті! – десті. Сәт құсының артынан шауып келіп, үстінен басты, атынан түсіп, «Кей! ««Кей! «-деп қолына қондырып, олжасын жанарына байлап, қос маңына бет алды, шатқалдан өте бере, қашқан қасқырдың апанын байқап, көңілі орнына түсті, тағыда бір сүзіп шығуды қалады, аттыларға қолын сілтеп, нұсқау етті.

Дөңестен құлдилаған, Сайдтың бүркіті, алыстағы қасқырды көзі шалып, зуылдаумен қуып жетті, үстіне бара қонып, өткір тұмсығымен көзіне жармасып, мойнын соза бергенде, қасқыр бұлқынып, қарсы ұмтылды, екеуі ара айқас ушыға түсті, сол сәтте Сайд шабумен, екпіндеп келіп, қасқырды тұмсықтан беріп, құлатты- сол құлағаннан тұра алмай, өліп кетті. Кей! Кей! – деп құсын қолына қондырып, олжасын жамбасына байлап, дөңеске бет алды. Ол кезде

Рахатта, бүркітін қашқан қоянға жіберіп, екеуінде алған еді. Бақанастағы апанды құртып, дала қасқырының, жолын кесті, ендігі бет алыс Шымбұлаққа ауысты.

Сәт бүркіттің, жем-сауын бергізіп, комақтандырып, тағыда күтуде болды, қоңын түсірмеді, қоян еті қайталанып, астауға салып алдына тосты, ашыққандай құс-бегі етті қылқытумен тояттана берді. Жәнібек пен Халит, Мардендер орталыққа жол тартты, ертең Шымбұлақта болатынын сездірді. Шалқар басты, құлақ асты, асып түскен, кең жотаны басып, күмбездей жайылған қарды омбылап, қыратқа шығып, жылжи түсті. Күнде жылы тартып, аспанның күн көзі, сәулесін шашқан қырат маңы, үлкен аймақ, ауылды елдің шоғырланған үйлері мен мал фермаларына жалғасып жатты.

Сәт қонысты белгілеп, көз тігіп жота үстін шолп өтті. Нағыз ұялы қасқырдың, көкжалы осында! – деп топшылады, тағыда құсқа тамақ беруді қалады. Құлдилап ағыла түскен, аттылар тобы, екі жаққа бөлініп, қарсы жүруге бет бұрысты. Күш сайысына сынасқандай, қарулы қолдарымен сермей түскен, құрықтары тал басын жапрып, сауылдаған қар түйірі, жерді баса берді. Топалаң туғандай айғайға басып, ауыздығымен алысқан аттың жүрісі, шатқал өңірін дүрілдетіп, астан-кестен ете бастады қасқыр «апанын» іздеуде болды. Сол дүбірден ығысқан қасқыр, ойыс жердегі апаннан шыға келіп, жанындағы келіп қалған атқа атыла жабысты, айқас күшейе түсті, жағалай қоршап алып, қасқырды қамап ұстап, құрықпен пергілеп өтіп, бірінен соң бірі, құлағанша ұрғылай берді, әпден дымы құрып, қылжиып жатып қалды, қансырап өліп кетті. Сәт қуанып, жастардың кереметтігін, Жәнібекке жеткізіп үлгірді. Тобыр тағыда ойранға басты, ызасы қайнаған жұрт, жыл сайын жапа шегіп, жекеде малынан айырлып, қасқырдың құрбаны болып, қала берді.

Бүгін міне сәті келді, кім жеңетінін айтып, топшылайтын уақыт келді. Көкжал апаннан шығып, жазыққа бет түзеп, омбы қарды белшесінен басып, шауып ала жөнелді. Сәт қыраттан көз алып, нұсқай бергенде, қолынан сылт етіп, қос қанатымен қағып, биіктеп ұшып аспанға шықты. Көзі бірден шалып,

көкжалдың үстіне қарай құлдилап, ағып барып «топ» етті. Ауыр күш, бірден белін басып, шоңқия түсті, өткір тұмсығымен, аюлы тырнағымен денесін бүрістіріп ұстап, қарнын жарып жіберді, тез бүркіттің қимылы, қансыратып өлтірді. Сәт лезде жетіп, бүркітін тұғырына отырызып, олжасын жанарына байлап, сүйретумен қос басына жылжи түсті. Жәнібек ақбоз атымен, Шымбұлаққа оралып, соғуды қалады. Желіген ат жүрісіне, ере алмай, артта қалып шабумен отырды. Жәнібек жақындап келіп, оларды күтіп, фермаға кірді. Малдың жағыдайын біліп, қондарын бақылады, откормда болып, кемшіліктің бетін ашып, барлығы бөлімшеге жиналуын талап етті. Жәнібек кеңсе маңына келе бергенде, аңраған әйелдің дауысы естіліп, ботадай боздаған балалардың жылағанын көріп, жиналған халық бірге жыласты, бойларын түгел қайғы басты, орамалмен көздерін сүртіп, күйзелген қалыппен жинала берді. Жәнібек, Халит, Мардендер тұрып қалды. Бақсақ, шешейдің жалғыз баласы, егін орағында комбайнер болып істейтін, «жигули» машинасымен аварияға түсіп, келіншегі екеуі, орнында қайтыс болған, төрт шиектей балалары қалып, күйеуі авған соғысынан оралмағанын, айтып жеткізді. Қазалы қайғыға көңіл айтып, барлық жағыдайды жасауға, Жәнібек уәде етті. Бұл жағыдай бүкіл елді елең етті, аянышты шиектей жетім, қалай күн көреді, жақын туыстары да жоқ, кім қорғаныш болып, кім қолының үшін береді? – деген сауалдар, жұрт арасына тарайды. Үй маңына жиналған халық, алыс-жақын жерлерден келіп, көп жиналды.

Жұрт алдына бірінші болып, Жәнібек: Бұл өте ауыр қаза, жас жігіт, әйелімен бірдей өлім құшты, төрт бірдей жетім балаларымен, жалғыз шешесі қалды, жақын жан ашыр туыстары да жоқ. Жоқ! біз далада қалдырмаймыз, орталықтан үй беремін, балалары мектепте оқитын болады, барлық жағыдайды жасаймыз! – деді. Жәнібек көп ұзатпай, орталққа көшіріп алды, балаларын Баян мектепке қабылдап, жаңа формалар кигізді. Совет басшысы, пособия дайындатып, бергізе бастады. Үлкен баласы, тракторист-комбайнер мамандығын алып, мектеп бітірісімен, комбайн штурвалына

отырды. Жәнібек бөлімше басшысына жыл сайын, көмек беруді, қатаң тапсырды.

Бір-екі жыл ішінде, үлкен баласы техниканы жақсы меңгеріп, әкесінің жолын басты, еңбек озаты атанды. Қуанған әже, көңілі барлық қайғы-мұнды ұмытты, немерелері ер жетіп, қолғанат бола бастады, Жәнбектің арқаснда жоқшылық көрмеді, әжесі немересінің «үйлену тойына» дайындалып жатты. «Орнында бар-оңалар» деген халық сөзі шындыққа айналды. Сәт тыпыршып, шыдамады тез апанын тауып құрту керектігін ойастырды. Түс ауа қоныс басына оралып, аттылар тобын өзі басқарып, апанды кезе бастады. Толған қасқыр ізі, дала өңірімен жалғасқан, бірақ аялдама осы жердің аймағы деп болжады. Ойыса біткен, жар қабағы талды ағаш пен бүркеліп, ештеңе көрсетер емес. Тек, дамыл таппай, ат тұяғын сартылдатып, апан төңірегін көшіргендей, ішінен қуу ғана қалды. Сәттің бұған бұрын-соңды тәжірибесі жетерлік, бүгінде сол әдіс.

Топ аттың дүбірімен, үрке шыққан қасқыр тобы, бұрынғыданда көбейе түсті, бытырап жағалай шашыла қашты. Дайын тұрған жігіттер, қуа жөнелді. Сәт құсын жіберіп, өзі соңынан топай көгімен, шапқылай түсті. қос қанатымен қирата соғып, екеуін құлатып, жансыз етті. Тағыда ұшып, қос аяғының өткір тырнағын, денесіне пісіп, сілейтіп тастады, көзін шығарып, қанын ағызды, талықсып барып жан тапсырды. Аттыларда тобымен қуып жетіп, ортаға алып, ұрып өлтірді, қашқан қасқырды, бөлтірігімен алып, бүркітшілер Сайд пен Рахат мол олжаға, кеңейіп қанжығасына байлады.

Шымбұлақ айғайы басылып, қасқырдың жолы кесіліп, апандары тас-талқан болып, шатқал төсінде ат аяғының дүбірі ғана қала берді. Ауыл көшелеріде жаңа қонысқа көшіп, малшы қауымның, көңілді ажары ашылып, топтасқан малдың басын өсіруге, бағыт ұстады, түгльдей асыл тұқымға көшіп, бөлімше қайнаған еңбек ортасына айналып, тұрмыстары өсті, топтасқан малға жекелерде қол жеткізіп, байи түсті. Жәнібек осыны қалады. Сәт Жәнібек пен хабарласып, Қамыстыға бет түзеді. Бұл, ертеден келе жатқан үлкен аймақ, малға қолайлы, өрісі

кең, шабындығы мол, қамысты көлдерімен, суы көп, жазық даламен ұштасып, дөңеске дейін шалқыған, тың бөктері. Сүре жол табаны, аттылар желумен, шамалы аязды елемей, бұталы жерді басып, сай-жыраны артқа тастап, алға өрлей берді. Алыстан мұнартқан, ауыдың ақ үйлері қатар түзеп, малды қыстақтарымен, кең өңірдің ішіне кіре берді. Сәт бастаған топ, дөңес мойнағына қарай, асыла түсіп, көтеріле берді. Шайдай ашылған күн көзінде, қошемет белгісін бергендей, жылына бастады. Бұлда бір табиғатың, жол түсіріп, көмегі деп, білді. Дөңестің өскен биік ағаштары, жиекпен қуалай, ирімделіп қоғалы қамыстай болып, шоғырлана тұскен, үстерін қар басып, қыраулы түйдектерімен, көрініп қояды. Ойыс жалпақ жазықты құрап, талды бұталы аласа ағаштармен, қойнау бетін басқан. Сәт сол қойнаудың барлық сырына қанық болғандай, күтіп алған бөлімше аттыларын, маңайына жинады.

Бұрын-соңды қасқырмен арпалыстан хабары жоқ, жас жігіттерді ескертіп, жаралы болып қалмауын айтып, тобымен жүруді тапсырды. Құлаң дүз даланың, ашуы қасқырдың бойында деп, есіне салды. Қолдарында шоқпар мен құрықтары бар, мылтық ұстағанда дайындық үстінде болып, бұйрықты күтті. Сәт бүркітіне қоян етін дайындап, тұғырдағы бүркітінің алдына астауымен қойды, қомағасын тартып, қылқыта берді. Қанаттарын сылап-сипап, тұяқтарын сүртіп, аяқ жүндерін тарап, денесінің бұлшық еттерін қозалысқа келтіріп, ысқылады. Басқаларыда құс-бегін күтумен болды, тамағын мол беруді ескертіп Сәт өзі қадағалаумен отырды. Әпден ең ақырғы, арпалыс деп бағалады.

Сәт барлығын тағыда жиып алдыда, аттыларға нақтылы нұсқау беріп, қолын шатқалға сілтеді. Тобыр бәйгеге шапқандай, аласұрған ат тізгінін қоя беріп, дөңестен құлдилап, тал бөктеріне қарай, ығыса түсті. Арпалыс басталып, ерсіл-қарсыл шабыс, ойысты дүр сілкіндірді, тарсыл көбейіп, апаннан шығуын күтті. Бір кезде, арсылдаған қасқыр дауысы, құлаққа тиді. Сәт жалма-жан, тұғырдан бүркітін қолына ала бергенде, апаннан шыққан қасқыр тобы, жазыққа жол тартты.

Лып етіп, ұшқан қаршыға, ызғумен қанатын қамдап, дауыл күшімен салып өтіп, біреуін құлатып үлгірді, домалап барып, басы тасқа соғылып, бірден мерт болды. Сәт топай көгімен жткенше, екіншісіне ұшып, соңына түсті, алдын орап, қанатымен соғып, домалатып барып, үстіне мінді, қозғалтпай өткір тұяғымен денесіне өткізіп, бүрістіре түсті, алып тұмсығымен ішін жарып, өлтіріп тынды. Сәт олжасын алып, қолына құсын қондырып, желумен қосқа бағыт ұстады. Алдыан шықан Рахатқа Сәт: Жібер тез өзі көрдіғой қасқырды! – деді. Сол сөз бұйрықтай болды. Көк қаршыға лып етіп, аңшы қолынан жерге қарай түсті. Күрең атының тамағының астынан, қанатымен жер сызып, жасырына жөнелгендей болды. Қаршыға сол аққан бойында, шатқалдың арғы бетіне шығып алып, талдың арасында біраз жыбырлап, иреңдей барып, аңшылар көзінен жоғалыңқырап кетті.

Бұның аңдысын аңдып, үндемей сілейіп тұрып қалған, Сәт пен Рахттың айтысқан бір-бір-ақ сөздері: «Тұғырға кетті, Тұғырға кетті! «деу болды. Сол сәтте көк қаршыға, шатқалдан ағызып жазыққа өте бере, қызыл шапақ астында, жазыққа төсін жарқ еткізіп, шаншыла бір көтеріліп алды да, оқыс төмен қарай, лақтырған тастай, шаншыла түйілді. Бұл құлап түскен. қасқырдың үсті болды, домбалдай тұяқты аяғымен батыра, сыға түсті, тұмсығымен көзін шұқып, шимандай етіп, әлін кетірді, қисайып барып жерге жатып қалды, тұра алмай жан тапсырды. Рахат атының басын іркпестен, ағыза шапты. Тез арада жетіп, атынан түстіді «Key! Key! – леп шақырып, қолына қондырды, олжасын ұмытпады, қосқа бет алды.

Сол күндер ішінде, аңшылардың бәрі құр емес, екі- үш түлкіден алып, қоянның санын онға жеткізіп тастады, ал қасқырдың орны бір бөлек. Топалаң туғандай, тағыда айғайға басып, ауыздғымен алысқан, аттылар тобы шаршауды білмеді, қызықтап құс-бегінің ұшуын бақылап, қасқырмен арпалсын көріп, қашқан қасқырдың алдын бөгеп, қаршығаға бағыттай берді. Сәт әр күні қаршығаның бабын, ең алғаш аспанға ұшып шыққандағы қанат қағысынан көз алмай, тұрып Рахаттың бүркітін тамыршыдай бағып болжайтын. Сонда кейде, қанат-

құйрық шапшаң лыпып, сілкіне бір ұшатын болды, жұлқынып сермегендей күш танытты. Бұндайда Рахат қуанып, мырс беріп күле түсетін. Осындай шақта айтатын бір ғана сөзін қайталайды. Қаршығам бүгін зор күйінде! – деп қояды. Сондай ұшуын көрсе, көңілі көнши береді. Қаршығаның түлкіні алып, бұл барғанша, жұмарлап өлтіріп қоятынына, мейлінше сенеді. Бүркіттен босаған қолымен, қалтасынан шылым сауытын алып, шылымды шекітіп қояды. Өзінше ыңырсып, жалғыз бір өлеңін айтып, ақырын қиялап, құсына қарап, сабырлы самакпен тарта берді. Ысылған бапшыл аңшы, енді түлкіні қойып, қасқырдың жұлымына жіберуге бағып тұр. Сол кезде бұның қасынан Сәт пен Сайд сабырсыз қызумен шапқылап өтті. Бүркіттің түлкі алғанын күнде көріп жүрседе, екеуінде қызу қуаныш, дегбірсіз асығыстық, бірде-бір кемімейтін. Жауған қардың сулы бетіне тайғанап, қолдарында тұғырда ұстаған құсы бар, жұмырлана жылжып, артына қарамай, апанның аузына, барып құлдилап түсе берді. Апаннан тағыда шығып, қос аяғымен секіре түсіп, аласұрған көкжал қарды боратып, алай-түлей желді шақырып, жазыққа шыға шапты.

Осы кезде Сәт тағыда бүркітінің құлағына сіңген өткір жіңішке ұнімен, қысқа ғана «Кеу! «деп қалды. Бүркіті тағы кетті. Бұл жолы ұшуы, өте шапшаң, атылған оқтай, көкжалдың үстіне бірақ қонды, белі майысып қираландап жүрісі бәсеңдей түсті. Өкір тұмсығымен, басынан шұқып, қанын ағызды, дөңбекшіп біраз жатып, қылжиды. Дәл осы кезде, оң жақта, қоңыр биіктен, құлдай ұшып, тағы бір бүркіт көрінді. Бүркіт түлкіге ырымтал жерден шықты. Тура беттеп, Сайдтың бүркітінен бұрын барып қалды. Енді түлкіге сол бұрын түсетін орай бар еді. Бірақ ол құстың жолы жақын болғанмен, түлкіге ұшуы сондайлық ынталы болмады. Баяу, шабан кетіп барады. Сайд құсы, мынау басекелі жауын көре сала, ыра төмен, қос қанатты қыса қағып-қағып жіберіп, алғаш ұшқандағы керенаулықты ұмытты. Қатты асығып, ағып барып, тас басындағы тұрған түлкіні, бөтен бүркіттің алдынан, қағып ілді. Бүріп ала жөнеліп, қалықтаған бойында, алдынан шауып келе жатқан, Сайдтың атының алдына әкеліп, жұмарлай түсті.

Бөтен бүркіт, үстіне түсіп, жазым қылама деген Сайд атынан домалай түсіп, үстерінде жайқап жүрген жат бүркітті, қамшысымен жасқап жүр. Бүркіт пен оның бауырындағы түлкісін, өзінің бойымен, де қорғаштайды. Бұл кезде төмен, Рахат, та асыға келе жатқан. Дөңес басындағы ұсақ қар, ұсақ тасты төгілте домалатып, сырғанап келеді. Сәт бүркітті белден асып, ұша берген жерден-ақ: – О, мынау Рахаттың құсы ғой! – деген-ді. Сәт бұл құстың мінезін, сырын білмейтін әбігерде жүр. Олар көңілінше, Рахат құсы, жерде отырған Сайд құсын, бүріп тастап, жазым қып кететіндей ойлады. Сәт бұлармен бірге асықты. Бірақ ол мыналар ойлағанды ойлап асықпады. Білгір құс-бегі Сайдтың қолбала құс емес, тұз құсы екенін жақсы білгендіктен, оның бөтен құсқа түспейтіндігіне мейлінше сенді.

Сәт бастап бәрін ертіп, қос басына жинап, олжасын жабасына байлап, желіп жөнелді, басқаларда ат тобымен бірге жиналды, олжаларымен бөлісіп, ауыл жұртын шығарып салды, «рахмет» айтып, тағыда дайын тұратындарын сездіріп үлгірді. Аты шулы Қамысты, енді мазасызданбай, өмір кешуіне болатынын жеткізген Сәт, «қонысын» тіркеп, ауылды басып, желумен орталыққа бел асты. Ертеңіне Жәнібекке айтып, Қамыстыдағы екі бірдей апанды тас-талқан етіп, бөлтіріктеріне дейін, ұстап өлтіргендігін жеткізді. Қыс өтіп, көктем шыға бастады. Даланың қауырт жұмыстары басталып, егіс алқабына себу агрегаттары, «комплекс» түрінде дайындалып, шалқыған өңірдің «гигант» алқабы, егінді астыққа толы, айналуын асырды. Жәнібек көп ізденді, опыт алып көзімен көрді, жыл сайын егінді Академик Бараевтың айтып кеткен ғылымына сүйенді «культура земледелиені» қатаң түрде сақтай отырып, әр гектардан 20 центнерден өнім жинауға бекінді. Соңғы кездерде, жерлеіміз Двухречинскийдің «нолевой» циклын «сохранением гумса» деген ғылыми еңбегін басшылыққа алып, отырды, Дала академигі атанған Мальцовтың «парын» есінен шығармады, сонау Вильямстың «травополный система земледелиесіде», иесін тапты. Май айының орта кезі, күн жылынып, дала

көкектерінің шақырған кезі. Дала гүлдері өсіп, кең жайлыммен, өрістегі малдардың, күн шуағына лесіп, өзен мен сай бойына тіккен ақ кигіз отау үйлері, қаптаған кішігірім ауылдың бейнесін құрап, өңірден орын ала бастады.

Жәнібек дала жұмыстары басталғалы, таң біліне тұрып, бүкіл бригадалармен «перекличка» өткізіп, жұмыс бағытына бұйрықтар жеткізіп жатты. Әлден уақытта, ертемен кеңсеге, әдемі киінген, ажарлы жас келіншек Зәмзагүл, жетектеген екі баласы бар, ұлықсат сұрап, Жәнібек отырған бөлмеге кіре берді. Жәнібек қарсы алып, орындықты нұсқады. Келіншек ашық сөйлеп: Менің жолдасым Ғалым №1 бригадасында, тракторист үйге келуді қойды, біздің не болып жатқанымызда, шаруасы жоқ, сондағы сұлу қыз Қарақатпен жүретін көрінеді, менің енді керегім жоқ, екі баламмен төркінім Әлиекөлге барып, жұмысқа кіремін, мұғалімдік «дипломым» бар» – деді көзіне жас алып, үйдің кілтін ұсына берді. Жәнібек салған жерден: Сізге оны кім айтты, ол өтірік, Қарақат қыздың жігіті бар, екеуі сол бригада да, себу біткеннен соң үйлену тойын жасаймыз деп уәде еткен, олар менен ұлықсат сұрап, жазда өткізуді ескерткенмін, ал Ғалым озат механизатор, бізде қазір тәртіп, «Посев» пен «Уборка» кезінде, жатаханада жатады, онда барлық жағыдай жасалған, төрт мезгіл тамақ беріледі, монша, душ, купальный бассейн жасалған, көгеніс пен жеміс соның басында, ал сіздерге, бүкіл от басына ет пен нан, басқа продуктының бәрін айтып тапсырғанмын, онымен жеке адам айналысып, бақылап отырады! – деді.

Сіз мынау кілтіңізді алып, үйіңізге барыңыз, мен бүгін жұмыс қауырт болсада, жіберемін күтіңіз! – деді. Зәмзагүл балаларын алып, үйіне келіп Ғалымды күтумен жүрді. Ымырт жабыла, есікті ашып үйге кірді, балалары сағынып қалған «папалап» мойнына мініп, арқасынан құшақтады. Ғалымда балаларының бетінен сүйіп, біреуін көтеріп, біреуін жетелеп, тамақ ішуге отырды. Зәмзагүлде тырыс үн жоқ, бұрын жайдарлы жүзімен, қарсы алатын, кейде мойнына асылып, бетін беріп ұзақ сүйісетін. Ғалым: Зәмзагүл саған не болған, Жәнібекке айтып, ұят емес пе? Саған өтірікті кім айтып,

басынды ауыстырып жіберген, бұрынғы түрің жоқ, жүдеу басып, көзің шүңірейіп, әдемі қалпың кетіпті, ауырған жоқсың ба? – деді жұлып алғандай.

Сол кезде есік, сықырлап біреу кіргендей болды. Көрші егіде тартқан әйел: Жок! Зәмзагүл ауру емес, ауруы сен, сондағы Қарақат сұлуды меңгеріп, өзіңе қаратып алған көрінесің, ол сені «перодовик» қып қосып жазып, атағынды шығарған көрінеді, соны айтшы! – деп мысқылдай жөнелді Күлпаш. Ғалым шыдамады: Ол өтірік, кім айтып таратып жүр, сол адамыңды әкеліп беттестір, көрелік! – деді. Кім айтқаныңда нең бар, бүкіл ауыл адамдарынан, бригадаға барып жүргендерден естідік, Зәмзагүлдің өзіде естіді, нанбасаң өзі айтсын! – деді Күлпаш. Ғалым ызаланып: Бәрін өсектеп, жүрген мына сізсіз, сіздің ондайға жақын екенінді көршілер біледі, «екі үйдің бірін, біріктіріп қоса қондырмайтыныңды» бүкіл ауыл адамдарынан еститінмін, енді сенің жемтігің біз болдық, олай болса ертең, ауыл советке барып, милиция шақыртамын, сонда «ақ пен қараның» жолы ашылады, әйтпесе сіз тоқтайтын адам емессіз! – деді. Күлпаш: Жок! Мен ешқайда бармаймын! – деп шошып қорықып, есікті тарыс жауып, шығып кетті.

Зәмза налумен отырып, еш нәрсеге құлқы болмады, шайды өзі қайнатып, балаларына тамақты Ғалым берді. Жарының уайымы басылмады, үйіде жиналмаған, астанкестен шашылған жүктерінде сол қалпында болды.

Шаңырағы құлап, үй ортасына түскендей болды, ақыл айтып, тоқтатар адам болмады. Ыңырсыған жылаудан, көзі ісіп бірнеше күннен бері нәр татпаған, Зәмза, Сенайтушыедің, менің сүйгенімде, бақытымда, ырысымда, ғашығымда, жансұлуымда өзіңсің, алтын босағам «мәңгіліктің» бесігі, балаларым өмірімнің жалғасы, деуші едің, енді саған не болды? Басқамен бақыт тауып, өз шаңырағыңды аяққа таптап, кеткің қалай? Шын ойыңды айт, менің жанымды қинамай, анау чамадан барлық киімдеріңді жинап, салып қойдым, алатын затың болса, іркілме, менің шындығым осы! – деп көзіне жас алып, басқа бөлмеге шығып кетті. Ғалым не болғанын білмеді,

Күлпаш әпден құлағына құйып, от басын тас-талқан етуге шеберлігі жетіп, сүйген жарынан айырып тынды.

Зәмзаға қалай айтып, көңілін табарын білмеді. Балаларын жатқызып, Зәмзамен сөйлесуге, адал екенін айтып, ондай ешқашан ойына кіріп шықпағанын, түсіндіргісі келді. Балалары ұйқыда болды. Ауыр күрсінген, жарының қасына келіп, ыстық қолын ұстап, өзіне тартты. Ғалым: Менің мәңгілікке сүйген жарым біреу-ақ, ол сен, екі баламыз бар, мен өте бақытты жанмын, арадағы өсек от басымызды бұзып, Күлпаш сыяқтылар көре алмайтындар, өмірімізді тас-талқан етіп, айырып тыну, балаларымызды тірідей жетім ету, бірақ олардың көксегені бола қоймас, ертең заң орнында жауап беретін болады, мен бұлай аяқсыз қалдырмаймын! – деді ыстық қолын жарының жүрегіне басып.

Зәизада қолын алмай, екінші қолымен Ғалымның мойнына орала түсті. Ғалымның сағынышы бойын билеп, алып ұшты, қос қолымен құшақтап, Зәмзаның аузынан сүйе бастады, дене қызуы көтеріліп, жарын көтеріп алды да, төсеғаштың үстіне апарып, жұмсақ мамыққа салды, өзі қасына жатып, тамағынан сүйіп, аймалай бастады. Зәмзада барлық денесімен баурына кіріп, сағынған жарының бой қызуын өзіне ала берді. Ғалымның дене күші, Зәмзаның асыл денесіне кіріп, бойын балқыта түсті, қос жүректің соғысы, лаулаған оттай болып, бір-біріне жабыса түсті, ләзат алған бойлары, балқыған сезіммен жалғасып, қызулы денемен ұласты.

Зәмзаның сағынышы танды атырғанша, бауырынан шықпай, қолын айырмады «Жаным! «деген сөздері, Ғалымның бойын жылтып, әлін күшейтті, дамылсыз сүйіп, қойнынан шығармады, армансыз балқу таң атқанша жалғасып, созыла берді. Зәмза ерте тұрып, Ғалымды жұмысқа оятты, барлығын дайындап, бұрынғыша қайта-қайта сүйісумен, шығарып салды. Ғалым кеңсеге, барған бетте арыз жазып, советке қалдырды. Таңертең Баян арнайы кісі жіберіп, Зәмзаны мектепке шақырды. Зәмза жоғарғы білімді мұғалім, Баян бірден қабылдап, жұмысқа алды. Баян: Неге осы уақытқа дейін, хабар бермей, жоғарғы білімді адамды сырттан

іздегенше, өзімізде болғаны жақсы! – деді. Зәмза: Балалар өте жас болды, бағатын ешкім болмады, есейгенсін детсадқа беремін! – деп аялдадым. Баян: Жәнібек детсадтың бастығына айтып шешіп қойған, ертеңнен бастап беруіңе болады! – деді.

Зәмза қуанғаннан күліп жіберді, барып Баянның бетінен сүйді «рахметін» айтып, үйіне бет алды. Үйінің жанына келе берген де, көзінде іркілген жасы бар, көршісі Күлпаш кешірім сұрап, жалбарынып, алдынан шыға келді. Зәмза: Сізге не болды? Осыншама жылайтын! – деп жұбатқандай болды. Күлпаш: Мені бүгін әктуге, ауданнан милиция келетін көрінеді, совет ешқайда кетпеуіме қол қат алып, ескертті мен қақбас ылғида тілімнен табамын, ендігі қалған өмірім түрмеде шірейтін болдым! – деп өксігін баса алмады.

Зәмза: Жылама, қазір менімен бірге жүр, арызды қайтып аламын! – деді салған жерден. Жедел басып, орталық кеңсеге келіп кірді, шеткерек орналасқан советтің бөлмесіне кіріп, төрағасына болған жайды баяндап, екінші рет қайталанбайды! – деп сендірді. Совет: Жарайды онда кешіреміз, бірақ екінші рет бұндай жағыдайды естісем, өзім апарып түрмеге тапсырамын, адамды бұралқы сөз бұзады, Күлпаш апай қолыңыздан қағаз беріңіз! – деп қағазын жаздырып алды да, Ғалымның арызын Зәмзаға, беріп коштасты. Күлпаш өз-өзін сақтап, жиналған жергеде баруды қойды, «өсек» опа бермейтінін түсінді. Посев аяқталып, Ғалым үйге оралды. Асыға күткен Зәмзада, сағынышпен бірден құшақтап, аузынан сүйді, Ғалымның алдынан шықпады. Зор денелі, әптен күреспен шыныққан, қарулы колдарымен, Зәмзаны көтеріп алып, ішке кірді, біраз сүйісіп мауқыларын басты. Детсадтан оралған балалары, Ғалымға еркелеп, үстінен түспеді.

Жаңа қызыметке, оралған Зәмза мектепте мұғалім болып, істей бастады. Жәнібек Бақанасқа Сәт пен бірге келіп, түс ауа өзен бойына өрлеп, аралаумен ұшып келіп жатқан қаз-үйректерді көріп, су бетінде қалың қаптаған «құс базары» көңілдерін көтеріп тастады. Жалпақ өзен, су арнасымен толығып, баю ескен жел толқынымен жағаны сырғып қояды.

Қамыс басқан жеріде күн сәулесін жібермей, шорағай үйрекке панағып, сүңгуімен кішкентай шабақтарды аулап, қорек етті.

Сәт орталыққа Жәнібек пен оралысымен, Сайд пен Рахатқа хабарласып, бүркіттерімен өзен бойында, кездесетіндігін жеткізді. Сәт топай көгіне мініп алып, құсын тұғырына отырғызып, қатты жүріспен, өзен жағасынан бір-ақ шықты, Сайд пен Рахатта келіп қосылды. Жағаға қонысын қондырып, қоян етінен томағасын беруге бет бұрды. Жағалай қаңқылдаған дауыстар, құстардың өзенге көп жиналып, дамылсыз ұшып келіп жатқанын бұларда аңғарды «олжа» көп болады, деп ішінен түйді. Күтіп баптаған соң, Сәт: Мен бірінші жолды, екеуіңе бердім, бірақ құсты қатар жібермей, кезекпен болсын! – деді. Сәт құсын тұғырына отырғызып, Сайд пен Рахатты алып, аттарына мініп, қаз-үйректің қалың жеріне қарай, бет түзеді.

Жағаға кіре берді, беткейе жайылған, терең судың ортасында, қалың көтеріле ұшқан қаз тобына, Сайд бүркітін жіберіп, қолымен бағыттай берді, алып ұшып, соншалық батырлық пен қайта-қайта соқылай түсті. Қаршыға кесек болаттай, ысылған. Қаздар құлап, жүнінің ақ-сарысы, қызғылт сарымен, күн сәулесінің астында, бұрқыраған бойда жарық-жұрық етеді. Лаулаған жалындай.

Аласұрған қарбалас құбылыстары, жанталастың ең бір отты шағын танытады. Өмір үшін жанталастың, соншалық шапшаңдықпен ұшқын атып, сәт сайын жүз құбылған шағы. Су бетіне, құлап түскен, қараша қаздың, екеуі қанаты қайырлып, бастарын төмен салып, сылқиған. Рахатта дайын тұрды, құсы шорағай үйректің тобына «лып» етіп ұшып, қос қанатының күшімен, ызғып барып өтіп «сарт-сұрт» еткізіп, тобымен құлатып үлгірді, су бетін жосадай қан алып кетті, құлаған үйректердің тұруға шамасы келмей, барылдаумен қалқи берді. Рахат атымен қосқа қайтып оралып, суға қайығымен дүзіп, олжаны жинап алуға беттей берді. Сәттің көңілі өсіп, еңбегіміз жанғандай болды, деп екі бүркіттің қимылына риза болып, кереметтігіне көзі жетіп, күтіп баптаудың тамашалығы деп, ойын түйді. Сайд бүркітін,

жағаның биігіне шығып «Key! ««Key! «леп шақырып қолына қондырды. Рахатта қайық үстінде, құсын қондырып, олжасымен болды.

Сәт қаршығасын атының саурына қарай, құлаш жазып кейіндетіп барып, қаздар ұша бергенде, тақау тұстан құлаштай сермеп, ұшырып жіберді. Қаршыға сол ытқыту ретінде, топшысын үшкірлеп, мойнын ішіне тығыңқырап алып еді. Бір сәт қалқып барды да, содан ары, қос қанатын жай отындай жарқылдатып, лып-лып қағып, атылып берді. Сәт сүйсініп, қуанып айқайлап: – Әдемі тастады, шебер тастады! – деп шауап келді. Аттыдан үріккен қаздар қарбаласып ұшып еді.

Сәттің бүркіті, бұл кезде, сол құстардың астына көсіліп барып, еркін жетті. Тобына дәл астынан найзағайдай атылып, сатыр-сұтыр айкасқа басты. Көз ілескендей болған жоқ. Құлап түскен қаздардың су бетінде, қаңқылдаған дауысы, құлақ жарғандай, су сабалаумен жан-жаққа бытыраумен болды, ұша алмады, әлсіреп барып қылжия берді. Рахат су бетінен шықпады, олжаны біртіндеп артып алып, жағадағы қосқа қарай жүзе түсті. Топай көктің үстінде, күлімсіреген Сәт бүгін бүркіттерінің кереметтігіне, көңілі толып, алып түсетін шеберлігін байқады. Достарына риза болып, қаншама кезеңдерді, қиындықтарды басынан өткізіп, қасқыр мен арпалыстың өзі, адам айтса наңғысыз құбылысты басынан өткізгенін, айтып сөз етті. Бірақ бәріле, Жәнібекте біздің асқар таудай, батыл ісімізді, әр қашан бағалап, сенім артып келеді, біз соны, мақтан тұтамыз! – деді Сәт. Рахат жинаған олжа көбейіп, тағыда томағасын тойдыруға, бүркітті тұғырына қондырып, дайындыққа кірісіп кетті.

Қоян еті, көп туралды, астауға салынып Сәт бүркітінің алдына тосты. Көзі көк, ойнақшып жағалай от шашқандай, мойнының көгілдір жүндері, күн сәулесімен жарқырап, күмістей жалт еткен, көгілдір түсі, алаулап өңін аша түскен. Алып шоқпардың басындай, қос аяғының алысы, батпандай өткір тұяғының, иілген темірдің шотаяғындай, өзгеше біткен. Сәт орнынан тұрып, өзен жиегіне көз салып, құстың бағытын бақылап, біраз тұрды. Көк майса толқын шөптер, жиек маңын

басқан. Балауса ағаш жапырағыда, көкшіл әлемнің кейпін жасап, баю қозғалып қояды. Табиғат сырыда, әсем ауаның жылы келбетін өзіне тартып, сырлана түседі. Шалқыған өзен, асау толқынсыз жан-жақты барлап, тыныш жытыр бетін күн сәулесіне беріп, күмістей жылтыраған күмбез тартып, қойнауын айқара ашып, қаз-үйректің көп келуін, төс беткейіне қабылдаумен болды. Суға түсіп, жүзген құстарда, рахат сезіммен, өзен бойына құлаш ұрды.

Өзенге келіп қонған қос аққуда, жаңа қосылған ғашық жандардай, аймаласып су бетінде салған сылдыр үндері, өзен бойын әсемдеп, алысты орады. Асан мен Айманда қол ұстасқан бойын да, жаңа үйдің есігін аша берген де, шап беріп көтеріп алған Асан, Айманың асыл денесін, апарып төсағашқа салды. Айман: Асан сен асықпа, біреу келіп қалуы мүмкін, деп үстіндегі ақ той көйлегін шеше бастады, киініп көк көйлегімен Асанның алдына шыға берді. Әлден соң тоқтаған машина дауысы естіліп, ішке Жәнібек пен Баян, Мұхит пен Қарлығаш кіріп келіп, жаңа үйлерімен құттықтап «бақыт тіледі». Асан: Жәнібектің жастарға деген, құрметі ұшан теңіз, ол болмаса біз қарапайым механизатор, кім керек қылар еді, мындай сәулетті тамаша үй тек, түсімізде ғана елестер емес па? Адам айтса наңғысыз, керемет «үйлену тойында» өткізу Жәнібектің арқасы, мынау үй іші толған дүние, айта берсем толып жатыр, мен өмір бойы осыдай жақсылығы үшін, «мәңгілік» қарыздармын! – деді. Жәнібек: Сен еңбекшіл жігітсің, сенің соңыңнан, қаншама жастар еріп келеді, олар болашақ еліміздің тірегі, қазақтың қара баласы, біз салып кеткен сара жолдан да, «ғажап» жасауы мүмкін, өндіріс автоматты түрде, бір жерден басқарылатын болады! – деді.

Айман өзінің «қыз жасауын» Баян мен Қарлығашқа көрсетіп, қызықтады. Қазақтың дәстірімен тоқылған қызыл кілемін тұстарына ұстап, жұмсақ құс мамығы мен жастықтарды, әшекейлі түрлі-түсті оюлармен жасалған көрпелер, үй сәнін алып кетті, бәріде жиналып, әсемдене түскен.

Жәнібек пен Баян, Мұхит пен Қарлығаш көңілді жүздерімен қош айтысып, қала берді. Үйде бізден басқа ешкім болмады. Айманның сағынышы шыдамады, менің арқамнан келіп, қос қолымен құшақтап, бетіме қарай, аузын түйістіре берді. Менде қарап қалғаным жоқ, көтеріп алдымда, мамықтың үстіне апарып жатқызып, құс жастықты басына салдым. Денем қызулап, алып ұшқан жүрегім, лаулаған оттай болып, бүкіл денемді, Айманның бойына жақындата бердім. Асыл денесін өзіме тартып, баурыма жақындатып, ала түстім.

Айман жібектей созылған денесімен, менің сағыныш қызуымды ала түсті. Асан қызулы бойын Айманға беріп, қос алманың арасынан өте бергенде, Асанның денесі, балқытып Айманды ала жөнелді, сол жатқаннан біраз жатты, ләзат сезімдерімен құшақтасып, айрылмауға бекінді.

Таң атқанша қызулары басылмай, балқыған денелері, бойларын алып, жата бері. Жәнібектің ағалық қамқорлығын, айтып Айман «керемет» бақыт құшағына, оранғандай ыңғай танытып, естіген құрбылары да, таң қалумен, «дайын үй, іші толған жиһаздарын» көріп, таң қалысты, бүкіл елге жайылды.

Жәнібек қайда болсада, қазақ жастарын «ұл мен қыздарын» қара жұмысқа жібермей, барлығына «техника» мамандығын алдырып, маңайна топтастырып «қол астына» біріктірді, «жұмса жұдырғында болды» – олар егін мен мал шаруашылығын сүйреп алдыға шығарды, бүгінде олар: бірі комбайнер, бірі тракторист, бірі сауыншы, бірі малшы, бәріде еңбек озаты, талай силықтардың иегері, майталман маман иелері, Жәнібек салған дара жолмен, ере білді, олардың жағыдайын аспандатып, бар көмегін аямады.

Жәнібектің кеудесінде жарқыраған Ленин ордені, үш бірдей совхоз орнатып: Степной, Бостандық, Дулатов совхоздарын, өркендетіп озат шаруашылыққа теңеді. Өзі Москваға шақырылды. Москва. Кремль. Съездер сарайы. XXV съездге қатынасты. Ұлы Қолбасшы, Маршал Г. К. Жуковпен кездесіп, танысты.

Ел ағасы Бегділда: Біздің туған жиеніміз бар! «қаны бірдің-жаны бір» – деп айтқан еді, жиенбет қызы Асиядан

туған болатын. Жәнібек туған анасын ұмытқан емес, «сұрапыл заманның» тарлығынан, анасынан қол үзіп қалды. Ол өмірден өтседе, тарих «тұлғасы» болып, өткен заманның еншісінен орын алып, ел аузында қала берді.

Ж. Махметов. Директор. Роман

Формат А5, объем стр. 198. Тираж 100 экз.

«ҮлтССО» АҚ полиграфиясында басылды.
Қазақстан Республикасы,
Астана қаласы, М. Әуезов көшесі, 28/1
тел.: 8 (7172) 32 40 05

